

Абай институтының

ХАБАРШЫСЫ

Алматы

№3 (9)

2011

Ғылыми-ақпараттық,
Әдеби журнал 2010 жылдан
бері екі айда бір шығады.
ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп (24.12.2009),
№ 10586-Ж куәлігі берілген

(ЮНЕСКО, Франция, Париж қ.)
сериялық басылымдарды
тіркейтін ISSN Халықаралық
орталығында тіркелген және
халықаралық номер берілген

Бас редактор
Дәдебаев Ж.Д.

Редакциялық кеңес
Әбдезұлы Қ., Абдуалиев А.,
Аманшаев Е.А., Әбдиманұлы Ө.,
Әмірбеков Ш.А., Ғайыпов З.С.
Мырзахметов М., Акматалиев Ж.А.,
Бисенбаев П.Қ. (ғылыми редактор),
Есембеков Т., Есім Ғ., Шәріп А. Ж.,
Жақсылықов А.Ж., Омаров Б.Ж.,
Кәкішев Т.К., Қамзабекұлы Д.,
Момынова Б., Мадиева Г.Б.

Редакциялық алқа
Тарақ Ә.С., Мұсалы Л.Ж.,
Ахмедьяров Қ.К., Кәрібаев Б.Б.,
Әбдікова Қ.Т., Адаева Е.С.,
Сағындық Н., Мамбетов Ж.,
Медеубек С., Таева Р.М.

Жауапты хатшы
Дәуітова Г.Р.
Құрылтайшы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Шығарушы
Абай институты

**Редакция мен шығарушының
мекен-жайы**
Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Абай ғылыми-зерттеу институты.
E.mail: Abai_instkaznu@mail.ru

ИБ № 5430
Басуға 28.06.2011 ж. жіберілді.
Пішімі 70x110 1/16. Тапсырыс № 726.
Көлемі 12,5 б.т. Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

Мақала авторларының пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

МАЗМҰНЫ

АБАЙТАНУ ТАРИХЫ

Т.Кәкішев.

Абайтану тарихының мәселелері.....3

АБАЙ АДАМ МЕН ЗАМАН ТУРАЛЫ

Ж.Дәдебаев.

Абай адам мен заман туралы.....24

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ МЕЗГІЛДІК
ЖӘНЕ МЕКЕНДІК ПАРАДИГМАСЫ**З.Бисенғали.**

Абай және Әуезов.....35

Ө.Әбдиманұлы.

Абай және алаш.....47

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ӨРІСІ**М.Қожақанова.**

Абай шығармаларының мәдениетаралық өрісі59

А.Көпбасарова.

Абай шығармаларының орыс тіліне аударылуы.....69

АБАЙ ӨЛЕҢІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ


Қ.Мәдібаева.

Абай өлеңінің құрылысы.....84

«Абай институтының хабаршысы»

журналына авторлардың мақала жариялау

ережелері.....98



Біздің авторлар

Дәдебаев Ж.Д. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Ұлттық жоғары мектеп ғылым академиясының, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының, ҚР Білім академиясының, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

Кәкішев Т. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті кафедра меңгерушісі.

Бисенғали З. – филология ғылымдарының докторы, профессор

Әбдиманұлы Ө. – филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кафедра меңгерушісі.

Қожақанова М. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты.

Көпбасарова А. – филология ғылымдарының кандидаты, Абайтану институтының қызметкері

Мәдібаева Қ. – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры.

АБАЙТАНУ ТАРИХЫ



Т.Кәкішев

АБАЙТАНУ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абайтану ілімінің қалыптасу кезеңдері. Абай шығармашылығының негізгі мәселелері. Абай көзқарасы және Абай заманы. Абай жаңашылдығы және реализмі. Абайдың дүниетанымы. Абай ақындығы. Шығыс және Батыс әдебиетінің ықпалы. Тірек сөздер: Абай, Абайтану, шығармашылық, жаңашылдық, реализм.

Т.Какишев

ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ АБАЕВЕДЕНИЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Этапы становления абаеведения. Основные проблемы творчества Абая. Мировоззрение Абая и современность. Новаторств и реализм Абая. Поэтика Абая. Влияние восточной и западной литературы. Ключевые слова: Абай, абаеведения, творчество, новизна.

T.Kakishev

PROBLEMS IN THE HISTORY OF ABAI

Abstract. The issues dealt in this article. Stages formation of science of Abai study. The main problems in the works of Abai. Worldview and time of Abai. The novelty and realism of Abai. The poetry of Abai. The influence of Eastern and Western literature. Keywords: Abai, Abai study, creativity, originality.

Әдеби мұраны игеру мәселесін әңгімелеген уақытта оны тек ауыз әдебиеті үлгілерімен ғана шектеп қоюға болмайды. Өйткені ол жалпы әдеби мұраның мәнді бір саласы ғана. Біздің ғылыми-сыншылық ойымыздың өркендеу барысында жеке ақын-жазушылардың, тарихта аты қалған дарындардың творчествосына назар көп аударылды.

Әдеби мұраның екінші бір мәнді тармағы - жеке дарындар творчествосы жөнінде айтылған пікірлерді, әрбір ақын-жазушы жайындағы еңбектер мен мақалаларды тізе берудің, кімнің не айтқанын келтіре берудің ғылыми жөн-жосығы болмайтынын ескеріп, сыни-ғылыми ойдың эволюциясын Абай творчествосы төңірегінен көрсеткен абзал. Өйткені Абай - қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы және идеялық-творчестволық мәнді мәселелерді көтеруге, екінші жағынан, қазақтың сыншылық ой-пікірін өсіруге, өскен өресін танып-білуге жағдай жасайтын ұлы дарын. Шын үлкен талант қана өрелі ойларды, сали-

қалы пікірлерді туғыза алатыны әдебиеттің бұлжымас заңы.

Абайдың творчествосы жайында совет заманында айтылған ой-пікірдің эволюциясын сын жанрының қалыптасуы тұрғысынан қарардан бұрын осы мәселеге тікелей қатысы бар кейбір еңбектерді айтып өткен жөн. 1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толуына байланысты көптеген еңбектер жазылды, солардың ішінде Е. Ысмайыловтың «Абайды зерттеу жайында» деген тақырыпта арнайы баяндамасы тыңдалды. Осы мәнді еңбекте, яғни Абайтану ілімінің қалыптасуы қарсаңында, Абай творчествосы төңірегіндегі сыншылық, ой-пікірлерді үш кезеңге: революцияға дейінгі кезең, революциядан кейінгі алғашқы 10 жыл (1917-1933), Абайды ғылыми жолмен зерттеудің басы (1934-1945) деп бөле қарайды да, әрбір кезеңнің ерекшеліктерін негізінен дұрыс көрсетеді. 1959 жылы М. Сильченконың «Абай шығармаларының жариялану және зерттелу жайы» деген мақаласында 1945 жылдан бері жазылған

ғылыми зерттеу және сыни еңбектерге шолу жасалған.

Абайтану ілімінің өркендеу барысы оны арнайы зерттеу қажеттігін тудырды. 1964 жылы Мекемтас Мырзахметов «Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасын зерттеу туралы» кандидаттық диссертация жазып, жалпы Абайтанудың қалыптасу процесін Е. Ысмайылов белгілеген кезеңдер негізінде едәуір тереңдете зерттеді.

Диссертацияның екінші тарауы Абай жайында 1918-1940 жылдар арасында жазылған сын, ғылыми еңбектерге арналып, бұл дәуірді іштей үш кезеңге бөліп қарайды. Автордың сыншылық, ғылымдық ой-пікірлер эволюциясын жинақтай баяндау талабын құптағанмен, Абай творчествосы жөнінде жазылғандарды 1918-1925, 1927-1936, 1936-1940 жылдарға бөле қараудың ғылыми дәлелі жеткіліксіз екені және едәуір мәнді еңбектер мен сыншылық ойлар ілтипатқа алынбай қалғаны байқалады.

Совет дәуірінде Абайтану ілімі негізінің қалануын, қазақ әдебиеттануының жеке отау болу процесін басқаша кезеңдеу қажет. Бұл арада 1918-1940 жылдарды үш кезеңге бөлудің ғылыми дәлелдемесі жетіспей жатса, Е. Ысмайыловтың 1934-1945 жылдарды: «Абайды ғылыми жолмен зерттеудің басы», - деп көрсетуінің негізінен дұрыс-тығын мойындай отырып, осы кезеңнің өзін басқаша атау керектігін айтпасқа бол-майды. Біздіңше, 1917-1945 жылдарды Абайтанудың үлкен бір дәуірі деп қарап, оны іштей екі кезеңге бөлген жөн сияқты.

Әдеби мұраны игерудің барысы тұрғысынан да, сонымен қатар, сыншылық ой-пікірдің эволюциясы тұрғысынан да бірінші кезеңді 1917-1933 жыл аралығымен белгілеген дұрыс, өйткені осы кезеңде Абай творчествосын тану-танымау мәселесі айқын шешілді. Абай шығармаларының 1933 жылғы жинағы алғашқы кезеңнің қорытындысы болды. Демек, Абай шығармалары айтыс-тартыс, «ішке тарту, сыртқа тебу» дәуірінен өтіп, халық кітапханасынан орын алды. Алайда Абай творчествосының шын мәні, тарихи орны әлі анықталмай, келешек кезеңнің ауқымына ауысты.

1934 жылы Абайдың қайтыс болуына 30 жыл толуын атап өту жөнінде Қазақ АССР-ның Орталық Атқару Комитетінің указы шыққаны, 1945 жылы ұлы ақынның туғанына 100 жыл толуының ұлттық көркем сөз мерекесі ретінде тойлануы тек әлеу-

меттік тұрғыдан ғана емес, ғылыми эстетикалық тұрғыдан мәні зор. Бұл кезеңді шартты түрде Абайтану ілімінің дайындық дәуірі деп атаса да болғандай. Өйткені Абай творчествосының мәні мен маңызына, эстетикалық, қуат-қауқарына, саяси-әлеуметтік және қоғамдық көзқарасының қыры мен сырына жан-жақты барлау жасалды. Ал, бұдан кейін жазылған күрделі де мәнді еңбектер Абайтану ілімінің қалыптасу дәуірін айқындайды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында өз алдына отау тіккен Абайтану ілімінің қалыптасу жолдарын осындай үш үлкен дәуірге жіктеп қарау тарихи шындықтарды мол қамтуға және әдеби-ғылыми ойымыздың өсу кезеңдерін айқынырақ байқауға мүмкіндік береді.

Абайдың творчестволық тұлғасын – қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы деп тану дәуірі (1917-1945), сөз жоқ, Октябрь революциясына дейінгі кезеңнен түбірлі айырмашылығы бар. Революцияға дейінгі кезеңде Абай даңқының жайылу, елге танымал болу, қанат қондап келе жатқан сынға арқау болу жайы көбірек әңгіме болса, енді ол сәбиліктен өтіп, ғылыми өңірге қол соза бастады.

Абайды тану-танымау мәселесі әлеуметтік талқыға түскен дәуірдің өзін іштей бірнеше өзек-салаға бөлуге болғандай. Бірінші өзек - Абай мұрасын жинау, жариялау. 1909 жылғы жинақпен шектеліп қалмай, қазақ зиялылары Абайдың шығармаларын, Абай өміріне қатысы бар деректерді жинау мәселесіне айрықша назар аударды. Бұл процесс 1933 жылғы жинақтан кейін де толастай қойған жоқ.

«Сана», «Таң», «Әдебиет майданы» журналдары мен «Ақ жол», «Қазақ тілі» газеттерінде Абайдың бұрын баспа-сөз бетін көрмеген өлеңдері басылып, қалың оқушы қауымға ұсынылуы бір болса, екінші жағынан, Абай шығармаларының жинақтарын шығару процесі де жүріп жатты.

1917 жылы Самат Нұржанов «Абай термесі» деген жинақ шығарғанымен, Абай шығармаларын жариялау мәселесі 1921 жылдан бастап қана жүйелі арнаға түсе бастады. Абай жинағын шығару жөніндегі ұсыныстарда дәйектілік жетіспеген соң, 1909 жылғы кітапты қайтадан жариялау қажет деп табылып, оған алғысөз жазу міндеті Нәзір Төреқұловқа тапсырылды. Түркістан республикасының халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақ ғылым комиссиясы 1922 жылғы 15 февральдағы қаулысында

Абайдың өмірбаянын жазып, шығармаларына сын берген уақытта қазақтың жазба әдебиетінің атасы екендігін дәлелдей айтуға назар аудару қажеттігін ескертті.

Комиссияның 10 сентябрьдегі мәжілісінде Әбубәкір Диваев Абайдың қолжазбасы Н.Төрешұлының қолында жатқанын, алғы сөзі әлі жазылмағанын өкіне хабарлап, осы басылымның мән-жайына қысқаша түсіндірме беру керек деп ұсыныс жасады. Осындай ыждағатпен 1921 жылы Қазанда, 1923 жылы Ташкентте Абай өлеңдерінің жинақтары шықты.

Қазақстан Оқу комиссариаты 1925 жылы Абай шығармаларының толық жинағын баспаға дайындауды Мұхтар Әуезовке тапсырды. 1927 жылы жинақтың алғашқы варианты жасалып, Оқу комиссариатының ғылым және методика советінің талқылауына ұсынылды. Оны екі күнде оқып, пікір айту Сайдалинге, ал, ол үлгере алмаймын десе, Майлинге тапсыру қажеттігі ескерілді. Советтің 29 августтағы мәжілісінде Сайдалиннің рецензиясы талқыға түсіп, жинақты баспаға тапсыру жөнінде ұсыныс қабылданды. Рецензияда айтылған ескертпелерді тиянақтап қарау, жөндеу М. Әуезовке тапсырылды. Ертеден-ақ қолға алынған игілікті істің нақты шешімін тапқаны - 1933 жыл. Жинаққа үлкен кіріспе жазған - Илияс Жансүгіров.

Осыдан кейін Абай өлеңдерінің жинағы үнемі басылып тұрды. 1939-1940 жылдары Абай шығармаларының толық жинағы екі том болып жарияланды. Тап осындай жағдай Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының жинағын жариялау кезінде де болды.

Демек, тарихқа аты белгілі ұлы дарындардың жинағын шығару ісінің талай қиындықтар мен уақыт талқысына түсуінің өзін әшейінгі бір ұқыпсыздық деп қана қарауға болмайды. Олардың шығармаларын жариялау-жарияламау мәселелері тек творчестволық жағынан ғана емес, саяси мәселелермен сабақтасып жатты да, халыққа ұсынар мұраның мән-маңызына айрықша назар аудартты.

Абайды мойындау-мойындамау процесінің алғашқы белесі - оның шығармаларын жариялау ісі осындай кезеңдік көңіл-ауанмен сабақтасып жатса, Абай творчасының негізгі мәселелерін саралау, эстетикалық арналарын, көзқарасын, дүние-танымын айқындау және ақындық кемеңгерлігін тану асулы белес болғаны тарихқа мәлім.

Екінші өзек-арна - Абай кімнің ақыны, оның көзқарасы қандай деген проблема 20-жылдары әшейінгі мәселе емес еді. Бұл өзекті проблеманы оңтайлы шешіп алуға бур-жуазияшыл ұлтшылдардың қырсығы көп тиді. Октябрь

қарсаңында басталған айғай-шу, яғни Абайды қайткен күнде ұлтшылдық әдебиеттің басы етуге талаптану Совет өкіметі орнағаннан кейін де толастамады. Абайдың дүниетанымын тұмандата көрсету үшін оның ата-тегі, өзінің іс-қылығын әдейі бұрмалай, дәріптей даурықты. Осының бәрі совет әдебиетінің өкілдерін қатты алаңдатты, кейде ашына жазуға мәжбүр етті. Бұл мәселенің объективтік жағы болса, енді кейбір дарындар өздерінің білім өресі, таным деңгейінен қарап, кем сілтеп алғаны да жоқ емес. Осы жайды анық көрсету үшін көптеген ақын-жазушылардың ой-пікірін келтіріп жатпай-ақ, қазақ совет әдебиетінің негізін қаласқан үлкен дарын Сәбит Мұқанов көзқарасының эволюциясын баяндаған абзал. Өйткені оның ой-пікірлері сол кездегі сыншылық көзқарастың өсіп-өркендеу жолдарынан анық хабар бере алады.

1923 жылы «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» деген мақаласында кейбір ұлтшылдарды Абаймен салыстырғандарға қарсы шығып, өз ойын білдірді. Әдебиет майданындағы айтыс-тартыстар күшейген кезде Сәбит Мұқанов 1928 жылы «Әркім өзінше ойлайды» деген мақаласында жоғарыдағы ойын енді ашық тұжырымдады. «Пушкин де, Абай да орыс пен қазақ, әдебиетін бастап жаратқандар емес, түйінін түйіп қорытқандар. Қазақтың әріден келе жатқан жақсылы-жаманды әдебиеті болды, сол әдебиет те сарқылып келіп Абай заманында бір қазық қағылды. Осының кезеңіне Абай кез келген соң даяр таяқтың иесі, даяр тоқпақтың ұрушысы, даяр қазықтың қағушысы болды да жүре берді.

Абай - байшыл табының ақыны. Абай өлеңдерінің жалпы сарыны екі түрге бөлінеді: біреуі - ескішілдерді сөгіп, олардың надандығына, бақ құмарлығына кею, екіншісі - елді өнерге, оқуға шақырған. Бұл екеуі де жаңашыл байшылдықтың өркендеуге бет алған кезінде басталатын жұмыстар. Абай - қиялшыл. Оңдап зерттеген кісіге байшылдың, ұлтшылдықтың түп қазығы - Абай.

Абай кедейге көріне қарсы жазған жоқ.

Абай - жаңашыл. Осынысында дау жоқ. Өз заманында пайдалы адам болды. Әлі де пайдасы бар, онысында да дау жоқ. Бірақ ол өнерге ұмтылған, қазақтың ақсүйектіктен жаңалыққа ұмтылған жаңашыл байының тілегінен туған. Абайды орынсыз көтеретіндер бар, ол дұрыс емес» [«Жаңа әдебиет», №1-2, 1928], - деген кезеңдік ойларда Абайдың ақындығын тану, мойындау процесі ақынның ата-тегінің құрбандығына шалынады.

30-жылдардың бас кезінен С. Мұқановтың көзқарасында әдеби мұраны, әсіре-

се, Абайдың творчествосын тану мәселесінде өзгеріс пайда бола бастады. Енді мәселенің бәрін әрбір шығарманың туған дәуіріне, әрбір дарынның өскен ортасына бейімдей бермей, тарихи нақты бағалау қажет екендігін ескерді.

«Блокшылдықтан демьяншылдыққа» деген мақаласында осы жаңаша түсініктің алғашқы қарлығаштары көріне бастады. Мәселен, жалпы әдеби мұра жайында айтқанда: «пролетариат жазушылары өздерінен бұрын өткен ақсүйек байлардың жазушыларының табысымен толық пайдаланады. Олардан түр үйренеді, мазмұнды өрбітудің әдісін үйренеді. Онда дау жоқ» деп ой түйіп, Абай жайында тұжырым жасады: «Қазақтың ұлт әдебиетіне күшті негіз салған Абай Пушкин мен Лермонтовтың үлгісімен жүрді». Философия жағынан Абайға толық әсер еткен адам - Толстой [№2, 1931] екенін айту Абайдың идеялық-эстетикалық арқауын анықтаудың жемісті өңірін меңзейді. Әлі де зерттей түсу қажеттігін аңғартады.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты 1932 жылы шыққан кітабында, Қазақстан жазушыларының бірінші съезінде қазақ поэзиясы туралы жасаған баяндамасында (1934 жылы) бұрынғы тұжырымдардың сарқыншақтары сыздықтап көрінгенін байқаймыз. Осындай ой-пікір эволюциялары 1937 жылы Сәбит Мұқановқа «Абай - халық ақыны» деген мәнді мақаланы жаздырды. Мұның жетілдірілген, ғылыми жағынан толыққан және Абай жаңашылдығының сырын жарқырата ашқан варианты Абай шығармаларының бірінші томына 1939 жылы жазған алғы сөзі болды.

Сыншылдық ой-пікір эволюциясын айқын таныту үшін Абай творчествосы жайында жазылғандарға, эстетикалық проблемаларға молырақ тоқталу қажет. Сонда ғана бүгінгі Абайтанудың арғы бастауларында талай пікір-тұжырымдар айтылып, бәрі жинала келе кең арналы ілімге күйғаны, қазақ әдебиеттануының өнімді бір саласы боп қалыптасқанын дәлелдей аламыз.

Абай шығармаларын жинау, жариялау және дүниетанымын бағдарлау процестерімен қатар, Абайдың қазақ әдебиетіндегі тарихи орнын анықтау мәселесі үзеңгі қағыса сахнаға шықты. Бұл салада да артық-кем пікірлер айтылғанмен, аздан көпке, саяздан тереңге, жақыннан алысқа көз салу тенденциясы байқалып жатты.

Абай - қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы деген ең негізгі концепция Октябрь революциясына дейін, тіпті, Абайдың көзі тірісінде де айтылған болатын. Абай творчествосын идеялық жағынан мойындау-мойындамау мәселесі күн тәртібіне қойылғанда, осы негізгі тұжырым додаға түсіп, оның мән-мағынасын ашу қажет болды. Абайтану ілімінің алғашқы бастауында, яғни 1918-33 жылдар ішінде идеялық тұрғыдан талай пікірлер айтылғанмен, ешкім де Абайдың ақындығына, жаңашылдығына, өнерпаз-дығына шек келтірген емес.

Совет заманында шыға бастаған газет-журналдардың бетінде Абай аты аталмай қалған кез аз. 1922 жылы 29 октябрьде Самат Нұржанов Павлодардың «Красный пахарь» газетінде: «Қазақ ақындарының көш басында данышпан адам - Абай (Ибраһим) Құнанбаев түр. Ақындық таланты мен ақыл-парасаты оны тамаша ақындардың қатарына қосып отыр. Қазақтар оны айрықша қадірлейді, өз поэзиясын тудырушы, философ, қазақ ақындарының ұстазы санайды», - деп жазды.

Абай мұрасын жинау, оның творчествосының мәнін түсіну жайынан болсын, Абайдың қазақ, әдебиеті тарихындағы орнын айқындауда болсын, көп еңбек сіңірген Мұхтар Әуезовтің алғашқы пікірлеріне айрықша назар аударған жөн. Өйткені ол Абай ұлылығының сырын жыға түсініп, ғылыми қомақты пікір айта білді. «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген мақаласында: «Абай - қазақтағы суретті сұлу сөздің атасы, терең сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне үлгі, өрнек берген, түрін көбейтіп, қалпын молайтқан Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан. Әдебиетке, өлең-жырға бұрыннан орнаған теріс пікір, теріс ұғымның бәрін жоғалтып, жұрттың ойын тәрбиелеген.

Бұдан соңғы бір үлкен қызметі – қырдағы қалың қазаққа мәдениеттің есігін ашқан. Орыстың Пушкин, Лермонтов, Крыловтарын қазаққа аударушы Абай. Абай здоровый реализмнің ақыны, соның негізін салушы» [«Шолпан», № 4—5, 1923], - деп тауып, Абай творчествосының еңбір айшықты сипаттарын айқындаған. Абайдың жаңашылдығын және орыс әдебиетімен байланысын дәл бағдарлау ол кезеңдегі сыншылық ойдың бір үлкен көрінісі болумен қатар, екінші жағынан, Абай твор-

чествосын танудың ең бір көрнекті арна-
ларын көрсетумен пара-пар еді. Әрине, бұл
анықтамада Абайдың бар тұлғасы толық
көрінбеген, өзекті мәселелердің өнікті
салаларына ғана назар аударылған.

Алайда: «Бұл күнге шейін қазақтың жазба
әдебиеті жайынан сөз жазушылардың көбі
біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан
басталады деп есептейді. Бұл пікір суретті
(художественная литература) ретінен қарағанда
дұрыс болса да, әдебиет тарихының ретінен
қарасақ, үлкен адасқандық болар», - деген
пікірге тоқтала кету қажет.

Бұл пікірге ойлана қараған жөн. Ғылыми
деректердің 20-жылдардағы өресі алысқа көз
салуға мүмкіндік бермегеніне қарамастан, М.
Әуезов өнікті болжам айта білген деп табуымыз
керек, ал, оны дәлелдеу жағына келгенде, онша
көп ғылымдық ыждаһат жасамай, жаңсақтыққа
ұрынған.

Ақындар айтысы, жалпы айтыс өнері: «бір
жағынан ауызша әдебиетке кірсе, бір жағынан
жартылап келіп жазба әдебиетке кіреді. Біздің
айтыстар сол эпистолярлық роман түріндегі
өлеңдер. Сондықтан жазба әдебиетінің басына
бұл өлеңдер кіруі тиіс. Одан бері де жазба
әдебиеттің өз міндетін ұға бастаған, қазақ
тұрмысындағы кем-кетікті қолға ала бастағаны
да Абайдан бұрын басталады», - деген уақытта
М. Әуезов әдебиет тарихын әріден тартпай,
бергі қол созым жерден бастайды. Наурызбай
мен Тілеуқабақ қызының, Біржан мен Сараның
айтысын ғана дәлел етеді.

Айтысты эпистолярлық романға балауында
белгілі шарттылық та бар. Алма-кезек жазысқан
хаттар негізінде жазылатын шығарма мен
қолма-қол айтыста суырып салып айтылатын
өлеңдердің мән-мағынасына, көркемдік фор-
масына бір өңірден қарауға болмайтыны тағы
белгілі. Айтыстың түп төркіні, бар табиғаты
ауыз әдебиетінде жатқанын аңғару қажет еді.
М. Әуезов бұл пікірін кейінгі еңбектерінде ары
жаңғыртпай, айтысты фольклордың үлкен де
сүбелі бір жанры деп табады. «XVIII ғасырдың
соңғы жарымынан бастап, XIX-XX ғасырдағы
айтыстар және Совет дәуіріндегі айтыстар
жазылып алған түрлерінің, үлгілерінің өздеріне
қарағанда да қазақ фольклорының мол
саласының бірі», - деген тұжырымды пікір
айтып, алғашқы кездегі ойынан ат құйрығын
кеседі.

Алайда осы ойын әрі қарай дамытқан
уақытта: «Абайдың алдындағы адамдар деп
Шортанбай, Алтынсарин, Нармамбеттерді алу
керек. Бұл адамдардың кейбірінің Абайдан жас
болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің

анық аңғарылса керек. Шынында да Абай-
дың қазақтың жаңа жазба әдебиетінің,
классикалық әдебиетінің негізін
қалаушысы болуы оған дейінгі көркемдік
дамуды жоққа саймайды, қайта, қазақтың
көне жазба әдебиеті болғандығына назар
аудартады. Демек, қазақ даласының маңғол
шап-қыншылығына дейінгі тарихи және
мәдени дамуын санаттан шығарып тастауға
еш болмайды. Абай төңірегінен өрбіген
ойлар осы тақылеттес талай өнімді
арналарға жол салып, болжал айтқызған
болатын.

Татар ғалымы Әбдірахман Сағдидың
1923 жылы «Ақ жол» газетінде «Абай»
деген атпен бірнеше мақаласы жарияланды.
Ол «Келешек дүниесінде тіл, әдебиет және
олардың өсу жолдары» деген 1926 жылғы
жинағына енді. Осы еңбек жайында
Есмағамбет Ысмайылов мынадай пікір
айтқан: «Абай туралы ең алғаш елеулі пікір
айтқан адам Орта Азия университетінің
профессоры Әбдірахман Сағди болды.
Сағди Абайдың шығармаларын дүние
жүзілік классик ақындармен салыстыра
отырып, Абайдың қазақ әдебиеті тарихында
маңызы ерекше зор екенін, Абайды дүние-
жүзілік данышпан жазушылардың қатарына
қойып бағалау қажет екенін айтады. Бірақ
Сағди мақаласының негізгі бір методоло-
гиялық қатесі болды. Ол Абайды қоғамдық-
әлеуметтік өміріне байланысырып қара-
мады және көбінесе Абайды татар, шығыс
ақындарына салыстырып отырды. Абайдың
орыс әдебиетімен байланысын жете аш-
пады»,

1925 жылы «Еңбекші қазақ» газеті мен
«Лениншіл жас» журналында Бейсенбай
Кенжебаевтың «Абай» атты мақаласы
жарияланды. Бұл мақала Москвада оқып
жатқан қазақ студенттерінің әдебиет үйір-
месінің арнаулы тапсырмасы бойынша
жазылған. Мұны атап көрсетудің бір мәнді
жағы бар. Қазақтың мерзімді баспасөзін
қарап отырған уақытта, Москвада оқып
жатқан студенттердің пікірі айрықша ілти-
патқа алынып отырғандығын көреміз. Олар-
дың ой-пікірлері кей кезде шешуші сипат
алғанын да байқаймыз. Мәселен, «Қазақ
әдебиетіндегі орынды һәм орынсыз
сындар», «Ешкімнің қолжаулығы бола
алмаймыз», «Көркем әдебиет туралы
Мәскеудегі қазақ оқушыларының пікірі»
деген көлемді де мәнді мақалаларға әлеу-
меттік жұртшылық та, әдеби қауым да
назар аударғаны тарихи шындық. Демек, Б.
Кенжебаевтың «Әдебиет үйірмесінің тап-

сырмасы» бойынша жазған мақаласын да осындай коллективтік пікірдің бір сілемі деп бағалаған жөн.

Коллективтің тапсырмасымен жазылып, кейіннен құптау тапқан осы мақала ең алдымен екі мәселеге жауап берген. Әрине, эстетикалық дәлелдеуі мен танымында балаңдық, қалыптаспағандық аңғарылып, ой аңғарын ажарлы жеткізу жағынан жетімсіздігі байқалғанмен де, Абай «шын ақын ба, ақын болса қандай? Ол кімнің ақыны, ұстаған жолы, көздеген бағыты қандай?» деген түбегейлі мәселелерге оралымды да орнықты жауап береді. Бірінші: «Абай - өте ақын кісі, бұған өлеңдерінің суреттері, ұйқасымдары, ойына келгенді қиналмай толқытып, түйдектеп шығаратындығы дәлел. Осымен бірге, Абай - сыршыл ақын», - деген тұжырымды Абай-дың қазақ поэзиясына қосқан жаңа-шылдығымен дәлел-демекке ұмтылған. Мұның өзі сыншылық ойдың қай өңірге көз сала бастағанының бір көрінісі еді.

Екінші сауалға: «Абай көшпелі дәуірдегі әдебиеттің өкілі болғандықтан, сатираның бар қуатымен пайдаланды, өйткені Абай бұрынғы өткен заманның қайта оралмайтынын білген. Ескі әдет-мінездің халық-қа зиянды екенін тағы білген. Сонан соң олардың бәрін кекетіп, жаңа заманға халықты үйретуге тырысқан», - деп негізінен алғанда түтіні дұрыс қорытынды жасаған. Мұндай пікір ол кезде көпшіліктің көкейіне қона қоймаған, әрі-беріден соң тыңнан айтылған ой екенін ескермеске тағы болмайды. Өйткені біреулер Абайды аспанға көтеріп, ұлтшылдықтың атасы етіп жатқанда, оған қарсылар Абай творчествосының шын мән-мағынасын әділ таразыдан өткізе алмай жатқан кезде Москва студенттерінің ұйғарымымен осындай пікір айтудың өзі құптарлық құбылыс. Өйткені зиялы жастар талқы-сынан өткен мақала: «Абай қазақтың жазба әдебиетін бастады, соған негіз салды. Сондықтан Абай - қазақ жазба әдебиетінің ағасы. Бұл орын Абайға үлкендік те, кішілік те қылмайды. Абай өлеңдерін қарап келіп шығаратын қорытындымыз: Абай - халық ақыны» [«Лениншіл жас», № 6, 1925], - деген тұжырымның 20-жылдардың орта шенінде жасалғаны қазақ әдебиет сыны үшін үлкен мәні барлығын аңғармасқа болмайды.

ҚазАПП съезінде (1932 жылы) жасалған баяндамада тұрпайы социологизмнің дауылы көтеріліп, бірқыдыру әдеби-мәдени

мұраларды, Абай творчествосын да сыртқа тепкен кезіміз жоқ емес. «Әдебиет энциклопедиясына» байшыл-ұлтшыл ақын-жазушылар туралы мақалалар орынсыз жазылды дегенде, «қара тізімнің» ең басынан Абай орын алған болатын. Әрқилы мақалаларда Абайдың аты тағы да әр саққа жүгіртілгенін тізе бермей, осы көңіл-сыңайдың кейбір шындығын аңғартатын Ілияс Жансүгіровтің 1933 жылы Абай шығармаларының жинағына жазған кіріспесіне арнайы тоқтаған жөн. Өйткені мұнда көзендік ой-пікірдің, ҚазАПП сынының табы әбден айқын. Сонымен бірге, бұл мақала Абайды танудың алғашқы кезеңіндегі, яғни 1917-1933 жылдар аралығындағы ой эволюциясының нақты бір көрсеткіші бола алады.

Сондай-ақ, әдебиеттану ғылымына РАПП, ҚазАПП-тың жасаған ықпалын да айта кеткен орынды. Өйткені Ілияс Жансүгіровтің Абай жайындағы осы социологиялық еңбегінің бір тармағы, тіпті, әрі-беріден соң, негізгі арқауы РАПП, ҚазАПП ұстанған идеялық-эстетикалық талап-тілектен өрбігенін айқын көреміз.

20-жылдары, әсіресе, оның екінші жартысында «Плеханов ортодоксиясы үшін» деген ұран көтерілді. Оның негізгі талабы көркемдік дамудың себебін қоғам тіршілігінен, әлеуметтік-экономикалық өмірден іздеу керек, көркем шығарманы соның ыңғайына қарай талдау керек деген ойдан тармақтанады да, әдебиеттің; көркемөнердің өзіндік өсіп-өркендеу заңдылықтарын теріске сайды. Осы бағытты қатаң ұстаған В. М. Фриче: «Көркем шығармаларды жасаудың айла-амалдары материалдық байлықты өндірудің заңдарына бағынады», - деген болатын. Классицизмді сентиментализмнің алмастыруын, сентиментализмді романтизмнің, ал, романтизмді реализмнің алмастыруын өндірістік қарым-қатынасқа, қоғамдық формацияға байланысты қарайды да, өнерді өзіндік ерекшеліктен жүрдай қылып шығарады. Сондықтан адамды адам қанау дәуірінде жасалған әдеби-мәдени мұраның бағасы өте төмен, одан алар үлгі-өнеге жоққа тән, өйткені олар қанаушы таптың, халықты езіп-қанап отырғандардың шашпауын көтерді, даңқын шығарды деген ойға шырмалып, дөрекі социологизмнің етек алуына «теориялық» негіз дайындады.

Совет әдебиет сыны мен әдебиеттануының басып өткен өткелдерін проф. С.Машинский «Жолдар мен бұраландар. Совет әдебиет ғылымының тарихынан» деген еңбегінде арнайы зерттей келіп: «Тұрпайы социологиялық құйын 30-жылдардың бірінші жартысында совет әдебиеттануының едәуір бөлегін қам-тыды.

Классиктер, өнер саласындағы қайрат-керлердің барлығы дерлік арнайы «өңдеуден» өтті. Өткен заманның ұлы шығармалары бур-жуазияның не дворянствоның, не әралуан әлеуметтік жіктердің «психологиясын» жырлаушылар деп табылды. Пушкин - «І Николайдың малайы», Гоголь - «феодалдық идеологияны қайтадан қалпына келтіруге жанталасқандардың өкілі» деп жарияланды. Тұрпайы социологтар псевдомаркстік сөздерді жамылғы етіп, классиктердің көркем туын-дыларына әділетсіз зорлық жасады» [«Наследие и наследники», 1967, 69-73 б.], - деген пікірлері қазақ әдебиетінің сын-зерттеу саласына да арнап айтылғандай.

Ілияс Жансүгіровтің Абай жинағына жазған кіріспесінің негізгі мақсаты - кемеңгер Абайдың дүниетанымын айқындау болғанымен, артық сілтеп жіберген. Ілияс Жансүгіровтің бұл еңбегі, негізінен алғанда, бірінен бірі туындап жатқан екі мәселенің сырын ашуды көздеген. Біріншісі - Абай заманы, екіншісі - осы заман идеологиясының Абай дүниетанымын қалыптастыруға жасаған ықпалы. Қазақ халқының тарихы, сондай-ақ әдебиетінің тарихы жасалмай жатқан кезде және ескі идеология мен жаңа идеологияның арасындағы идеялық-творчестволық күрестің сілемі әлі де болса сезіліп жатқан кезде Абайдың өмір сүрген заманын ұзақ сонарлы зерттеудің ешқандай әбестігі жоқ. Осыны терең де толғамды айтамын деген игі тілек әрқашан өрелі биіктен табыла бермеген.

Абайдың ақындығына келгенде, Ілияс біраз көсіліп, бұрынғы ой-пікірлерде кездеспейтін өңірлерге көз салады. Өйткені ақынды ақынның түсінуі, оның сырын ашуы бірқыдыру құнарлы ойларды сабақтатқан. Алайда алдағы социологиялық ой ағыны тартына сөйлетіп, емеурінмен ғана білдірткен кезі де жоқ, емес. «Алтынсарыұлы Ыбырай, Уәлиханұлы Шоқан, Құнанбайұлы Абай - осылар біртұтас, бір бағыттас адамдар» [57-бет] екенін айту сол кезеңнің өзінде жаңа ойдың қарлығашы еді. Тек Абаймен болып, Ыбырай мен Шоқан көбіне ауызға алынбай, ал, әлдеқалай айтыла қалса, беттері теріске бұрылып, талай атақты арқалап шыға келетін. Үшеуін бір сарындас, бір бағыттас етудің өзі сын үшін өнікті де құнарлы ой екенін аңғармасқа болмайды.

Қазақ әдебиеттануының туа бастау және сынның қалыптасу дәуірінде ақын-жазушының шығармасында қамтылған өмір шындығының әр саласына, тақырып аумағына ойлана көз жіберудің өзі ұнамды құбылыс. Оны Ілияс «Абай пікірлері» деген тарауда өмірден көрген-түйгенін жүйелеудің өзі, әрі-беріден соң, қазақ халқының мінез-күлқындағы кесір-кесапаттардың бәрін түйдектеп, бір арнаға салудың өзі

сыншылдық ойдың өрісі кеңігендігін де, сонымен қатар, айтар ойдың молайғандығын да анық танытады.

Ал, сол тақырыптық аумақтың өзі қай үлгі-өнеге, қай тұрғыда көретіндігіне, яғни поэзияның ішкі жанр, түрімен нақышталатындығына назар аудару - эстетикалық талап-талғамның өскендігін аңғартатын құбылыс. Абай лирикасының ішкі дүниесіне, сезім байлығына біраз бойлап алған автор: «Абай бұлардың үстіне, шебер суретші (художник), өлеңмен Абай салған суреттер мінсіз, көрікті, ер-тұрманы түгел», өмір шындығы «жанды тұлғасымен тұтас түрекеледі» [60], - деген байқауларын ортаға жайып салады. Өйткені бұл ой аңғарында тек әдебиетшілерде ғана кездесетін байқағыштық емес, өзінің практикалық ісінен, тәжірибесінен туатын шындық бар. Ал, мұның өзі сын жанрының қалыптасуы үшін айрықша ілтипатқа алынатын эстетикалық құбылыстар, жылт етіп көрініп, көбіне қолға ұстата қоймайтын ерекшеліктер.

Осының бәрін Ілияс тезис түрінде айтқан уақытта, әлі ешкімнің сыншылық ойы баяндай қоймаған салаға ауады да, өзінің социологиялық, тұрғыдан тұжырымдағандарына қарсы шығатын, өз ойындағы қайшылықтардың бәрін жеңілдететін үлкен бір проблемаға ауысады. Ол: «Өлеңді өнер деп бағалаған Абай, сол өлеңді кестелеп жасауға қызмет етті. Өлеңнің өнер екенін көрсетті. Қазақта да мынадай өлең, мынадай сөз өнерінің үлгілері, өнегелері болады деп өнер белгісін калдырды. Абайды жазба әдебиеттің, сырлы әдебиеттің басы дейтініміздің бір жағы осында», - деп көңілге ұялар, ғылымға ой салар пікір тұжырымдайды.

Ал, жазба әдебиеттің басы деп санауға іңкәр етіп отырған оның тек жаңашылдығы, қазақ өлең құрылысына кіргізген жаңалықтары ғана емес, сонымен қатар, «Абайдың жалпы өлеңінің дені сау, тілі таза. Абайдың өлеңі таудан тасыған бұлақтай сарқырап жатса, сөздері сол бұлақтың түрлі тасындай жарқырап жатады», Абайдың тарихи зор еңбегі «тіл өнерін жасап, қазақтың жабайы тілінен үлгілі, өнер, әдебиет тілін жасағандығы», - деп дұрыс та перспективалы қорытынды жасайды.

Осындай ірі тұжырымды барынша дәлелдей түсу үшін Абайдың қазақ өлеңіне 14 түрлі өлең өрнегін қосқанын жалпылай айтады: «Абай өлең түрін жасауға қызмет еткен жазушы. Абай бұрынғы қазақтағы

өлең, жырлардың өлшеу, үлгілерін кеңітудің үстіне, араб, парсы, шағатай, орыс өлеңдерінің үлгісін кіргізіп, қазақ әдебиетін жаңалаған адам». Оның шығармаларынан, өлеңнің әуез ырғағынан күйлі, ырғақты, сорғалап келетін талай өлеңдерді тауып, «Абайдың жыры ырғақ, музыка дыбысы, құрылысы жағынан төгіліп келеді. Өлең үй-қасындағы етістіктердің сайдың тасындай ірі қимылды, қозғалысты көрсетудегі жандылығы», «дыбыс ұйкастығы, әуен сәйкестігі (аллитерация) ақын-дық шебер-ліктің, талант қуаттылығының, өлең көркемділігінің белгісі», - деп айрықша қадірлейді.

Сонымен, Ілияс Жансүгіровтің Абай жинағына жазған алғы сөзі ұлы дарынның ерекшелігін бірқыдыру аңғарған, кезеңдік эстетикалық, талап-талғамның ауыр жүктерін көтерген еңбек болды. Осындай еңбектердің дүниеге келуі арқасында Абайды дұрыс тануға жаңа кілт, жаңаша көзқарас табу, яғни маркстік-лениндік ілімнің қағидаларын басшылыққа алып, нақты жүзеге асыру қажеттігі аңғарылып, мәнді сыншылық-ғылымдық ой-пікірге үлкен арна дайындалды. Көптеген мақалалар мен еңбектердің осындай ерекшелігі де, катекемшілігі де Абайтанудың алғашқы кезеңінің 1917-1933 жылдарға түспа-түс келетіндігін, сыншылық ой эволюциясы соны арна тауып, ғылыми процеске ұласа бастағанын танытты.

Әрине, Абайдың өмір сүрген дәуірінің жай-күйін, әлеуметтік ой-пікірінің жаңа арна табуын, кезең идеологиясының Абай шығармаларына жасаған әсерін айту айрықша мәнді болғанмен, оның творчествосын жан-жақты тануға аздық жасайды. Қазақтың XIX ғасырдағы қоғамдық тарихына Абай өмірбаянын, ақындық болмысын жанастыра қарау қажеттігін туғызады. Бұл міндетті М. Әуезовтің осы жинаққа жазған «Абайдың туысы және өмірі» атты ғұмырнамалық еңбегі атқаруға тиіс болды.

Осы ғұмырнаманы әңгімелеген уақытта, бір жағдайды айта кеткен жөн. 1909 жылғы Кәкітай жазған Абай өмірбаяны 1933 жылға дейін ұлы ақын жөніндегі ақпар-мәліметтің негізі боп келген-ді. Бұл екі аралықта жазылған мақалалар, айтылған ой-пікірлер Абайдың өмірбаянын жасауды мақсат етпеген. М. Әуезовтің «Абайдың туысы және өмірі» атты еңбегі - қазақ әдебиеттануында Абайдың ғылыми ғұмырнамасын жасауға талаптанған күрделі

қадам. Әдетте, көп зерттеушілер ақын-жазушының өмір жолын қуа баяндап, одан кейін идеялық-тақырыптық, қауқары жетсе, эстетикалық талдаулар жасайды. Ал, М. Әуезов осы үш саланы жіктемей, тұтастыра, бір-біріне байланыстыра отырып ой өрбіткен. Осы әдісті 1933 жылғы өмірбаянда алғаш рет қолданып, кейінгі редакцияларында жетілдіре қомақтандырып отырған. Абайтану ілімінің салалана өркендеп кетуіне осы әдіс өзінің игі әсерін тигізген. Мәселен, 1889 жыл «Абайдың барлық ақындық, қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болады. 89-жылы 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөздерінің ішінде бұрынғыша елінің өзі көрген кемшілік-міндерін қатал сыншы, үлкен ұстаз тілімен сынап, тексеру бар, сонымен қатар, махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да бар.

Одан соң Пушкиннің «Онегинінен» аударма жасайды.

Осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы - үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай - ұстаз да, сөз ұғынатын ынталы, талапты жастардың бәрі - шәкірт» [372-бет], - деген үзіндіге көз салсаң, Абайдың әлеуметтік ісі мен творчестволық өмірі қоян-қолтық араласып жатады да, одан мәнді қорытынды жасай алатын білгірлікті байқаймыз.

М. Әуезов жазған осы ғұмырнама бұрынғы деректерге көп мағлұмат, оқиғалар, фактілер қосып, творчестволық өмірдің қат-қабат сырларын ақтарып барып, жаңа бір дүниеге айналып кетеді де, Абайды тану ісіне үлкен олжа қосады.

Абайдың тарихи өмірі мен творчествосының ой аңғарын әбден жыға түсінген М.Әуезовтің Абай біреу емес, екеу деп тұжырым жасауы сол кез үшін де, жалпы Абайтану үшін де үлкен жаңалық еді.

Абайдың өз заманымен алысып, оны жаңа жолға салғысы келгенін және тың сұрлеумен жүруге талаптанғанын дәлелдей айта келіп: «40 жастан асқан соңғы Абай бізге бір Абай емес, екі Абай болып кетеді. Біреуі - өмірге үйлескісі келмей, заманнан, ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз ақылшы, ақын, данышпан болуға айналған Абай да, екіншісі - күндегі өмірдің бетімен елдің сөзін ұстап, бұрынғыша партия тартыстың, билік әкімшіліктің жолындағы ру басы, ел меңгерушісі Абай.

Абайдың өз ішінде осындай екі тарау жол шығады. Бір жүрек екіге бөлініп, жыртылып айрылады. Заманнан ақыл-сезімі артып, басы озған жалғыздық трагедиясы (қайғысы) туады.

Соның қайғылы сыны сыртқа шығаратын бір жол болу керек. Абайдың сыртқы өмірі жеміссіз, ажарсыз, мағынасыз болса, соған өз ішінде толып жатқан қарсылық бар. Ойына жиналған ұлы зар, үлкен мұң, көп арман бар. Осының бәрін сыртқы көзге көрсетіп, іштегі арман мен өкінішке аз тыныс, аз ғана ем болатып нәрсе ақындық болады. Сонымен 1884-1886 жылдан бері қарай Абайдың ақындығы басталады» [364-365-беттер], - деп жасаған тұжырымы М. Әуезовтің Абайға арнаған бар еңбегінің лейтмотиві екенін көреміз. Бұл пікірдің арғы бастауы Ф. Энгельстің Гете, В. Н. Лениннің Л. Н. Толстой туралы айтқан данышпандық ойларынан нәр алды, ғылыми-эстетикалық, тұрғыдан Абайды тану процесін айқындай түсетін мәнді қорытынды, қазақ әдебиеті тарихында бұрын ешкім айтпаған жаңа пікір болды.

1933 жылғы ғұмырнамада айрықша айқындықпен тұжырымдалған күрделі пробле-маның бірі - реализм. Мұның шет-жағасын М. Әуезов 1923 жылы «Қазақ әдебиетінің қазіргі жайы» туралы мақаласында: «Абайдан басталған реализмнің сарыны қазақ әдебиетінің осы күнге дейін жол болып келе жатыр», - деген болатын. Басқа авторлар Абай реализміне назар аударғанмен, М. Әуезовтей көп зерттеген және ғылыми дәл, өнікті пікір айтқандар аз.

М. Әуезовтің «Абайдың туысы және өмірі» деген еңбегінде соны ой аңғарып іздеп, суыртпақтап шығара беретін тарихи дерек те, ғылыми ой-пікір де бірқыдыру мол. Әйтсе де, методологиялық желі жетіспегендіктен, бұл кезеңде Абайдың бар болмысы екі жақты бағаланып, әрқилы ой-пікір туғызып жүргенімен, оның творчествосы - тарихи мұра, сондықтан одан іргені аулақ салмауымыз керек деген тұжырымға ойысты. Тайыр Жароковтың «Қазақстан» баспасы атынан жазған дәйектемесінде: «Пролетариат тілегінде өсіп келе жатқан жұртшылығымызды Абайдың көркем шығармаларымен таныстыруды теріс көрмедік. Сөз ұйқастыруы, тілінің жеңіл орайлығы, көркемдігі, алған тақырыбын бөтен сөзбен былықтырмаушылығы, жазу техникасының шеберлігі жағынан әлде де пайдалануға болады.

Абайдың бұл жинағы шыққанда, кейбір обыватель ұлтшыл-байшылдар: «Абайдың толық жинағы шықты», «Абай жалпы қазақтың қамқоры», - деп, өшіп баратқан тап әлде де таптық қару еткісі келер, бірақта ондайларға Маркс, Ленин қисынымен большевиктік жауап беру әрбір коммунист, комсомол, одақ, мүшесі және колхозшы жастардың міндеті», - деп ескерту жасауы біраз шындықтың бетін ашып,

Абайтану ісінің әлі де шығар белдері, асар асулары бар екенінен хабар береді.

Абайтану ілімінің дайындық дәуірінің екінші кезеңі 1934-1945 жылдардың арасын қамтиды дегенбіз. Бұл кезең ерекшелігін Е. Ысмайылов «Абайды ғылыми жолмен зерттеудің басы» ден тапқан болатын.

ВКП(б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы 23 апрельдегі «Көркем әдебиет ұйымдарын қай-та құру туралы» қаулысының игі ықпалы мұра мәселесін ғылыми негізде зерттеуге мүмкіндік берді. Жалпы идеялық арнадан өрбіген эстетикалық таным-білім М. Горький бастаған СССР Жазушылар одағының ұйымдастыру комитетінің ісінде өнікті арна тауып, 1934 жылы әуелі республикаларда, соңынан бүкілодақтық көлемде өткізілген жазушылар съезінде дөрекі социологизмге мықтап соққы берілді, бүгінгі көркемдік ізденіс-барлауларға да, сондай-ақ, мұраны дұрыс игеру жайына да әсерлі ықпал етті.

М. Горькийдің ауыз әдебиеті туралы айтқан ой-пікірлерінің бәрі де әдеби мұраның дәстүрінен жатсынбай, үлгі-өнеге алу, ұлы дарындардың ұлан-ғайыр өнерпаздық еңбектерінің классикалық сипатын айқындау, эстетикалық мәні, адамгершілік ғибраты мол екендігін ашық айту сыншылық-ғалымдық ой-пікірлерді өрелі де жемісті өріске бағыттады. Көп мәселеге жаңаша қарауға, жаңа тұжырым-қорытынды жасауға игі әсер етті. Кеше ғана дворян жазушысы деп танылған Пушкин де, пессимист, уайымшыл деген Лермонтов та, толып жатқан атақ-ярлық таңылған ақын-жазушылардың бәрі де тарихи шындық, деңгейінен қайта қаралып, қайсыбірінің мүшелді мерекелері өткізіле бастады. А. С. Пушкиннің қаза болуының 100 жылдығы айрықша сән-салтанатпен өтуі дөрекі социологизмнің күлін көкке ұшырудың көрінісі болды. Одақтық көлемдегі, үлгі-өнегесі мол орыс мәдениеті мен ғылымындағы жаңалықтың барлығы да ұлт мәдениеті мен әдебиетіне, әсіресе, қазақтың жаңашыл қауымына игі ықпал жасады. Оны ең алғаш сезген, жаңаша түсінік-танымның құшағына енген әдеби мұра - Абай творчествосы.

Қазақстан Жазушылар одағының және әдебиетшіл-мәдениетшіл қауымның кезеңдік ынта-тілегі Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің қазақтың классик ақыны Құнанбайұлы Абайдың өлгеніне 30 жыл толғанын өткізу туралы 1934 жылдың декабрінде алған қаулысына ұласты. Абай енді жеке ақын-жазушының, сыншы,

ғалымның «уысынан» шығып, қоғамдық қамқорлыққа бөленді, үлкен әлеуметтік арна тапты. Міне, осы жағдайдың өзі Абайтану ілімінің дайындық дәуіріндегі екінші кезеңнің, яғни 1934-1945 жылдарда ғылыми жолмен тану кезеңінің басы болатындығына айғақты дәлел.

Әдетте, әдеби өмірдегі үлкен оқиғаларды, жаңа тыныс, соны өзгеріс, ізденісті белгілі бір қаулы-қарарға сабақтастырған уақытта, олардың мән-мағынасына, ғылыми-эстетикалық арнасына көз саламыз. Коммунистік партияның қамқорлығы әрқашан өміршен, келешегі мол игі іске бастайтынын жадымыздан шығармаймыз. Демек, Абай творчествосы енді үлкен мұрат деңгейінен бағалануы, зерттелуі қажет екені айқындалды. Абай бұдан былайғы жерде ұлы дарын ғана емес, бір халықтың мақтанына айналуға тиісті болды. Осындай мақсат-міндетті дұрыс ұққанда ғана қазақтың сыншылық-ғалымдық ойы өркен жая алатыны, өзінің эстетикалық мұраты мен жанрлық сипатын таба алатыны айқындалды.

1934 жылы «Әдебиет майданы» журналының 11 және 12 сандары тұтастырылып, алғашқы бетінен ақырғы мұқабасына дейін түгел Абайға арналды. Абай творчествосын ғылыми жолмен жан-жақты зерттеудің алғашқы қарлығашы осыдан басталып, талай соны өңірлерге көз тасталды. Журналдың «Абай» атты кіріспе мақаласында қандай еңбектер жарияланып отырғанын айта келіп: «Бұл мақалалардың ішінде әртүрлі көзқарастар бар. Бәрі де Абай - үлкен талантты мастер дегенді дәлелдейді. Бұл жолдастардың әрқайсысы Абайды әр жағынан тексеріп, Абай туралы үлкен зерттеу жұмысын істеп отыр.

Әрине, Абайдың қырық жыл жазған өлеңдерін бір журналдың бетінде түгел зерттеп бітіруге болмайды. Сөйтсе де, жоғарғы айтқан жолдастар Абай туралы осы уақытқа шейін болып келген сынау, зерттеу жұмысын әлдеқайда жоғарғы дәрежеге көтеріп отыр», - делінген болатын.

Журналдағы материалдардың бағыт-бағдарына және қорытқан ойларына қарағанда, бірден көзге ұрар үш саланы байқаймыз. Бірінші, өнеге алған арналары және Абай поэзиясының қазақ әдебиетіндегі орны мен ерекшелігі; екінші, Абайдың дүниетанымын тексерудің жай-күйі; үшінші, қоғамдық сананың басқа салаларына Абайдың қосқан үлестері. Бұларды әңгімелеген уақытта да бұрын сөз болмаған жаңалықты ой-пікір-

лерді мүмкіндігінше жүйелеп айту жағын қадағалап отырмақпыз, өйткені осы кезден бастап Абай жайындағы мақала, еңбектердің саны молая түскені, ғылыми зерттеулер туа бастағаны және де қорытылған пікірлерді жүйелі-жүйесіз қайталаушылар кездескенін естен шығар-мау керек.

Сонымен, Абайдың творчестволық арналарын тану, оны ғылыми тұрғыдан баяндау, Абай поэзиясының сыр-сипатын айқындау мәселесіне оралғанда, алдымен М. Әуезовтің «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласында Абайтану ілімінің туу, қалыптасу барысында бірде құпталып, бірде талас-тартыс тудырған екі мәселе бірінші рет кең көлемде ғылыми тұрғыдан баяндалды. Автор бұл проблемалардың шешуін бірден табамын деген игі тілектен гөрі, оларды шын зерттеу арнасынан өткізу, ой салу мақсатымен жазған. Ол мәселелер - Абайдың Шығыс және Батыс әдебиеттерінен алған үлгі-өнегелері, ықпал-әсері, екінші - Абайдың ақындық мектебі, оның мәні.

Шығыс және Батыс әдебиеттерінің Абай творчествосына жасаған ықпалдарын айтардан бұрын, қазақтың өз топырағындағы рухани байлықты сөз етпейтінін, ол арнайы зерттеуді талап ететін ең үлкен мәселе екендігін ескерткен автор Абай творчествосын өзенге теңейді. Көл-көсір ағып жатқан өзеннің арнасы - қазақ әдебиетінің бай мұрасы мен дәстүрі болса, өзеннің екі жағасы - Шығыс пен Батыс әдебиеттері деп біледі. Осы екі жағаның көрік-келбеті Абай творчествосын қалай ажарландырды деген мәселені автор әуелі Шығыстан бастайды. Абайдың алғаш қолына алған кітабы, бойына сіңірген наным-сенімі, көрген-білгені Шығысқа байланысты болды. Тінтіне ізденіп, жан-жаққа көз тастаған дарынды, Шығыстың дінінен бұрын, поэзиясы өз иіріміне тартып, алғаш ақындық сезімі ояна бастаған жас талап Физули, Науаи, Сағди, Фирдоуси, Хафиздердеи медет тіледі, қолын соларға созды. Сондықтан өзінің алғашқы лебізінде «юзи раушан, кози гауһар-ды» ауызға алып, «Әліпбимен» сабақтастырды. М. Әуезов: «Бұл кез Абайдың шағатай поэзиясына таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді. Онда тақырып, тіл, ырғақ, кейде ұйқас және теңеу, салыстыру суреттерінің (көзи гауһар сияқты) бәрі де өз төркіні кім екенін танытып тұр... Балалық күннің еліктеу үлгісін тастағанмен, өмірінің ақырына шейін Абай осы жағадан қол үзбеді. Абай ақындығының ішінде Шығыс арқауы ұзыннан ұзақ тартылған желідей болып созыла келіп, ең ақыры 1902 жылы жазылған «Алланың өзі де рас, сөзі де распен»

аяқталды. 1902 жыл - Абай өлеңінің сарқып кеп тоқтаған жылы» [13-бет], - деп ой түйеді. «Бұл аралықта «Масғұт» пен «Ескендір», «Әзім әңгімесі» сияқты Шығыс сілемінен туған шығармалары 1889 жылы, ал, «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы» 1891 жылы жазылып, Шығыс желісі үзілмей келе жатқандығын көрсетеді», - деп баяндады.

Шығыс әдебиетінің үлгі-өрнектері жайындағы мәселені әзірге қоя тұрғанда, осы тұжырымнан өрбіген екі мәселеге тоқтай кетейік. Бірінші - Абай Шығыс әдебиетімен «қай уақытқа дейін жолдас» болды деген мәселе. Бұл жөніндегі әркілы ой-пікір әлі бір тиянаққа жеткен жоқ. Осы журналда жарияланған мақаласында Құдайберген Жұбанов: «1864 жылдан кейінгі Абайдан шағатай ықпалын іздеу - бос арам тер болып шығады» [36-бет], - дегенін еске тұтқан күннің өзінде, бұл мәселені кейінгі зерттеулер айқындап, ашып берді дей алмаймыз. Күні бүгінге шейін Абайдың Шығыспен байланысын арнайы зерттеген көлемді еңбек аз. Бұған белгілі себеп те жоқ емес. Міне, осыдан екінші мәселе тармақтанады.

Жұртқа мәлім, М. Әуезовтің Абай творчествосының бір арнасы, өзінше айтқанда, «жағасы» - Шығыс әдебиеті мен мәдениеті болды деген тұжырымы көп уақытқа дейін үлкен даудамы туғызып, тіпті, саяси мән-мағына берілген көзі көпшіліктің есінде. М. Әуезов Абай творчествосынан Шығыс әдебиетіне қатысты нені көріп оді, оны қалай түсіндіріп еді дегенге оралар шақта: «Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі, Шығыс белгісі басымырақ, нақтырақ. Батысқа келгенде, ол арқасып Шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа нық, тіреп алып келді» [15-бет], - деген тұжырым шындықтан гөрі, сәл өсіре айтылғанын байқаймыз. Дау айтушылардың бәрі де осы тұжырымға табан тіреп, дәлелдей сөйлеген-ді. М. Әуезов өзінің кейінгі зерттеулерінде бұл мәселенің негізгі идеясынан жалт бермей, Абайға Шығыстың классикалық поэзиясының ықпалы болды деген жалпы пікірді айтқанмен де, Батыс, әсіресе, орыс әдебиетінің үлгі-өнегелерін терең баяндаған болатын.

Енді мақаланың творчестволық, ой ағынына назар аударсақ, М. Әуезов Шығыс әсерін екі салаға жіктейді. Бірінші - Шығыс әдебиетінің идеялық ықпалы. Абай фанатик те, схоластик те емес. «Шығыс жағасынан алған нәрдің бәрін Абай өз ақылымен, сыншы, ойшыл ақылымен, бірақ, әрине, санашылдық (идеалистік - Т. К.) жолмен өзінше қорытып алады. Бұған кірген бұйымдардың басы ислам діні, онан соң Шығыс поэзиясы және мұсылман ғылымының ілгері-соңғы ғұлама философтарының сөздері болады»

[14-бет], - деген пікір болса, екіншісі - поэзияның нақты түр-үлгісі. Бұған «Қазақ әдебиетінің көлеміндегі ғаруз әсерін тексеру және соның бір жағын Абайға да тірей тексеру әдебиетшілердің алдындағы бірден-бір сыни проблема» [12-бет], - деп білді де, өзі біраз тереңдеп барды.

Осы мәселені түсінудің кейбір сілемдері Құдайберген Жұбановтың мақаласында да көрініп, Шығыс поэзиясының үлгі-өрнегі деген проблема алғаш рет көрнекті әңгімеге арқау болған. Жасыратыны жоқ, қазір қазақ әдебиеттану ғылымы қарыштап өркендеп отыр деп қуана айтсақ та, осы проблема, яғни Шығыстың поэтикалық үлгі-өрнектерін талдау, түсіндіру мәселесі бізде әлі ақтаңдақ күйде.

Өз қазанында өзі пісіп шыққан «таза» әдебиетті тарих білмейді. Демек, Абайдың Шығыс жағасына қол созып, үлгі-өрнек алуын сөкеттеуге болмайды. Араб, парсы поэзиясының негізгі үлгісі - ғарузға, яғни дауысты дыбыстардың ұзыны мен қысқасы кезектесіп, алмасып келіп отыратын өлең жүйесіне еліктеп өлең жазғаны шындық. М. Әуезов те, Қ. Жұбанов та бұл салада бірқыдыру өнімді ой өрбіткен болатын.

Батыс, әсіресе, орыс әдебиетінің Абайға жасаған ықпал-әсерін баяндаған уақытта, М. Әуезов: «Абай көбінесе өз іргесін бермеуге тырысады. Тың жаңалықтың барлығын талғап-талғап қана ала алады. Бірақ, барған сайын икемделіп, сыпталып, сырт буындығынан арыла береді. Рационалшы, жаңашыл Абай пішіні айқын-далып ашыла береді. Өз ішін бермеймін деп жүрсе де, ақын көп жанасу арқылы бірқатар жаңғырып, түлей бастайды» [15, 17-беттер], - деген уақытта, «Шығысым - Батыс, Батысым - Шығыс» болып кетті деген Абайдың «Ішкі дүниесінің барлығы бірдей қопарыла өзгеріп кетпегенін» де [17-бет] еске салады. Бұл ой «Шығыс жоралғысы Абайда басымырақ» деген түйіннен туған.

Орыс әдебиетінің әсеріне келгенде, автор Абайға Чернышевскийдің күрескерлігі дарымайды, оны «көз салып құнттамайды. Пушкин, Лермонтовтар, Крыловтар сарынына бой ұра береді» [16-бет], - деген ойды өрбітіп, таратып алып кетеді.

Бұл мәселе, яғни Абай орыс әдебиетінен нені алды, қайсысын жаратты, өз бойына не дарытты деген жайлар бұрынғы еңбектерде де біраз айтылған, сондықтан М. Әуезовтің өзіне тән білгірлікпен тұжырымдаған ойларына ғана тоқталған жөн.

Абай - қазақтың Пушкині деген тезиске М. Әуезов өзінің өрнегін қосқан. Абай өзін Пушкиннен кем санамай, тең санағандай болып, «олай айтпай, былай айтса нетер еді» деген кісіше, аз ғана бойкүйездікпен бұрылады» [16-бет], - деген ойын «Евгений Онегинді» аудару процесінен өрбітеді. Татьяна мен Онегиннің хаттарын мүлде басқаша, жаңа мағына бере аударарды, «қаймақ едің көңілімде, бізге қаспақ болды жем» деп, «бірталай қошқар мүйіз салады», қазақ ұғымына жақындатады, ал, Пушкин күлкі қып тастап кеткен Онегинді Абай қолтығынан сүйеп тұрғызып, қолына мылтық ұстатып» [16-бет], өзін-өзіне атқызады. Бұл мүлде басқаша шешім, демек, ол Пушкинмен бой теңестіреді. Абай осы мінезін И.Крыловқа да өзгертпейді, «өзі айтып жүрген қазақы өсиет өлеңдеріне мынаны қосымша ғана қып ұсынады» [17-бет].

Замана талқысынан, ел игілігіндегі көп талас-тартыстан әбден қажыған, Лермонтовпен мұңдас, сарындас екенін байқаған ұлы ақын «Лермонтовтан әрі аударарды, өрі үлгі алып, күйіне күй қосады. Лермонтов сөзін өз сөзіндей нашаланып, мейірленіп, өмірене жыр қылады да, өзінікі мен оныкінің шекарасын жойып, «мал басын» араластыра қосып, «еншілес» боп кеткендей болады... Мұны маңдана, талмаурай сүйеді. Лермонтов жырымен туысып, бірге жасасқандай болады» [17-бет], - деп ой түйген автор Абай шығармаларының түріне, жыр жаңалықтарына көз тастайды. Ең алдымен, көңіл-күй, махаббат лирикаларының «батыстану» жайына көбірек назар аударарды. Шығыс ақындарынша сүйдім, күйдімді бірден айтып, көзін гауһар, жаным жараланды деп жатпай, түспалдап айту, қалғанын өзің ұға бер дегендей сыңай таныту, оның өзін табиғат көрінісімен қабыстыра, ұластыра жеткізу жайын әңгімелейді. Абайдың табиғат лирикаларында жаңалық мол екеніне, ақындықты үлкен өнер деп табуының эстетикалық арналарына назар аударарды.

Осындай мәнді арналардан нәр алып, өнеге көрген, соның арқасында құлашы кеңіген ұлы дарынның үлгісі жоқ боп шықса, онда ерен еңбек зая болар еді. Осыны анық аңғарған М. Әуезов өзінің осы мақаласында «шәкіртсіз - ұстаз тұл» дегенді үлкен проблемаға айналдырады. Сөйтіп, мақаладағы өрбітілген екінші өзекті мәселені - «Абай мектебі» проблемасын орынды көтеріп, өзінің ой-пікірін ашық

айтады. М. Әуезов: «Бұл мәселеде біз Абай ақынның төңкеріс алдында не төңкерістен бергі ақындарға еткен әсерін айтпаймыз. Ол айрықша ұзақ талдауды керек етеді» [20-бет], - деп ескерту жасап, тікелей Абай шапанының астында өскендерге тоқталады. Өзінің осы концепциясын теориялық қисынмен нығыздай түсу үшін «әдеби мектеп деген ақынның өзі алған түр, өзі жырлаған тақырыпты ғана тебіндей беру емес. Сол басшы ақын берген екпін-бағыт, негізгі күйлерінің бетімен тың жол іздей өсуде. Ұстаз ақынның өзі айтуға үлгермеген немесе заманында әдейі айтқысы келмеген жайларды тереңдетіп үңгіп, бірталай өріске апарып тастау» екенін тұжырымдай баяндады. Бұл пікір де үлкен әңгімеге арқау болды. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Жазушылар одағы 1951 жылы үлкен дискуссия өткізуі Қ. Мұхаметхановтың осы мәселені арнайы зерттеуі, бірақ әлі күнге дейін осы проблеманың біртаянаққа келе қоймауы ойландыратын жай.

Сонымен, М. Әуезовтің 1934 жылғы «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласы өзінің проблемалығымен көзге түсіп, көптеген тың да соны мәселелерге барлау жасап, Абайтануды ғылыми негізде өрбітуге мұрындық бола білген айрықша құнды еңбек деп білеміз. Осы проблемаларды шешісуге және Абай кемеңгерлігінің арнасын кеңейтуге үлкен үлес қосқан Құдайберген Жұбановтың «Абай - қазақ әдебиетінің классигі» атты тамаша құнды еңбегінде талай мәнді проблемаларға назар аударылғанын көрсете кеткен абзал. Аяқталмай қалған осы еңбек Қ. Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» жинағында қайтадан 1966 жылы жарияланды.

Ең алдымен, осы мақаланың тақырыбына көз салған жөн. «Классик» деген не, ондай құрметке кім ие болуы керек деген мәселеге Қ. Жұбанов оңтайлы жауап іздеп, мәнді пікірлер айта білген. Абайды қазақ әдебиетінің классигі деген тезисті алғаш рет айтқан автор өз еңбегін үш тарауға - «Еленбеген ерекшелік», «Абай және шағатай әдебиеті», «Абай және халық әдебиеті» деген айтары көп, аңғартары мол сүбелі-сүбелі проблемаларға бөледі.

«Еленбеген ерекшелік» тарауын: «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмалаушылар, оған да місе тұтпай, табал-

дырықтан шығарып тастаушылар, менің байқауымда, даусыз бір жайды ескермей жүр: ол - өз тұсында жалғыз қазақ қана емес, басқа көршілес елдерден де Абайдың әдебиеттегі үздіктігі», - деп бастап, әлі күнге дейін ешкімнің елемей келе жатқан мәселесіне назар аударады.

«Абайдың әдебиеттегі үздіктігін» дәлелдеу үшін түркі тілді әдебиеттердің тарихына шолу жасайды. Өзбек, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ елдері «Күншығыс ислам мәдениетінің кірлі көрпесін қалың жамылып, Батыс ауасынан әлі тыныс ала қойған жоқ еді» [29-бет], мұндай жай-күй осман түріктеріне де тән екенін айта келіп, түрікменнің Махтұмқұлысы, башқұрттың Шайхзаде Бабичі, татардың Шағабуддин Мәржаниі мен Хаям Насириі, азербайжанның Мырза Фатали Ахундовымен салыстырған уақытта, үлкен білімдарлық диапазон танытып қана қоймай, автор жүйелі пікір өрбітіп, негізгі ойын былай тұжырымдайды: «Абайды көрші елдердегі замандастарымен салыстырғанда, Мырза Фаталиден басқа ешкім де теңдесе алмай шығады. Ұлт тіліне, әдебиетіне сіңірген еңбегін, ақындық күшін алғанда, Абай бәрінен де озат шығады. Өйткені ол кезде таза халық тілімен жазып тұрып, ол жазғаны классик әдебиет үлгісімен шығарған ол елдерде адам болған жоқ. Абайдың бірқатар сыншылар ескермей жүрген бір оқшаулығы осы» [32-бет].

Осы еңбектің екінші тарауы - «Абай және шағатай әдебиеті» деп аталады да, «Абайдың алды жоқ емес, жоққа жуық. Өйткені Абайдың алдында да әдебиет болуы» [32-бет], - деген уақытта, оның екі түрлі екенін, біріншісі - «емшек сүтімен қатар құлағына кіріп, сүйегіне сіңген» ауыз әдебиеті, екіншісі - қожа-молдалы Құнанбай аулына ала бөтен таныс шағатай әдебиеті екенін, «Абайдан бұрынғы қазақ әдебиеті бұл екеуінің шаранасынан шығып көрмегендігін» [32-бет] баяндайды да, екінші салаға - шағатай әдебиеті мен Абайдың байланысына айрықша назар аударады.

Шағатай әдебиетінің мәні қандай еді дегенге келгенде, Қ. Жұбанов оның тек мистицизмі мен «нәпісқұмарлығына» көңіл бөліп, осыдан аулақ болуға үндейді. Сондықтан Абайда тек үш өлең ғана шағатай әдебиеті үлгісімен жазылған, «Абай мұны 13-19 жастарында ғана жылтыратып тағынып, сонан кейін суынып, тастап кеткен» [32-бет], 1864 жылғы «Әліп-биден» кейін «Шығыс жұртына конуды тоқтатқан.

Бұдан соңғы Абай өлеңдерінен шағатай үлгісін іздеу, менінше, құр арам тер болу» [36-бет] сияқты пікірі Абай творчествосындағы Шығыс сілемі жөніндегі мәселенің идеялық-көркемдік мотивтерінен гөрі, өлеңдік түріне тікелей байланыстырыла айтылған. М.Әуезовтің концепциясына Қ.Жұбанов көзқарасының қабыспайтыны байқалады. Қайткен күнде де, Абайды Шығыстан ертерек бөліп алу ниеті авторға мынадай тұжырымды қорытынды жасатады:

«Сонымен, 1864 жылдан кейінгі Абайдан шағатай ықпалын іздеу - бос арамтер. Өйткені: 1) Шағатай әдебиетінің негізгі бағыты - мистицизм; Абайда бұл жоқ. 2) Шағатай әдебиетінің тілі араб, парсымен шұбарланған шұбар тіл; Абайда бұл, машықтау үшін болмаса, ұшырамайды. 3) Шағатай әдебиетінде өлең өлшеуі - араб, парсының ғаруз өлшеуі. Абай мұны ерте тастаған. 4) Абай сияқты төрт аяғы тең жорға ақын шағатайдың ғарузына сүйсінген болса, жазып алып сүйсінбей, басқа да бір қасиеттерін қосып ала жүрген болар еді; Абайдың еш қылуасында олармен әдеби оты өрелі жанатын қылық жоқ. Абай Шығыс үлгісін көрмей, білмей аман кеткен ақын емес, белшесінен кешіп барып, батпағына аунап барып, одан шығып, тастап кеткен ақын» [36-бет]. Осы ойлардан Абайды шағатай әдебиетінен арашалап қалу ниеті айқын байқалады. Кейінгі кездегі әңгімелерді былай қойғанда, журналдың бір санында қарама-қарсы екі пікірдің айтылуы, оқушы ойын әр өңірге жетектеуі тегін емес. Сондықтан да Абай және Шығыс әдебиеті деген проблема әлі де жете, түбегейлі зерттелетін үлкен де күрделі, кезек күттірмейтін проблема.

Қ. Жұбанов осы тарауда талай соны, тың байқаулар жасап, ғаруздың заңдылықтарына іштей еніп, ғылымдық диапозонын танытқан. Абайдың еліктеу дәуірін дәлелдеуге талаптанғанда: «шағатай әдебиеті Абай өлеңінің поэтикалық, техникасына да шалығын тигізгендігін мойындағымыз келеді» [33-бет], - дейді. Абайдың ақындық қуаты, кемеңгер ойшылдығы жеңіп, тұтас гармония жасаған, «сондықтан, Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. Абайдың тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеуі, ырғағы, ұйқасы, Абай суретінің бейнесі - бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптық күйіне билеп тұрады. Оның сөздері

тек бермек ұғымын жеткізерлік амал болып, поэтикасы өлең қалыбына сиярлық қана болып қоймайды, бірі олай, бірі бұлай да кетпейді, солардың әрқайсысы, үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка аспаптары сияқты, өздері бір-бір күй тартып тұрады да, бәрі қосылып негізгі күйді шығарады, тақырып соның бәріне дирижер болып тұрады» [32-бет]. Абай поэзиясының сырын жыға ұққандықты танытатын мұндай бақылаулар мен сүбелі ойлар осы еңбектің әр саласынан жиі кездеседі.

«Абайға сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі - халық әдебиеті» [36-бет] екеніне осы мақалада арнайы назар аударылған. «Шам жарығы түбіне түспейді» дегендей, бұған дейінгі мақалаларда Абайдың қазақ әдебиетінен алған үлгі-нұсқалары арнайы әңгімеленбей, сөз арасында ғана айтылып қана келгенін ескертсек, автордың ауыз әдебиеті мен Абайдың байланысын ашу талабын айрықша құптаған жөн. Абайдың жаңа эстетикалық норма жасағанын, қазақ өлеңіне зор өзгеріс енгізгенін айтқанда, көбіне Батысқа, әсіресе, орыс әдебиетіне бағыштай береміз де, Шығыс әдебиетінің әсерін желе-жорта, ал, қазақ әдебиеті әлі фольклорлық қалыпта, көркемдік шеберліктің шырқау биігіне көтерілмеген, шынтуайтша келгенде, қазақ әдебиеті өзіне өзі үлгі-өрнек бола алмайды деген теріс түсінікті тілге тиек етіп шыға келетінбіз. Сөйтіп, Абайды, тіпті, ұлттық поэзияның топырағынан алшақтатып әкетуге дайын тұратынбыз. Соның салдарынан болу керек, Абайға дейін қара өлең мен жыр ғана болған, Абай жаңа өлең өрнектерін жасады деп, өлеңнің сыртқы құрылысына ғана назар аударып, қазақ өлеңінің негізгі жүйесіне, дәстүр сабақтастығына көңіл бөлінбей келе жатқан болатын.

Қ. Жұбанов осы еңбегінде Абай халық әдебиетінің «қызығына ерте тояттап, ескірген даналығын көп ұзамай-ақ өзіне мұра санаудан қалған. Халық әдебиетінің заман таптап даңғылданған көне жолы Абайға тарлық еткен», сондықтан ол «көр-жерді өлең қылған» ақындардан және Шығыстан өзгеше жол іздеп, «Байрон мен Гетенің, Пушкин мен Лермонтовтың етегінен ұстайды. Классик әдебиет дәңіне шығып, артына қарағанда» [37-бет], жамау-жасқаулы Шортанбай, Дулат өлеңдері, сөздің қасын түзеймін деп кезін шығарған ел ақындарының жырынан безіп, Абайдың «тіл ұстартып, өнер шашпақ» болғаны

жайлы ой түйіп, осының өзін «күні бүгінге шейін құнын жоғалтпаған артықшылықтарының бірі» деп табады. Халық әдебиетіндегі басы «артық сөздер» мен қыстырмалардың жайын білгірлікпен баяндайды.

«Қазақтың халық әдебиеті де сахна әдебиеті болатын, көпшіліктің тыңдауына бейімделген шығарма болатын. Тыңдалатын шығарма мағынаның артық қоюлығын көтермейді. Ондай болса, тыңдаушының миын шаршатады. Сондықтан халық шығар-масында шығарманың тақырыбына қатысты сөздердің аралығында тыңдаушының миына гимнастика болғандай «басы артық» сөздер енгізілетін. Ауыз әдебиетте мұндай қыс-тырма әңгіменің үш түрлі пайдасы бар.

1) Тақырыптан тыс әңгіме болғандықтан, тыңдамасаң да, түсінбесең де, әңгіменің ұзын-ырғасын ұғуға кемшілік қылмайды. Сонымен ол тыңдаушыға демалыс болады. 2) Тақырыптан тыс әңгіме болғандықтан, тыңдаушының зейінін аударып, миға гимнастика болады. 3) Тақырыптан тыс әңгіменің өзі бір шетімен тақырыпқа байланысып жатса әрі логика, образ жағынан дұрыс құрылса, тыңдаушыны күнілгері даярлап, негізгі тақырыпты жақсы, жанды түрде түсінуге себеп болады. Ауыз әдебиеті үлгісінде бұл таптырмайтын әдіс. Бірақ жазба әдебиетте мұндайлар мағынаны сұйылтып әкетеді. Сондықтан мұнда ұзақ қыстырма әңгімеге орын қалмайды. Мұнда оның орнын сөздің образдылығы ұстайды» [38-39, 40-беттер], - деген ойларының өнікті екені және творчество психологиясын, оның ішкі сарайын жыға түсініп, індете, қазбалай айта білгенін көреміз.

Қ. Жұбанов Абайдың образ жасау жолындағы ізденістерін халық әдебиетімен бауырластырып, өскен арнаның көне болғанымен де, құнарлы екенін танытуға талаптанған. «Қысқасы, Абайдың образ қолданудағы өзгешелігі: әуелі - қатесіз анық таныс бейнені алады, екінші - образы ескі, өлі қалыбында қалмай, жанданып кетеді, үшінші - ескі образды өсіріп, жаңартып жалғап әкетеді. Оның ескі таныс образ алуы тек таныс жағымен тартып, жуықтатып алып келгеннен кейін басқа жаққа бұрып жіберейін деген сияқты. Ескі әдебиет мұрасын Абайдың пайдалануының бәрі осылай. Ол ескіні де, өз заманын да дәріптемейді. Ескі образды алғанда, оны сүйдіру үшін емес, ескіні бұзып, жаңа қылып, сонымен жаңаны ұғындыру үшін алады. Абайдың әдебиет,

мәдениет істеріне қолы тиіп кетсе, ол тек сүртіп, шаңын кетіріп шықпайды, өзінше бұзып, өзінше түзеп, өз қолының ізін қалдырады. Өлеңнің ырғағы да, ұйқасы да, буыны да, әні де, тақырыбы да, сөз төсегі де, суреті де Абайдың қолынан өткенде бұрын көрмеген жаңа нәрсе болып шығады. Абайдың арқасында XIX ғасырда қазақтың әдебиеті өзінің атам заманғы «азалы аң көрпесін сілкіп тастап», Европаның классик әдебиетінің қалыбына түседі, сөйте тұра, қазақ әдебиеті болушылығын да бұзбайды» [41-42-беттер], - деген тұжырымды ойлар түйеді.

Ғылыми дәлелдемелері мен эстетикалық бақылаулары мол автор өз пікірін түйіп тастап отыруға, сол айтылған ой-пікір негізінде үлкен қорытынды (обобщение) жасауға ұмтылатын ғалымдық стилін әрқашан танытып отырады. Шығыс пен қазақ, әдебиеттерінің болмысын жыға таныған Қ. Жұбанов Абайдың классик ақын екендігін ішкі процестермен түсіндіріп: «Абай біздің жазба әдебиетіміздің атасы болғанда өлеңін, қара сөздерін тек қағазға жазғандығымен ғана емес, жазба әдебиет пен ауыз әдебиеттің осы айырмашылығын ашқандығымен атасы болады. Қазақ әдебиетін ауыз әдебиеті дәрежесінен шығарып, неше мың жылдай көнігіп, етке, қанға сіңіп болған ескі ауыз әдебиет дағдысынан құтқарған адам - Абай» [40-бет], - деген қорытындысына еріксіз қол қойғызады. Қ. Жұбановтың бұл еңбегі әлі толық танылып, оның мән-мағынасына айрықша назар аударыла қойған жоқ. «Е, Абай жөнінде кім не демеді» сыңайымен келе жатырмыз. Екіншіден, Абайды ғылыми жолмен танудың алғашқы кезінде осындай ой-пікірлердің айтылғаны зор табыс болса, үшіншіден, қазақтың эстетикалық ой-пікірінің өсу, жетілу жолдарын, яғни сынның өз алдына жеке жанр болып қалыптасып келе жатқандығын, әдебиет-танудың алғашқы қарлығаштары ұша бастағанын көрсету мақсатын көздедік.

«Әдебиет майданы» журналының Абайға арналған осы санында Қ. Жұбановтың еңбегінен кейін Илияс Жансүгіровтің «Абайдың сөз өрнегі» деген мақаласы жарияланған. Бұл тың, соны еңбек емес, І. Жансүгіровтің Абай шығармаларының толық жинағына арнап 1932 жылы жазған алғы сөзінің акырғы тарауы.

Абай творчествосының эстетикалық қадір-қасиетін ашу, өзге әдебиеттермен байланыс-ықпалдардың сырына үңілу, Абай

ақындығының мәнін түсіну саласындағы үйірлі материалдардың ішінен Есмағамбет Ысмайылов пен Зейін Шашкин жазған «Абайдың поэтикасы» деген мәнді еңбекке назар аударған жөн. Өйткені Абай творчествосын шын ғылыми жолмен игерудің айқын көрінісі болуымен бірге, осы құнды зерттеу бұл уақытқа дейін жалпы долбарланып, нақты әңгімеленбей келген проблемаға оңтайлы барлау жасайды, түйінді ой-пікірлер айтады. Сонсын, жалғыз Абай поэзиясы ғана емес, жалпы қазақ әдебиетінің поэтикасы бұрын-соңды арнайы сөз болмағанын ескерсек, бұл тұңғыш еңбектің қадір-қасиеті еселене түседі.

Авторлар Абай поэтикасын үш жүйеге бөле қараған. Әуелі - Абайдың қазақ өлеңіне қосқан жаңа өрнектеріне, екінші - көркемдік амалдарына, үшінші - Абай өлеңінің дыбыстық, яғни әуендік жүйелеріне назар аударған.

Сол кездегі сынның аңғарымен бұл авторлар таза эстетикалық категорияларға, талдау-анализге идеялық мұнарадан қарауыл қоя отырып барғанын да көреміз.

«Абай - қазақ поэзиясының сөзсіз бір биік асқар белі. Қазақ поэзиясын тұйықтан шығарып, шын, мәнді поэзияның есігін ашты. Әдебиет тарихымызда поэзияның айқын жолдарын салды. Ол жол қазіргі әдебиетімізде де сайрап жатыр», - деп жалпы поэзияның даму сатыларына көз салады, орыс поэзиясына Пушкин жасаған өзгеріс қандай болса, Абай қазақ поэзиясына соншалық өзгеріс жасады, «шын көркем поэзияға жол ашты. Абайға дейін қазақтың бай ауыз әдебиеті, тілі өріс ала алмай, тұйыққа тіреліп тұрса, Абай ол тұйықты жазды. Өзінің поэзиясына жаңадан өріс іздеді, қанаты талмайтын жазыққа құлаш ұрды. Ол шыңнан аспанға өрмелеген соң, жазықтан шыңға өрмеледі. Жазықтан поэзияға сара жол салып аспандады. Сондықтан Абай, қазақтың нағыз көркем поэзиясының басы десе дұрыс болар еді» [97-бет]. Осындай жалпы ой-пікірлерден кейін Абайдың өлең өрнектеріне, өздері аңғарған жаңа түрлерге талдау жасаған.

Абайға дейінгі қазақ, поэзиясындағы өлең түрлері 11 буынды қара өлең мен жыр екенін жалпылай айтады да, осы екеуін қосқанда, Абай жаңадан 16 түр шығарды деп, әрбір жаңа өрнекке мағыналық тұрғыдан да, эстетикалық тұрғыдан да, кей кезде статистикалық деректер тұрғысынан да дәлелдер келтіреді.

Мақаланың мазмұнын, талдау-анализдерін баяндардан бұрын, бір мәселеге, яғни Абай қазақ поэзиясына қанша жаңа өлең өрнегін енгізді дегенге азырақ тоқтай кеткен абзал. Бұрынғы мақалаларда Абай жаңашыл ақын, сондықтан ол қазақ өлеңіне көп жаңа түр қосты деген жалпылама пікір айтылса, Илияс Жансүгіров Абай жинағына жазған алғы сөзінде Абай 14 жаңа өлең өрнегін жасады деген ойын нақты мысалдармен дәлелдемей айтса, осы журналда жарияланған мақаласында: «Абайда ескілі-жаңалы 11 өлең өлшеуі бар» [49-бет], - дейді, бірақ оны тарамдап, жүйе-леп талдамайды. Қазақ әдебиеттануында Абай енгізген өлең түрлерін алғаш нақты талдаған Е. Ысмайылов пен З. Шашкин. Бұдан кейін С. Мұқанов «Абай - халық ақыны» деген 1937 жылғы принципті еңбегінде 15 түрді атап көрсетсе, «Жарқын жұлдыздар» монографиясында оны 20-ға жеткізген. М. Әуезов бұл мәселеге арнайы назар сала қоймаған. Ал, Қажым Жұмалиев: «Абай ең алдымен 8 буынды және 6 буынды жаңа екі түр кіргізді. Бұның екеуі де Абайға дейінгі әдебиетімізде жоқ еді. Үшінші, «аралас буынды» өлең құрылысының жаңа түрлері», - деп С. Мұқанов пен Е. Ысмайыловтың өлең түрлерін жіктеуіне қосылмайды. «Абайдың кіргізген жаңалығы он бес пе, он алты ма, әлде онан да көп пе, ол мәселені ашық қалдырып, жалпы алғанда Абайдың өлең құрылысына үлкен өзгеріс кіргізгендігін ғана айтамыз» [1960, 2-т, 349-6], - деп өте бір қажетті де керекті мәселені орағытып өткен. Зәки Ахметов та «Қазақ өлеңінің құрылысы» атты еңбегінде осы жолмен кеткен.

Тегінде, бұл мәселе әлі де болса арнайы зерттелуге тиісті айрықша қажетті проблема. Абай енгізген жаңалықтың бәрі де тек жалпы идеялық-көркемдік тұрғысынан ғана емес, қажетті жағдайда структуралық тұрғысынан да қаралуға тиіс. Әдебиет-танудағы структурализм әдісінің жетіс-тігін, оңтайлы жақтарын пайдаланып, осы мәселені тиянақты шешіп алу қажет-ақ.

Сонымен, Е. Ысмайылов пен Шашкиннің Абай поэтикасына алғашқы рет жасаған нақты талдауына оралғанда, 20-30 жылдарда әдебиеттану саласында жиі қолданған зерттеу тәсілдеріне ден қойған жас авторлар орыс әдебиеттануынан бірқыдыру өнеге алған. Олар поэтикалық, туындының жан сырын ұғып, ішкі процесін түсінуге талаптанған. Оған осы мәнді еңбекте дәлел-дер

көп. Абайдың «Жаз» деген өлеңіне жасаған талдау осының айқын көрінісі.

«Абайға дейінгі халық әдебиетінде де, Абайдың жыр үлгісімен жазылған өлендерінде де «Жаздай» шебер жазылғаны жоқ. Бұл өлеңде Абай сөзді ойнатып, ырғаққа билетіп, дауыс толқындары да бірыңғай шығып, ұйқастарында ешбір олқылық білін-бейді, жорға аттың жүрісіндей тайпалады да отырады... Басынан аяғына дейін жолдың әр тармағы 8 буыннан не аспайды, не кемімейді. Абай өлеңдерінің ішіндегі көте-ріңкі, серпінді рухпен жазылған шаттық жағдайы өлеңнің мағынасынан ғана емес, ырғақ, дауыс толқыны, ұйқа-сымының өзінен көрініп отыратын өлең. Сондықтан «Жазды» өз алдына бір түр етіп алдық» [99-бет], - деп осы өлеңді сөз қолдануы жағы-нан талдауға салады. Сондай-ақ, Абайдың атақты «Сегіз аяғына» келгенде, авторлар өлеңнің түрін мазмұнына тәуелдейді.

«Қайғылы сарын күйі жүректен шалқып шығып, қалқып, сорғалап, аспанға өрлеп барып, қайта жайылып, бәсеңдейді. Күйдің пернесі қайтадан тартылғандай дауыс толқыны бір көтеріліп, өрлеп, өрістей, тағы басылып, тынғандай болады. Бірақ жаңғырық күй тынбастан іле-шала іркілген түйдек толқын бір шарпып, жарға ұрыл-ғандай шаңқ етіп, беті қайтады, жаралы болған жан тәрізді өзін мойын ұсындырып, әлсіреп, әлі бітіп барып тоқтайды. Өлеңнің ырғағы, дыбыс толқыны (әні өз алдына және бар) «Сегіз аяқтың» осы сарын күйіп күшейте түседі: тағы ырғақ пен мазмұнның ән күйіне бірлігі келіп шығады» [101], - деп тапқан авторлар «өлеңнің түрі мазмұнына тәуелді болмақ» тәрізді ой айта отырып, осы «Сегіз аяқ» үлгісімен Бейімбет жазған «Жаңартты қазір жырды ауыл» өлеңіне талдау жасайды. «Қайғылы күй кестесі шаттық әуенді шығармаға орайласпайды, түр мен мазмұн екі айырылып, қабыспай тұр» [114-бет] деп табады.

Осындай эстетикалық таным-білікпен жас авторлар Абайдың Шығыс әдебиетінен алғандарына, ғаруз үлгісімен жазылғандарына тоқтай келіп, шыққан тегі ғаруз болғанымен, «Жүрегі - айна, көңілі ояу» өлеңінің қазақ өлеңінің ырғағына түсу жайына назар аударады: «Абай поэзиясының түр өрнектері, ырғақ, сарын күйлері қазақтың ауыз әдебиетіне негізделіп жатумен қабат, араб, парсы, шағатай, орыс әдебиеттерімен де араласып жатыр. Солардан үйренгендігі, солардың өлең түрлерін

(әсіресе, орыстан) қазақ жағдайында өзінше жасай білгендігін көріп отырмыз. Абай өлеңдеріндегі өлшеудің көбі әлі әдебиетімізде қолданбағандығын, тіпті, өзі де кейбір түрлерді жетілтпей кеткендігін көреміз. 16 өлең түрінің бастапқы екеуінен басқасы - Абайдың кіргізген жаңалықтары. Абай өлеңдерінің ең қиын, ең оңай мөлшер, өлшеулері де қазақтың бұрынғы халық әдебиетінде бар үлгі мен Шығыс, орыс әдебиеттерінен алынған» [105-106-беттер]. Мұндай тұжырымдарының мәнділігін байқамасқа болмайды.

Ал, «Абайдың көріктеу заңы» деген тарауда авторлар «Абай поэзиясының ең басым, күшті жағы теңеуде» [107-бет] жатқандығын айтып, бейнелеу (метафора), кейіптеу, айқындау, әсірелеу, түйдектеу, арнауға тоқтайды да, «Дауыс ырғағы туралы» тарауда дыбыс қуалап отыру (аллитерация), эпифора мен апафора сияқты бірқыдыру көркемдік тәсілдерінен білгір байқаулар, орынды түйіндер жасап отырады. Мәселен, «Абайдың «Күз» деген өлеңінің дыбыстары жаратылыстың кейбір құбылыстарын келтіріп тұрады. Күздің қоңыр салқын желінің ысқырып, ызындап, дамыл алмай, құбылып тұратындығын Абай бір жағынан дыбыс естілуімен көрсеткен. Абайға «Күзді» жазғанда «с», «з» дыбыстары келуінің өзі де кездейсоқ емес. «Күзде» не бәрі 24 жол бар. Сол жолдарда 38 «с», 8 «з» дыбысы бар» сынды бақылаулар бұл еңбектің эстетикалық талдауы жағынан бірқыдыру биікке көтеріліп, Абай поэтикасының мәнді арналарын дұрыс көре білгендігіне дәлел бола алады. Абайдан үйренушілердің есінде жүрсін деп бұл авторлар Абай өлеңдерінен үш мін көреді: «Абайдың негізгі бір кемшілігі - көп өлеңнің ырғағы әнге келмейді» [115-бет], - дейді. Оны 1932 жылы Илияс та айтқан болатын. Бұл жаңа пікір емес, ондай ой 1914, 1926 жылдары А.Байтұрсынов еңбегінде айтылған-ды. Осы жайға З. Ахметов әдейі назар аударып: «Халық поэзиясының үлгісімен Абай өз өлеңдерін әнмен сүйемелдеп айтуға әрқашан бағыштай бермеген. Ол ол ма, қазақ, поэзиясында тақпақтап айтылатын, оқылатын өлеңнің дәстүрін жасауға саналы түрде талпынды, ондағы көздеген мақсаты - осы өлең түрінің жаңа мүмкіндіктерін бар қуатымен таныту еді» [313-бет], - деген ғылыми пікір тұжырымдаған.

Мұнымен қатар, авторлар Абайдың екінші кемшілігі - «кейбір өлеңдерін бастап қана қойып, аяқтамай кеткендігі бар,

үшінші - құрғақ, үгіт түрінде келетін дидактикалық өлеңдері де кездеседі», - деп білген, бірақ мұның ешқайсысы да Абайдан үлгі-өнеге алуға кедергі жасай алмайды, жаңа жағдайға лайықтап ала білу керек, сондықтан одан «түрді, түрдің кестелерін, образдарын өзінің идеясына бағындырып, алған тақырыбын өрнектеп беретіндігін үйрену керек. Өлеңнің ырғағы, сөз екпіндері, сыртқы құрылысы мағынасыз қалай болса солай қолдана салатын нәрсе емес. Онда да мағына, онда да идея, пікір бар. Абай сияқты классик, мастер, шебер, шешен, ұста ақын өз дәуірін қалай суреттеді, қалай көрсетті, соны көрсетуде тілді қалай жұмсады, қалай пайдаланды, міне, осы шеберлік жағынан үйреніп, дәуірімізді, Отанымызды осылай суреттей білу керек» [114-бет], - деген тұжырымдары өзінің эстетикалық сауаттылығымен, ой ағынының мәнділігімен көрінуі - қазақтың сыншылдық ойының биік белге көтеріліп келе жатқанын аңғартатын белгілер.

Абай творчествосының мән-маңызын аңғару тобындағы көп еңбектің бірі - М. С. Сильченконың «Абайдың реализмі» деген мақаласы. Алайда осы мақалада «Абай мәселесі», «Абайдың дүниеге көзқарасы», «Абай поэзиясы» деген тарау аттары аңғартқандай, жалпылай ой топшылау басым. Рас, автор сыншыл реализм деген терминді қолданған, бірақ оның сыр-сипаты Абай творчествосынан өрбімей, сырттай қисындалған. Абай реализмін зерттеу қажет деген пікірді нақты дәлелдеп көрсетпеген. Осы күрделі мәселе М. Әуезовтің «Орыс реализмінің дәстүрі және революцияға дейінгі қазақ әдебиеті», «Абайдың халықтығы мен реализмі» деген еңбектерінде ғылыми шешімін тапқан.

Сонымен, М. Әуезов, І. Жансүгіров, Қ. Жұбанов, Е. Ысмайылов пен З. Шашкиннің, М. Сильченконың «Әдебиет майданы» журналында жарияланған еңбектері Абай ақындығының қыры мен сырын ашуға, Абай поэзиясының қазақ әдебиетіне қосқан жаңа-лығын саралауға, көркемдік шеберліктің биік сатысына көтерілерде қандай мәнді арналардан үлгі-өнеге алғандығын танып-білуге мүмкіндік берді. Екінші жағынан, қазақтың әдеби сынының алымы молайып, тынысы кеңігендігін, ғылыми арнамен өркендеуге мүмкіндігі мол екендігін, жанр ретінде қалыптасып келе жатқандығын танытты. Проблемалы сын мақалалардың, ғылыми ізденістердің бәрі де қазақ әдебиет-тануының өркен жаюына

қолайлы жағдай туғандығын, ал, сынды өзінің профессио-налдық арнасына айналдыратын білімді жас дарындар жасағы бар екенін көрсетіп берді.

«Әдебиет майданы» журналының осы арнайы санында жарияланған материалдардың енді бір мол саласы - Абай заманын, ұлы ақынның дүниеге көзқарасын анықтау мәселесіне арналған. Әзімбай Лекеровтің «Абай және оның дәуірі», Әмина Мәметованың «Абай - кезеңнің дана ақыны» деген мақалаларының идеялық-творчестволық өрістері, негізінен алғанда, бұдан да бұрын талай әңгіме, айтыс-тартыс объектісі болған жайларға аударылғанмен, әр автордың ой түйіндеуі, пікір қорытуы әр алуан. Сондықтан олардың негізгі ой-пікірлерін топтастыра қарастырған абзал. Бұл авторлар ең негізгі мәселе - Абай өмір сүрген заманның сыр-сипаты әлі зерттелген жоқ. Абай жөніндегі дау-дамайдың барлығы да осы түбегейлі мәселеден өрбіп жатыр. Абай заманын әркім әрқилы талдайды, сондықтан өз заманының бел баласы болған Абайды әркім өзінше бағалайды деген ойды айтқан.

Ә.Лекеров Абай творчествосындағы әлеуметтік сарындарды талдай келіп: «Абай қай мәселе болсын, қоғам құрылысы, жұртшылық, ел билеу, дін - бәрін әкеліп өзінің негізгі көзқарасы - ағартушылыққа бағындырады, барлық мәселеге сол көзбен қарайды» [62-бет], - деп тауып, Абайдың ағартушылығын үлкен ғылыми концепцияға айналдырады, дәлелдей баяндайды. Бұл пікір кейіннен толықтырылып, «Абай - ағартушы-демократ» деген тұжырымды Сәбит Мұқанов жасағаны әмбеге аян.

«Әдебиет майданы» журналында жарияланған материалдардың үшінші тобы – Абайдың қоғамдық сананың әр саласы жайында айтқан ой-пікірлерінің мәнін ашу. Оған бір мысал - Шарафи Әлжановтың «Абайдың педагогика туралы көзқарасы» деген мақаласы. Кейін бұл салада көптеген еңбектер жазылғаны белгілі. Ш. Әлжанов: «Кейбіреулер айтады - Абай тек болғаны жазушы, ақын, онда философия, психология, педагогика туралы көзқарас жоқ. Осы соңғы пікір дұрыс па? Жоқ, дұрыс емес» [23-бет]. Абай сегіз қырлы дегенімен, автордың социологиялық қайшылыққа ұрына бергенін де байқаймыз. Мәселен: «Абай ғылымды, мәдениетті, прогресті жаңа көзбен көре алмады. Абайдың «ғылымы» ескіліктен, дінмен, құдаймен шумақтасып,

шатасып жатыр» [25-бет], - дегендері автордың ниетіне тұсау сала берген.

Сонымен, Абайды ғылыми тұрғыдан танып, зерттеудің алғашқы қадамы осы «Әдебиет майданы» журналының ақынға арналған санынан басталды деп білуіміз керек. Мұнда Абайдың заманы, дүниетанымы, творчествосы, өнеге алған арналары, жаңашылдығы, поэтикасы арнайы әңгіме арқауына айналып, алғашқы ғылыми мәнді барлаулар жасалды, жаңа да соны концепциялар тұжырымдалды. Ол материалдардың басым көшпілігі Абайтану проблематикасын қайткенде де көбейте түсу үшін емес, шешіп алынуы айрықша қажетті түбегейлі мәселелерге арналды. Сыншылық пікір мен ғылымдық ойлар ажыраспас тұтастық тауып, қазақтың әдебиет сыны жанр ретінде бірдыдыру эстетикалық-көркемдік биіктерге көтерілуге даярлығы бар екендігін айқын танытты. Бір ғана 1934 жылдың ішінде Абай жайында жиырмаға тарта мақалалардың жазылуы, сентябрь айында Абайдың мұрасына арналған дискуссияның сәтті өтуі, жалпы ынта-тілектің Абай творчествосын жан-жақты біліп, тануға аууы, сонымен қатар, эстетикалық талдау жүйесіне кешегі күннің салқыны тиіп, инерция бойынша айтылған ой-пікірлердің кездесуі де қазақ әдебиет сынының өсу, өркендеу процесінің құнарлы екендігіне айқын дәлел бола алады.

Абайдың қайтыс болуына 30 жыл толуын атап өту жөніндегі үкімет қаулысынан қанаттанған сыншылық-ғылымдық ой-пікірлер көзі ашылған бұлақтай мөлдіреп ақты. Кейінгі жылдарда ең аз дегенде он-он бес-тен, ал, 1940 жылы 150-ге тарта мақала, зерттеу, дәйектеме мен жарнамалар жазылғанын айтар болсақ, жаңадан іргесі қалана бастаған Абайтану ілімі әдебиеттану ғылымымен үзеңгі қағысып, «үрдіс өсіп келе жатқан және қазақ әдебиетінің өзге тарауларын тануымыздан гөрі, өнімдірек өске-леңдеп келе жатқан ғылым тарауы екенін» [М. Әуезов. Абай Құнанбаев. 1967, 275] анық танытты. Сондықтан біз алғашқы кезеңдей емес, енді Абай творчествосын игеру мәселесіне өзіндік үлесін қосқан кесек те күрделі еңбектерге қысқаша шолу жасасақ та жеткілікті деп есептейміз. Айтылар ой, дәлелденер пікір, әр проблемадан өрбіп шығатын ішкі мәселелердің бәрін түгелдей, ішіне кіре жазу бұл еңбектің міндетіне жатпайды.

Қалыптасу дәуірін өткеріп келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымында Ғаббас

Тоғжановтың «Абай» атты 1935 жылы шыққан зерттеуі бар. Абай творчествосының бар проблематикасын әңгімелеген, көбіне оңтайлы жауап берген ғылыми эстетикалық еңбек емес, социологиялық арқауы басым монографиялық очерк. Ол Абай лирикасына тоқтаған уақытта: «Оның бір ұшы қазақтың ескі әдебиетінде, енді бір ұшы орыстың Пушкин, Лермонтовтарында жатыр. Абай екеуін де қоса білді. Абай лирикасында жеке адамның мұны мен әлеумет тілегі араласып жатады. Абай қарабасын сол көп үшін, жұрт үшін жылатады, өлеңмен өлердегі сырын айтады. Абай сыры - жүрек, сезім, сананы түгел аралайды. Адамның ішіне кіреді, жанын қозғайды. Бұл жағынан карағанда терең сырлы ішкі сырды қопаратын лирика қазақта Абайдан басталды деуге болады» [136], - деген бақылаулар жасайды.

Абай творчествосы жайында 30-жылдардың бірінші жартысында жазылған зерттеулер мен мақалаларда бірқыдыру өнімді ізденістер болды. Осы кезеңнің ерекшелігін Сәбит Мұқанов 1937 жылғы «Әдебиет майданы» журналында жарияланған, кейіннен Абай шығармаларының бірінші томына 1939 жылы алғы сөз ретінде жазылған «Абай - халық ақыны» атты ғылыми-эстети-калық жағынан айрықша мәнді еңбегімен айқындап, Абайдың жеке басын, оның асыл творчествосын дау-дамай, айтыс-тартыстың додасынан шығарып алды.

Абайдың заманы, дүниетанымы, ақындығы, жаңашылдығы сияқты күрделі де мәнді мәселелердің бәрі де күн тәртібіне қойылып, идеялық-көркемдік шешімін таба бастаған уақытта, ендігі жазылар еңбектер күр баяндауға негізделмей, түйінді жинақтауларға көшуге тиісті еді. Міне, осыны С. Мұқанов кезең талабын ескере отырып жүзеге асырды. Абай творчествосын әңгімелегенде, бұрынғыдай ұзақ сонар дәлелдер келтіріп, тарихи-әдеби шолу жасау қажет-тігі анохронизмге айнала бастады. С. Мұқанов «Абай - халық ақыны» деген ең негізгі концепцияны жан-жақты дәлелдеп шықты. «Абай ру қамын емес, жалпы қазақ халқының қамын ойлаған, бақытын көк-сеген, қазақ шаруасын мәдени жолға түсі-руді, қазақтың әлеуметтік тұрмысындағы теңсіздікті жоюды, қазақтың ұлт мәде-ниетін, ұлт әдебиетін өсіруді арман еткен, ұлттың самосознаниесі күшті қазақ хал-қының бірінші ұлы ақыны», - деген ең не-гізгі пікірді тұжырымдауы

1937-1939 жыл-дарда үлкен ерлік қана емес, ғылыми-эстетикалық жаңалық болатын. Ал бұл қо-рытынды пікір Абайды ғылыми жолмен тану бағытында жазылған барлық еңбектер-ден, мақалалардан өнетін, өсіп-шығатын, бірақ, сол уақытқа дейін ешкім тұжырым-дап айтпаған түйінді қорытынды болды. Осындай концепция жасау үшін С. Мұқанов өзінің 1937 жылы «Әдебиет майданы» жур-налындағы мақаласының негізгі арқауын мүлде өзгертіп, жаңаша баяндауына тура келгендігін көреміз.

Абай сынды халық ақыны қалай өсіп-жетілді, ақындық дарыны қалай қалыптасты, кімнен үлгі-өнеге алды деген мәселе-ні осы тұжырымға тәуелдей баяндады. Өйт-кені бұған дейінгі еңбектер тарихи-әдеби деректерді баяндай отырып қорытынды шығаруды көздесе, бұл еңбек Абай төңіре-гінде осыған дейін айтылған ой-пікірлердің бәрін ескере отырып, әуелі негізгі қоры-тынды жасап алып, соны социологиялық-эстетикалық тұрғыдан дәлелдеп көрсетуді мақсат еткен. Мұндай синтездік еңбек зерт-теулер объектінің сыр-құпиясы бірқыдыру ашылып, даңғыл түсе бастаған шақта пайда болатын құбылыс.

С. Мұқанов Абайдың халық ақыны екенін айқын дәлелдегеннен кейін, оның дүниетанымы, көзқарасы жайында өнімді ойға тізгін беріп, ағартушы-демократ деген терминді алғаш ұсынды.

Абай революциялық ой-пікірге, яғни қоғамды күрес жолымен жөнге салу, өзгерту идеясын уағыздамағанымен, таптар қайшылығын көре білді, еңбектің мәнін ұқты, саяси теңсіздікті көрді, болысты, старшынды сынады, әйелдердің азаматтық правосын қорғады, бірақ осының бәрін революциялық тұрғыдан емес, ағартушы-демократтық позициядан көрді деп дұрыс ой түйеді. Осы концепция әдебиеттанудан бекем орын алып, өнімді (табысты) ізденістер жасатуда.

Осы идеялық мәселелердің бәріне оңтайлы жауап тауып, үлкен тұжырымдар жасағаннан кейін, автор енді творчестволық салаға, әсіресе, Абайдың қазақ жазба әде-биетінің негізін қалаудағы ерен жаңа-шылдығына барынша көп назар аударады.

Абай қазақ поэзиясына 15 жаңа түр кіргізді деп, оны нақты-нақты мысалдармен дәлелдейді. Е.Ысмайылов пеп З.Шашкиннің «Абай поэтикасы» деген еңбегінің методологиялық тәсілін сыртқа теппегенмен,

мүлде жаңаша ой толғайды. Абай жасаған жаңа өлең өрнектерінің сырт құрылысына емес, ішкі тынысына баса назар аударады. Осыған байланысты үш түрлі ескерту жасауды қажет деп тапты. «Бірінші, бұл жаңалықтарды табарда Абай негізінде Еуропа әдебиетіне сүйенгенмен, олардан аударды деуге болмайды» [21-бет], оның көп түрі қазақ поэзиясының бесігіне бөленген, екінші, орыс өлеңінің құрылысы тоникалық болса, Абай силдабикалық өлеңнің жүйесін қатты қолданады, үшінші, көп өлеңін әнге лайықтап шығарған, өзінің жаңа өрнегін қалыптастыру үшін әдейі 17 ән шығарады, жаңа әуенді музыканы поэзия жаршысына айналдырады. Өз өлеңіне жаңа мазмұн, жаңа ырғақ, жаңа үйлес, жаңа түр ізденіп, оны көп еңбек сіңіру арқылы тауып, қазақ поэзиясын бұрынғыдан жоғары сатыға көтерген Абай осы ізденудің арқасында өлеңдерінің көркемдігін жаңаша құрып, көркемдіктің жаңа түрлерін, жаңа образдарды, жаңа теңеулерді көп тапқан ақын» [23-бет], - деген тұжырымды Абайдың көңіл-күйі, табиғат лирикасына сабақтастырып жібереді.

Табиғат лирикасы көбіне профессионалдық поэзияның мәнді көрсеткіші екенін ескерте отырып, қазақ поэзиясының теңеу объектісінің өзгере бастағанын орынды байқаймыз. Абайға дейінгі өлең-жырда поэтикалық теңеулер көбіне малға, жануарға байланысты еді, енді табиғат сазы ене бас-тады, табиғат құбылысымен көңіл-күй сырын ашу заңды жүйеге айналды, «Абай табиғаттың шын, ақиқат көркем бейнесін көз алдыға алып келеді. Табиғаттың құбы-лыстарын Абай табиғат үшін ғана емес, адамның өмірімен байланыстыра, адамға бейне қыла жырлайды» [25-бет].

Сонымен, С. Мұқановтың «Абай - халық ақыны» деген ғылыми-эстетикалық жағынан толымды да дәлелді қорытындысы біздің әдебиеттануда әбден қалыптасып, Абайдың творчествосы туралы эстетикалық жаңаша талдау жасауға бағыт сілтеді.

Абай жөніндегі ой-пікірлердің жетіле толысуы, өрелі өркендеуі барысында Абайдың ғылыми ғұмынамасын жасау мәселесі күн тәртібіне нақты қойылды. Мұны негізінен М. Әуезов атқарып шықты, ерен еңбек сіңірді, ұлы Абайды әлемге танытты.

Абайдың өмірбаяны әлі толық емес, қомақтандыру шарт, әсіресе, Абайдан қалған қолжазбаның сақталмауы мүмкін емес, талай көшірмелер болған, солардың соңына

жарық алып түсу, Абайдың орыс достары туралы деректерді іздестіру, Семей, Омбы архивтерін ақтару жайлы ойлар айтылды. Міне, осы жай Абайдың екі томдығын 1939-1940 жылдары шығару кезінде қатты ескерілді. Мұхтар Әуезов пен Өтебай Тұрманжанов екеуі Алматы, Семей архивтерін ақтарып, Мүрсейіт қолжазбасының жаңа варианттарын тапқан. Ірілі-уақты деректік дүниелер, естеліктер жинаған. Осының бәрі-бәрі Абайдың толық жинағының II томдығында жарияланған. Сол материалдардың бәрі де М. Әуезовтің қолымен жазылғанын Қазақ, ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының сирек кітаптар қорында «1913» деген рет санымен сақталып тұрған қол жазба-кітаптан анық көреміз. Солай бола тұрса да, М. Әуезов өзінің «Абай (Ибраһим Құнанбайұлы)» атты классикалық монографиясында әлі де болса: «Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өресіне жетіп, аяқталған жоқ», - дегені әшейінгі кішіпейілдік қана емес. Демек, Абайды ғылыми жолмен тануға үлкен септігін тигізетін осындай еңбектердің кезеңдік мәнін ғана емес, жалпы тарихтық орнын айқындау шарт.

1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толуы бүкіл халықтық мерекеге айналды. Мерекеге арналып шыққан Абай шығармаларының толық жинағына С. Мұқанов «Абай - қазақ халқының данышпан ақыны» деген алғы сөз жазуы, М. Әуезов пен Б. Кенжебаевтың «Абай - қазақ халқының ұлы ақыны» деген кітапша шығаруы, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Ә. Қоңыратбаев, Қ. Мұхаметханов, Т. Нұртазин, Т. Тәжібаев, М. Сильченко, Ә. Тәжібаев сықылды ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың 300-ден астам мақала жариялауы Абайдың жазба әдебиет негізін қалаудағы еңбегін ғана айтып қоймай, бүкіл қазақ қоғамындағы, мәдениет тарихындағы орнын айқындап берді. Соның арқасында қазақ әдебиеттану ғылымында Абайтану ілімінің өз алдына отау тігуіне жағдай жасалды.

Бұдан кейін, яғни қазақ әдебиеттануының қалыптасу дәуірінде бұл салада ізденіс-барлаулардың барынша өркендей түскені әмбеге аян. Өз алдына ілім саласына айналғанда, оның тарихын, басып өткен жолын М. Мырзахметов арнайы қарастырғанын ескеріп, Абайды ғылыми жолмен зерттеудің өнікті де жемісті арнамен дамыған шағын танимыз.

Сонымен, мәдени-әдеби мұраны маркстік-лениндік методология негізінде игерудің арқасында қазақтың сыншылдық-ғылымдық ой-пікірі осындай асуларды асып, толыса бастағанын көреміз. Абайтанудың жеке бір ілім саласына айналу процесі - бүкіл қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен жеңісі.

Абайтанудың алғашқы кезеңі ұзақ сонар баяндалуының бір себебі - Абай жайындағы ғылыми-сыншылық ой-пікірдің эволюциясын көрсету мақсатынан туса, екінші жағынан, жеке ақын-жазушылардың творчествосын игеру ісі тап осындай болмағанымен, осыған ұқсас процесті басынан өткергенін аңарту еді. Бұл жөнінен Сұлтанмахмұт Торайғыров төңірегінде болған әңгімелерді баяндап жатудың қажеті шамалы. 1932 жылы С. Мұқановтың «Сұлтанмахмұт қандай ақын?» деген алғы сөзі мен «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабындағы арнайы тарауды, одан кейін жарияланған еңбектерді талдау қажетсіз қайталауға ұрындыраы анық. Сол сияқты, Махамбет Өтемісов, Мұрат Мөңкеұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ақансері Қорам-

саұлы, Ығылман Шөреков, бертінгі Баймағамбет Ізтөлин мен Шолпан Иманбаевалар жайында жазылған мақалалар, олардың шығармаларын жариялау қаншалықты мәнді екенін ескергенмен, олардың да тану, танылу процестері Абай творчествосының өткелдеріне ұқсас болуы айдананық.

Сондықтан жалпы әдеби мұраны дұрыс игеру, әсіресе, жеке ақын-жазушының тарихи орнын айқындау процесінде Абай творчествосының шешуші сипаты болды, кейбір дарын тағдыры осы үлгімен пішіліп, әдебиет тарихынан тиісті орын алды. Әрине, әрбір дарынның алға тартар әңгімесі де, көтерер проблематикасы да Абаймен деңгейлес емесі өзінен өзі түсінікті.

Қазақ халқымен талай ғасырдан бері бірге жасап, рухани байлығы болған ауыз әдебиетінің озық үлгілері мен жеке дарындардың, әсіресе, Абай сияқты данышпан ақынның творчествосын игеру барысында қазақ әдебиет сыны өсу дәуірінде екені танылып қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасып келе жатқандығы аян болды.

АБАЙ АДАМ МЕН ЗАМАН ТУРАЛЫ



Ж. Дәдебаев

АБАЙ АДАМ МЕН ЗАМАН ТУРАЛЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абай адам мен заман туралы. Абайдың антропологиясы. Ақынның дүние туралы көзқарасы. Абай шығармаларының онтологиялық қырлары. Кемел адам келбеті.

Тірек сөздер. Адам, заман, дүние, адамгершілік, надандық, кемел адам.

Ж. Дәдебаев

АБАЙ О ЧЕЛОВЕКЕ И ОБЩЕСТВЕ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Абай о человеке и обществе. Антропология и психопоэтика Абая. Миропонимание поэта. Онтологические вопросы творчества Абая.

Ключевые слова: поэт, человек, время, миропонимание, онтология, творчество.

Zh. Dadebaev

ABAI ABOUT MAN AND TIME

Abstract. The issues dealt in this article. Abai's time and his critique of time. Anthropology and psychopoetry of Abai. World perception of the poet. Ontological direction in Abai's works.

Keywords: man, time, peace, humanity, stupidity, creation.

Абайдың заманында елдің билігі жаттың қолында болды. Жат жарылқамады. Жамандық көрсе, оны қолымен де, сөзімен де, жүрегімен де түземеді. Билеуші де, билеу жүйесі де қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетіне жат бағытты ұстанды, елді бірлік пен ынтымаққа, жақсылық пен ізгілікке ұйытпай, жамандыққа, надандыққа, жаулыққа жол ашты. Қу мен сұм белең алды. Ар ойлайтын адам азайып, пайда ойлайтын сабырсыз, арыс, көрсе қызар, жалмауыз жандар шықты. Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек бұлардың ажарын ашатын айрықша көрікке айналды. Алашқа сыртынан күліп, ішінде жаулық сақтады, жақынын тіріде аңдып, өлсе өкіріп жылайтын әдет тапты. Терін сатпай, телміріп көзін сатып, теп-тегіс аларман болды. Ұрлықпен мал табатын, егессе, ауыл шабатын құдай атқандар, бойы бұлғандар, сөзі жылмаңдар, басында ми жоқ, өзінде ой жоқ, күлкішіл кердең надандар қатар түзеді. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ өріс алды, қулық - өнерге, ұрлық кәсіпке айналды. «Ісі білмес, кісі білер», - деген мақал туды. Бас-

басына би болған өңкей қықым елдің сиқын бұзды. Ел арасы бүлінді. Жақсылардың үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әр түрлі қылмыстық іс көрсеткен арызқойлар, жалақорлар, пәлекорлар белең алды. Ақты қара деуші, көрмегенді көрдім деуші жалған куәлік берушілерге жол ашылды. Бұлардың көздегені мен көксегені дүние болды. Дүние көз бен көңілдің құртына айналды, үйсіздерге үй болды, күйсіздерге күй болды. Жан біткен да соған ұмтылды. Надандар сол үшін жауласты, жамандар сол үшін дауласты, арамдар сол үшін арбасты, алдасты. Біреулер сол үшін тер төкті, біреулер сол үшін қан төкті. Ақынның қадірлі басы мен қайратты жасы осылармен тартыста өтті. Олардың ішкі мұзын көздің жасымен де, жүректің қанымен де еріту мүмкін болмады. Ақын адаммын деген надандардың қарниетінен шошып, бетін басты. Мұңдасарға сөз ұғарлық кісі таппады. Ақырында, қалың елінің ортасында отырса да, бақсының моласындай жалғыз қалды. Заман сынын адам болмысы, адам арқылы таныған ақын өмірдің мәнін де адам табиғатын тану барысында, адамның тәнін

емес, жанын тану нәтижесінде ашады. Заманынан озған, заманының адамынан озған, ортасының надандығынан, қоғамының қараңғылығынан көңілі қалған, тіршілікте өзінің де, өзгелердің де қылып жүрген ісінің бәрінің баянсыздығына, байлаусыздығына көз жеткізген, бәрінің қоршылық екенін білген, қажыған жан қалған өмірінде адамның адами қасиеттеріне, «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек» шындығына үңіледі. Жүрегінің тереңінен тапқан шындық сырды ғана шын асыл деп таниды. Адамның жан әлемінен, рухынан тыс дүниәуи тіршіліктің мәнсіздігін, баянсыздығын, адамның жан әлеміндегі, рухани өміріндегі ақыл, қайрат, жүрек қызметінсіз заман ағымын түзеуге, қоғам өмірін өзгертуге талпынудың бос әурешілік екенін аңғарады. Осыдан келіп Абайдың антропологизмі мен психопоэтикасы туралы ойлардың желісі тартылады.

Ақынның фәни тіршіліктің көз қыздырып, көңіл арбайтын қызығының бәрінен бой тартатыны рас. Оның негізінде ақынның дүние туралы көзқарасы жатыр. Дүние адам баласы үшін үлкен сынақ екені рас [Құран: 18:7]. Лұқман хакім баласына айтқан бір өсиетінде былай деген екен: «Балам, бұл дүние – терең теңіз. Оның түбіне талайлар кеткен. Одан аман шығам десең, Алланың алдындағы қорқынышың кемең болсын. Оған тиеген жүгің Аллаға деген иманыңнан болсын. Оның желкені Алладан күткен үмітіңнен болсын. Сонда, бәлкім, аман шығарсың, бірақ біржола құтылып кетерсің деп ойламаймын» [1,144]. Лұқман хакім адамның фаниден дүниеге бой алдырмай өтуі мүмкін еместігіне меззейді. Адам мен заман, бақи мен фани арасы туралы хакім Абай да осындай ойда. Ақылға салғанда, Абайдың ел бағудың да, мал бағудың да, ғылым бағудың да, бала өсірудің де баянсыздығы жайлы ойының негізінде тіршілік сырын, адам табиғатын Лұқман хакімше жете таныған кісілік кемелдік барына көз жеткізуге болады. «Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам?» [2, 128], - деп күйзеледі ақын. Ақынның «таппай отырған орны» жер емес, мекен емес, ауыл-аймақ та емес, адамдардың ортасы, қоғамдық орта. Надандардың емес, көкірегінде көзі бар, ақылында сәуле бар адамдардың ортасы. Заманының, ортасының, қоғамының болмыс-бітіміндегі қатпар-қатпар қасаң сырды адамның бойынан көріп, оның сыр-дандығын, өзі асыл тұтқан мұратына жаттығын білу, оны түзеуге мүмкіндігінің жоқтығын сезіну ойшыл жанды күйзелтіп қана қоймайды, түңілдіреді. «Ауру

жүрек ақырын соғады жай» өлеңінде осындай күйзелу мен түңілу сал-дарынан ауру тапқан жүректің хәлі сипат-талады.

Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты
Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген [3, 285]
немесе

Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Өз дертін тығып ішке, білдіре алмай [3, 285], -

секілді мұң мен дерт басқан жүректің хәлінен ақынның өзінің рухани күйі көрініс беретіні рас. Ақынның мұңды қалпы мен дертті жағдайы, күйзелуі мен түңілуі оның дүние, тіршілік шегіндегі өзінің жеке басының сұраныстары мен қажеттіліктерінің, өз жеке басының жақсы көрген, мұрат тұтқан, ұмтылған игіліктеріне жете алмауының салдарынан туатын күй емес. Ақынның рухани әлеміндегі мұң-зар оның өз жеке басының қамынан емес, халықтың қамын ойлаудан, заман сипатындағы, адам бойындағы, көптің болмысындағы жамандық пен надандықтың зардабынан шығады. Сол жамандық пен надандықтың ауыртпалығы ақынның өз жеке басына тіктеп келіп түспейді. Ақын өз басымен өзі қайғы болып кететіндей, кінәмшіл, жекешіл, өзімшіл емес. Жамандық пен надандықтың бар ауыртпалығын көтеретін, зардабын шегетін – көп, халықтың өзі. Абайдың жанын жаралап, қанын қарайтатын, көзінен жас болып, тілінен зар болып шығатын шер - осы көптің, халықтың басындағы күннің қайғысы. Ақын дүниетанымының жалпыадамзаттық өрісінде оның жеке басының қайғысы дейтін қайғы жоқ. Сондықтан да Абайдың мұң-зары түпсіз тұңғыық іспетті, шетсіз әрі шексіз. Мұндай түпсіз тұңғыықтан, мұндай шетсіз бен шексізден Абайды ақындық даналығы, шығармашылық қуаты алып шығады. Ақындық даналықтың алды ашық, ол Жаратушыдан басқа ешкімге тәуелді емес, Жаратушыдан басқа ешнәрсеге мұқтаж емес. Абайды дүниәуи тіршіліктің жарқылдаған алдамшылығынан сақтап, жеке басының өзімшіл тілектерін басқан, сөйтіп ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау биігіне көтерген қуат көзі ақындық даналықта. Болмыстан, заманнан, адамнан көңілі қайту, соларға жаны ашып, солардың ортасында тұрып, соларды сүйіп тұрып, өзіне - оларды, оларды өзіне жат санау ақынды шындық құбылыстарды даналық таныммен жинақтауға, даналық пайыммен типтендіруге бастайды. Нақты тұлғасымен нақты бір мезгіл мен мекен шегіндегі нақты қоғамда, нақты адамдар ортасында ғана өмір сүру, одан тыс бола алмау, сөйте тұра солардың бәрінен сырттау, жаттану, сөйте тұра сол қоғамға, сол қоғамның адамына, халыққа жаны ашып, оларды жақсылық жолына шақыру Абайдың азаматтық және ақындық

тұлғасының трагедиялық әрі қаһармандық сипатын танытады.

Ақынның фәниден көңілі қайтқаны рас. Бақидың жүзіне де қаймықпай, тура қараған. Қалған өмірінде ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, бала бағу, дін бағу секілді қызмет салаларын саралап, сараптан өткізгенде, өз заманында солардың бәрінің баянсыздығын көреді. Достан да, дұшпаннан да көңілі қалғанда, сенісерге жан таппағанда, Аллаға жалбарынатыны рас. Мұсылманшылық жайын, дін негізін қозғайды, софылық хақында да айтатыны бар. Бірақ дін жайын, софылық жайын қозғағанмен, өзі дүниеден теріс айналып, тек қана дін бағып қалған, софылық қылған жан емес. «Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған софылық!» [2, 128], - дегенде, ақын өз заманы шегіндегі күйзелісті күйін, күйінішті жайын, жарлы емес, зарлы хәлін білдірген. Дүниәуи тірліктен біржола бет бұрып, жердің астына түсіп кетпесе, Абай заманында қазақ ішінде софылық шарттарын ұстаудың да мүмкіншілігі жоғы расты. Осының бәрі кісіні күйзелтпей, түңілдірмей қойматын қайшылықтар еді. Абай түңіле, күйзеле отырып та елінің болашағын ойлайды, елдің өсер өркенін оң жолға бастар ғибратын айтады, даналық үлгі көрсетеді. Заманның, қоғамның, елдің, адамның осы болмысын тану, оның түбіне терең бойлау Абайдың дүниетанымына, дүниеге көзқарасына айрықша философиялық мазмұн дарытты. Ақынның адам мен заман туралы концептуалдық ұстанымының негізі терең, толық болып тұжырымдалуының себебі осында.

Заман жайы, адам құлқы Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйында» нақты көрініс тапқан. «Бұл күнде бұ дүниеде кісілік өте сирек», «Кім (таза) жолды тұтса, оның жолы кем болды, Кім (арам) жолды ұстаса, оның жолы кең болды» секілді сөздердің Йүгінеки заманының шындығын көрсететіні анық. Жақсыдан жаманның көптігі, адамнан наданның көптігі білімді жан үшін қай заманда да белгілі болған. Алайда заман сырына, адам болмысына Абайдай терең бойлаған ақынды қазақ әдебиетінің тарихынан іздеп табу қиын. Әркім-ақ өзін биікке құлаш сермеп, тереңге сүңгіп жүргендей сезінуі ғажап емес. Оған шек қоюға болмайды. Бірақ әркімнің шырқап шығар биігінің шегі бар, әркімнің сүңгіп жүрген те-реңінің түбі бар. Абайда адам мен заман хақындағы ойлары мен толғаныстарында мұның екеуі де жоқ. Абайдың тереңінде түп жоқ, Абайдың биігінде шек жоқ.

Елдің ұйытқысы, маңызы секілді мыңғыртып мал айдаған байлар, елдің билігін ұстап, ат үстіне мінген әкімдер, сауда жасап,

кәсіп құған еті тірі пысықтар, ел ішінде өз кәсібін дәреже көріп, мақтан тұтып жүрген ұры-қарылар - бәрінің тапсам деп іздеп жүргені, бәрінің жетсем деп қуып жүргені бар. Ол - «төрт аяқты мал». Ақынның сыншыл танымы осылардың қай-қайсысының да іші-сыртындағы басты белгілерді нақты да затты суреттейді.

Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып [3, 52], -

дейді ақын. Мал таппақшы болып жүрген жандардың бірінің ісі осындай. Бұлай да мал табуға болады. Ақын осыдан, көз алдында болып жатқан шындық құбылыстан, адамның сыры мен заманның сынынан көргені мен көңіліне түйгенін жеп-жеңіл, қарапайым түрге түсіріп, даналық пайыммен сараптайды. Өлеңнің екі жолынан екі түрлі тұлға арасындағы қатынас сипаты белгілі болады: «әркім» және «жаны аяулы жақсы». Екі түрлі тұлға. Оларды шартты белгілер арқылы сипаттайтын болсақ, мынадай жүйе шығады: А - Б. «А» жалқы ұғымды беретін болса, «Б» көптік ұғымды береді. Ақын суреттеп отырған қатынастың бір басында жалқы тұрса, екінші басында жалпы, көп тұр. Алайда осы екі тармақтағы суретті, образды әркім әрқалай түсінеді. Жас өзінше, көрі өзінше. Өмірде көргені көп, білгені мол адам бір деңгейде, көргені аз, білгені белгісіз адам басқа деңгейде қабылдайды. Оның мәнісі ақынның адам мен заман туралы ойының мағыналық деңгейлеріне, сөздің, ұғымның образдылығына байланысты. «Жаны аяулы», «жақсы» сөздерінің әрқайсысын әркім өзінің өмір тәжірибесіне сүйеніп парықтайды. Ал бұларды ақынның антропологиялық, шығармашылық ұстанымы, эстетикалық көзқарасы, ақындық дүниетанымы негізінде пайымдау құбылыстың сыртқы сипатын танудан оның ішкі мәніне бойлауға бастайды. Осы тұрғыдан келгенде, «жаны аяулы жақсы» ұғымының бірнеше мағыналық деңгейі барына көз жеткізуге болады. Сыртқы мағыналық деңгей құбылыстың нақты сипатымен тығыз бірлікте айқындалса, түпкі мағыналық деңгей құбылыстың жинақталған, жалпыланған, сол арқылы дараланған, айрықша сапаға айналған сипатымен ерекшеленеді. Осы ерекшелік ақын өлеңіндегі сөз бен ұғымның тереңдегі мәнін, ой түбіндегі асыл мағынасын ашады. Екі тармақ көлемінде көрініс тапқан әр ұғым да, екі тармақтың тұтас болмысы да мән мен мағынаның осындай бірнеше деңгейлі табиғатымен сипатталады.

Ақынның сөзінен туындайтын мазмұннан ақынның ойынан туындайтын және қабылдаушының интерсубъективті ойлау қызметі деңгейінде ғана ашылатын жасырын мағына

әлдеқайда күрделі, терең. Шығарма жүйесінде мағынаның жасырынулы, дерексіз күйде көрініс табуы көркемдік ойлаудың қуаттылығының, суреттілігінің, бейнелілігінің ерекше белгісі, маңызды көрсеткіші болып табылады. Ақын шығармаларының мұндай онтологиялық қырлары оның көркемдік әлеміндегі жұмбақ сырының терең екендігін көрсетеді.

Күшік иттей үріп жүр,
Кісіден кеммін демейді... [3, 82] -

деген екі тармақта «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе қызар жалмауыз» жанның бір қыры көрініс тапқан. Алайда үріп жүрген ол емес. Осындағы сөздердің мағынасын тура қабылдайтын болсақ, үріп жүрген - күшік. Иттей үріп жүрген де күшік. Күшік басымен иттей үріп, кісіден кеммін демейтін де сол. Бірақ бұл күшіктің затты образы емес. Бұл - «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе қызар жалмауыз» жандардың нақты, затты бейнесімен қатар ұсынылған жасырынулы, бүркемеленулі образы. Құбылыстың затты және бүркемеленулі образдарының тоғысуынан, бірінің екіншісіне көлеңкесін түсіруінен күрделі, көп қабатты түсінік туады. Түсінік ұғымға ұласады. Ұғым да жалаң емес, астарлы, ашық емес, перделі. Сондықтан да оның мағынасы терең, мазмұны бай, мәні зор.

Мына төрт тармақ өлеңдегі поэтикалық ой ақынның өмір құбылыстарын өзге арқылы танып, таразылауы нәтижесінде емес, тікелей өз тәжірибесі негізінде өніп-өрбігендей әсер қалдырады:

Күшік асырап ит еттім,
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты [3, 289].

Әр екі тармақта өзара шектесіп, шендесіп, қатар жарысып жатқан екі түрлі тұтасқан образ бар. Олардың арасындағы қайшылық, конфликт ақынның «мені» мен басқа «біреу» арасындағы қатынас арқылы ашылады. Әр образды түзетін сөздердің, сөз тіркестерінің, тармақтардың өз мағынасы бар: лексикалық; грамматикалық; стилистикалық. Солардың бәрі тұтаса келіп, бір-тұтас образға ұласқан да, одан белгілі бір жасы-рынулы, астарлы мағына туған. Ақын жасаған образдың осы мағынасынан өлеңнің бастапқы екі тармағының мәні ашылады. Кейінгі екі тармақтың мағыналық-құрылымдық табиғаты жайында да осыны айтуға болады. Кісінің бо-йындағы опасыздық, сатқындық, сұмпайылық туралы ойдың мәнін жеткізу үшін, алғашқы екі тармақ та жеткілікті. Ал осы ойдың мәнін бір образ (хайуан образы)

арқылы бір кеңістікте, екінші образ (адам образы) арқылы екінші кеңістікте ашу құбылыстың жасырын, бүркеулі мағынасының мәнін келесі бір деңгейде барын-ша толық, толымды сипаттауға мүмкіншілік берген. Бұл тәсіл өмірдің нақты шындығы тура-лы түйінді ойды бірнеше сатылы деңгейде ұтымды бейнелеп көрсетудің таптырмас поэтикалық құралы қызметін атқарады. Сөз бен суреттің, ой мен образдың осындай көп мағыналы, бірнеше қатпарлы интерсубъективті мәні ақынның «Қыран құс не алмайды, салса баптап» өлеңінің поэтикалық жүйесінде де айшықты көрініс тапқан.

«Қыран құс не алмайды, салса баптап» өлеңінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы саятшылық суреті берілген. Біреу баптаған қыран құсын қияға жібергенде, біреу жанамалап келіп, күйкентайын қосады, екінші біреу кимелеп келіп, қарғасын жібереді. Күйкентай шықылықтап, қыранның үстінде ұшса, қарға қарқылдап, қыранның артына түседі. Екеуінің бірі шықылықтап, бірі қарқылдап құр ұшқаны болмаса, не құс алмайды, не аң алмайды, қыранға да алдырмайды. Күйкентай мен қарғаның иелері осыған мәз, қуанғаннан ыржақтап, түні бойы құстарын мақтап күпілдейді. Тұтасқан сурет. Айқара ашылған мінез. Мазмұн бай. Мазмұннан туындап әрі мазмұнды байытып тұрған мағынада да үлкен мән бар. Бірақ ол көзге көрінбейді, көңілге де қона қоймайды. Қазақтың саятшылық салтында аң мен құсқа күйкентай мен қарғаны баптап салатын әдет жоқ. Осыдан келіп, ақынның сөзбен салған суретінің астарлы, метамағынасы туралы ой туады. Осы ойдың желісін ұстағанда, өлеңдегі саятшылық та, қыран да, күйкентай мен қарға да метаобраздар екендігі жайында қорытынды жасауға тура келеді. Оны ашып, қауызын аршып айтар болсақ, ақын өлеңінде адам өмірінің нақты өз шындығы көрініс тапқаны, «саятшылықтың» аты саятшылық болғанда, өзі қазақтың тұрмыс-тіршілігіндегі шындық өмірдің нақ өзі екендігі, қыранның да, күйкентайдың да, қарғаның да, олардың иелерінің де түрлі дәрежедегі, түрлі деңгейдегі жеке тұлғалардың, қолдарында азды-көпті, үлкенді-кішілі биліктері, билікке жетпек ниеттері бар адамдардың жалпыланған, дерексізденген мінез-құлқы, іс-әрекеттері екендігі, ал олардың құс салып, күйкентай мен қарға қосып алмақ болып іздеп жүргендері мақсат (мал, мансап, билік, мақтан, т.б.) екендігі туралы ойға тоқтар едік. Осы реттен келгенде, өлеңнің жұмбақ сипаты, метафоралық табиғаты, поэтикалық жасырын мағынасы айқындала түседі де, ақынның образды ойының

интерсубъективті табиғаты жаңа бір қырынан ашылады.

Өзі - шошқа, өзгені ит деп ойлар! [2, 249] -

секілді дара тармақтың, бір тамшы сөздің өзімен де ақын көл-көсір шындықты, телегей-теңіз маз-мұнның сырын танытады. Тұтасып тұрған мета-фора. Бір ғана тармақ. Мұнда да екі тұлға арасындағы қатынастың сыры ашылған: «өзі» және «өзге» (А - Б). Бұл жерде де жалқының жалпыға қатынасының ерекшелігі көрініс тап-қан. «Сегіз аяқтағы» күрделі, көп қатпарлы, тізбектелген метаобраздан туатын жұмбақ мағына бір басқа болғанда, одан гөрі қара-пайым, жалаң метафоралық қатынастағы мына тілдік бірліктердің жасырынулы поэтикалық мағынасы бір басқа. Соған қарамастан өлеңнің осы бір жолында тұтас бір типтік образ жасалған. Адамның образы. Абай заманындағы. Ал қандай адамның образы екені жұмбақ күйінде қалған. Оны шешу жолында ізденген адам түрлі ойға түседі, түрлі болжамға барады. Тиісті әдебиеттерде шошқа іспетті хайуан-дардың сипаты мынадай белгілері арқылы ашылады: тойымсыздық; лас пен тазаны, арам мен адалды айырмай, жалмап жұта беру; тазаға баспау, ластан шықпау, т.б. Ақынның «шош-қасы» осындай тұр-тұрпатымен елес береді. Сөйте тұра ол, автордың суреттеуіне қарағанда, өзгені ит тұтып, одан өзін артық көрген сыңай танытады. Ұғым, түсінік, баға. Олардың өзара байланыстары мен сабақтастығынан адамның ішкі болмысы белгілі болады. Сыртқы тұрпаттан ішкі мән сыры ашылады. Нәтижесінде адамның іші мен тысы бірдей танылып, нақты образ жасалады. Бір тармақ өлең жолымен ақын осындай толық образ жасап, оған осындай толымды мағына сыйдырады. Сөздің көп мағыналылығы, ойдың тереңдігі, мазмұн мен мәннің байлығы бұл жерде де үлкен эстетикалық жүк көтеріп тұр.

Негізінде, метафораның жұмбақ сияқты екені рас. Бұл туралы кезінде Аристотель сипаттама берген. Бірінші ұстаз белгілі бір құбылысты атауда мағынасы жағынан бір-бірімен тең түсіп жатқан сөздердің бірін екіншісінің орнына қолданудың ешқандай ағаттығы жоқтығы жайында айтылған ойларға қарсылығын білдіре отырып, маңызды теориялық тұжырым жасайды. Ғұламаның ойынша, белгілі бір құбылысты бір сөз басқа бір сөзге қарағанда неғұрлым толымды, ажарлы ашады. Осы ретте белгілі бір құбылысты, ұғымды білдіретін бір сөз екінші бір сөзден көрікті не көріксіз, шырайлы не шырайсыз, күшті не әлсіз болып келеді [4, 232-233]. Абайдың белгілі бір құбылысты таны-

ту үшін метафоралық қатынаста тандап алып отырған сөздерін, Аристотельдің қағидасы шегінде байымдағанда, көрікті деп те, шырайлы деп те, күшті деп те қабылдауға болады. Алайда бұл сөздердің көріктілігінде, шырайлылығында, күштілігінде әдеттегіден басқа мән бар. Біреудің өзі «шошқа» болса, онда оның болмысын ашып тұрған осы сөзде көрік те, шырай да, күш те жоқ дерлік. Қайта бұл мінездеу-сөз мінезделіп отырған құбылыстың мейлінше «көріксіз», «көргенсіз», шырайсыз», «жексұрын» бол-мысын білдіреді, басқаша айтқанда, құбы-лыстың тиісті мәнін мейлінше терең, айқын ашады. Өлеңдегі сөздің қасиеті белгілі құбы-лыстың мәнін осылайша терең де айқын ашу мүмкіншілігінде. Ақынның метафоралық қаты-наста тандап алған сөздерінің көріктілігі, шырайлылығы, күштілігі туралы ойды осы тұрғыда қабылдаған дұрыс болмақ. Сурет-телініп отырған шындық құбылысты тұтасқан образға айналдыруға, оның мәнін терең ашуға келгенде, ақын тандап қолданған осы сөздерден артық асыл сөз, олардан туындайтын мағынадан асқан терең мағына болмақ емес.

Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау:
Бүгінгі дос - ертең жау,
Мен не қылдым, япырмау?! [3, 104]
немесе

Жүрегім, ойбай, соқпа енді!
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсің бе, тоқта енді -
Кімге сенсең, сол шикі! [3, 183]

Адам бойындағы оңбағандық пен орасыздықты осынша терең көрсету, осынша көңілі қалып суреттеу адамның сыртындағы, сөзі мен ісіндегі алалықты ғана емес, ішіндегі аланы да дұрыс байқап, толық таныған жанның қолынан келмек. Ал адамның ішіндегі аланы, арам тілекті кісі өзгенің айтуынан емес, оның өз басына түскен ауыртпалығы арқылы ғана тани алады. Абай бұл жерде өз жанының шындығын, өз жүрегін күйдіріп, күйіндіріп өткен өмір құбылыстарын баян етеді, күйіп, күйзеліп емес, тоқтаған, дүниенің қуанышына да, қайғысына да салқын тартқан көңілдің берік төзімімен жырлайды. Тіпті ең бір күйзелулі күйін жыр еткенде де ақын осы ұлы сабырынан бір таймайды.

Адамдар арасындағы қатынас тағы да жалқы мен жалпы арасын қамтиды: ақынның лирикалық «мені» және басқалар. Әр шумақтың бастапқы екі тармағында - «мен», кейінгі екі тармағында - «ол». «Ол» жасаған, көрсеткен жаулықтың күйігін тартушы - ақынның «мені».

Берілген шумақтарда күйіну, күйзелу сарындары болғанмен, көңілдің күйінгені мен жанның күйзелісі белгілі бір мезгіл аясында тікелей, процесс күйінде беріліп тұрған жоқ. Бұл жерде көңілден күйінішті сәт өткеннен кейін, жанның күйзелісі басылған соң орныққан жай-күй көрініс тапқан. Сезімнің отты қызуымен алабұртып, алқына толқуы өткеннен кейінгі көңіл-күй суреттелген мұндай шығармаларда парасат пен пайым, ақылдың билігі басым түсіп жатыр. Оның үстіне «іштің өлгені», «сырттың саулығы» секілді сөз тіркестерінен туатын мазмұнды ұғу оңай емес. Е, оның не қиындығы бар деп, батылдық, білгірлік танытқанның өзінде, «іштің өлгенін» немесе «сырттың саулығын» саралап сипаттап, жете түсіндіріп беру екінің бірінің қолынан келмейді. Бұл тіркестерде өзара сабақтасып, астасып, жанасып, бірінің сарынынан екіншісі оянып жатқан бірнеше ұғымдар бар және сол ұғымдардың бәрі де дерексіз, нақты, затты емес. Олар жеке тұрып та, бәрі жиналып келіп те ақын ойының мағынасын дұрыс ашып бере алмайды. Оны ашу, түсіну қабылдаушының рухани кемелдігінің деңгейіне тәуелді. Осы тұрғыдан келгенде, ақынның ойы мен сөзінің қуатын психопоэтикалық, психогерменевтикалық зерттеу тәсілдері аясында пайымдау қажеттігі туады.

Абай қырық жасқа толып, қырық бірге қараған шағында: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», - дейді. Бұл шақта ақынның дүние, әлем туралы танымы шығыстық рухани қазынамен байыған, кемеліне келіп, толысқан еді. Рухани кемел деңгейге көтерілген ақын заман сырын, адам құлқын терең философиялық таныммен таразылайды, адам сыры мен заман сипатын жете танып, адамнан да, заманнан да көңілі қалғанда, өз жанына үңіліп, өз жүрегіне бойлайды, алданышты да, жұбанышты да содан табады. Қайғы ойлау, көзден ұйқы қашып, ойдың кермек тартуы - мұның бәрі қартайғандықтың белгісі емес. Заманынан, заманының адамынан озған, ақылымен, парасатымен асқан ақын өзі жеткен рухани биіктен мұндасарға, ойласарға сөз ұғарлық кісі таппай толғанады. Толғана отырып, заман, адам туралы ойларын жақсы мен жаман, адал мен арам, ақыл мен қайрат жайындағы адамгершілік нысанатұрғысы биігінен баяндайды, адал мен арамның, жақсы мен жаманның парқын ақыл ғана айыра алатындығын аңдатады. Осылайша адам мен заман туралы толғаныстар жақсы мен жаман, адал мен арам, жан мен тән, ақыл мен қайрат туралы терең пайымдауларға ұласады.

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» (1886) өлеңіндегі әр шумақ негізгі тақырып пен

идеяны әр қырынан ашып, тұтаса келе күрделі көркемдік құбылысқа айналады. Алғашқы екі шумақ ақынның адам мен заман туралы жалпы ойларынан түзілген болса, кейінгі шумақтарда бұл ойлар бейнеге айналып, нақты да затты реңкке иеленеді. Ақын ұстанған талап пен талғам өлшемдеріне қарағанда, бойдың салғырттығын жеңіп, ой қуып, ақылға еру ердің ісі болғанда, ез қашанда ездiгiн жасап, ерiншек тартпақ, ортасынан шыға алмай, шығандап қылық та қыла алмай, қыр аспас қалпында көпке көніп қала бермек.

Ер мен ез, олардың бір-бірінен айырмашылығы хақындағы осы ойлар біртіндеп жақсы мен жаман, олардың бір-бірінен өзгешеліктері туралы тұтасқан ұғымдар жүйесіне жалғасады. Ақын танымы аясында жаман мен надан екі түрлі ұғым, екі басқа категория емес, бір ғана нәрсе. Жаманның жамандығы да білімсіздіктен, ақылдың кемдігінен. Білімсіз надан білімді адам айтқан ақылды құлағына ілмек емес, ақ пен адалды, шынды танымай, жоққа иланып, жалғанға сенбек. Көпті көрген, ақылы асқан ақсақалдың, білімдінің сөзінен сырдаң тартып, қылған ұрлығын, қуған қулығын мақтан етуден арыға бара алмайтын да сол. Сонымен қатар оның кісіге сырты күліп, ішіне жаулық сақтайтын, тіріде жан-бауыр жақынына да сезікпен қарап, басқан ізін аңдып, бөле іздейтін, ал сол жақыны өле қалса, кілт өзгеріп, өгіздей өкіріп жылайтын қасиеті де бар. Жамандығына, надандығына қарамастан, мұндай пенделер мақтан үшін болыс болмақшы, адамдық пен арамдықты бір-бірінен айыра алмаса да, ел билеп, жұрт меңгермекші. Осының бәрі Абай заманындағы білімсіз наданның, ақылсыз жаманның бейнесін, оның жаман шындығын танытады.

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңі тақырыбы мен идеясы, проблематикасы жағынан ақынның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Білімдіден шыққан сөз», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Сегіз аяқ», «Әсетке», «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» секілді өлеңдерімен сабақтас, өзектес. Аталған шығармаларда ақыл мен ақылсыздық, жақсы мен жаман, білімді мен білімсіз арасындағы айырмашылық анық, айқын әрі көркем суреттеледі. «Білімдіден шыққан сөзде» (1889) ақын білімдіден шыққан ақыл сөз көкірегі бітеу, көңілі қараңғы тасыр адамға емес, көкірегінде көзі бар талапты адамға кез болғанда ғана одан пайда болатынын толғай отырып, жақсы мен жаманның бойына, мінез-құлқына тән басты-басты бірнеше белгілерді көрсетеді. Ақын жаманға тән мынадай ерекшеліктерді атайды:

кісіге бір күні дос, бір күні жау; түзу сөзге сенбеу; тыңдауға, ұғуға құлықсыз, ынтасыз, бойкүйез, бірақ тыңдауға құмарсып, ұққыш жансып бекер шабыну; ақыл-ойында байлам жоқ, айтшыл да тойшыл, қызшыл да қызықшыл; біресе ыржаң, біресе қылжаң қағу... Мұндай жан үшін ақыл да бір, денедегі арам без де бір. Құлық, сұмдық не өсек, ия болмаса сұлу қыз бен ұрыс-соғыс салған батыр мен барымташы жайы айтылған қысыр, қыңыр сөз болмаса, жаманның жабық көкірегіне білімнің, ақылдың сөзі ене алмайтыны суретті де, бейнелі баяндалады әрі осының бәрінен ақынның телегей теңіздей даналық ойының міз бақпас күз-жартасқа соғылып, кері серпілгендей күркіреп барып басылған ауыр күрсінісі сезіледі.

«Жаратылыстан біткен қайырымдылыққа немесе кемшілікке деген жаратылысынан бар күй мен бейімділікке соларға ұқсас адамгершілік сапалары қосылып, олар әдет түрінде орныкса, онда ол адам сол бағытта жетіледі және жақсы болсын, жаман болсын, онда орныққан ондай күйлердің жойылуы қиын» [5,198-199]. Әл-Фараби осындай қорытынды жасайды. Ақынның түзетпек, жақсартпақ болатыны адам бойында жаман әдет түрінде орныққан осындай мінез күйлері еді. Ондай мінез күйлерін жою мүмкін болмады. Не сөз дарымайтын, не ақыл қонбайтын, сөйте тұра өзін адамның асылындай, кісінің жақсысындай көретін доңыздай тоңмойындыққа, ит мінезге ақын сөз парқын білетін талапты адамның қасиеттерін қарама-қарсы қояды. Жақсы деген жанның көкірегінде білімдіден шыққан сөздің нұрын көріп, сырын тани алатын көз болатынын, жүрегі сезімді, көңілі сергек келетінін бірде бейнелеп, бірде пернелеп айту арқылы ұлы ақын өз шығармасына екіншісі бірі бойыны сіңіре алмайтын бай да құнарлы мазмұн дарытады, адамгершілік мұратының биіктігін, эстетикалық нысанасының асылдығын танытады. Абайдың ақындық-азаматтық талабы, эстетикалық нысанасы тұрғысынан келгенде, терең айтылған білім сөзін көңілінің көзі ашық, ойы сергек жақсының шын көңіл беріп, жаны еріп ұғуы ғибратты іс қана емес, үлкен ғанибет болып табылады. Айналасын түгел танып, алыс-жақынның бәрін көріп, бәрінен көңілі қайтқандай болғанда, ақынның ілгері үмітінің отын сөндірмей, өзін алға жетелейтін - адам бойындағы ақыл мен қайрат, рақым мен шапағат секілді асыл қасиеттер. Кісінің басынан мұндай қасиеттер табылмаған жағдайда, оған ақылдың сөзін, жүректің үнін жеткізу мүмкін емес. Ақынның:

Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз! [3, 117]
немесе
Қайран сөзім қор болды,
Тобықтының езіне! [3, 63]-

деуінің негізінде осындай тыңдаушысыз сөз асылының қара бақырлық құны жоқ қадірсіз жайын, ұғушысы жоқ қуатты ойдың көштен «адасқан күшік секілді ұлып жұртқа қайтқан» мүсәпір халін көзімен көрген, ақылмен танып, жүреппен сезген жанның терең толғаныстары бар.

Ақын кең толғап, ерекше мән беріп отырған ойлар, адам мен заман болмысы, олардың адамгершілік келбеті жайындағы шығармашылық тұрғы оның заманының да, замандасының да шындығын барынша шынайы суреттеуді қамтамасыз еткен. «Күлембайға (Болыс болдым, мінеки)», «Мөз болады болысың», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Сегіз аяқ», «Бойы бұлған» секілді шығармалар ақынның өз заманын, заманының адамын қоғамдық құбылыс ретінде жіті қадағалап, жете танып қана қоймай, оларды жан-жақты талдап, саралап әрі даралап бейнелеген кемел, келісті талантын танытады. Заман мен адам шындығын мұншалық ыстық қайрат, нұрлы ақылмен, әділет, шапқатқа толып мөлдіреп тұрған сырлы жүреппен жырлау ақынның ақынының ғана, адамның Абайының ғана қолынан келсе керек.

«Күлембайға (Болыс болдым, мінеки)» (1889) - мазмұны да, мағынасы да келісті шығарма. Онда малын шашып, болыс болған пенденің психологиялық, әлеуметтік-психологиялық кескінін жасайды, адам, пенде туралы ұғымы мен эстетикалық мұрат-тұрғысын жаңа бір қырынан ашады. Өлеңнің мағыналық құрылымында бірнеше тұлға бар: а) болыс; ә) ояз; б) ел. Бұл үш тұлғаның бастысы - болыс. Шығарманың алғашқы бөлігінде жаңадан болыс болған адамның болыстық мансапқа жету жолы мен көңіл-күйі көрсетіледі. Малың шашып, шығынға батса да, оның бар тілегі - болыс болу. Болыстыққа қолы жеткен соң да оның көңілі орнықпайды: өзінен күштілерге құлдық ұрып, өзінен әлсіздерге ыңғай бермей, қырын қарайды. Сыртқы жұртқа сыр бермей, сырбаз жүргенмен, сияз бар деген хабарды құлағы шалса-ақ, жүрегі суылдап, мазасы қашады. Өйткені сияз болса, елге ояз келеді. Елге ояз келсе, болыстан тыныштық кетеді: ылау дайындау, үй тігу, сый-сияпат жасау, бағып-күту - бәрі де болыстың не өзі жасайтын, не елге

жасататын ісі; егер оязға не ісі, не өзі ұнамай қалса, онда болыстықтан түсіп қалуы да қиын емес. Өлеңнің екінші мағыналық бөлігінде болыстың сияз үстіндегі іс-әрекеттері мен ой-толғаныстары баяндалады. Оязбен онаша қалған болыс елін мақтарға сөз таппай, ықылас та танытпай, елдің ел болып отырғаны өзінің, қала берді - ояздың арқасы екендігі туралы ойды шиырлай беретін болса, елімен, жұртымен бетпе-бет келгенде, оязға өзі сенімді, сөзі өтімді кісіміп, ел мүддесін қорғап жүрген адамға ұқсап маңызданып, сыртқы жүнін қампитып шыға келеді. Алайда сияз үстінде болыс та, ояз да ел ішіндегі дау-шардың бірқатарын халықтың, халық билерінің қатал талабы бойынша әділ шешуге мәжбүр болады. Соның нәтижесінде болыстың өз малым, өз мүлкім деп иеленіп қалған мал-мүлік иелеріне қайтарылып беріледі. Сөйтіп болыстың арты шөмейіп, ерні кезеріп, тамағы құрғайды.

Өлеңнің келесі мағыналық бөлігінде болыстың сияз бітіп, ояз кеткеннен кейінгі халі бейнеленеді. Әуелден артының қуыстығын білген болыс сияз бітсе де, елінің ұрысы мен қарысын тыйып, телі мен тентегін жөнге саларлық ірі іске бара алмайды. Ел алдында ояз барда жасаған қылығын ояз кеткеннен соң жасай алмай, жасып, кәкір-шүкір, көр-жерді пайда көріп қала береді, келесі сайлауда бұл күніне де зар болып қалардай қиналады.

Ақын болыстың өз күйін өзіне баяндатып қоймайды, оның ел туралы ойларын сарқа ақтарады. Болыс өзі билеп отырған еліне көңілі толмайтынын айтудан да тайынбайды. Табанынан тозып, жүгіріп жүруі, ел ішіндегі істерге ояздың разы болмай, шартылдап ашу білдіріп жатуы - бәрі де, оның ойынша, өзінің көрбалалығынан, өз айналасының рақымсыздығынан емес, елінің бұзықтығынан. «Қайтіп көмек болады? (Антұрған өңкей ұры-қар)», - деп күйіне отырып, болыс өзінің бұл елді ұстарлық кісі еместігін де айтып салады, өзін бұл азапты, рақатсыз істен құтқарушы іздейді. Сөйте отырып, келер сайлауда қайта болыс болудан дәме етеді. Бұл ретте болыс бейнесі қайшылықты, тіпті аянышты болып шығады.

Өлеңде болыс болып, ел басқарған кісінің образы жасалған, оның ісі мен ойының барша маңызы мен мәні толық ашылған. Іс, оқиға желісі мен ой жүйесін болыс болған кісінің өз ойы, өз түсінігі, өз бағасы ретінде баяндауда іргелі эстетикалық ұстаным бар. Адамның өзгелер мен өзін-өзі тануы, білуі, түсінуі және бағалауы өте күрделі, қиын, ақыл-ой қызметінің биік деңгейінде ғана жүзеге асатын үдерістердің қатарына жатады. Ол үдерістердің негізінде адамның ішкі және сыртқы әлем құбылыс-

тарымен қатынастары жатады. Абайдың болысы бірінші кезекте өзімен өзі болады: а) ой-арманы; ә) билігі; б) мал-жаны; в) қорқынышы мен қуанышы; г) іс-әрекеті, т.б. Екінші кезекте өзі мен қоршаған әлеуметтік орта арасындағы қатынастың сипатына үңіледі. Бұл қатынастың өзі бірнеше деңгейден тұрады: а) өзі және өзі секілділер; ә) өзі және өкімет-билік иелері; б) өзі және байлық иелері; в) өзі және ұры-қарылар; г) өзі және қулар мен пысықтар; д) өзі және қарапайым халық; е) өзі және қоғам, т.б. «Болыс болғандар өзі қулық, «адамдықпенен» болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп» [2, 132]. Адамның іші мен тысының қыры мен сырын, олардың өзара қырым-қатынастарын, байланыстарын мұншалық анық, толық ашып көрсету көркемдік шеберліктің үздік үлгісі болып табылады. Онда суреткерлік кемелдіктің ғана емес, өмір құбылыстарының шындығын, адамның ниеті мен тілегінің төркінін, психологиясын, «ішін» анық көріп, толық таныған даналықтың жарығы да мол. Адамның ішкі болмысының қалың қатпарлары мен қолма-қол ісі, олардың алғышарттары мен нәтижелері, өзара қарым-қатынастары ақынның шығармашылық ойлауының тереңдігі мен кемелдігі деңгейінде пайымдалады.

«Мәз болады болысын» (1889) мазмұны, мәні жағынан «Күлембайға (Болыс болдым, мінеки)» өлеңін толықтырып, байыта түсумен бірге көркем түр жағынан тың, дара сипатымен ерекшеленеді. Өлеңде болыс болған қазақтың мінез-құлқы үшінші жақтан суреттеледі. Ақын болыстың қолымен жасаған нақты ісін ғана емес, сонымен қатар оның көп сырын бүгіп, бүркеп жатқан ішін де ашып көрсете отырып, адам мінезін даралаудың ұтқыр да ұтымды үлгісін жасайды. Ұлық арқаға қақса, мәз болып, иығына шекпен жапса, шат болып, әр жерде жоқты-барды шатып, күпініп, қампайып шалқып жүрген болыс әлдебір қуанышы үшін үй-ішін, ауыл-аймағын түгел әурелеп, әбігерге түсіреді. Ол ісі оңға басса, күлмендеп, бір бұлғақ, бір елең қағып, көзін аспанға еліртіп әуреленіп-ақ қалады, қасқайып, мақтанға салынады, бас пайдасы, құлқын қамы үшін біреулерді қақпанға түсіруді ойлайды, оның жөні келіп ел ішінен бір дәмдіні татып, өңеші майлана қалса, қолын шапалақтап жас баладай қуанады. Болыстың ісі әлгіндей болып суреттелгенде, оның қуанышының түрі осындай түрде айшықталады. Психопэтика жүйесінің мүмкіншіліктері мейлінше кең ашылады. Ақын болыстың ісі мен ішін бірде жарыстырып, бірде

даралап әрі саралап көрсетіп алған соң, оны өз тарапынан бағалауға ауысады. Болыстың жаман қылықтарын оқырмандарының көз алдына көлденең тартады да, ойлы жанға болыстан да, оның ықпалынан да алыс болуға кеңес береді. «Миың болса, жолама (Бос желігіп шапқанға)», - дей келіп, жамандықтан қашқанның жаман болмайтынына мегзейді. Өлеңнің соңында өзіне-өзі мәз болып, өз буына өзі піскен надан болыстың өзге түгіл, өзінің табан жолына да жарығын түсіре алмайтын қараңғылығына, оның ісінің де, өзінің де баянсыз, опасыздығына білім нұры, ғылым жарығы қарама-қарсы қойылады.

Абай «Сегізінші сөзінде» ақылды кімнің үйрететіні, насихатты қандай жанның тыңдайтыны туралы ой толғайды. Өзін елден озық санап, өзгеге үлгі беріп, ақыл айтпақ болып жүрген кісі көп болғанмен, солардың ішінен екі түрлі билік дәрежеге жеткен кісілер дара көрсетіледі. Оның бірі - болыс, екіншісі - би. Бірақ бұл екеуі де ақылдың көрсеткенін білейін, айтқанын тыңдайын деп жүрген кісі емес. Екеуінің де «басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, яки елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығындап, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба деген ебіне қарай біреуді жетілтейін, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді». Дүниенің буы басында, дәулет құсы қасында тұрған байлар да ақыл үйренейін, насихат тыңдайын дейтін емес. «Көңілдері көкте, көз-дері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім - ешнәрсе малдан қымбат емес дейді. Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны, бәрі - мал. Сөзді қайтіп ұқсын, ұғайын десе қолы тие ме?» [2, 140-141].

Сөз арқауы болып отырған шығармалардың оқиғалық желісін түзген шындық құбылыстар адам мен заманның өзегінен өріліп шығады. Автор өз заманының табиғатын, өз заманының адамының болмысын дананың көзімен көріп, ойшылдың ақылымен саралайды. Ал сол құбылыстарды саралаудың, бағалаудың негізінде бір заманның емес, жалпы адамзат қоғамына бірдей бағалы құндылықтар жүйесі жатады. Кісі табиғаты, кісіге ақыл айтып жол көрсететін болыс пен бидің әлеуметтік болмыс-бітімі, олардың замана алдындағы, әлеуметтік орта алдындағы еркіндігі мен құлдық құлқы дәл көрсетілумен бірге жалпыландырылып, бір заман емес, барша дәуірге, барша тіршілік өзегіне, бір адам емес, барша жанға, жалпы тағдырға тән шындық құбылыс деңгейінде жинақталады. Заман мен адам туралы образды ойлардың тереңінен

адамзат үшін маңызы мен мәні мәңгі бақи өзекті, көкейкесті болып қала беретін мазмұн мен мағынаның жарығы таралады. Ақынның болыс пен бидің түпкі мақсаты, мал мен байлыққа ұмтылған ынсапсыз құлқы туралы ойларын өз заманының шындығын терең парықтау нәтижесінде негіздеп отырғанында сөз

жоқ. Сонымен бірге осы ойлардың өткен заман кемеңгерлерінің қағидаларымен үндесіп жатқанын да айтқан дұрыс. Бұл үндестіктің терең тамыры Аристотельден басталады. Байлыққа қол жеткізген адам, Аристотельдің пікірінше, дүниенің тұтқасы өзінің қолында тұрғандай менмен, өркөкірек келеді, олар бар игіліктің басы байлықта деп есептейді, байлық болса, қалған нәрселердің бәрін сатып алуға болады деп ойлайды [4, 188]. Аристотель мен Абайдың байлық туралы, байлыққа қолы жеткен адам туралы ойлары бір бастаудан, бір арнадан шыққандай тектес, мәндес. Ақын ойы беріде әл-Фарабидің қағидаларымен шектеседі. «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздерінде» әл-Фараби өмірінің басты мақсатын байлықпен, баюмен байланыстыратын би-болыстардың (әкімдердің) типін сипаттайды. Олар билік құрудағы мақсат баю деп біледі. Қандай да бір іс жасауды орынды көрсе, оны тек байлық табу үшін жасайды, қалған қызықтарға (құрметке бөлену, мақтанға салыну, даңқын шығару, өзгелерді билеп-төстеу, ләззат алу, т.б.), мақсаттарына олар «озбырлық әрекеттермен жетеді. Ерте замандардағы адамдар олардың бірде-біреуін «әкім» деп атамаған» [5, 216-217]. «Байлыққа жету бұлардың күллі өмірінің мақсаты» екенін ғұлама өзінің философиялық трактаттарында да көрсетеді [6, 340-341]. Би-болыстардың, әкімдердің байлыққа жетуге жанын салып, озбырлықпен ұмтылуының мақсаттары Абай мен әл-Фарабидің пайымдауларында бірдей.

Абайдың әдеби мұрасының басты мазмұндық желілері қазақ халқының дүниеәлем, бақи мен жалған туралы байырғы ұғым-түсініктерімен, дәстүрлі дүниетанымының негізгі категорияларымен тығыз байланысты. Ақын адамгершілік туралы ойларын қайрат, ақыл, әділет, шапқат секілді адам бойындағы асыл қасиеттер негізінде ашады. Аталған қасиеттер Шығыс халықтарының дәстүрлі дүниетанымында ерекше орын алған, Абайдың бір өлеңіне ғана емес, барша шығармашылық өнеріне тән сапалық мән-мағынаны белгілейтін айрықша бағалы көркемдік-эстетикалық құбылыстардың қатарына жатады. Ақынның «Ғылым таппай, мақтанба» (1886) өлеңінде айтылатын талап, еңбек, қанағат, рақым, «Әуелде бір суық мұз -

ақыл зерек» (1889) өлеңіндегі ақыл, қайрат, жүрек, сондай-ақ «Әсемпаз болма әрнеге» (1894), «Малға достың мұңы жоқ» (1896), «Жүректе қайрат болмаса» (1898) өлеңдеріндегі жүрек, қайрат, ақыл жайындағы толғаныстардың өзегін де осындай биік адамгершілік нысана-тұрғы құрайды. Адамгершілік негізі, кісінің адамгершілік кемелдігі туралы мұндай философиялық ойлар - ақынның қара сөздерінің де басты желісі.

Абайдың адамдық негізі, ақыл мен қайрат, шапағат пен рақым туралы ойлары ежелгі шығыс ойшылдарының тұжырымдарымен де, көне дәуір мен орта ғасырлық түркі кемеңгерлерінің өсиет-ғибратнамаларымен де сабақтас бола тұра, олардың бәрінен де кемел, толық. Ақын туындыларына арқау болған өмір құбылыстарының мәні мен мағынасын шығармашылықпен саралау мен бағалаудағы бұл секілді тереңдік пен биіктік, кеңдік пен кемелдік - оның адамдық кемел келбетін, ақындық даралығы мен даналығын танытатын басты өлшемдер. Ал мұндай даралық пен даналықтың кемел келбеті түркі халықтарының тарихында тек Абайда ғана болды.

«Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіндегі бірінші мағыналық бөлімде адам алдына нақты міндет қойылады, оған белгілі бір игі іс атқару парызы жүктеледі (бірінші шумақ). Екінші мағыналық бөлімде сол міндетті орындауға, істі атқаруға қажетті адамгершілік ізгі қасиеттер көрсетіледі: қайрат, ақыл, әділет, шапқат (екінші шумақ). Осы бөлім құрамына кіретін келесі шумақта кісі басында қайрат пен ақыл болып, әділет пен шапқат шет қалса, онда оның адамгершілік негізі кемелденбей, өмірі бағдарсыз, баянсыз өтетіндігі туралы ой тұжырымдалады. Бұл ақынның жоғарыда аталған және басқа өлеңдерінде әр қырынан ашылып, әр бағытта дамытылған. Ал «Он жетінші сөзде» қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің негізгі сапалық белгілері мен қасиеттері мейлінше толық көрсетіледі. Онда әділет пен шапқат жүрекке тән қасиеттер ретінде ұсынылады. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде айтылған «әділет пен шапқаттың шет қалуы» жүректің шет қалуымен пара-пар ұғымда айтылып отыр. Бұл арада ақын «Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек» өлеңіндегі:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден ерек [3, 128], -

деген ойды басқа аяда, басқа ұғымдар мен түсініктер арнасында жаңаша тұжырған. «Толық болуда», «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстауда» астарлы, бүркеулі мағына бар.

Өлеңнің үшінші мағыналық құрамын төртінші және бесінші шумақтар түзеді. Онда адам-

гершілік кемелдікке жетуге ниет қылған кісінің қандай жаман қылықтардан бойын аулақ салуы парыз екендігі көрсетіледі. Төртінші мағыналық бөлім адамгершілік кемелдікке жетуге ниет қылған кісінің қандай жақсы қылықтарды әдет етуі қажеттігі туралы ақылмен аяқталады. Бұл бөлімдегі ақындық ой алдыңғы мағыналық бөлімдерде баяндалған мазмұнның қорытындысы, түйіні қызметін атқарады.

«Әсемпаз болма әрнеге» секілді «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» (1897) өлеңі де белгілі дәуірдің жалпы жұртына емес, көкірегі ояу, көзі ашық ойлы жанға арналған. Өзгені қанша мақтағанмен, ішіне қулық сақтап, сол өзі өлердей мақтап тұрған кісісін тіпті әуре етіп, көз ала бере жалт етіп тайып шыға келетін алдампаз туралы тақырыпты ақын әр жылдарда әр тұрғыда көтеріп отырған. Мына өлең - ақынның осы саладағы өзгеше бір туындысы. Өйткені бұл шығарманың негізгі мазмұны алдампаз бен алдамшы уақыт жағдайында туып өскен ақ жүрек азаматқа арналған ғақылдан тұрады. Ақын ұсынып отырған ғақылға сайғанда, кісіні биік мұратқа бастайтын, сол биік мұратқа жеткізетін ұлы күш оның өз бойында, сондықтан да кісі жұрттың мақтау сөзіне ермей, өзіне, өзінің адал еңбегі мен ақылына сенуі керек. Мұрат биігіне адамды оның еңбегі мен ақылы ғана екі жақтап алып шығады. Сенгіштік, құмарпаздық, уайым-шылдық, қызықшылдық - бұлардың қай-қай-сысы да кісі серік қылатын қасиет емес. Шын асыл жүректің түбінде жатады. Шын асылды таңдаған адам жүрегінің түбіне терең бойлап, іздегенін тек содан ғана табады, оның өмірі үшін содан басқа баянды, содан басқа мәнді нәрсе болмақ емес.

Өлең мазмұнын ашып тұрған өзекті ой ақынның кемел адам келбеті туралы концептуалды ұстанымдары жүйесінде әрқай-сысы жеке-дара әлеуметтік-эстетикалық кате-гория биігіне дейін көтерілген еңбек, ақыл, жүрек секілді ұғымдармен ұштасады. Бұл жерде ақын ақыл мен қайратты жүректен бөліп алып, олардың қадір-қасиеттерін жеке дара мадақтамай, бәрі бір арнада, бір бағытта, өзара бірлік пен тұтастықта алып суреттейді.

Өзіңе сен, өзінді алып шығар
Еңбегің мен ақылың екі жақтап [3, 267], -

дегенде, ақын халық даналығына, елдің аузында жүрген ақыл сөзге емес, өз басынан өткен, өзі сезіп, таныған өмір құбылыстары негізінде көңіліне түйген пікірлеріне сүйенеді. Өмірдің сан алуан құбылыстары арасында қилы ой, түрлі жол іздеп шарқ ұрып жүрген, ыстық-суығы басылып болмаған кісі үшін өзіне, өзінің еңбегі мен ақылына сенуден гөрі өзгеге, жұрт-

тың айтқанына сену әлдеқайда жеңіл әрі ыңғайлы. Өмірде алыс пен жақынды, жақсы мен жаманды көп көріп, көптің өзінен де, сөзінен де көңілі қалған, көп сеніп, көп алданған жан ғана, ақыр аяғында өзіне, өзінің еңбегі мен ақылына ғана ден қойып, не нәрседе де соларға сүйенеді. Абайдың дәл осындай шешімге келіп, осындай тұжырым жасауының түп негізінде сан рет сеніп, сан рет алданған, сан рет сүйініп, сан рет күйінген, сөйтіп көңілі - нала, жүрегі жара болған жанның шындығы жатыр. Ақынның ақыл мен еңбекке жүгіне отырып, жүректі, жүректегі әділет пен шапқатты қатар құрметтеуі де сондықтан.

Жүрегіне сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан - шын асыл, тастай көрме [3, 267],

- деп айту, жүрегіне сүңгіп, оның тереңіне бойламақ түгіл, жүрегінің қай жерде екенін біліп болмаған, жүрегінің үнін естімек түгіл, оның лүпілін сезіп көрмеген адамның қолынан келетін іс емес. Бұлайша сыр айту, сыр ғана емес, зар-шындығын айту өмірдің ащы-тұщысын түгел татқан, сан тасып, сан басылған, сөйтіп сабаға түскен, қайғыға да, қызыққа да бірдей берік, ұлы сабыр биігіне көтерілген нағыз дананың ғана қолынан келеді.

Ақынның лирикалық кейіпкері мен дүние-әлем арасындағы қатынас көп деңгейлі. Сол деңгейлердің ең бір қазыналысы оның өзі мен өзі арасында ашылады: а - а. Бұл деңгейде тұлғаның адамдық табиғатына сәйкес ішкі әлемі, жан дүниесі, сезім сыры, оның өзін өзі тануының, өзімен өзі сырласуының мазмұны ашылады, психопэтика өрнектері аясында сана ағыны, «жан диалектикасы» ақындық идеяның өзекті желісіне айналады. Лирикалық кейіпкердің өзгеден бөлек, өзіне ғана тән әлеуметтік-психологиялық болмысы, кісілік келбеті осы қатарда көрініс табады. Екінші деңгейдің мәні ақын шығармасындағы тұлғаның өзі мен өзге (а - в) арасындағы қатынаста белгілі болады. Ол өзі мен өзгенің арасындағы жақындық пен алшақтықты, келісім мен қайшылықты терең сезініп, көргенін, сезгені мен білгенін адамгершілік ұстанымы мен талаптарының тұрғысынан бағалайды. Үшінші деңгей (а - с) ақын және оның әлеуметтік ортасы аясында дараланады. Ақынның лирикалық кейіпкері мен қоршаған әлеуметтік топтар (әкімдер, болыстар, атқамінерлер, байлар, ұрылар, арызқойлар, жалақорлар, пәлекорлар, залымдар, жамандар, надандар, т.б.),

орта (халық, қоғам, мемлекет) арасындағы қарым-қатынас сипаты, ақынның әлеуметтік-этикалық ойлары, көзқарастары осы деңгейде сараланады. Бұған қоса ақынның мәдени-әлеуметтік, рухани, әдеби ортасы, қоршаған табиғи ортасы туралы айтқан дұрыс. Бұлардың әрқайсысы ақынның дүние, әлем, жаратылыс туралы философиялық, антропологиялық ойларының негізі, алтын бесігі, асыл өзегі қызметін атқа-рады.

Ақын танымында сәулеленген заман болмысы мен адам келбеті, ақынның адам мен заман хақында түйген ойлары, ұсынған қағидалары белгілі бір дәуір сипатын, сол дәуірдің адамдарының құлқын танып, бағалау негізінде туған. Дәуір сипатының, адам құлқының мезгілдік және мекендік шегі мен шеті нақты, өлшемді, мөлшерлі. Ал ақынның осы нақты, өлшемді, мөлшерлі болмыс шегінде айтып отырған ойы, насихаттары, қағидалары мен тұжырымдары нақты бір заман үшін, сол заманның нақты адамы үшін ғана емес, барша заман, барша адам үшін маңызды, ғибратты жалпы адамзаттық рухани құндылықтар қатарына жатады. Ақын шығармаларында негізделген қағидалардың, құндылықтардың әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық мәні адамзаттың бәріне бірдей маңызды.

Абайдың әдеби мұрасының бүгінгі қоғам үшін маңызы мен мәні ондағы адам келбеті, заман сипаты туралы әлеуметтік, адамгершілік ұстанымдар мен тұжырымдардың өміршеңдігінде, өмірлік өзектілігінде. Ақынның жақсы мен жаман, надандық пен адамдық, махаббат пен ғадауат туралы әр ұстанымы, әр тұжырымы өткен өмірдің, бүгінгі күн мен келер шақтың рухани келбетінің кемелдік деңгейін дәл анықтайтын айрықша өлшемдер көрсеткіші болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Аль-Газали, Абу Хамид. *Исследование сокровенных тайн сердца / Пер. с арабского.* - М., 2008.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. *Шығармаларының екі томдық толық жинағы.* - Том II. - Алматы, 1977.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. *Шығармаларының екі томдық толық жинағы.* - Том I. - Алматы, 1977.
4. Аристотель. *Поэтика. Риторика. О душе.* - М., 2009.
5. Әл-Фараби. *Әлеуметтік-этикалық трактаттар.* - Алматы, 1975.
6. Әл-Фараби. *Философиялық трактаттар.* - Алматы, 1973.

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ МЕЗГІЛДІК ЖӘНЕ МЕКЕНДІК ПАРАДИГМАСЫ



З.Бисенғали

АБАЙ ЖӘНЕ ӘУЕЗОВ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абай қара сөздерінің табиғаты. Қара сөздердің «Абай жолы» эпопеясында қолданылуы. М.Әуезовтің Абай қара сөздерінің зерттелуіне қосқан үлесі. Абайдың қара сөздеріндегі діни-философиялық ойлардың эпопеяда бейнеленуі. Абайдың иман мен шариғат туралы көзқарастары.

Тірек сөздер. Абай, Әуезов, қара сөз, дін, философия, иман, шариғат.

З.Бисенғали

АБАЙ И АУЭЗОВ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Природа слов назиданий Абая. Использование слов назиданий в эпопеи «Путь Абая». Заслуги М. Ауэзова в исследовании слов назиданий Абая. Религиозно-философские размышления Абая в эпопеи. Взгляд Абая о совести и шариате.

Ключевые слова: Абай, Ауэзов, слова назидания, религия, философия, совесть, шариат.

Z.Bisengali

ABAI AND AUEZOV

Abstract. The issues dealt in this article. The nature of Abai's words edification. Usage of the words of edification in the epic "The way of Abai". M.Auezov's contribution in the study of words edification.

Keywords: Abai. Religious and philosophical thinking of Abai in the epic. View's of Abai on conscience and shariat.

Абай қарасөздерінің «Абай жолы» эпопеясында қолданылуы әуезовтанудағы ірі проблемаларды деректі негізде қозғауға және даңқты эпопеясын жазу жолындағы М.Әуезовтің шығармашылық лабораториясына енуге, оның әлі белгісіздеу жатқан астарларына көз жіберуге мүмкіндік береді.

Абай қарасөздері мен «Абай жолы» арасындағы байланыстарды анықтау үшін эпопеяда байқалған мазмұндық сәйкестік пен өзгешеліктерді салыстыра қарастырғанда біраз жайлар айқындалады.

Қаламгер романда қарасөздері қаз-қалпында да, мазмұн мен мағына, ой әуендерін сақтай өзгерте де қолданылады. Әр әрекеттің астарынан ұлы жазушының көркем мазмұнға артатын алуан түрлі ой, түспалдары байқалады.

Қарасөздер - ұлы гуманистің болмыс пен тіршілік, табиғат пен адам өмірі, қоғам мен заман, сенім мен сезік, дін туралы философиялық ойлары мен толғаныстарының нәтижесі. Бұл шығармаларды ұлы ақын белгілі бір жанр қалыптарын сақтамай, толғаныс, тебіреністерінің үндестігін көздемей, тақырыптарды топтастырмай еркін жазған. Сонықтан да қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы әр зерт-

теуші одан өзіне қажет мәнді белгілерді, ойларды тауып жатады.

Қарасөздер табиғаты - күрделі. Онда көркем прозаның шағын жанрларының талайы кездеседі. Мысалы, Абайдың нақыл сөздері мен мақал-мәтелдер, шешендік сөз үлгілері, этика, эстетикалық толғаныстар көркем шығарма табиғатын танытса, замана тынысы мен ел тіршілігі туралы байсалды байымдаулары көркем көсемсөз үлгісінде кестеленген. Қиын заманда тұрмыс кешіп жатқан халық тәжірибесі туралы өз байламдарын, толғаныстар түйінін сөз маржан-дары арқылы көркем туындыға айналдырады. Дін, исламият негіздері мен таным мәселелері туралы шығармалары - тастих, трактат, эссе, ғылыми мақала, публицистика түрлеріне жақын келеді. Діни аңыз, ертегі сюжеттеріне жазылған шығармалар халық прозасының стилін сақ-тайды. Қазақ қоғамының келелі мәселелерін көтеру: ел басқару, кәсіп үйрену, өнер-білімге, өркениетке шақыру, келеңсіз құбылыстарды сынау т.б. тақырыптағы сөздерді публицистика жанрына жатқызуға да болады. Оқу, білім, таным туралы насихат, өсиет, кеңестері ди-дактикалық мақала т.б. үлгілерін сақтайды.

Ұлы Абай бейнесін сомдауда бұл материалдар М.Әуезов тәрізді талантты қаламгер үшін аса бағалы қазына болатын. Туған халқының тіршілігі мен болашағы туралы Абайдың дүниетанымын, ой-армандары, сезім сырларын деректі негізде бейнелеуде қарасөздерде жазушының шығармашылық лабораториясына енгізілетін кілт болатын негіз бар. Мәселен, бірінші сөзінде Абай былай жазады: «...осы ойыма келген нәрселерді ақ қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекгі сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді бұдан басқа ешбір жұмысым жоқ». [Абай Құнанбаев. Шығ. 2 томдық жинағы. 2-т., - Алматы, 1977. – 128 *Қарасөздер туралы барлық сілтемелер осы басылым бойынша беріледі].

Бір ғажабы нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерден өзге қарасөздерде Абай өз ойларын ақиқат түрінде ұсынбай, өзінің ішкі ойларымен сырласу, ойлану, толғаныс үлгісінде жазады. Онда ұлы ақынның өз ойларының дұрыстығына күмәнданудан туындайтын толғаныс, терең тебіреніс т.б. бар. Замана қазақ қоғамы алдына тартқан мәселелер туралы сөздерінде ұлы гуманист әркез толқиды, тебіренеді... Ал осының бәрі М.Әуезов тәрізді талантты қаламгер қолында қандай көркемдік қуатқа ие болатынын болжауға болады. Солай болған да.

Абай қара сөздері М.Әуезовтың көңіл қоя зерттеген тақырыптарының бірі. Оны Абай шығармаларының 1933 жылғы басылымына тұңғыш енгізуші де М.Әуезов. Алайда қара сөздердің бұдан кейінгі тағдыры, зерттелуі мен қоғамдық санаға жолы оңай бола қойған жоқ. Жарияланған күннен бастап 1950 жылдар ортасына дейін түрлі күдік пен күмәннің, даудамайдың себебіне айналды. Оның Абайдың шығармалары екендігіне күдіктенушілер де аз болмаған. Оған Абай қара сөздерінде негіз де бар еді. Мысалы, өлеңдерін таза қазақ тілінде жазған, «бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның ...бейшарасы» деуші қаламгер қара сөздерінде бөтен сөздерді көптеу қолданады. Тіпті оның бүгінгі оқушыға түсініксіздеу көрінетіні де бар. Мәселен, отыз сегізінші сөз. Екіншіден, қара сөздерде Абайдың дін туралы ойлары да көп қозғалады т.б.

Бұлардың дүниетанымдық, философиялық мәні бүгінде даусыз. Ал ол жылдарда (отызыншы-елуінші) Абайдың қара сөздерінде, өлеңдерінде айтатын дін туралы ойларды идеологияға байланған сыншылар қауіпті пікір тәрізді көрсетті. Кеңес империясы кезінде Абай шығармаларын зерттеушілерді осы пікірлер қатты үркітті.

Ақынның дінге қатысы әсіресе, оның қара сөздерінде жүйелі сипат алып, жан-жақты, тереңдей қозғалады. Сондықтан оған соқпай өту ақынның дүниетанымын, шығармашылық ізденістерін зерттеушілер үшін қиын түйінге айналды. Мұны көптеген ғалымдар білді. Коммунистік идеологияға симайтын Абай ойларына тереңдеуден, оған «зиян» тигізуден қауіптеніп бұл тақырыпты сөз арасында, жеңіл-желпі қозғаумен ғана шектеліп жазылған жұмыстар баршылық. Осы еңбектер арасында М.Әуезов зерттеулерінің орны мүлде бөлек. «Абай діні - сыншыл ойдың діні» деген пікірді алға тарта отыра оның дінге қатысы туралы ресми идеология мүмкіндік берген деңгейде талай терең ойларын астарлап айтты.

М.Әуезовтің шығармашылығындағы Абайдың дін туралы айтқандарын жүйелей келе, профессор М.Мырзахметов талай нәрселердің бетін ашады. «М.Әуезов Абай шығармашылығындағы ақын дүниетанымына сүйене отырып, Абайтану саласында ұзақ жылдар бойы іздену, ой қорыту арқылы Абайдың исламиятқа қатысын анықтауға, ол жайлы танымдардың негізін білуге ұмтылып келді. Өйткені Абайтану саласында бұл тақырып шешімін таппады, арнайы нақты зерттеулер бой көтермеді. М.Әуезовтың өзі де сол кезең жағдайына байланысты Абайдың исламиятқа қатысын арнайы зерттеулер арқылы ашпайды; осы

саладағы ұзақ жылғы зерттеуден туған ойларын қорыту, келешек зерттеулерге адастырмас бағыт берер тезистік ой-пікірлер желісін ұсынумен шектелді». [Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. – Алматы, 1982. – 176]

Қаламгер дүниетанымының шығармашылыққа қатысын мойындар болсақ, өмір философиясына тереңдеп, заман шындығын іздеген Абайдың шығармаларында дін тақырыбының кездесуі тіпті де кездейсоқтық емес. Онда аса күрделі тақырыптарға тереңдеу, жүйелі сипат бар.

Философиямен арнайы айналыспаса да Абай шығармаларында оған қатысты терең пікірлер дін туралы толғамдарында мол. Мұның үлкен бір қайнары - Абайдың қарасөздері. Сондықтан да М.Әуезов оның өзегіндегі ірі философиялық ойларды, толғаныс үстіндегі Ұлы Гуманист толқуларын айқын көрсете алатын Абай қарасөздерін өзінің эпопеясында асқан шеберлікпен пайдаланады. Астарлай да қолданады. Оған сол кездегі ресми идеология мәжбүр еткен.

М.Әуезовтің зерттеулері мен эпопеясында шығармашылық процесс үстіндегі ақын толғамдары қарасөздер мәтніндегі ойларға сүйене отыра деректі негізде көрсетіледі. Батыл байымдауларға негіз болатын қарасөздер өзегіндегі Абай ойлары толқулар мен жұмбақтау сырларға иек артатын байсалды пікірлерге бастайды.

Қарасөздерде Абайдың ғылыми, діни, шығыстық терминдерді жете түсініп, еркін қолданған бірден көрінеді. «Абай жолы» эпопеясында М.Әуезов алдымен осыны шебер суреттейді. Ақынның жеке ой-толғаныстарында ғана емес, адамдар арасындағы қарым-қатынастарында да оны ұтымды пайдаланғанын бейнелейді.

Қаламгердің алдына қойған бірнеше мақсаттары аңғарылады. Ақын ізденістерін көркем шығарма тіліне көшіру барысында діни түсінікпен шығыстық әдебиетте жиі қолданылатын сөздерді көбіне кейіпкер тілінде аударарды. Бір қарағанда оларды даралау үшін әдейі пайдаланатын тәрізді. Алайда мұнда ұлы ой-шылдың көңілін аударған күрделі мәселелер де көрінеді. Бұл бір болса, екіншіден, Абайдың дүниетанымдық ізденістеріндегі мәнді идеяларды оның замандастарының сауатты оқырманына жақсы таныс, зиялы қауымға түсінікті, үрдісті тілге көшірмесе шығармадағы мәнді мәселелер бойынша өрбитін тартыс, қайшылық күңгірт тартып, көркемдік деңгейі сұйылып көрінер еді. Елге, көпке түсініксіз тілдегі тартыста қандай мағына болуға тиіс.

Абайдың өмірбаяны мен өскен ортасын, дүниетанымы мен саяси-әлеуметтік көзқарасын, азаматтық, эстетикалық пікірлерін, шығармашылығы мен шығармаларын жете білетін М.Әуезов, оның дін исламиятқа қатысын Абай жолы эпопеясында ашық айта алмады. Жақын-жорасы мен дос-кұрбылары күйбең өмірдің күйкі тірлігі кезінде айтқанын үкпай, ұсақ-түйекпен жаралаған сәтте Абайдың дінге көңіл қойғанын, қасіретке батқан көңілін қайғы торлаған кезде қалтыраған-жанына жұбанышты содан іздегенін ол кезде М.Әуезов жаза алмайтын еді. Бұл социалистік реализм мен совет үкіметі идеологиясының қасаң қағидаларына мүлде кереғар келер еді. Сондықтан Автордың өзіне тиер «қырсығын былай қойғанда, шығармашылығы туралы қилы-қилы сөз айтылып жүрген Абайға да кесірін тигізетін. Мұны М.Әуезов жақсы білді.

Қарасөздерді оқыған адам туған халқы үшін жүрер жол, ақиқат, шындық, әділет іздеген Абайдың терең тебіреністі ойларының иірімдерінен қайшылықтары мол кереғар шешімдерге де жолығар еді. Ұлы ойшыл ғұламаның өзі де өмірде бәрін білдім, іздегінімді таптым деп ешқашан айтқан емес. Оның шығармашылығында, әсіресе, қара сөздерінде жанына батқан күрделі толғамдардың тарам-тарам толғаныстармен қабаттасып отыратыны сондықтан.

«Абай жолын» жазу барысында М.Әуезовті толғандырған талай жайлар болды. Құнанбай мен Шәкәрім бейнелеріне келгенде, қаламгер қанша қиналса, Абайдың дінге қатысын бейнелеуде де сонша азап көрді. Бұл қиын заманда халқы үшін жол іздеген, соған көмектеспек болған ғұлама ойларының тереңдігін көрсету үшін ғана емес, Абайдың көркем бейнесін жазу үшін де аса қуатты деректер еді.

Қарасөздер Абай өмірінің соңғы, қиын жылдарында жазылды, сондықтан да онда осы психологиялық күй табының болатыны анық. Абай халық басындағы шындықты айтты. Соның ең ірісі патша үкіметінің қазақты шоқындыруды мақсат еткен пиғылы еді. Абай оны жазбай таныды. Отаршыл Ресей үкіметтің қазақты өркениетке жеткізейін деген мақсатының жоқтығыны білді. «Ақылдың азабын» тартып қиналған сәтте, қалтыраған жанына дауа іздеп шартарапқа үңілген Абайдың қайта-қайта дін-исламиятқа, дін философиясына келе беруі сондықтан.

М.Әуезов Абайдың исламият туралы ойларын жанды процесс тәрізді қозғалыс, тебіреніс үстінде көркем мазмұнға көшіре көрсетеді. Абай өмірінің қайшылықтары мен соны мәліметтерін шығармаларында сақталған сезім табымен салыстыра, астарына үңіле отыра

бейнелейді. Ресейдің қол астындағы исі мұсылман халықтар бір мүптілікке (муфтий) қарауы қажет деген әңгіме шыққанда Абай қатты толқиды. Маңайындағы зиялы қауым, елмен әңгіме кезінде де басты тақырып осы төңіректен өрбиді.

Алқалы жиындағы Абай сөзінде дінге қарсылықтан гөрі (бұрынғы зерттеулерде осылай талданған), осы негізде топтасып өзгелерден, басқа діндегілерден, оқшауланамыз, ислам негіздеріне қарай біржола бұрыламыз деушілерге қарсылық анық сезіледі:

«Ең әуелі ислам дінінің қауымы болмақ дейді. Дін қарындас деп, мысырдың арабынан, Үндістанның мұсылмандарынан, Стамбұлдың халфе-сұлтанынан, Шайхұлысламнан Россияда, Сибирде жатқан қазаққа қарындас тауып бермек. Туысқан таппақ болысады. Ең алдымен осының өзі жалған. Әр халықтың қалың қауымын алсақ, күнделік тірлігінде сыбайлас көршісімен келісіп күн кешеді. Бізді Халифенің мұсылманымен жақындатам деушілер ең алдымен қасымыздағы көршіміз орыс халқынан алыстатам дейтін болады. Ал сол орыспен сен қайтып алыс боласың, қазақ халқы? Жеке адам да, тұтас қауым халық та жанды тірлік етеді. Тірлік дегеніміз мынау - ішкен су, жеген тағам, киген киім, өмір сүрген үй ортаң. Өзгені қойып Семейдің қазағы сені атайын; мынау Ертіс, сенің өзенің емес, орыс халқының өзені. Ендеше, ең әуелі Семей қазағы сенің ішіп отырған суың орыс халқының суы. Екінші, жеп отырған наның өзің егін екпейтін, еңбек саумайтын елсің, орыс мұжығының өсіріп беріп, тиірменіне тартып әкеп беріп отырған ұны. Одан қала берсе киген киімің, кірген үйің, барша бұйымың мен жиының - бәрі-бәрі орыс халқының қаласынан, өнерінен келіп отырған дүниені! Сен осыдан алыстамақсың ба? Алыстасаң тырдай жалаңаш кетіп бар да қарындас таба ғой! Екіншіден, қараңғыда жатқан, қалың тұман басқан, соры басынан асқан қараңғы елміз. Бізге ең алдымен не керек? Білім жарығы керек. Өзіміз надан өтсек, ендігі нәсілімізді болса да тез оқытып, дүниені танытып, көзін ашуымыз керек, асығуымыз керек бұл жолда! Сол жөнінде де бар жарығын ала білсең, аямай беретін досымыз - орыстың өнері, орыстың үлгілі қауымы» [М.Әуезов. 20 т. шығ. жинағы., 6-т., 371-372]. Абайдың бұл сөзі «панис-ләмдік» идеяларға қарама-қарсы.

«Қазақтың қара заңынан, ата-баба надандығынан алыса жүріп құтылу оңай, ал «муфтиге қарап, дін-қарындас іздейміз» деп қараңғы түнекке тағы апарып, өзі жабайы жұртты қамау, ол бұл күнде адасқандық. Аяп айтсам - адасқандық, қажап айтсам - қастық». Абайдың бұл

сөзі Ресей мұсылмандарына ортақ «Мүфтиге қазақ халқы қараудың қажеті жоқ» деген ойға негізделген. Туған халқына Абай іздеген жол, Абай көз тіккен көкжиек өнер, оқу-білімге апаратын жол болуы керек. Оны үйренетін жер керек, сол арқылы өнерлі өркениетті елдер тобына қосылу. Бұл ой-идеяның Абай шығармашылығымен өзектес екені дау туғызбаса керек. Әсіресе, Абайдың қарасөздерінде айқын көрінеді.

Демек бір қарағанда дінге қарсы тәрізді көрінетін Абай сөзінде, дін атаулыға емес, осы негізде оқшаулануға, топтасуға, сепаратизмге қарсылық бар. Әрбір халық қалай болса да қатар отырған көршісімен санасуға, тату болуға, кере-гін алуға, оның тәжірибесін үйренуге қарым-қатынас жасауға тиіс дегенге саяды.

Ресейдің орыстандыру саясатына қарсы күресуде мұсылман, қазақ дінбасылары Абайдан үлкен үміт күтеді. Абай да үнемі ой үстінде болған. М.Әуезов осы толғаныстарды Абайдың Павловпен қарым-қатынастарын бейнелеу арқылы көрсетеді. Қазақстанда айламен де, күшпен де жүргізіле бастаған осы саясат туралы кезінде Абай неге Павловпен пікірлеседі? Осы кейіп-керді тандауда да М.Әуезов ізденістерінде мақсаттылық бар. Павлов - озық ойлы, оқыған тұлға ғана емес, өзге діндегі адам.

Енді осы мәселеге қатысты уақиғаларға ой жүгіртіп көрелік. Маңындағылармен кейінгі әңгімелерде де Абай «қазақ ата-бабасынан бері соншалық құдайшыл боп, діншіл боп өскен халық емес...» сондықтан приговорды жасамасын да, қол да қойып ырзалық білдірмесін! Біз муфтиді тілемейміз!» деген пікірлер айтады. Өйткені «... халықты көтеретін шарифат емес, өнер мен білім». Ал өнер мен білім шарифат жолында емес, ол «... өнерлі елден үлгі алудың жолында». Ақын ойлары қазақ елінің хал-жағдайын өркениетті елдердің жай-күйімен реалды салыстырудан туындайды.

Абайдың дін туралы пікірлерінде мұндай сөз жоқ. Алланы бар деп, пайғамбарларды оның еркін жеткізушілер деп білген жан үшін шарифат заң болуға тиіс. Алайда Абай шығармаларын қадағалай оқыған адам, әсіресе, қарасөздерінде, оның дін туралы пікірлерінде талай жаңа үн, ой толғамдардың да барлығын аңғарар еді.

Жиырма сегізінші сөздегі Абай ойларына бойлап көрелік. «... Әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз екен. Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, енді біз ақылды еркіне жібермесек, құдай тағаланың ақылы бар кісіге иманы парыз дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама

дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң діннің өзі неден болады? Әуелі иманды түзетпей жатып, жалған ғибадат не болады?» [Абай. Шығармалары. 2 томдық толық жинағы. Алматы, 1977. 170-171]. Ойлана қарайық, Абай ойларының бағыты әуелі иман түзеуге бастайды. Ал иман дегенің мұсылман дінінің өзегі. Ол Алланың барлығына, Мұхаммедтің оның елшісі, пайғамбары екеніне сенім. Ол сенім болмайынша, оған ғибадат ету онша сенімді де болмақ емес. Демек Абай адам сенуі үшін де зердемен ойланып барып тоқтаудың қажеттігін айтады. Абай 38-сөзінде бұл ойды әрі өзгешелеу өрбітеді. «Сен Алла тағалаға Алла тағала үшін иман келтіремісің? Я өзің үшін де иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де Алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Я өзің үшін иман келтірсең, жә инандың. Ол инанмақтығың құр ғана инанмақ бірлан қылса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайда ала алмадың: пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады. Пайданы қалайша алуды білмек керек».

Абай осы сөзінде әр нәрсенің анығын айырып білу арқылы тану, сену керек, сонан кейін барып оған тоқтау керек деген ой айтады. Сол тәрізді, егер мұсылман атаулының бәрі тек ахиретті ойлаумен құлшылық жолына шықса, онда «малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді?» [2-т., 199]. «... бұл жолдағылар қор болып, дүниеде жоқ болып кету де хаупі бар. Уа, кәпірлерге жем болып кетуде... Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса дүние ойран болар еді. ... Әрбір ғалым-хакім емес, әрбір хакім-ғалым» [202].

Абай адам қоғамын, елді шаруашылық, мәдениет, өнерге бастайтын хакімдер ролін жоғары бағалайды. «Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуес-қылықтардың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармағына, яғни электрді тауып аспаннан жайды бұрып алып дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып (телефон - З.Б.) мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, уа хусусан (әсіресе - З.Б) адам баласының ақыл пікірін ұстартып, хак бірлан батылдықты айырмалық үйреткендігі - баршасы нәфиғлық (пайда беруші - З.Б) болған соң біздің оларға міндеткерлерімізге дау жоқ. Бұл заманның молдалары хакім атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлкім бұзық пиғыл...» [2-т., 2002-203].

Абай бақи дүниелік істерді тындырып, шаруа, тіршілік жасап жатқан адамдар ролін жоғары бағалайды. Сондықтан да надан қараң-

ғы елді артқа сүйреу «адасқандық, қадап айтқанда қастық болмақ», - деп жазады.

М.Әуезов «Абай жолының» төртінші томында Абайдың мүфтилікке ой-пікірлерін жеткізу барысында Абай қарасөздері астарында жатқан терең ойларды шебер қолданады. Надан молдалар уағыздап жатқан шарифат бабымен жаңадан өмір құрам дегеннен гөрі замана қабағына, әрекетіне қарай кәсіп, өнер бағытына көз тігу, солай бақылау қажет деп есептейді. «Халықты көтерген шарифат емес, өнер мен білім шарифат жолында емес, ол өнерлі елден үлгі алудың жолында өзге төрт тарапың келісіп, енді тек муфтиге қарауың қалып па? Одан да өнерінен пайда тиетін елдің жақсылығын алып пайдасын көрейік. Ал дін-қарындас боп қосыламыз деген ұран біздің көкейімізге қонбайды... Себебі ол өнерден, білімнен қашқақтатпаса, жақындатар жол емес! Муфти бізге қол емес, осы жүрген молдалардың өзі де жетеді» [М.Әуезов. 6-т., 366-367].

М.Әуезовтің «Абай жолында» қарасөздерді мүлде жасырын, болмаса, ондағы әуендерді ғана пайдаланатын тұстары да жоқ емес. Семей қаласындағы оба ауруы кезінде Абайдың халық аралап, үгіт айтпақ болып жүргендегі ойларына, іс-әрекетіне түрткі болған жайларды суреттеуде Абайдың сегізінші сөзінде айтылатын әуендерді қолданады: «Осы ақылды кім үйренеді, насихатқа кім тыңдайды?»

Біреу - болыс, біреу - би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де озық кісіміз, өзіміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтамыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол не қылып тыңдасын және тыңдайын десе де қолы тие ме?...» [Абай. 2-т., 140].

М.Әуезов Абайдың иман туралы 13-сөзінде айтылатын ойлары қаз қалпында пайдаланумен қатар, оны шығарма жүйесіне орай біраз кеңейте де еркін қолданады.

Абайдың дін туралы көзқарасына тоқтала баяндаумен қатар, ел, халық қамын ойлаған үлкен жүректің лүпілін оқырман алдына жайып салады. Осы мақсатта Абай қарасөздерін шебер пайдаланады. Мұнда көңіл аударарлық екі түрлі мәселе бар. Қарасөздер Абай өмірінің соңғы жылдарында жазылған. Бұл Абайдың қазақ өмірі туралы қайшылықты ойларын айқындап, тарата бастайтын тұсы.

Алайда қарасөздерді пайдалану барысында М.Әуезов хронология сақтамайды. Әрі қарасөздер негізіндегі арналы ойды сақтай отыра шығарма жүйесі мен қаһарман тірлігінің қисынына орай еркін қолданады.

Абайдың хақиқатқа қатысты ойларын бейнелеуде оны саяси-әлеуметтік астармен көмекке келе, орыс халқының мәдениеті туралы өз пікірлерін де мол қолданады.

Төртінші томда М.Әуезов Абай қарасөздерінің жазылу тарихынан, шығармашылық лабораториясынан хабар береді. «Соңғы шақтағы Абайдың іштей шеккен мұң, наласы осы күзде әсіресе, ауырлап, қоюлана түскен. Бұл жайларын Абай осы айларда сыртқа шығарып айтпағанмен, қалаға келгеннен бері күн сайын қағазға қадалып, толғана ойланып жазып тастайтын. Ендігі ішкі сырларын өлең сөзімен өнер сазынан аңғартады. Соңғы жылдар жазу өнеріне тыңнан қосқан бір үлгісі «қара сөз» еді. Сондай кенеулі ой жемістерінен де жаңағы жайын жеңіл танытатын [6-т., 138]. «Ендігі біразда Абай жаңағы ызалы қалпын басып, шарасына түскен шақта қағаз, қарындаш ұстай отырып:

- Осы жаңағыларға айтқан дауымның кейбірін мен қағазға түсіруім керек! - деп биылғы күз бойына өзі көп оралып жүрген еңбек жайын айтып еді» [6-т., 142-143 бб.].

«Абай жазу үстінде отырып қалған еді. Күндіз ойлана жүріп, бірнеше кеш бойы осылайша отырып жазу жазады. Күнгірт көңілден кешіп өткен ойлар күздің ақ сұрғылт бұлттындай. Сол реңсіз ойлар толқыны тудырған жолдарын күйлейді. Бір сәтте өлең боп оралған ойлар:

Құранды молда теріс оқыр
Дағарадай болып сәлдесі.
Өзімшіл көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі!..

дегендей жайларға күйылып оралады. Тағы бір сағаттарда Абай ишан, имам, халфе, хазіреттермен олардың өз тілінде сөйлеседі. Жер-жебіріне жете, ызалана соқтығысады. «Молдалар былай тұрсын, хусусән бұл заманның ишандарынан да бек сақ болыңыз. Олар Фитнән-ғалым, өздерін аһли тариқат біліп, басқаларды жеткізбек дағуасын істейді. Олардың барлық қуаты басындағы сәлдесі, қолындағы тасбиғы. Одан басқа түк те жоқ. Наданның наданы, зорлықшыл жыртқышы, топасы солардың өзі» - деген жолдарды жазып, ызалы көңілі шығып отыр еді» [6-т., 87-6.].

Шәріпжан халфе, Юнусбек халфеммен диалогтерінде М.Әуезов Абайдың қара сөздерінде айтылатын көптеген ойларды қайталайды және кейбірін қаз-қалпында да пайдаланады. Мысалы, иман туралы әңгімелерде.

М.Әуезов «Абай жолының» төртінші томында бір тарау ішінде, кейде бір эпизодта да қарасөздердің әлде нешеуін қолданады. Мәселен, елден кету (9), хақиқат шындық (38), орыс мәдениеті (25). Алайда оларды өз мақсат идеясы мен көркем мазмұн жүйесіне, характер, кейіпкер қисынына орай өзгертсе де пайдаланады. 4-томдағы иман туралы әңгімелерде Абай мақал-мәтелдерін, афоризмдерін де қарасөздермен қатар қолданады: «қылыш үстінде серт тұрмайды», «құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ» т.б.

Абай қарасөздерінің М.Әуезовтің даңқты эпопеясындағы қолданылу аясы негізінен осы бағыттардан табылса да, өзге де көркемдік-идеялық қызметтері толып жатыр. Алайда ол арнайы зерттеуді қажет ететін күрделі тақырып.

М.Әуезов "Абай жолы" эпопеясын Абай дүниетанымына сүйене жазуға тиісті болды. Осы бағытта қаламгерге жәрдемі тиген және Абай дүниетанымын жан-жақты аша суреттеуде негіз болған Абай қарасөздері еді. М. Әуезов Абай сөздерінің арқауын, мазмұнын, әуендерін сақтай отырап еркін қолданады.

Эпопеяның бірінші томында төңірегіне сергек көзбен қарап ой түйе бастаған Абайды суреттеуде бас қаһарманның рухани әлеміндегі толғамдарды нақты оқиғалардан өрістетеді.

Абай Қарқаралыда. Әкесіне ілесіп Құнанбай салдырған мешіт құрлысының біткен тойына келіп отыр. Алшынбай Құнанбайды Бөжеймен татуластырмақ. Сан-түрлі қарым-қатынастар қызығына кіріскен әлеуметтік топтардың аңдысуы, тартыстары үдеп келеді. Абай онын, шет жағасын, ызғарын сезінгенмен әлі анығын білген жоқ. Өзінше дұрыс деген істерін, ойға ал-

ғандарын орындауда. Бөжейге сәлем беріп барып батасын алады. Шөжені көреді.

Осы бірер күндегі қат-қабат уақиғалардың қызуы мен қыртысы характерлердің арасындағы аңдысу өмірдің сан түрлі сұрақтарына жауап іздеген зерек бала Абайды ойға қалдырады. Бұл қатынастардың Абай жан-дүниесіне әсерін суреттеу барысында М.Әуезов Абай қарасөздерін пайдаланады: "ақыл, қайрат...", "ақыл мен бақыт, байлық" дегендердің өзара дауы, таласы деген "парсы, түрік" тіліндегі кітаптардан былтырлар бір оқыған нақыл әңгімелесі бар-ды.

Қазірде Абай соны өмірден тапқанына да дән ырза... Өз ақылымен тапты... Тапты да: «Осының бәрі бір жерде, бір кеудеде, бір адамның ішінде болмаққа лазым...» деп өзгеше бір сезіммен байлау жасады» [М.Әуезов. 20-т. шығ. жин., 3-т., 130].

М.Әуезов Абайдың оқыған кітаптарындағы түрлі ақыл-нақыл, өсиет, өнегені ой жүгіртіп, толғанып, тұшынып барып қабылдайтынын көрсету үшін осы материалды деталь ретінде алған. "Абай жолындағы" осы шағын ғана деталь өсіп келе жатқан ұлы тұлғаның оқыған кітаптарындағы мәнді насихатты көз жұма қабылдамай ойланып-толғанып оның өмірімен қабаттасатын сәттерін, жіктерін іздейтінін көрсету үшін алынған.

Бұл ойларға Абай аяқ астынан келіп тұрған жоқ. Қарқаралы қаласында дәл осы күндерде өтіп жатқан ірілі-уақтылы оқиғалар мен үлкенді-кішілі адамдар әрекеті мен құлшынысына ойлана қараумен келіп отыр. Байқап отырғанымыздай, бұл ойлар негізінен Абайдың 17-сөзінің мазмұнына жақын. Өзгешелігі де бар. Ол - жүректе. 17-ші сөзінде Абай: "адам бойындағы аталған екі қасиет ақыл, қайратты жүрекке бағындыру керек, оның бәрін танып қосатын ғылым болуы керек" - дегенге келеді. Ал эпопеяда Абай "оның бәрі бір жерде, бір кеудеде, бір адамның ішінде болуы керек" - деген байламға барады. Бір қарағанда мұнда айырма аз, тіпті елеусіз нәрсе сияқты. Алайда осы елеусіздің өзінен М.Әуезов қана бойлай алған тереңдік байқалады. Ойлана қарасақ, Абай әлі ақыл-қайратты ұстап тұратын, бастап жүретін күшті тауып отырған жоқ. Бірақ сол жолға шығып тұр, табалдырықтан аттап отыр. Бұл әлі есейе қоймаған бала образының үйлесіміне сәйкес. Әрі талантты баланың болашақ тынымсыз ойларын, ірілікке, ұлылыққа бағыт алған жолын, аттаған табалдырығын көрсетеді.

М.Әуезов тектен тек "оның бәрі бір жерде, бір кеудеде, бір адамның ішінде" деп отырған жоқ. Әлі де өмір мен адамдық туралы ойлары, өмірлік тәжірибесі аздау баланың түйсік арқылы жан дүниесі ғана сезініп тұрған жайкүйдің толғаныстарын, ойдың сатыларын бейнелеу үшін алып отыр.

"Абай жолының" бірінші кітабы соңындағы Тойғұлы үйіндегі құдалықтағы әңгімелерде Құнанбай және оның қасындағылар өткен заманды, оның адамдарын мақтайды. Сонда Абай оған қарсы пікір айтады: - "Бұрынғы заманның жақсылығы со ма, қатар отырған бір туысқан елдер бірін-бірі шауып, шаншып, сойқаннан арылмаушы еді. Кемпір-шал, қатын-бала тыныштықпен ұйқы ұйықтап, түгелімен асын іше алмаушы еді. Осы тұрған Сыбан мен Тобықты арасында, Тобықты мен Семей арасында жалғыз жарым қатынаса алмаушы еді. Алып кетеді, жұлып кетеді деп ылғи ғана жасқанып жүруші едіңдер... Сол заман да жақсы ме екен?..."[3-т., 404-б].

Бұл - Абайдың оқу, өнер іздеп Семей қаласына бет алған кездегі сөзі. Алайда, адамдар арасындағы қатынастардан түк сезбейтін, болмаса түсінігі шамалы балаң жастың ойы емес. Өмір көрген, түйгені мен тоқтамы бар адамның, мінезді жастың сөзі, енді соны өзге ел, ғұламалар ілімінен іздеп көрмек, салыстырмақ. Абай жаңа заман лебін сезіп, соны танып білу жолында өзін қоршаған орта мен қоғамдағы қайшылықтарды көре бастаған. Уақыт тілі мен заман мінезіндегі жаңалықтарды ұққысы келеді. Жақсысын алмақ, жарамсыз деп тапқандарымен күресу ойда бар.

"Мен желік іздеп бара жатқаным жоқ. Адамдық қасиетін іздеп барам", - дейді ол Ділдаға. Бұл - Абайдың ел ішіндегі түрлі дау-жанжалдарға араласып, билік, шешім айта бастаған, есейген, кемеліне келген кезі. Абай жиырма төрт жаста. Алдында тұрған оқу да оңай емес. Артта отбасы, аналары, балалары, бауырлары, ағайын-тума, ауыл қалып барады. Алда беймәлім, түсі суық қатал өмір тұр, Абай соның мінезін білмек. Адамшылық, әділдік жолындағы тартыста езіне күш беретін жаңа жолға түспек.

Жоғарыдағы тайталастан кейін "Қарттың бәрі өздерінің қатты жеңілгенін сезді", - деп тәмәмдайды М.Әуезов.

Солардың бірі Құнанбай еді. Енді ол өзіне жат, бірақ қуатты әлемге тоқтаусыз бет алған баласын оңаша шығарып алып, оның бойынан тапқан үш ірі мінін айтады.

Соның үлкені - Абайдың орысшылдығы. "Орысшылсың, солай қарай ден қойып барасың. Дін-мұсылман жат санайтынын ескермейсің", - дейді Құнанбай. Бұл сөздерден оның орыстан ат-тонын алып қашып отырмағаны да аңғарылады. Әңгіме дін-мұсылман жат санайтын орысқа ден қоюда болып отыр. Өйткені, заман лебін түсінген, ақылды Құнанбай, болашақ бағыттың, күш қайраттың қайда жатқанын аңғармайтын қалыпта бейнеленсе, ол характер қисынымен қайшылыққа келер еді.

Орысқа ден қойып барасың дегенде, атсалтын ескермей, көп алдында әкеге тіке сөйлей бастаған баласының "өрескел" әрекетінен орысшылдықты көрген шығар. Бәлкім, оны қаумалаған ел алдында беделін түсіру тәрізді қабылдағандық та болар. Алайда елі ығысатын Құнанбай болашаққа бет алған баласын бұрынғыша тоқтата алмасын анық біліп отыр. Оның бойындағы өзіне жат көрінген мінез-әрекетті айтумен ғана шектеліп отырғаны сондықтан. Абайдың әкесіне қайтарған жауабында М.Әуезов Абай қарасөздерінде айтылған ойлар өзегін (өлеңдерінде де бар) пайдаланады. "Халқым үшін де, өзім үшін де дүниенің ең

асылы - білім, өнер. Сол өнер орыста. Мен барлық тірліктен ала алмаған ақылды содан алатын болсам, ондай жер жатым бола ма? Жатырқап қашқақтауым надандық болса болар, бірақ қасиет болмас..." [М.Әуезов. 3-т., 407-6]. - Бұл ой Абайдың жиырма бесінші қарасөзінің өзегінде бар: "Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғалым да - бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға, тілін, ғылымын білмек керек. Оның үшін олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады... Орыстың ғылымы, енері - дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі" [Абай Құнанбаев. Шығ. 2-т. толық жинағы. Алматы, 1977, 2-т., 162-6] -

Құнанбай тыңдап болды да күрсініп қойды. Шарасыздық ашуы білінді. Бірақ, үн қатқан жоқ. Сөз осымен біткен еді. Абай қоштасты да жүріп кетті.

"Абай жолының" бірінші кітабында Абай қарасөздері түрлі деңгейде өзгертіле алынады. Мұнда М.Әуезов орыс, Еуропа оқуына енді ғана бет алған Абай характерінің қалыптасу үйлесімін есте ұстаған тәрізді. Өйткені Абай қарасөздері оның (Абайдың) кемелденген шағында, күрделі мәселелерге арналған ғой.

М.Әуезов эпопеясының екінші томында Абай қарасөздерін қолдануды ақынның Ақшоқыдағы әңгімелерінен бастайды. Балаларының оқытушысы Кішкене молдамен пікірталасында қарасөздер әуені Абайдың өз сөздерінде келтіріледі.

Әңгіме түйіні тағы да ғылым, оқу бағытында, Абай орыс тілінің қиын өткелдерін өткен, тіпті Пушкинмен еркін сырласуға мүмкіндік алған. Дәл осы кезеңде оның өмірінде, жан дүниесінде өзге де қуаныштар көл көсір еді. Ол салып жатқан үйінің құрылыс жұмыстарын, билікті Әйгерім, Ерболдарға тапсырып, алаңсыз "машақат" үстінде отырған. Үйге кірген Әйгерім мен Ербол Кішкене молдаға Абай осы қуанышын айтады.

Шығармада Кішкене молданы таңдандырған екі жайға М.Әуезов ерекше тоқталады. Бірі - оның болашақ мекені, жаңа үй-жайдың іргесі қаланып жатқанда Абайдың үнемі үйде отыруы. Тіпті осы оқшауланудың себебіндей айтып отырған қуанышы исламиятқа байланысы жоқ, орыс кітаптарынан алынған ғибратта екен. Кішкене молда үшін мұндай қуаныш мұсылман кітаптарын оқу үстінде болуға тиіс. Ал Абай мүлде басқа жайды айтып отыр.

"Мұталаға ашылды" демек Мантих, Ғақайыдты оқып жүріп, "Кафия", "Шарх Ғабдолланы" өз талабымен халфесіз, хазіретсіз, дәріссіз фә-

һімлейтін болса, соған айтса ләзім. Болмаса, орыстың әллә нинди "шитри-мытриын" фәһім-ләдім деп, "мұталағаны" бұл жерде сөз қылу мүмкін емес. Оныңыз һәм хата, Абай! - дейді [М.Әуезов. 4-т., 120-6].

Кішкене молданың бұл кінәларына Абай жауаптарында отыз сегізінші қарасөзде айтылатын ойлар өзегі бар. Алайда, М.Әуезов осы пікірталасты суреттеу барысында Абай қарасөздерін еркін қолданады. "...Мұсылманшылық қағидасы "ғылым қайда болса, кімде болса сонан ал" десе болар еді. Сіз айтқан өріс менің де біраз шарлаған жерлерім. Мен ғылымның, яғни фәннің, көп ғасырлар бойы адам баласы жиған қазынасына қол артамын деп, сапар шектім. Сіз оқымаған адам болсаңыз бір сірә. Өзіңіз ұстаз саналасыз. Бірақ, ғылымды бір-ақ жолдан, бір-ақ тар асудан ізде дейсіз. Ғылым демек, шексіз кең дүние демек емес пе еді. Мұсылман ғұламаларының даналары Сократ хақимнен, Афлатоннан, Аристотельден оқымап па?" [М.Әуезов. 4-т., 121-122-66].

Демек Абай қарасөздерінің талайларында қайталанатын білім, ғылым іздеудің қажеті туралы ойлар қайталанатын.

Абай бұл кезеңде ақыл, ой, білім арналарының әлемдік бағытына көз тігіп отыр. "Абай жолы" эпопеясының екінші томындағы Абай мен Михайлов арасындағы әңгімелерде Абай дүниетанымының бір негізі ислам тарихы, мәдениеті қозғалады.

Бұл жолы Абай дүниетанымына тән қарасөздерінде айтылатын ойлар Михайлов аузынан шығады. Әрине бұл қытымыр заман ахуалына қатысты М.Әуезов қолданған тәсілдердің бірі екені түсінікті. "Сол оқыған тарихымды (әңгіме шығыс, ислам тарихы туралы болып отыр. - З.Б.) тұрақты білімге санар-сенімім болмай тұр" - деген Абай пікірлеріне Михайлов былай жауап береді:

"Ендеше, мен сізге айтайын, ислам тарихы - білім, ол - үлкен білім! Тек қандай тарихшы жазғанын талдау керек... Ислам, араб өнері, жал-пы дүние жүзінің ғылым, сана табысына көп ғасырлар бойында аса зор жемістер берген. Ескі антик өнері мен Еуропаның беріде келіп шыққан ояну дәуірінің арасында жатқан бірнеше жүз жылдар меңіреулігі бар. Сондағы көп ға-сырдың қараңғылық заманына сәуле беретін, тек араб мәдениеті екенін айтып өтті" [М.Әуезов. 4-т., 203-204-66].

Абай шығыс, ислам тарихы, мәдениеті мен әдебиетін аса жетік білген, оның адамзат баласына қажеттілігіне күмәнданбағаны да белгілі. Абай атынан айтылатын мына сөздерде сол пікірлер өзегі бар: "шынында ғаделет, хақиқат, ахлақ мәселелерінде қауымның игілігін ойлау-

шылар аз ба? Нәсілдер ырысын ойлайтын әр заманның, әр халықтың ғұлама ұстаздары бар ғой" [Сонда, 204].

Кішкене молда екеуінің арасындағы пікір таласының бір бағыты "мұталаға" қатысты өтеді. Кішкене молда мұсылмандық оқу, қатынастарда қолданылатын терминді орыс тілі, батыс туралы әңгімелерде қолдануды мүлде өрескел қате санайды. Абай үшін ол адами танымдық ізденіс бағытындағы бір саты, белестер үшін орныққан терминдер ғана.

Абайдың шығыстық ғылыми терминдерді жақсы білуі және оны пайдалануы осы бір елеусіз детальдан айқын көрінеді. Абай бейнесін даралауда М.Әуезов оның дүниетанымын суреттейді. Осы үшін пайдаланып отырған әдістің көркем мазмұннан бөлектенбей, ала құла көрінбей үйлесімді үндесуі авторлық осындай көркем идея әсерінен. Оның дүниетанымына негіз болған шығыстық оқу, білім жүйесінің эстетика, этика, мораль, дін екенін түрлі әдістәсілдермен жеткізеді. Абайдың Шығыспен байланысын бейнелеу барысында суреткер осындай деталь-эпизодтарды ұтымды пайдаланады. Білім жолындағы ізденістер үстінде Абай тапқан жаңалықтар мен тың ойларға қатысты барша нұрланыстарды (озарение) суреттеуде шығыс-тану жүйесінде орныққан әдіс, ойлау желілерін бейнелейді.

Бірінші томдағы жүрек, ақыл, қуат туралы ойлары да осыны еске салады.

Абайдың әлемдік (орыс, батыс) мәдениетпен әдебиетке кеңіп аударған, бет алған шағында оған үлкен әсер еткен жеке адам ретінде эпопеяда Михайлов образы алынады.

Орыс тілін игерудегі қиындықтарды өткен Абай көркем кітаптарды оқи келе үлкен бір түйінді ойға шығады. Осы эпизодтарды М.Әуезов Абай қарасөздерін пайдалану арқылы жазады. Михайлов екеуінің арасындағы әңгіме, кеңестерде Абай мынадай түйінді ой айтады: "Оның ойынша [Абайдың - З.Б.] қазақ елінің алдында тұрған бір жақсылық, бір жамандық бар. Жаманшылықтан құтылу қиын, жақсылығына жету қиын. Жаманшылық - бұл өлкелердегі ұлық, чиновниктер жемнен, шеннен басқаны аңғармайтын керең меңіреулер. Жақсылық - орыстың өнері. Бірақ оның қазіргі қазақ қауымына бар сыры, бар түрі жұмбақ. Бүгінгі қазақ орыс дегенде - Селантий, Сергейлерді, Тентек Ояздай өгей күшті ғана біледі. Бірақ Абай танып-біліп келе жатыр ғой. Орыстың елдігінде оның ар жағында жатқан мүлде бөлек сыр бар. Ол ғажайып қадірлі дүние. Орыста бұл күнде дүние есептесетін ғылым бар. Орыста дүние жұрты оқитын кітап бар. Халықтың шын қасиетін танытқан, дүниеге танытқан асқар ойлы даналар

бар". Эпопеядағы Абай ойы баяндалатын бұл үзіндіде Абайдың 25-қарасөзінде айтылатын гуманист ойларының негізгі мазмұны бар. Түрі сәл ғана өзгертілген. Негізгі арна, ой біреу - "орыстың өнері, ғылымы - дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі".

Сөйтіп, "Абай жолының" екінші томында да М.Әуезов Абай қарасөздерінің мазмұнын ғана сактай, бірақ сыртқы түрін өзгерте қолданады.

Эпопеяның үшінші томында Абай өзі үшін - өзге де қызықты әлем, орыс әдебиетінің табалдырығын аттап, оның қайнарларынан еркін сусындар деңгейге жетеді. Біржола шығармашылық жолға бекінуінде де осы табыстың әсері бар еді.

Осы бағытқа алаңсыз бет бұрған Абайдың арманы мен әрекетіне қазақы тірліктің ұсақ-түйек түйтіктері араласып оның тыныштық тапқан тәрізді жан-дүниесін тағы астан-кестен қылады.

Жатақтар шөбін Әзімбай шауып алып елді шулатқан сәтте Абай қатты қапа болады. Соның алдында ғана өзін қоршаған ақын шәкірттері арасында шалқып келген Абай, олардың ел, жер тарихы туралы тартысына билік айтқан Абай, енді өз еркінен тыс тағы бір тартысқа киіледі.

Абай тағы жол тандау айрығына тіреледі. Амалсыз тоқтайды, ойланады. Бірі ұсақ-түйектен басталайын деп тұрған ірі жанжалға жоламау да, екіншісі өзін пана көріп келіп тұрған Әбдідей ер жігіттер бастаған жатақтар дауына араласу. Дауды әділдік жолына бұру, жолсызға тоқтау салу. Абай осыны қалайды. "...Тағы да өлең, өнер, тыныш еңбек бәрі қалады ғой, содан қорқам" - деген Шұбар сезіне: "Ой, өйтіп жұрттың көз жасынан тығылып туған өлең қалсын", - дейді Абай. "Ақын болу шарт емес, азамат болу парызың" деген ұстаным осындай тандауларда туған ба деп те қаласың.

Әлдінің әлсізге жасаған зорлығын көре тұра араласпаса, адамдығына сын, араласса, әдеби шығармашылықтан алыстайды. Еркінен тыс тағдырын билеп бара жатқан осы бір тіршілік күйінішіндегі Абай ойларын бейнелеуде М.Әуезов Абайдың қарасөзіндегі ойларды пайдаланады [9-сөз].

"Тағы бір толқын ойда Абай "Кетер ме еді осылардан", "бөгде бір ел-жұрт, дұрыс орта іздеп кетер ме еді?" - деп ойланады да, өз ойына өзі мысқылмен қарады. "Жас шағымда соны етсем еді" деп орыс шағарын, орыс қауымын еске алды. Бірақ жігер мол жас шақта кету түгіл, осы елден артық ел, осыдан артық қызық орта бар дегенді ойлаппын да. Ал енді ше? Енді өмірдің, жастың осылай өзгеруі ме?! Енді барды

жүлқып тастап басқаша дүниеге кіріп, кірісіп кетем деуге мезгілім кеш тартыпты. Бірақ "не кетпей, не алыспай тағы отыра алмайсың" деп шұғыл бір батыл ойға тақады да ішіндегі жақынынан шыққан жауыз топтан кету керек те, ел ішіндегі жақынын - көптен дос табу керек. Осыған жігерім, жүрегім бастау керек. Менің бекініп баруым керек деп ойлады" [5-т., 25-6].

Осындағы өз тобыңнан кету мен көпке бару (әлеуметтік, таптық астар) М.Әуезовтің ресми идеология үшін қосып отырған жайлары. Алайда, ағайын баласы болма, ата баласы болма, адам баласы бол" деген нақылдар Абай шығармаларының мазмұнында ғана емес, қарасөздерінде де кездеседі "Әкенің баласы - адамның дұшпаны. Адамның баласы - бауырың" [37-сөз].

Өзі мен халқы үшін де пайдалы, маңызды істермен айналыса алмай, тіршіліктің ұсақ түйегі мен ағайын арасындағы дау-дамайларға еріксіз араласқан ақын басындағы ауыр ойларды жеткізу барысында да М.Әуезов қарасөздердегі ойларды еркін қолданады, бірнеше сөздердегі ойлар мазмұнын біріктіреді.

Алайда осы сөздер ақынның сезімтал жүрегінің жетегіндегі көңілмен айтылса да, оның жан-дүниесінің мұңы басқа болатын. Ақын қазақы тірліктен туған ортада алаңсыз творчестволық еңбекпен айналысу мүмкін еместігін аңғарғандай... Сонда, бұл тығырықтан шығар жол қайсы? Не істеу керек? Елден кету керек пе? Өмірде Абайдың алдынан талай шыққан осы бір қиын түйіннен туған ойларды бейнелеуде М.Әуезов әдеби-тарихи дерекке - қарасөздерге сүйенеді.

Ішкі монолог үлгісінде берілетін сөздерде Абайдың өз ойлары қолданылады: "...Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді... Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кенестес болмасам керек еді, тобына бармай, "не қалды, не болды?" демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөңдеймін деуге, жөңделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай?... Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде "өттеген-ай, сондай, сондай қызықтарым қалды-ау!" - деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге" [9-сөз. Абай. 2-т., 141-142бб].

М.Әуезов романындағы қолданылған қарасөздер Абай дүниетанымын жан-жақты ашып көрсетеді. Жоғарыдағы пікірді (1885 жылдар шамасы) Қарамолла съезінің маңындағы Абай өмірбаянының мәліметтерімен салыстыра қарағанда бұл ақын басына жауатын жала, арыздардың әлі алды ғана.

М.Әуезов романы жүйесіндегі Абай дүниетанымының қозғалысы, өсіп-жетілуі елден кету туралы ойлардағыдай қабаттасқан арпалысқа әлі ұласа қойған жоқ. Әйтпесе "Қазақты жақсы көру, жек көру, болмаса алаң болмай өлу" туралы ойларға баруға әлі ертерек. Сондықтан да М.Әуезов Абай қарасөздерін шығарма жүйесі мен характер қисынына қатысты сәл өзгерте алады. Атап айтар болсақ, Абай шығармашылық жұмысқа, ойлануға бой бермей, ырықсыз иіріміне алып бара жатқан ортаға наразы. Одан қалай құтылмақ? Елден кету ме? Ақын шынында да осы сұрақтарға таяп тұрған тәрізді.

Соның өзінде де Абайдың елден кетемін деуі тосындау көрінеді. "Абай жолында" бұл ойлардың алғашқы себептері ғана суреттеледі де, оның өзге себептері, ғұламаның елім деп шырылдаған жан дүниесі назардан тыс.

Бұл алғашқы ұшқын, (итмпульс) қана. Кету керек пе деп ойлана қалды да, сабасына түсті. Ойланды - қайтты. Елден кете алмайды екен. Сонда оны бүлдіріп жатқан зорлықшыл топқа не істеуге болады, одан қалай құтылмақ?

Осы ойларының қағазға түсер тұсы - ақын өмірінің соңғы жылдары. Ал М.Әуезов эпопеясындағы уақыт 1880-1885 жылдар. Қарасөздердің мазмұнын, өмірдің, ыстық-суығын көрген үлкен жүректі жанның зар-мұңы, тіпті ашынуы ретінде де қарастыруға болар еді.

М.Әуезов эпопеясындағы Абай монологы - ірі шайқастарға шыға бастаған үлкен жүректі азаматтың тебіренісі. Мұнда Абай елден кетпек емес, өзіне тыныштық бермеген зорлықшыл әлеуметтік топтардан ғана құтылмақ, әділдік іздемек, тыныштық таппақ. Осы жолға өлеңді де қиып келіп тұр. Бірақ шығармашылық жолы мен азаматтық абыройы таразыға түскен кезде Абай қашанда азаматтық жолды таңдайды. Азаматтық, адамгершілікті ақындықтан да жоғары бағалайды. Абай адамгершілік жолындағы арпалыстарда осындай үлкен құрбандықтарға да барған.

Бұл тартыстардың салмағы ойланбаған оқушыға онша ірі деңгейде көрінбеуі мүмкін. Ұсақ-түйек айқастар мен тартыстар ру басылары мен атқамінерлер арасындағы кикілжіңдер тәрізді ғана т.б. Алайда адамдық жолда әділдікті, шындықты аттап кетуге болмайтынын ұлы Абай

осылай дәлелдейді. М.Әуезов осы басты желіні жаңылыспай тауып, шеберлікпен таратып отыр.

Абай маңындағы шәкірттер арасындағы шығармашылыққа қатысты пікірлер үнемі ақиқат туралы толғаныстарға ұласады. Осы дауларды бейнелеу барысында М.Әуезов Абай қарасөздерін мейлінше толық әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қолданады. Қарасөздердің талайында бар ақиқатқа қатысты ойларды оның шәкірттері арқылы айтқызады. Олардың толғаныстарын бейнелейді. Диалогтар мен ішкі сөздерді сәтті қолдану арқылы ақиқат іздеудің азапты жолын көрсетеді.

Мағаш үйінде талқыға түсетін сұрақтар салмағы ауыр. Оның шешімін іздеп отырған Абай шәкірттерінің де рухани қуаты қаншалықты! Сұрақтар төркіні көркем шығармадағы өмір шындығы дегеннен бастап өмірлік, моральдік, этикалық категориялар философиясына дейін ұзайды: "Әуелі осы хақиқат дегеніміз өзі не? Мәңгі бақи һәр заман, һәр ғалым, һәр бір қауымға түгел ортақ айнымай тұратын хақиқат бар ма өзі, жоқ па?! Сол сияқты ғадалет, шафғат, зұлмат деген жайлардың барлығы бар заманға ортақ боп, өзгерместей боп шешілгені бар ма, сірә?!" [5-т., 29-6].

"Абай жолының" үшінші томында Ақылбай, Мағаш, Кәкітай, Дәрмен, Абай арасындағы шындық туралы дауларда қарасөздердегі талай ойлар қолданылады.

"Әуелі шындық дегеннің өзі не? Көпшілік бас шұлғып, құптап жүрген жайды шындық дей-міз бе? Солай деп білсек Кеңгірбайдың жолына шырақ жағып, түнегеннен басқа жоқ".

Жалпы "Хақиқат" деген көптің айтқанын ғана қостаушы болмаса керек. Қайта сол көптің адасқанын ашып, тыңға бастайтын болса керек. Жә, сол хақиқат осы тұста шемінде" [М.Әуезов. 5-т., 29-6].

Осы эпизодта М.Әуезов 23-сөзде айтылатын ойларды сәл еркіндеу қолданады: "Ғылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер білетұғын кісінің керегі жоқ па екен?" [Абай, 2-т., 160-6].

Абай 37-сөзінде: "Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол - көп, ендеше, ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал" [Абай. 2-т., 183].

Абайдың мұсылман діні өзегіндегі түсініксіздеу, күмәнді жайларды ұқпақ болатын талпынысы оның қарасөздерінде, өлеңдерінде анық көрінеді. Соның бірін ғана алар болсақ, "бәрі Алладан болар болса адамның сырқат болуы мен рухани ауру болуы да содан емес пе?". Ойлана келе Абай өзге жауап табады.

Ауруды, кедейлікті т.б. жаратқан Алла, алайда нақты адамды сырқат қылған да, кедейшілікке ұшыратқан да Алла емес. Ол адамның ез басына, өмір жолына қатысты.

Енді осы сұрақтарға М. Әуезовтің "Абай жолындағы" жауаптарға келелік: Әйгерім аулындағы күзгі әңгімелерде М. Әуезов Ақылбай аузына ғаламат сөз салады: "Заман өзгеріп, қағида ауысып отырса да Алланы тану, яғни тағрифолла мәңгі бақи ауыспайды деп білеміз".

Алланы тану - Абайдың ұқпақ болған үлкен мәселесі. Мұндағы сауалдар да осыған тіреліп отыр. Айқындай түссек, әр заманда Алланы тану үздіксіз жалғаспақ. Ислам қағидалары бойынша шындық Алланы танудан басталады. Алланы тану негізгі - Құран-кәрімде - иманда. Осы түйінді сұрақ туралы Абай не айтпақ. Дін философиясы өзегіндегі этикеттер мен қағидалар өзгеріп отырса да Алланы тану өзгермеуге тиіс деген пікірді М. Әуезов Ақылбай аузына салады. Бұл Абай баласының да қаншалықты деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

М. Әуезов осы тұста Абайды нағыз рационалист философ ретінде суреттейді. Орыс оқуы мен мәдениеті арқылы әлемдік ақыл-ой арнасынан сусындаған Абай Құран-Кәрімдегі өзі байқаған қайшылықтарды сынға алады. Онда айтылған космология, өмір туралы ойлардың кейбір философтар еңбегіндегі пікірлерден тайыздығын айтады: "Хақиқаттың шешуі: Жаратушы кім? Ғалам дегеніміз не? Жан не нәрсе? Және адамның хақиқатты білуіндегі керегі не? Осыларға шешу айтса керек. Әлбетте, ең үлкен, ең, дұрыс шешуді Құраннан күтсе керек. Ал дұрыстығына келгенде, осы жайларға Құран беретін жауап, бұрынғы-соңғы ойшылдар айтқан жауаптардан кем соққаны қалай?". Бұл ойлардың төркінін қарасөздерден және өлеңдерінен табуға болады [М. Әуезов. 5 т., 36].

Абай Құрандағы кейбір пікірлер негізіне ғана күмән келтіретіндей.

Ал шындық, хақиқат, исламиятта Құранда жазылған. Ал оны оқып отырсаң шындық болмаса т.б.мәселелер туралы ақылға сыймайтын аңыздарды жазады. Ал жаратушы, тән т.б. туралы арғы, бергі ойшылдар айтқан ойлардан әлсіз пікірлер айтады, - дейді. Бұл арада Абайдың Құранды да талғаммен, таразыдай зейін қоя оқығанын аңғартады.

Абайдың 28, 38 қарасөздерінде мұндай ойлар жиі қайталаанады. Ақын еңбегіндегі шындық туралы сұраққа Абай: "Шындық әр заман емес, тіпті бір заманның әр қауымның өзінде де әр алуан танылады. Сондықтан заман мінезіндегі шындығын ашып, сынап айтыңыз" деп жауап береді. [5-т., 37].

Эпопеяның төртінші томындағы Абай - ұсақ-түйек тартыстан бастап ел ішіндегі дау-жанжалдарға билік айтып, ел басқару ісінде патша үкіметі чиновниктері санасатын үлкен тұлға. XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамдық, санасының үлкен орталығы Семей қаласындағы ірі уақиғаларға, халықтық, елдік мәселелерге араласады. Қоғамдық санадағы ірі күштермен, оның басты өкілдерімен тартысқа түседі.

М. Әуезов том соңында Абайдың дін туралы ойларын, көзқарасын заман ахуалына орай өзгертіп те жібереді.

Жазушы бұл тақырыпты Абайдың дін фанатигі болмағанын суреттеуден бастайды. Семей қаласындағы 1892 жылғы оба індеті кезінде ол Сармолла арқылы халықты жаназаға, қаза болған адам шыққан жерге көп жиналмауға шақырады. Бір қарағанда Абай мұсылман діні рәсімі бойынша "өлік шығаруға" өзге пікір айтып, қаладағы дін басыларға қарсы күресіп жүрген тәрізді. Алайда М. Әуезов суреттеуінде ол жаназаға, т.б. діни рәсімдерге қарсы келіп отырған жоқ. Абай нақты жағдайға байланысты жұрт көп жиылған жерден дерт жұқтырудың мүмкіндігінің молдығын ғана айтып отыр.

Сол тәрізді М. Әуезов суреттеуінде қари-имам, қариялар Абайды дін негіздеріне соқтықты, күпір сөз айтты деп шошынып жүрген жоқ, олар адам өліміне байланысты қалтаға түсетін қаржы, қораға кіретін мал-пайдадан қағылдық деп өшігіп жүрген тәрізді.

Абай сөздерін жұртқа жеткізген Сармолла да "өзіндік ішкі есебімен" әрекет жасайды: "Олар бұған не істемеген? Жетекке ергіш қарт ишан, имам болса осылардан, Шәріпжан халфеден ары аспайды. Сонымен бәрі бірігіп, Сармолланы бірде бір жаназаға, фидия, хатімге шақыртпауға тырысады. Ол былай тұрсын, соңғы бір жарым жыл бойында хазірет пен осы мәзін, қари, халфелер махалла байларының мешіт-медресеге жіберген зекет малынан, хайыр-уәзифасынан да құр қалдырып келеді. Ал, анық ғұламалыққа келсе, Сармолла бер жақ қана емес, ар жақтағы мешіттің де имам, халфелерінен өзін артық молла санайды. Өйткені бұл "Бұхарай шәріфте", "Мирғарап" медресесінде оқыған. Кейін Қазан шәһәрінде, Мысырдан жиырма жыл оқып қайтқан, соңғы ұстазынан "Шарх Ғабдолланы" да оқып, ғылым тамам еткен. Сондай Сармолланы бұның өз ойынша осы махалланың имамы ету керек еді...

Үйге келген соң да Сармолла өзінің өш-кастарына зақым келтіргенін сүйсініп ойлады. Сан рет жымия түсіп, қабағын жыбырлатып қояды" [М.Әуезов. 6-т., 30-31].

М. Әуезов Сармолланы ондай-мұндай ұсақ мінез-құлқымен бірге, дін негіздерін біршама оқыған, оған қосымша шығыс ақындарын жақсы білетін адам ретінде бейнелейді. Оның жинаған көптеген кітаптарын Абай ұнатушы еді деп суреттейді. Абай Сармолланың өзге имам, хазіреттерден, қарилерден дүниеге көзқарасын кеңірек көретін. Сондықтан да індет кезіндегі маңызды істі - жұқпалы аурудан сақтануды елге түсіндіруді соған сеніп тапсырады. Әуелі Сармолла арқылы, кейін өзі де араласып халық арасына барып үгіт айтуы осыған мегзейді.

Жөн сөзді тыңдамаған көпшіліктің әрекетін баяндау барысында қала аралап ақыл айтатын, сөз тыңдайтын адам таба алмай жүрген Абай ойларын суреттеуде М. Әуезов қарасөздерге (8 сөз) барады.

Абайдың дін туралы көзқарастары оның қарасөздерінде егжей-тегжейлі айтылатыны белгілі. М. Әуезов те қарасөздерді осы бағытта пайдаланумен қатар, олардың кейбірінің дүниеге келу, жазылу әуендеріне дейін суреттеп байқайды. Мәселен, жоғарыдағы үгіт кезінде Абай сөзіндегі: "Ауруды жаратқан Алла, ауыртқан Алла емес" деген ұғымды түсіндіреді. Қараңыз: "...әр пәлекетті жаңа хазірет айтқандай, қадір алла өзі жіберетіні рас. Және де сонымен бірге күдірет иеміздің әр пәле пәлекеттен Мұхаммет үмметін сақтармын, күтқарамын дегені де бар. Сүре "Ясин", өздеріңіз білесіз, алхамду лиллахи, бұған куә. Хатта пәледен сақтармын және сақтансаң сақтармын деген. Сол себепті тәңір Ием әр дертін жіберумен бірге шипасын да жаратқан. Оның үшін, ей, жамағат, сіздің өз қамыңыз үшін, осындай хал-ахуалымыз апатта тұрғанда мен бір мәслихат айтамын" [6-т., 33] -

Абай мен Сармолланың әрекеті қала халқының көңілінен шығады. Алайда, дін негізіне бағытталған қарсылық, күнә ретінде айтыла бастайды. Осы мақсаттарына орай олар дін фанатиктеріне "пәледен құтылу үшін халық қандай да болса құрбандыққа шыдау керек" дегенді уағыздап Сармолланы "құрбандыққа" ұшыратады. Әрі осы қылмыстың соңына түскен патша мекемелеріне де түрлі әдіс-тәсілдер арқылы әсер етеді. Бұл істі солардың сөзімен былай береді: "Сармолланы магометан шарихаты бойынша дін тұтқан халық дұрыс құрбан еткен. Соның шипа болғанын міне енді көрдіңіздер".

Романдағы Сармолла қазасына қатысты уақиғалар тұсында Абайдың жан-дүниесінде үлкен өзгерістер өтеді. Ол енді қазақ даласында тарыдай шашылған ауылдардағы молдалар надандығын, ашкөздігін ғана емес, дін ұясы, ордасына айналған үлкен мешіт маңына

топтасқан үлкенді-кішілі оқуы, қызметі бар дін иелеріне де өзге көзқараспен қарайды.

М. Әуезов осы уақиға кезінде Абайдың дін иелеріне деген көзқарасының өзгеруін ой, толғаныстарын баяндау арқылы шебер, жүйелі түрде бейнелейді. "...Қала халқының ұстазы деп жүрген имам, хазірет, молла, қожаларды өте жақыннан көрді. Бәрінің шек қарындарына шейін тығып жүргендерін анықтап танып білді де қатты жиреніп шықты. Өмірде аса бір былғаныш, қараңғы лас жерде жыбырлап, құжынаған соқыр құрттар әрекетін көргендей. Шірудің, тозудың тірлікке қарсы алысушы құрттары. Тек қана ішудің, сіміре семірудің құлдары. Амалсыздық, айласыздық, діңкені құртқан тәрізді. Қырдағы сорақы жыртқыштық бір алуан болса, қаланы қаптаған қараңғы надандық, қыңыр дүлей зорлық күштің меңіреулігі де өзгеше" [М.Әуезов. 6-т., 86-87].

"Молдадар былай тұрсын, хусуән бұл заманның ишандарынан да бек сақ болыңыз. Олар фитнә - ғалым, өздерін аһли тариқат біліп, басқаларды жеткізбек, дағуасын істейді. Олардың барлық қуаты басындағы сәлдесі, қолындағы тасбиғы. Одан басқа түк те жоқ. Наданның наданы, зорлықшыл жыртқышы, топасы солардың өзі" [Сонда 87 б].

Абай дүниетанымындағы осындай бір өзгерісті ұлы гуманистің 38-сөзінен оқимыз: "Молдалар тұра тұрсын, хұсусан бұл заманның ишандарына бек сақ болыңдар. Олар - фитнә ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хукім шарифатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін әһіл тарихат біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал, бұлар адам аздырушылар, хаттә дінге де зарары дүр. Бұлардың сүйенгені - надандар, сөйлегені - жалған, дәлелдері тасбиғы менен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ" [Абай. 2-т., 205].

Абай бұл сөздерді жазғанда өзі бір кездері зор санайтын дін иелерімен қақтығыс, тартыс үстінде туған ойларын, байқағандарын, ызасын пайдаланып отыр.

Жоғарыда үзіндіде келтіргеніміздей дінбасыларға байланысты осындай ойларға Абай Семей мешіт, медреселеріндегі имам, хазірет, қарилармен түрлі жағдайлардағы, кездесу, әңгіме, пікір таласы, дау-дамайлар кезінде келген. Өйткені ауыл арасындағы дүмшелерге қатысты Абай бұлай толқып, тебіренбес те еді.

М. Әуезовтің "Абай жолы" эпопеясында бұл өзгерістер белгілі жүйеде қолданылады. Сондықтан да олар табиғи, көркем көрініс тапқан.

Мысалға Мәкен мен Дәрмен дауы тұсында, олардың бас бостандығын алып беру үшін кү-

рескен Абайға Семей қаласындағы мұсылмандар атынан ата-баба, шарифат жолын айта келген Юнусбек қалфе мен олардың арасындағы диалогта осы мәселе көрсетіледі: "Абай мырза, мұсылман қауымның қай заманда, қай мекенде болса да, тетігі мен тиегі иманы еді. Халық-надан, заман-иман, ынсаптың азған заманы. Сіздей қауым, халық ұстазы болатын адам ислам жолынан закон жолын, яғни діні жат қауымның жолын артық санаса, сіздің соңыңызға ерген қауым мен нәсілдерде қандай иман, еғтиқат қалады? Қандай қылмыс алдында ұждан, инсаф таразысы болады? Біз сізден сол мұсылманшылық иманы үшін, осы іс уақытында езгеше ойлануды күткен едік! Бізді сізге жіберген ишан мен хазіреттер..." - деді [М. Әуезов. 6-т., 139-140].

Олар жастардың бас бостандығын орыс заңдарына иек арта қорғап отырған Абайды күнәлайды. Ата-баба салтын алға тарта, Абайдан соны қорғауды талап етеді.

Бұған Абай жауабында М. Әуезов қарасөздерде айтылған ойларды пайдаланады: "Екі түрлі иман бар еді, - яқини иман, тақлиди иман. Жұртқа сол иман атымен өсиет, хукім айтпақ боласыздар. Осы отырған екеуіне мен не дейін?! Яқини иманы бар деуге сіздерде ғылым жоқ, тақлиди иманы бар деуге әуелі өздеріңізде беріктік жоқ, яғни, я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаңызға қарай дархал осы сағаттың өзінде "ақты - қара" деуге, "қараны - ақ" деуге, "өтірікті - шын" деуге әзірсіздер. Сол терістіктердің бәріне ант етуге әзір отырған сіздерді не дейміз? Жоқ бүгін мынандай дау мен пәлешығып тұрған шақта "қылыш үстінде серт тұрмайды" десеніздер, "құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ," десеніздер, сіздерден не күтейік. Патша әкіміне кіргенде тағзым ете жалынасыз, жалған айтасыз" [М.Әуезов. 6-т., 142 б].

Енді осы жолдарға негіз болған Абай қарасөздерін қаралық: "Әуел не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлан дәлел жүргізерлік болып ақылы дәлел сипат қыларға жараса, мұны яқини иман десек керек. Екінші - кітаптан оқу бірлән, яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсе-сіне соншалық беріктік керек. Біреу өлті-ремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс керсетсе де, соған айнып көңілі қозғалмастай беріктік керек. Бұл иманды иман таклиди дейміз" [Абай 13-сөз].

"Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен. Яқини иманы бар деуге ғылымы жоқ, таклиди иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаланғанға қарап, ақты қара деп, я қараны ақ деп, я өтірікті шын деп

ант ететұғын кісіні не дейміз? Құдай тағала өзі сақтасын" [Абай. 2-т., 147-148 бб].

Абай қарасөздерінің біразында дін, имандылық тақырыбы негізгі арнаға айналады. Мысалы, 12, 13, 16, 27, 28, 34, 35, 36, 38, 43 - сөздер. Өзге сөздерде де бұл бағыттағы ойлар кездесіп отырады. Абайдың бұл тақырыпқа жйі оралып отыруының бір себебі қазақ қоғамдық санасына тікелей қатысы бар жаңағыдай тартыстарға байланысты болса керек.

Әбіш екеуі арасындағы диалогте:

- "Жаңағы иман яқини, иман тақлиди, қазақ баласының тілін сындыратын сөздер, сол себептен келіп жатыр екен ғой [қарасөздер адресаттары бар. З.Қ-] Бірақ бұл олармен жүз көрісіп дауласқан жерде жаңағыдай тұста айтылса да, өзіңіз жазған сезге, еңбекте аз көрінетін шығар, солай емес пе?

- Ол кейде менің жазатын сөзім мен жырыма да кіреді.

-Сіздің тыңдаушы, оқушыңыз көпшілік түсінбейді ғой.

-Олардың керегіне түсінер, бірақ мен бүгін өзім жағаласып отырған мынау топқа айтар сөзімді бұлардың өзінің тілімен айтпасам болмайды..." [М.Әуезов. 2-т].

М.Әуезов осы диалогте қарасөздерге қатысты аса қажетті бір ойды сырғыта айтып, астарлатып береді. Ол қарасөздердің Абайдың өзге де шығармаларына [діни лексика мен мазмұнның] енетіні және оның тек қана діншілдерге арнал-мағаны.

- "Олар керегіне түсінер..." - деген жолдарда қарасөздердің Абай үшін қажеті мен мәні бірден байқалады. Әрине ондағы тіл мен көркемдік жүйенің мүлде басқалығы белгілі.

* * *

Ө.Әбдиманұлы

АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Алаш зиялылары танымындағы Абай. Алаш зиялылары - Абайтанудың бастамашылары. А.Байтұрсынов және Абай. Кәкітай Абайдың ақындық лабораториясы туралы. М.Дулатов, Н.Құлжанова, Ә.Бөкейханов Абай туралы. XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясындағы Абай дәстүрі. Абай шәкірттері. Абай және Шәкәрім. Тірек сөздер. Алаш, абайтану, Байтұрсынов, Кәкітай, Шәкәрім, Мағжан.

О.Абдиманұлы

АБАЙ И АЛАШ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Абай в понятии интелегентов Алаша. Интелегенты Алаша – инициаторы Абаеведения. Абай и А.Байтұрсынов. Какитай о поэтической лаборатории Абая. М.Дулатов, Н.Кулжанов, А.Бокейханов о Абае. Традиция Абая в казахской поэзии в начале XX века. Последователи Абая. Абай и Шакарим. Ключевые слова: Алаш, абаеведение, Байтұрсынов, Какитай, Шакарим, Мағжан.

O.Abdimanuly

ABAI AND ALASH

Abstract. The issues dealt in this article Abai in the concept of of Alash intellects. Alash intelects – starting of Abai study. Abai and A.Baitursynov. Kakitay on Abai's poetic laboratory. M., Dulatov N. Kulzhanov, A. Bokeyhanov about Abai. Abai's tradition in kazakh poetry in the early twentieth century. of Abai. Followers of Abai and Shakarim.

Keywords: Alash, Abay studies, Baitursynov, Kakitay, Shakarim, Magzhan.

Қай халықтың болмасын белгілі бір тарихи кезеңде өнері мен әдебиеті, яғни бүкіл мәдени болмысы өзгеше бір биікке көтеріліп, кейінгі өрлеу мен дамуға кең жол ашары сөзсіз. Ендеше біздің қазақ халқының тарихында да сондай кезеңдердің бар екендігі шындық. Қазақ халқының руханияттық дамуында осындай толағай өзгерістер мен ерекше серпілістердің көзге айрықша шалынар сәті - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы.

Қос ғасырдың тоғысар тұсында «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп» екі жаққа үңілген ұлы Абай, халықты өркениеттің өріне алып шығар амалды тапты. Ол ғылым мен білім, өнер үйрену жолы еді. Замананың тұрпатын, ұлт тұрмысының кемшілікті тұстарын Абайдай көре білген, ұлы ақындай таныған жан кемде-кем. Абай жасампаздығының мәңгілігі мен өнерінің өрістілігі осында жатса керек. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Абай феномені –

қазақ ұлтының өркениеттік болмысындағы орны айтып болмас ұлы құбылыс!

Алаш зиялылары танымындағы Абай

Әрине, Абай ұлылығын, шығармашылық тұлға ретіндегі болмысын тап басып тануға біраз уақыт қажет болды. Ал абайтануды алғаш жүзеге асырғандар – XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары. Олар өздері міндет етіп алған ұлт үшін атқарылар ұланғайыр істердің бастау көзі ұлы Абайды тану мен танытуда деп біліп, ең алдымен, сол ұлы ұстаздың ұлылық қасиетін ардақтауға ұмтылды. Абайды өздері ғана қадір тұтып қоймай, оның ұлт абызы ретіндегі кемеңгерлік тұлғасын өздері айтпақшы «жұртқа», яғни көпке танытуды мақсат тұтты.

Қазақ зиялылары ә, дегенде-ақ, Абай туралы туралы келелі ойларын сол кездегі түрлі басылымдарда жариялай бастады. Оның ішіндегі елді елең еткізер, оқушылары тұшынып оқыр, рухани азығы молы да, кеңге қанат жайғаны да, әрине, «Қазақ» газеті болды. «Қазақ» халыққа қызмет көрсетуге жарарлық, халықтың көкейкесті ой-арманын көрсете алатын материалдарды ғана жариялап, озық үлгідегі дүниелерге ғана орын берді. Және әрбір жарияланымдағы ұлттық сипаттың айқындылығына көңіл бөлді. Соның бірі қазақ зиялыларының әдебиетке, әдеби тұлғаларға қатысты пікірлері. Ал, енді газеттегі әдебиетке қатысты мақалардың негізгі авторлары А.Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов екендігі тағы шындық.

Алаш ардақтаған басылым өзінің алғашқы сандарының бірінде «Қазақ тарихы» деген мақала жариялап, онда мынадай ой айтылды: «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ, осы ғасырдың ғылыми жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің әдет-ғұрыпқа сай «қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан «қазақ әдебиетін» тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы» [1]. Бұдан біз газеттің негізгі мақсаттарының бірі қазақ әдебиетін өркендету болған айқын аңғарамыз.

Қазақ әдебиетінің сол дәуірдегі шығармашылық мәселелерін мүмкін қадарынша сарапқа салып, жұрттың эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруға алғаш қадам жасаған «Айқап» журналы болса, оның артынша «Қазақ» бұл істі жандандыра түсіп, оны биік деңгейге көтере алды.

Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақ» әдебиетіміздің озық үлгілерін насихаттауда ерекше қызмет атқарды. Кемел ой мен келісті сыр тоғысқан, сұлу сезім мен мұңлы шер шарпысқан көрікті де көркем жырдың шебері Абай шығар-

маларына айырықша назар аударуы осының бір айғағы. Әрине, газеттегі қайбір мәселе болмасын іргелі ойға қозғау салушы – бас жазушы Ахмет Байтұрсынов екендігі белгілі. Соның ең үлкен мысалы Абай сияқты ұлы тұлғаны кеңінен насихаттап, оның шығармашылығына айрықша назар аударып, терең талдау жасап, әділ бағасын беруге көшбасшы болуы.

Қазақ сөз өнерінің «патшасы» Абай арқылы қазақ әдебиетінің өткені мен бүгіні жайлы сөз қозғап, өлең сөздің қадір-қасиеті жайлы толғаулы ой қозғаған алғашқы мақала Ахмет Байтұрсынов қаламынан шықты. Абай туралы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 39-41– сандарында газет редакторы Ахмет Байтұрсыновтың «А. Б.» деп қол қойған «Қазақтың бас ақыны» атты көлемді мақаласы жарияланды. Мұнда қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев туралы алғаш тереңнен тартып ой айтылған. Абай өлеңінің асыл қасиетін терең түсінген, өлең өнерінің озығы екеніне көз жеткізген А.Байтұрсынов: «Одан асқан бұрынғы-сонды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деген тың да түйінді тұжырым жасайды.

Жалпы Ахмет Байтұрсыновтың өзі басқарып отырған газетінің бетінде жарияланған өлеңдерден Абай үлгісін көргісі келетіні, ақындардан сол деңгейдегі талап-талпынысты танығысы, оларды сол бағытта баптап, тәрбиелеуді мақсат тұтатыны анық сезіледі.

Ахметтің Абай шығармаларын өте жоғары қоятыны әуелден-ақ, әр кезде, әр жағдайда жарияланып жүрген түрлі мақала, жазбаларынан белгі беріп қалатын. Ал мына мақала сол бір Абай жайлы толғамды ойларының түгел күйде жарыққа шығып, оның өз талап-тілегінің негізсіз еместігін дәлелдей алғанының нақты көрінісі еді.

Автор өз мақаласында бүгінгі зерттеушілеріміз көтеріп жүрген көптеген өзекті мәселелерді тілге тиек еткен. Ол Абай шығармаларының тілінің ауырлығы, мазмұнының қабылдауға қиын екендігін айтар ойға азық етіп, оны шеберлік қыры ретінде көрсете алған. «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойлап дағдыланған адамдар болмаса, біреу баяндап үқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас», - деген жолдар жоғарыдағы сөзімізге нақты дәлел бола алады.

Автор мақаласында өзі пір тұтып, талантын, дарындылық қасиетін ерекше бағалаған Абай ақынды сол заманның ақындарынан даралап көрсетеді, оның артық екенін дәлелдейді. Жалпы Ахмет Байтұрсынов қалың жұртқа Абайды таныстыру мақсатында оның шығармаларын газет бетіне жиі жариялап тұрған. Ол «Қазақ» газетін екінші Абай мектебіне айналдырды. Ахмет айналасындағы алаш зиялылары өздерінің шығармалары арқылы Абай дәстүрін әрі қарай жалғастырды.

Абайды әр қырынан ашуға тырысқан мағыналы мақалада мынадай жолдар бар: «Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл тақтан орын берген. Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қандай, оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді таңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөздерінде көрсетілген» [2]. Мұндағы Ахметтің айтпағы Абай ақынның сыншылық көзқарасының өткірлігі мен нағыз ақынға қажетті де керекті шеберлікті толық игерген жасампаздық тұлға екендігі.

Замана ауыртпалығын, елдің басына түскен зорлық-зомбылықты терең сезініп, жүрегімен түсініп, жырлай білген Абайды «Қазақ» газетінің авторлары пір тұтқан, ұлы ұстаз тұтқан.

Ахмет Байтұрсынов аталмыш мақаласында Абай өлеңдерін қабылдау қиынға соғатындығын айта келіп, «...Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас, бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік» [2], - деп бір түйіп алады. Сөйтіп, Абай сөзін ұғынудың қиындығы Абай поэзиясының жадағай жылтыр сөзден құралмай, ойлы, мағынасы тереңде жатқан сөз жүйесі болғандықтан деп біледі. Одан әрі осының бір мысалына Абайдың «Көк тұман алдындағы келер заман», - деп басталатын өлеңін алады.

Көк тұман алдындағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған, -

деп басталатын өлеңді «оқушылар түсінбесе, ол

Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді», - дейді автор. Яғни, Ахмет пайымдауынша оқырманның Абай сөздерін түсінбеуінің басты себебі, ақынның өз заманындағы талғам-танымнан озық кетіп, сол тұстағы оқырман деңгейінен ой асырып тұрғандығынан.

Асыл сөздің әрі мен нәрін тап басып танитын сөз өнерінің білгірі: «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абай сөзінде ғана емес, өзінде де болған» [2], - дейді. Сөйтіп Ахмет Абайдың өскен ортасына, тәлім-тәрбиесіне, өмір жолына көз жіберіп, осылардан қалыптасар адамдық болмысына ой тастап, одан туындаған пікірлерін ортаға салады.

Жалпы, Абайды күллі қазақ даласына, ел-жұртқа таныстыруда, оның шығармаларын жариялап, өнегелі де ғибратты сөздерін қазақ оқырмандарына жеткізуде «Қазақ» газетінің және оны шығарушылардың еңбегі орасан зор.

1903 жылы Абай сөздерімен алғаш танысқан Ахмет қызыға да тұщына оқи келе, құдіретті сөз иесінің кемеңгерлік болмысын байқап, байыптап, сөз асылының қыр-сырына әбден қаныққан соң, Абай өлеңдері тебіrentкен тұнық сезім мен тың ойларын оқырманмен бөлісуді қалайды. Абайдың әрқайсысы дәуір жүгін арқалаған сөз құдіретінің құпиясына үніліп, Абай әлемінің әсемдік сырын ашуға ұмтылады.

«Әрбір сөзі оқырманға сын» Абай ақындығының өзгелерден оқ бойы озықтығы оның өмірден түйгені мол көрегендігімен қатар, терең білімпаздығынан деп таныған Ахмет, Абай білімінің құнары европалық ғылым-білімде деп есептейді. Абай білімінің негізі жайлы жаза келе: «Михайэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен бәлки кетер еді, қандай асыл, қандай мағыналы, қандай терең сөздер жерге көмілер еді. Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ» [2], - деген ой түйеді.

Сонымен бірге Ахмет осы мақаласында ақын шеберлігінің сыры неде деген сұраққа жауап іздестіреді. «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, дәмді, орынды болуына сыншылық керек, мағыналы, маңызды, болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған». Міне, Ахмет тапқан Абай шеберлігінің сыры осыларда жатыр. Жалпы ақынға, өнерпазға тән қасиеттің бәрі бойына жинақталған Абай ақындығының табысы да, табиғи ерекшелігі де әлгі Ахаң айтқан үш нәрседен қуат алады, «сондықтан да өлеңі қай тарапынан болса да толық».

Ахмет мақаласында Абай шығармашылық тұлға ретінде толық болмысымен көрінді. Ол Абай поэзиясының төл ерекшеліктерін нақты мысалдар, өлеңдерінде өрілген көркемдік белгілер арқылы ашып көрсете алды. Сондықтан да бұл мақала қазақ көркемсөз танымының алғашқы ірі қадамы болып саналады. Өйткені қазақ сөз өнерінде жеке ақын шығармашылығына эстетикалық талдау жасап, биік көркемдік талғамнан өткізу – онша жиі кездесе бермеген құбылыс. Қазақ әдебиетіндегі осынау сүрлеуді алғаш А. Байтұрсынов салып, әдеби шығарманы көркемдік-эстетикалық тұрғыдан тануға жол ашқаны қазақ әдебиеттану ілімінің қалыптасуына айрықша ықпал еткендігін жоққа шығара алмаймыз.

Әрине, Ахметке дейін де баспасөз бетінде, кейбір жинақтарда Абай туралы пікірлер жарияланып тұрды. Абай ақындығына баспасөзде [«Дала уалаяты», 1889, I. 48] алғаш баға берген Мәшһүр Жүсіп Көпеев. 1909 жылы Абайдың Петербургта шыққан өлеңдер жинағына Кәкітай Ысқақов «Абай (Ибрахим) Құнанбай ұлының өмірі» атты алғы сөз жазды. Кәкітай мұнда Абайдың ата-бабасы, өскен ортасы туралы алғаш рет толымды мәлімет береді. Және әкесі Құнанбай данышпандығы туралы қысқаша айтып өтеді. Оның Абайды тану үшін ақынның өскен ортасын білудің мәні зор екенін жақсы сезінгендігі көрінеді.

Кәкітай сонымен бірге өз мақаласында Абайдың ұлылыққа тән өзгеше мінезін, ақындық лабораториясын танытуға айрықша көңіл бөледі. Бұл туралы Ол: «Абай өзі өлеңінің өнер екенін біліп жаза бастаған соң бұрынғы надандықпен өлеңді өнер орнына жұмсамағандарды» қатты сынға алғанын ашық айтады. Әсіресе, оның өзіндік әдеби мектеп қалыптастырғанын баса көрсетеді. Бұл туралы Кәкітай былай деп жазады: «Абай жазған өлеңдерінен басқа, әншейін отырғанда көбінесе өзінің қызықты көріп, көңілі рахат болатұғыны: сөзі ұғар бала-шағасы уа ғайри жаңа талап, байыпты жас жігіттер ортасында өзге ел сөзі, шаруа сөзі сөйленбей, өзінің білгенін сезгенін айтып, адамның адамшылығы қандай мінезбен түзеледі, қандай қылықпен бұзылады, ғылымды қалай іздеуге болады, өмірді қалай кешірсе жөн болады, бұрын қандай ғалымдар өткен, олардың артықша айтқан сөздері қандай, әйтеуір нетүрлі нәсихатын болсын жастарға ғибрат болып, адамшылығы түзелер деген сөзді айтып отырудан қанша уақыт болса да еш жалықпай, ынталы көңілмен бек рахаттанып айтып, ұқтырып отырушы еді». Бұл Абай ортасының өзіндік сырын ашқан шындық сөз. Кәкітай сонымен бірге Абай ақындығы тәлім алған

бастау бұлақтарға да жөн сілтеп, ол оқыған орыс-батыс ақындарының, орыс-батыс ғалымдарының атын атап, түсін түстеп те кетеді. Бұл дерегі мол тарихи мәні зор нақты мәліметтер болып табылады. Абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханов: «Абайды танудың басы төңкерістен бұрын басталғанын және оны бірінші бастаған Кәкітай болғанын көреміз» [3,81], деп Кәкітай еңбегін қатты бағалайды. Шындығында, осы «Алғы сөз» Абайды қазақ оқырмандарына алғаш кеңінен таныстырған сөз еді.

Ал орыс оқырмандарына Абай есімі бұдан сәл ертерек танылды. Абай өмірі мен творчествосының білгірі Қайым Мұхамедханов: «Абайдың көзі тірісінде, оны орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам – Әлихан Бөкейханов» екенін айтады. «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көп томдық кітаптың 1903 жылы «Киргизский край» деген 18-томы жарық көрді. Оның авторларының бірі Әлихан Бөкейханов «Абайға ерекше тоқтап, қазақ жазба әдебиетінің көшбасшысы» атаған», - дейді.

1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде, 1907 жылы басылып шыққан «Записки Семипалатинского Подотдела, Западно - Сибирского отдела Императорского Русского географического Общества» деп аталатын кітапта Абай өмірбаяны басылып шыққан, авторы Ә. Бөкейханов.

Абай туралы және бір мақала 1908 жылы татар тіліндегі «Уақыт» газетінің 393-шы санында жарияланды. Мақала авторы Міржақып Дулатов болатын.

Жоғарыдағы мақалалардың қай-қайсысы да өз кезегінде Абай ақындығын тануда біршама қызмет атқарғаны талассыз. Солай дей тұрғанмен де, бұл мақалаларда тарихи өмірбаяндық сипаттың бел алып жатқандығын байқау қиын емес. Оларда Абай ақындығының ерекшелігі, оның қазақ поэзиясын дамытудағы атқарар қызметі там-тұмдап сөз болғанмен де терең зерттеліп, кеңінен толғап пікір айтылған жоқ. Ендеше, шынайы әдеби талдаудан өтіп, зерделі ой, зейінді талғаммен Абай ақындығына ғылыми тұрғыдағы алғашқы әділ баға А. Байтұрсынов мақаласында берілді.

«Қазақ» газетінде жарияланған Абай туралы дерегі бар мақала авторларының бірі – Нәзипа Құлжанова. Ол 1887 жылы Торғайда дүниеге келген. Педагог, мәдени қайраткер, журналист, аудармашы болған. Нәзипа Қостанай қаласындағы орыс-қазақ әйелдер гимназиясын бітірген. Ол «Қазақ» газетіне оқу-ағарту, мәдениет мәселесі туралы мақалалар жазып, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің бағдарламасы туралы

пікірлерін жариялап, белсенді арласып жүрген. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 101-санында «Нәзіпа» деп қол қойып, «Бір керек жұмыс» деген мақаласын жариялаған. Мақалада қазақ жерінде әдебиет кештер және басқа да түрлі ойындар өткізу турасы сөз болады. 13 ақпанда Семей жерінде өткен әдебиет кеші және сол кештің рухани тірегіне айналған Абай туралы ой қозғалады.

Мақаладан біз автордың көксегені халқының рухани баюы, білімді ел қатарына қосылуы екенін байқаймыз. «Басқа жоғары мәдениетті елдерге еліктеп біз де мәдени-әдеби кеш, жиындарды жиі ұйымдастырып тұрсақ деген ниет» деген жолдар осының айғағы. Мақаланың өн бойынан сол кезеңдегі өнер-білімге жақын, жалпы, қолына қалам ұстаған кез-келген азаматтың цензурадан көздерін аша алмай, айтарын айта алмай қиналғанын байқаймыз. Нәзіпа Құлжанова оқырмандарға «сендер тек сол жоспарыма қосылыңдар, бірігіп жұмыс істесек алға басамыз» деген ой тастайды.

Газет Абай тұлғасына қатысы бар біраз мақалалар жариялаған. Солардың бірі - газеттің 1915 жылғы №10-санында «Қыр баласы» деп қол қойылған «Жаңа кітаптар» атты мақала. Мақаланың авторы – Әлихан Бөкейханов. Мұнда ол соңғы шыққан кітаптармен таныстырады. Таныстырып қана қоймай, олардың мазмұнын түсіндіреді, кітаптың авторы туралы бірер деректер беріп кетеді. Кітаптың жазылу жайы туралы да құнды ойлар айтады.

«Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического Общества. Выпуск VIII, 1942 г. Цена 1 руб.», - деп басталатын мақалада автор бұл кітаптың ұлы Абайдың ұстазы - Евгений Петрович Михаэлиске арналып жазылғандығы туралы айтады. «Бұл кітапта, – дейді Әлихан Бөкейханұлы, - Абай Михаэлиске айтқан көп сөзі болуға лайық. Михаэлис тәржіма хәлін жазған Г.Б. «Қырда жоғалатын қазақ алтыны Абайды тапқан Михаэлис». Шыныменен, егер Михаэлиспен Абай өмірде кедеспесе Абай өз бойындағы бүкіл қабілет-дарынын аша алар ма еді. Оны осындай дәредеге жеткізіп отырған, нағыз «Абай» қылған – Шығыс және Батыс мәдениетін, әдебиетін, ғылымын жете танып-білуі. Ал оны осы жолға түсірген – Михаэлис».

Михаэлистің хаттары мен әртүрлі тақырыптарда жазылған мақалалары топтастырылып берілген бұл кітаптың қазақ жұртына берері мол екендігіне Әлихан Бөкейханұлы баса назар аударады. Ол мақалалардың барлығында қазақ жері, суы, жануары, Тарбағатай, Алтай тауларының табиғи ерекшеліктері туралы

жазылғандығы, бұл деректердің келешек ұрпаққа да қалатын мол әрі құнды дүниелер екендігін көрсетеді.

Уай, қаным, сен денеде аз күн қонақ,
Заман жоқ көп тұруға, өмір шолақ.
Жас мезгіл екі айналмас, мойынын бүрмас,
Жұмыс ет, оқтай зырлап, қардай борап, -

деген өлең жолдарымен аяқталған бұл мақалада өмірдің өткінші екенін, «аз ғұмырында оқу оқып, білім біл, еңбектен» деген ой меңзелген. Сол арқылы өсіп келе жатқан жастарды еңбексүйгіштікке, ғылым-білім жолына түсуге үгіттеу мақсаты білінеді. Жалпы, Әлихан Бөкейханұлының газет бетінде шыққан мақалалары немесе жасаған баяндамалары мен жазған дүниелерінің мазмұнына үңілсек, басым көпшілігі танымдық тұрғыда жазылған.

Абай творчествосын тану мен танытуда өзіндік орны бар мақаланың бірі – Міржақыптың «Абай» атты мақаласы. Ұлы Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толғанына орай жазылған бұл мақаланың мынадай басты құндылықтары бар. Бірінші – Абай ақындығын, Абай мұрасын, Абайдың ұлылығын ұғынудың алғашқы соқпағын салушылардың еңбегін көрсетіп, зерттеушілер есімін нақты атаумен бағалы. Қашанда әділдік жақтаушысы, өзгенің еңбегін бағалауда тура жолдан таймайтын Міржақып осы мақаласында Абайды алғаш елге танытушы Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов екендігін айтып, оларды тұңғыш Абайтану-шылар ретінде бағалайды. Абай шығар-машылығы туралы түйіндеулерінде әдебиеттің халық өміріндегі орны жайында айтқан Ахметтің қадау-қадау пікірлерін дамыта отырып, «Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны әдебиет. Жансыз тән жасамақ емес», - деп түйеді. Сондықтан да ол Абайды қазақ әдебиетінің асқар шыңына балап, Абайдың ұмытылуы - қазақ әдебиетінің ұмытылуы, жоғалуы деп санайды. Абайдың қазақ әдебиетінің алтын діңгегі екендігін, одан көз жазып қалу болашақ ұрпақ алдында кешірілмес күнә екендігін ескертеді. Ақын Міржақып Абай ақындығын терең түсініп, «Әдебиетіміздің негізін қалаған бірінші кірпіш - Абай сөзі, Абай ойы боларға керек. Абайға шейін қазақ қолға алып, оқырлық шын мәніндегі қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. ...Бәлкі мұнан кейін, Абайдан үздік ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле

беріп, алғашқы атқан жұлдыз – Абай», - деп, Абай ақын-дығының әділ бағасын береді.

Автор осы мақалада Абай есімін ұмытпау тұрғысында істеліп жатқан шараларды қуана қарсы алып, сол жолда ізденіп жүргендердің ісін құптайды. Семейдегі Абай кешін өткізген оқыған қазақ жастарының ісінен игіліктің бастамасын көреді. Сөйтіп, Абайды болашақта жан-жақты таныр, Абайды жаттап өсер күннің туарына сенім білдіреді.

Адалжанды, халқының аяулы перзенті сол күндерде бүгінгінің жайын сезгендей, өз рухының халқымен бірге екендігін де ескерте кетеді: «ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер».

Міржақып атап өткен еске түсіру кеші Абай шығармаларын насихаттаудағы игілікті шаралардың бірі еді. Бұл туралы «Қазақ» газетінде «Тілші» деп қол қойған автордың мақаласы жарияланды. Онда «Бұл жағрафия жұмхриатының көші халықты сүйіндіріп, көңілін ашты: «Біз де Абайдай данышпан адам туады екен-ау, атағы қазақ түгіл орысқа да шығып, өзі өлсе де терең ойларын, қымбат сөздерін, түрленген күйлерін жұртына мирас қылып, артына қалдырғандай» деп жұрт шаттанды», - деп жазды. «Абай туралы» баяндаманы «Нәзипа ханум (Құлжанов жамияты) орысша оқығанын» да көрсете кетеді.

Жалпы алғанда, XX ғасырдың басында ең көп таралыммен тараған газеттің бетіндегі озық ойлы қазақ зиялыларының Абай жайлы айтылған келелі ой-тұжырымдары ұлтының ұлы рухани ұстаз туралы зерттеудің қалыптасуына жаңа жол ашты. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы абайтану дәуірі солардан бастау алады. Ол кейін кең арнаға, ұлы ағысқа айналды.

Бүгінде абайтануда тың белестерге көтерілдік десек, ол ең алдымен осы ғылымның бастауында тұрған ұлылар еңбегінің нәтижесі. Соның жемісі. Мұны еш ұмытуға болмайды. Ал, абайтанудағы қазақ зиялыларының «Оқшау сөздері» XX ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап назардан тыс қалып келген тарихтан белгілі. Оны енді-енді байыптай бастадық. Ештен кеш жақсы демей ме?! Сең қозғалды. Ары қарай іс жүреріне еш күмән жоқ. Ұлылардың ұлылығын тануға кең жол ашылғай.

XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы Абай дәстүрі

XX ғасыр бас кезіндегі қазақ ақын-жазушыларының бүкіл шығармашылығы Абай атты ұлы арнадан бастау алады. Сондықтан XX ғасыр басындағы әдебиетті сөз еткенде, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды ұлы тұлғалар поэзиядағы Абай

салған дәстүрдің сан қырын ашып, жаңашылдықпен жалғастырғанын атап өту ләзім. Онсыз сол кездегі поэзияның даму барысын, көтерілген биігін аша алмаймыз.

«Абай - қазақтың жаңа реалистік жазбаша поэзиясының, әдебиетінің негізін салды. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол – керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері. Сонымен бірге біз Абайды ойшыл ақын дейміз. Мұны алдымен ақынның өмір құбылыстарын терең толғау жағы басым келетін өлеңдеріне қатысты айтсақ, сонымен қатар өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымы көбірек көрінетін өлеңдеріне қатысты, яғни ойшыл-философ ақын деген мағынада айтамыз» - деп, З.Ахметов ұлы дарынға үлкен баға береді де: «Ақын тұлғасы қаншалықты ірі болса, ықпалы соншалықты зор болатыны, айналасына түсетін жарығы да мол болатыны анық», - деген тұжырым жасайды.

Абай өзінен кейінгі ақындардың барлығына «Жарығын түсірді» десек, өсіріп айтқанымыз емес. Өйткені «Абай - қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы, тереңге сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан – Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан». Ұлы Мұхтар Әуезовтің бұл ойларынан артық Абай болмысын тап басып тану қиын. Абай дәстүрін жалғастырушылар оның осы «оқушылары». Олар XX ғасыр бас кезіндегі қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды бір туар дарындар еді. Бұлардың бәрі өз кезегінде Абай ұлылығын тануға ұмтылып, ақындығын бағалауға тырысқан болатын. Осы орайда Абай ақындығын бағалаудағы олардың ұлы ақынға берген атаулары да әрі қызық, әрі ой саларлық. Ең жақын шәкірті Шәкәрім «Ұлы ұстаз» тұтса, Ахмет «Қазақтың бас ақыны» деп біледі, Мағжан үшін «Ақындар хакімі» болса, Сұлтанмахмұт «Ақындар пайғамбары» көреді.

Абай ұлылығын тани біліп, ақындығына табынған осынау «оқушылар» ұлы ақын дәстүрінің әр қырын, әр бағытын өз шығармашылық мүмкіндігіне, ұстанған мақсатына орай дамытып, жаңғыртып әкетті.

Абай – сонымен қатар келер ұрпақтан үмітін еш жоймаған аса зор жасампаздық тұлға. Өзін өнеге етер ұрпақ жайы ұлы арман күйінде қалмасына сенген оның:

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын ұғуға,
Көкірегінде болсын көз, -

деген ел жастарына қояр талабы шын мәнінде жүзеге асты десек, оны Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, т.б. шығармашылық тұлғалар болмысынан табамыз.

Өздерінің ақындық жолының бастауында-ақ, олар Абай үмітін жалғастыруды шығармашылық мақсат тұтты. Қалай болғанда да өлең сөз деп танылған сөз өнері арқылы халқына септігін тигізудің қамын ойлады. Сөйтіп, ұлы ұстаз міндет артқан ақындық өнерпаздықты мирас етіп, оның дертпен тең екенін жанымен түсінді. Елге ой айтуға өлеңді оңтайлы көріп, соны дұрыс санап, сөзінің діттеген жеріне жетеріне сенім артты. Елді оятуды мақсат тұтқанын өздеріне бақыт санады. Мәселен, Ахаңның «Жазушы қанағаты» атты өлеңіндегі мына жолдар осының куәсі:

Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Теп-тегіс көпке ұнау оңай емес,
Кейіне жарамаса, кейіне жарар.
Қайсысы ықыласын салып тыңдап,
Жаратпай қайсыбірі теріс қарар.
Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар.
Солардан аз да болса белгі қалар [4, 57].

“Ызындап ұшқан сары масаның” тірлігін өмір-күресте арқау еткен Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжанның «бал араның» тынымсыз еңбегіндей ісі түбі жарыққа шықты. Олар бүгінгі дүниеде «рухани көсем» атанып, болашақ ұрпақтың бой түзер бәйтерегіне айналды.

Абайдың төл шәкіртіне саналатын Шәкәрім өлеңдерінде айырықша көзге түсетін ерекшелік - азатшыл, күресшіл рух. Бұл қасиет оған Абайдан жүкқан. Абай поэзиясынан үйренген үлгі екендігіне мына жолдар дәлел бола алады:

Патша құдай, сиындым,
Тура баста өзіне.
Жау жағадан алғанда,
Жан көрінбес көзіме.
Арғын, найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме.
Қайран сөзім қор болды
Тобықтының езіне.

Ұлы ақын өз заманында жұрт түсінбей қор болғандығын аһ ұра өкінішпен еске ала отырып, «Жау жағадан алғанда, жан көрінбес көзіме» деп рухының биіктігін танытады. Сол бір рух биіктігі Шәкәрімнің қай өлеңінде болсын көрініс тауып жатады.

Шәкәрім сонымен бірге Абайдың қоғам туралы толғамын, адам болмысын танудағы ізденісін, адамдық, азаматтық имандылықты, ар-ұжданды, адамгершілікті уағыздау өнегесін, білім мен өнер шашпақ үлгісін, теңіздей терең

ойшылдығын ұлы ұстаз дәстүрін сақтай отырып, жаңаша жаңғыртып, жасампаздықпен дамытты. Ол ұстаз ұстанған ұлы мақсатты айқын аңғарып, ақын ағаның жан-дүниесін өзіндей тани білді. Сондықтан да ойлары үндес шығып, сырлары бір бірлік бойынан табылып жатты. Абайдың көзі тірісінде жазылған «Жастарға» атты өлеңінде Шәкәрім:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық,
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,
Бір білімді данышпан жан табалық.
...Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, түр, қаралық!
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға жүр баралық, -

деп, ұстаз ұлылығын танып, жастарды Абай төңірегіне топтастырып, данадан тәлім алуға үндесе, кейінгі өлеңдерінде ұстаз болмысымен тіпті үндесіп, оның рухын терең ұғынғандығын дәлелдей түседі.

Кім жалғыз, дүниеде есті жалғыз,
Болмаған соң мұндасар бір сыңары.
Жалтақтап жалғыз Абай өткен жоқ па?!
Табылды ма қазақтан соның пары?

Бұл «бұл қазақтан мұндасар жан таппаған» Абай рухымен астасу емей, не? Ұстаз жанын таныса, Шәкәрімдей танысын!

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап күрт алға басқан ағартушылық ой-сананың өрістеуі Абай арқылы қазақ поэзиясына азаматтық ой-толғанысты әкелген болатын. Шәкәрім де ұлы ұстаз ұстанған осы бағытты дамытты. Азаматтық поэзияға тән биік асқақтық, өмір құбылысына терең үңілген таным-толғам Шәкәрім өлеңдерінің басты идеялық тұғырына айналды. Ақынның шынайы азаматтық болмысын, ақындық сенім көзін айқындайтын басты тақырыптар – қоршаған орта, табиғат әлемі, тартысты қоғам, қоғамдағы адам, оның болмысындағы қадір-қасиет, адамгершілік қағидалары және мінез-құлық, тәрбие негізі. Шәкәрім үшін нағыз адам деген атқа лайық жандар – ең биік идеал. Шәкәрімнің сыршыл поэзия арқылы адамдық болмысты тануға ұмтылған азаматтық ірі мақсатының бірі – ұлтының бойына бәле болып жабысқан осы бір жағымсыз қасиеттерден арылту. «Үйретуден жалықпау» қағидасын ұстанған Абайды дана ұстаз таныған Шәкәрім ұлы ақын ұсынған адамды адамдыққа тәрбиелеу атты жанды идеяны одан әрі дамытты. Данышпан Абай:

Болмашы кекшіл,
Болсайшы көпшіл.
Жан аямай кәсіп қыл! -

деп нақыл айтса, Шәкәрім де ұлтқа қызмет етуді адам баласының ең басты міндеті, қасиетті парызы санайды.

Адамдық борышын,
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл.

Мұнда ол өзінің өмірлік тәжірибесін алға тартады. Шәкәрім өлеңдеріндегі азаматтық тұлғаның болмысын айыратын көрсеткіште осыған тығыз байланысты. Яғни ұлт алдындағы борыш ұғымы алдыңғы қатарға шығып, азаматтың халқына сіңірген еңбегіне қарай бағалануы. Ал өмірде адам болып қалу үшін, адамгершілікті жоғалтпау үшін не қажет?! Адамның адам болып қалуы – әлемдегі сөз өнерін қадір тұтқан бұрынғы-соңғы бар суреткерді толғандырған киелі мәселе. Замананың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов бұл сұрақты XX ғасыр биігінен адамзат алдына қоя білді. “Қашан адам қалады адам болып?! Соғыста да сол сұрау, бейбіт күнде де сол сұрау!” деген ұлы толғаныс адам өнер атты ұлы үрдісті жанына арқау еткелі бері “күн тәртібінен” бір түскен емес. Бұл сұрақ қазақтың ұлы ақындары Абай мен Шәкәрімді де өмірді сөзбен өрнектеген суреткер ретінде толғандырмай қоймасы хаһ. «Адам деген даңқым бар, Адам қылмас халқым» бар күңіренген Абай ұйықтаған ойды түртпек ниетпен адамның адам болып қалуын көздеп, талай даналықты алға жайып салды. Ұлы ақынның адам болып қалу үшін ұсынған бес қағидасын:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ -
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой -
Бес асыл іс көнсеңіз.

Шәкәрім “Талап пен ақыл” өлеңінде сегізге жеткізеді:

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғаған.

Шәкәрім Абайдағы өнер-ғылымға үндеудің арнасын отаршылдықтың езгісіндегі ұлтының бостандығы жолындағы күреске бұруға ұмтылып, ол жолдағы ел мен ер бірлігінің атқарар міндетін айқындауды шығарма-шылығының негізгі өзегіне айналдырады. Жаңа ізденістерге бет бұрады. Осы бетбұрыстан кейінгі өз шығармаларына азаттық ойды арқау еткен Ахмет, Міржақыптарға ой салған алғашқы идеялардың көрінісі бой көрсетеді. Әрине,

Шәкәрім шығармалары тікелей азатшылдық күресті меңзегенмен, осы ойдың өміршен болуына, өзінен кейінгілердің шығармашылығынан мол орын алуына септігі аз болған жоқ. Азаттық ойдың, ұлт-азаттық идеяның орнығуына үлкен әсер етті. «Қош» атты өлеңінде:

Мен қайғы жедім ғой,
Қапы өтті дедім ғой.
Қазағым, қам ойлан,
Сен де адам едің ғой, -

дейді Шәкәрім. Бұдан біз ел-жұрт қамын ойлаған тұлғаның халқына қайырылуын көреміз. Мұнда үмітсіздіктен гөрі сенім басым. Туған халқының бойындағы ұлы күштің бұлқынысына сенеді ақын, сол сеніміне үмітті серік етеді. Тұлғаның толығына, елінің оянарына ақын үлкен сеніммен қарайды.

Әдебиеттегі жаңашылдық пен дәстүр ұғымдарының нақты белгісін осы Шәкәрім шығармашылығынан көреміз. Дәстүр дегеніміз М.Әуезовтің сөзімен айтқанда: «...мағынасына характер де, түр де, оқу мен өсу де, дами түсіп өзгеру де, мазмұн мен сыртқы сипат көрік-күй мәселесі - бәрі де кіретін нәрсе».

Бұл тұрғыдан келгенде Шәкәрімнің Абайдың інісі ғана емес, дарынды шәкірті екендігін, ұлы ақын дәстүрін өзіне тән өрнегімен әрлеп алға апарушы екендігін алғаш айтып, ғылыми тұжырым берген Мұхтар Әуезов болды. Шынында Абай мен Шәкәрім арасындағы шығармашылық байланыс аса терең. Ол - құрғақ еліктеушілік емес, бірін-бірі толықтырған өнерге тамырластық.

Шәкәрім шығармашылығында таза ағартушылық тақырыптың да орны ерекше. Шәкәрім жәй оқуға шақырушы емес, Шәкәрім үшін оқу-білім, ғылым жолы. Оның бұл ойлары “Сен ғылымға”, “Сынатарсың өзінді”, “Ғылымсыз адам хайуан” т.б. өлеңдерінде анықта, нақты көрініс тапқан. Ол - әйтеуір оқудың жоқшысы емес, сол оқу апарар танымның жол басшысы.

Ғылымсыз адам - айуан,
Не қылсаңда ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,
Ақылсыз болса ғылым түл.

Шәкәрімнің ғылымға үндеудегі мақсаты тым алыста. Ол - алдыңғы толқын қалыптастырған ағартушылық бағытты одан да әрі жетілдірмек ниетте жүрген “Жаңа жолдың басшысы”. “Оқу білім бұлағы, білім өмір шырағы” деген қағида-даны ұстанған, білім шырағының таным шам-шырағына айналуын аңсаған ұлы ағартушы.

Үш-ақ түрлі өмір бар: бәрі де мас,

Бір рәуішті болады шал менен жас.
Ең керекті дегенің - ортаншы өмір,
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.

Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,
Өкінішті қалмайды кетсе ағатың.
Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,
Қалсын десен артыңда адам атың, -

дейді Шәкәрім. “Үш-ақ түрлі өмір бар”... Осы бір жолдарда адам өмірінің бүкіл болмысы айқындалып тұр. Ақын өмірдің ортаншысын көрсету, соған негізгі ойдың салмағын сала меңзеуі арқылы, адамды ізденіске, білімге талпындырады. Осынау екі шумақ арқылы түйінделген тұжырымда, ақынның ағарту-шылық ой идеясының тұтқасы жатыр. Ол – ізденіс, ол – еңбек.

Ал еңбек тақырыбы – Шәкәрімнің бүкіл ағартушылық болмысы мен даналық ойының дәні де нәрі. Абай “еңбек түбі зейнет” деген ұлы қағиданы ұстанып, “Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей” деген қанатты сөз қалдырса, Шәкәрімдегі еңбек ізденіспен тығыз байланысты. Шәкәрімдегі ой “Инемен құдық қазғанды” меңзейді. Және ол үнемі алға ұмтылысты жақтайды, соған үндейді. Оған үлгі ретінде Абай жолын ұсынады.

Шәкәрімді ақын ретінде де, дана ойшыл ретінде де толғантқан, тұңғыш ойдың тереңіне тартқан тылсым сырдың бірі – «өмір» ұғымы. Ол ақынның «Дүние мен өмір», «Өмір», «Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы», «Өмір сырын көздесең», «Анадан алғаш туғанымда», «Үш-ақ түрлі өмір бар...» өлеңдерінің тақырыбына арқау болған. Қашанда болмасын, қай заманда болмасын ақындар адам ғұмырына өз өресі жеткен биіктен ой жіберуге тырысып-ақ баққан. Ежелгі жыраулар, жыраулық толғам мен ақындық айқындықты ұштастырған Бұқар толғауларынан мұны айқын байқаймыз. Абай да, Шәкәрім де бұдан тыс қала алмайды. Дүниеге келу мен кетудің мәні не де?.. Өмір соңы өкініштен тұра ма?.. Өкінбестей айла бар ма?.. Міне, Шәкәрімді толғандырған осы сұрақтар. Адам баласының дүниеге келуінің өзінен Шәкәрім оның өмір жолының бар мәнін ашып береді.

Анадан алғаш туғанымда,
Жылады неге дыбыстап? -

деп басталатын өлеңінде ақын адам өмірінің мың құбылған астарлы сырына үңіледі. Сәбилік түйсік пен есейген сезімнің тоғысынан өмір атты ұлы ұғымның мәнін ашуға ұмтылады. Әлгі сұрақтың жауабы қандай болмақ? Жауабы мынау:

«Мүқтаждық өмір жолы бұл» деп,

Мұнайтып ақыл жылатқан.
«Жас өмір қызық оны біл» деп,
Алдамшы үміт уатқан.

Ақын ойынша өмір қиындығын жеңер жалғыз күш - алғы күннен жақсылық күтер үміт. Үміт алға жетелейді. Бірақ үмітке «серік» қажет, ол - «серік» - «өмір өлімге тұсалғанға» шейінгі аралықтағы қажет қасиеттер.

Еңбекке шыда, ебін тап та,
«Сабырдың түбі - сары алтын».
Өзімшіл болма, көпті ардақта,
Адамның бәрі өз халқың.

Ынсап пен мейрім, әділетті,
Жаныңдай көріп, жан сақта.
Ол жолда өлсек, неміз кетті
Мақсатқа жетпей қалсақ та.

Ұлы Абай өмір туралы:

Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек, -

деп, толғанса, Шәкәрімнің де өмір туралы тұжырымы осылай өріледі. Бірақ Шәкәрім танымының бір сыры – ол өмірдің алдамшы екенін біле тұра, оны өкінбестей өткізудің нақты мысалдарын алға тартуында.

Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы,
Ортасы өмір, жоқтық ғой - екі басы.
Сағымдай екі жоқтың арасында,
Тіршілік деп аталар біраз жасы.

Иә, өмірге келдің, кеттің, белгі бар ма?!
Белгі қалуы мүмкін бе? Сағым дүние сағым
күйінде қала бермек пе... Өкініш! Ал осы сағым
дүниені сағынышты өмірге айналдыруға бола
ма? Болады. Ол үшін Шәкәрім жеті нәрсені
бұлжытпай орындауды ұсынады.

Өмірдің өкінбейтін бар айланы,
Ол айла - қиянатсыз ой тазасы.
Мейрім, ынсап, әділет, адал еңбек,
Таза жүрек, тату дос - сол жарасы.

Шәкәрім – нағыз лирик ақын. Оның лирикасы сыршыл сезімге толы. Өлеңдері көркемдік бояуы қанық, жүректің қылын шертетін нәзіктікке бай болып келеді. Абай өлеңдерінен табылатын суреткерлікке тән белгілер Шәкәрімнің лирикасында бой көрсетіп отырады. Өйткені Шәкәрім – Абай дәстүрін, оның сөз өнеріндегі үлгі-өрнегін жаңашылдықпен байытып, дәстүр мен жаңашылдық бірлігінен жаңа жол, соны соқпақ тапқан ақын.

«Әкесінің баласы – адамның дұшпаны.
Адамның баласы – бауырың» деген Абай қағи-

дасын Шәкәрім – бүкіл өмір бойы берік ұстап өткен адам. Ақын:

Адамның маған бәрі бір,
Не мұсылман, не кәпір.
Тамам адам бір бауыр,
Бөлінбесе өлген соң.
Мен ұлтшыл емеспін,
Жақыным мынау демеспін,
Ашылсын анық көмескім,
Айтайын кезі келген соң, -

дейді.

Шәкәрім поэзияны сөз өнерінің ең озық үлгісі деп біледі. Ұлы Абай «өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» десе, Шәкәрім өлеңді «қоспасыз, таза күміске» теңейді. Сондықтан да ол өлең өнерінің асыл қасиетін ардақтап өткен. Оған өз шығармашылығы арқылы мысқалдай болса да нұқсан келтірмеуге тырысып баққан. Шәкәрім – поэзия өлкесінде өз биігінен еш төмендемеген, қазақ өлеңін биікке көтерген ХХ ғасырдың ең айтулы ақыны. Ол ақындықтағы Абай дәстүрін өрістете отырып, қазақ поэзия әлеміне өзіндік өшпес өрнегін салып кетті. Өзінің поэзияға, өлеңге қойған мына талабының өресінен шыға білді.

Ерікті билеп алсын айтылған жыр,
Сырты-гүл, жарасымды ішінде - сыр,
Жаныңның ләззат алар жарығындай,
Мәңгілік өшпейтұғын төгілсін нұр.

Өлеңнен сезім терген, сыр терген, сол арқылы санаға ақыл құйып, нәр берген Шәкәрім асыл сөзі арқылы кейінгіге өсиет қалдырып, өнеге беріп кетті.

Адам үшін еңбегім,
Өмірден бар тергенім.
Қалағанын қарап ал,
Мұрам сол, жастар бергенім!-

деп өзі айтқандай, соңына мол мұра қалдырып, таңдауды да, толғауды да кейінгі ұрпаққа аманат етті.

ХХ ғасыр басындағы Абай дәстүрін биікке көтеріп, жаңашылдықпен дамытқан, сөйтіп қазақ поэзиясында өзіндік дәстүрін қалыптастырған ұлы ақынның бірі – Мағжан Жұмабаев. Мағжанның бүкіл өмірінің мәніне айналған Абай поэзиясы - рух биіктігінің белгісі. Абай мен Мағжан – ой-сана, ел алдындағы ұлы міндетті ұғу, рух бірлігі жағынан өте жақын ақындар. Өйткені Мағжан «ақынның ақының» ретінде Хакім Абайдың сыр мен сезімге толы көңіл күй лирикасын, адамның ішкі болмысына терең бойлаған сыршылдығын, жан тербетер сезімнің терең ирімдерін жүрекке дөп жеткізер сезімшілдігін, жансызға жан бітірер суреткерлігін шебер игеріп, оны «европалық әше-

кеймен» үлбіретіп, өзіндік үлгі тауып, өзгеше өріспен ұштастырды. Қазақтың дәстүрлі поэзиясынан қанып ішіп, Абайдай ұлы рухани ұстаз тапқан Мағжан өз шығармашылығының алғашқы кезеңінде еліктеуімен бірге, өз үрдісін табуға тырысты. Үйрену мен ізденуді ұштастырған дарынды ақын өзіне деген сенімді шегелей түсті.

Қазақ өлең өнерінің жарық жұлдызы «Алтын хакім Абайға» арнаған өлеңінде жасырын тұрған лирикалық қаһарманнан біз осындай сенімді байқаймыз.

Тыныш ұйықта қабірінде, уайым жеме!
«Қор болды қайран сезім босқа» деме,
Артында қазақтың жас балалары мен
Сөзінді көсем қылып жүрер жеңге!

Мағжанның «Артында қазақтың жас балалары» сөздерінен Абай ізін басқан ұрпақтың атынан сөйлеген ақынның сертті үнін аңғарамыз. Абай арқылы ақындықты пайғамбарлық, хакімділік деп түсінген ақынның олар тудырған туындыларды “қасиетті сөз” деп білгенін, оның ермек үшін жазылмайтынын, жан мен ар тазалығынан жаралатынын, сондықтан да теңдессіз биік өнер екендігін әу бастан танығанын төменгі өлең жолдарынан байқаймыз.

Жанымның жаны,
Төнімнің қаны,
Тіршілігім сенімен,
Ойландым - тоймадым,
Ізdedім - қоймадым,
Кенес біраз менімен,
Естісе сені - жан ұйыр,
Бағанды білмес көп сиыр!

Ақынның «Өлең» атты шағын өлеңінен алынған бұл үзіндіден Абай үлгі шашқан өлең өнеріне деген күштарлық пен оның құдіретіне деген шексіз сүйіспеншілік сезіліп тұрған жоқ па?!

Міржақып өлең өнерінің Абай таныған құдіретін мойындау арқылы оны ұлттың санасын азаттық күреске оятудың күшті құралы деп біліп, өз поэзиясына азатшылдықты арқау етуі негізінде Абаймен іштей үндесіп, өлең өлкесіне өзіндік рух септі.

Сұлтанмахмұт әлеуметтік өмірдегі теңсіздік көрінісін шыншылдықпен суреттей біліп, қоғам-дық қайшылықтың негізін «көкірек көзімен» көріп, нақты танып-біліп, ащы шындықты ақын-дар пайғамбары санаған Абайша айта алып, шыншылдыққа суарылған азатшыл ойдың өрісін кеңейтті.

Қарап отырсақ, ХХ ғасыр басындағы ақындар Абай мұрасынан үлгі-өнеге ала отырып, ұлы тұлғаның сан қырлы, мол сырлы поэзиясынан жандарына жақын, рухына үйлес, өз ой-пікі-

рімен үндес келер түсын үйіріп әкетіп, жаңғырта да жаңаша дамытқанын байқаймыз.

Иә, бірінің-бірі жалғасы іспетті Ұстаз бен шәкірттер шығармашылық байланысы - үлкен ізденістерге апарар сара жол. Соның шынайы көрінісін Ахмет Байтұрсынұлы поэзиясынан табамыз. Ахмет шығармашылығы - қазақ өлеңінің реформаторы ұлы Абай мұрасының тікелей жалғасы. Оның қай өлеңін алып қарасақ та, не тақырып шешімінде, не сөз саптау мәнерінде, не өлең құрылысында Абай ақын өнегесі сезілмейтін түс кемде-кем. Ең бастысы - олардағы идеялық үндестіктің бірінен екіншісінде жалғасын тауып, уақыт талабына орай жаңашылдықпен дамытылып отыратындығы.

Ахмет бас ақынға қоғамның ең көкейкесті мәселелерін қозғаған ой-толғам, отарлық қыспағындағы ұлттың қамын ойлаған тұстан үндесіп, азаматтық ұстанымынан туындаған азаттық сарынды алға тартуымен жаңаша жол тапты.

Елдің бетке ұстар азаматтарын бірлікке шақырып, күреске үндеген Ахмет өлеңдері бостандықты, азаттықты аңсаған әлемнің алдыңғы қатарлы прогресшіл үнімен ұштасып жатады.

Мен бұқтым-жаттым,
Сен бұқтың-жаттың,
Кім істемек қызмет?!
Ауызбен айтып,
Істерге қайтып,
Жоламасақ не міндет?

Осы Ахаңның өзіне тән сарын, өзі салған жол дейтін күресшілдік рухтың өзінде Абай тәлімінің астары жатқандығы айқын. Абайдың атақты «Сегіз аяғындағы мына жолдар соның куәсіндей:

Бірінді қазақ, бірін дос,
Көрмесен істің бәрі бос.
Малыңды жауға,
Басыңды дауға,
Қор қылма, қорға татулас.

«Сегіз аяқ» демекші, осы өлең үлгісінде жазылған Ахметтің «Жиған-тергенін» осынау Абайдың даналық туындысының дүниеге қайта келген бір сыңары деп бағалауға болатындай. Өзгені былай қойғанда, екі ақынның сөз бастауларына дейін егіздің сыңарындай төгіліп түсуі ғажап келісім емес пе?!

Абай:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.

Толғаулы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзін біл.

Ахмет:

Оюын ойып,
Орындап қойып,
Түр салғандай өрнекке.
Қиыннан киып,
Қиырдан жиып,
Құрап, сөзді термекке.
Еңбекке егіз, тіл мен жақ,
Ерінбесең, сөйлеп бак!

Ахметтің тек ағартушылық, өнер-білім, күреске үндеген өлеңдерінде ғана емес, терең философиялық түйін түйген өлеңдерінде де танымы, түйсінуді Абаймен сабақтас өріліп жатады. Оның «Н. Қ. Ханымға (Нәзипа Құлжановаға арнаған) өлеңінде бұл жай тіпті жақындық танытады.

Бұл өлеңінде Ахмет:

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлатындар мен емес бір күнгісін,
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,
Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін, -

деген зор сенім мен үлкен философиялық ой түйеді.

Азаттық үшін күрес жолындағы сансыз қиындықтар, жазықсыз жапа шегу мен кудалау, қиын тағдыры мен арпалысты өмір, бостандықтың мәні мен мақсаты жайлы толғаулар ақынды осындай өмір мен өлім, бүгін мен болашақ туралы терең тұжырымға алып келеді. Ол ғұмырын арнаған игі істің жемісі мен жеңісін ертеңінен күтеді. Алға жетелген ақ арман биігінде мерт болудан қамықпай, тәні өлгенмен, рухы өлместігіне сеніп, бүгіннен келешектің жалғасын көреді. Осы арқылы адамның өмірі мен өлімі жайлы - «менің мен «менікінің» айрылғанын, өлді деп ат қойыпты өңкей білмес» деп ұлы Абай түйген ойды өрістете түседі.

«Н. Қ. Ханымға» өлеңінен біз елінің ертеңі үшін, жарқын болашағы үшін бойындағы барын сарп етер, ештеңесін аямайтын қаһарман күрескер бейнесін танимыз:

Шаршайды деп ойлама шалдыққаннан,
Ұзақсынып жатпаспын жалыққаннан.
Жұрт қолымнан келмесе өкпелемес,
Барым сақтап, мен аяп алып қалман.

Ұлы Абайдан тәлім алып, өлең күдіреті арқылы халқына ой салып, саналы іс-әрекетке, күреске үндеу – Ахмет поэзиясы әкелген жаңа арна. Сондықтан ол қазақ поэзиясында бастаған жаңа бағыт – ұлттық бірлік пен ұлттық азаттықты жырлау. Құр жырлау, құрғақ ойбай емес,

бостандықтың биігіне алып шығар жолды көрсетіп, жөн сілтеу. Ахметке дейінгі ақындар өз халқының қайғы-қасіретін сезініп, жаны езіле жырлағанымен, құтқарудың жөнін айта алмады, ал Ахмет көрер көзге, сезер жүрекке мұны көрсетіп ғана қоймай, нысана етіп қоя білді. Бұның басты себебін С.Қирабаев: «Олардың (Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов) бүкілроссиялық дамудың жаңа бір кезеңі туғанын дұрыс танып, соның ыңғайымен қазақ қоғамын қозғалысқа келтірудің жолын іздеуінен» [5, 78 б.], - деп біледі.

Ахмет поэзиясындағы ағартушылық – оянуға, ояну – қасіреттің сырын білуге, бас кінәліні сезінуге, сезіну – бостандыққа жол ашар бұлқынысқа жетеледі. Міне, Ахметтей поэзияның ұлы тұлғасы салған өлең өлкесіндегі сара жол осы.

Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзі алтын, мағынасы меруерттей,
Осыдан ғибрат алып жас жігіттер,
Һәммасы өз халқына қызмет етпей! -

деп Міржақып тегін айтпаған. Сұлтанмахмұттың сонау 1914 жылы «өткірсің наркескеннің алмасындай» деуі осыдан еді.

Қашанда жаңа ой, жаңа жолдың қалыптасып кетуі, көкейден шыға қалуы қиын. Ахаң тағдыры да, өлеңі де жасандылықтан сау. Ол еркіндік үнін өлең арқылы шырқау биікке көтерді. Абайдан тәлім алып ғана қоймай, өзіндік сара жолын да әкелді. Қазақ поэзиясына Ахмет Байтұрсынұлы әкелген елдік, еркіндік, азаттық сарынын Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Бернияз, Сәкен, Ілиястар азаматтық абыроймен көтеріп тың ізденістермен байытты, жаңа рухани биіктерге көтерді.

Ахмет поэзиясының арналы бағыты, қазақ әдебиетінде алар орны жайлы Міржақып Дулатов: «Ол қарапайым да түсінікті қазақ тілінде азаттық туралы, ұлт туралы, езілген, артта қалған қазақ ұлты туралы жырлады. Ол – қарсылықшыл ақын. Ол поэзиясын қазақтарды езген монархиялық Ресейдің саясатымен күресудің құралына айналдырды. Ішкі сұлулығы мен мазмұны жағынан, жинақылығы мен желілігі жағынан А.Байтұрсынұлы жырлары қазақ әдебиетінде бірінші орын алады» [6.19 б.], - деп өлеңдері өршіл рухымен дараланатындығын атап өткен болатын.

Тапшылдыққа қанша табынса да, Ахаңның қазақ жазба әдебиетіне жаңа сарын, жаңа үлгі әкелгенін таныған, Ғ.Тоғжановтың: «...Ахметті қазақ еңбекшілері ұмытпайды. Бір кезде «Сары маса» болып ызындап оятқан Ахметті қадірлей біледі. Көбіміз сол Ахметтің бауырында өскенбіз. Сол кездегі Ахметтің әлі де ескірмеген

үлгілі сөздері, үлгілі істері көп. Ахметтің тарихи ісіне, тарихи маңызы бар өлеңдерін әлі де біз үлгі қыламыз. Абай, Ахмет сықылды өз тұсына ие болған тарихи адамдарын қазақ еңбекшілері сыйламақ» [7, 29 б.], - дегеніне қосылмау қиын. Ендеше ұлы Абай салған сара жолды одан әрі дамытып, қазақ поэзиясына өзгеше ойлы өлең әкелген Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы кейінгі ақын-жазушыларға өзіндік үлгі-өнеге болары сөзсіз. Қазақ ой-санасының қос алыбы қоғамдық дамудың әр кезеңінде өмір сүргеніменен, үнемі ойы үндес, жүрегі тілдес екендігі айдан анық.

XX ғасырда Абай дәстүрінен үлгі алып, қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген біртуар ақындар дүниеге келіп, олардың әрқайсысы соны үнімен, тың тынысымен қазақ поэзиясы айдынында емін-еркін жүзді.

Поэзиясы аз да болса саздығымен, қазақ өлеңінің төл табиғатынан туған тазалығымен, бір естігенде-ақ көңілге қона кетіп, ойға ұялай қалатын әрі бейнелі, әрі мағыналы сөз үлгісімен ерекшеленетін Ахмет Байтұрсынов, жеке басының, әлеуметтік топтың, немесе белгілі бір таптың мүддесі емес, ел мұңы, ел шері, ел зары, ел кегін жырлаған Міржақып Дулатов, заманымыздың атақты жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай “жарқыраған әшекейімен, Европалығымен” тамсандырған жыры сұлу, сезімі сыршыл Мағжан, терең танымдық өлеңдерімен, асқақ романтикалық эпикасымен толғандырған Шәкәрім, қазақ ой-санасының аспанына жарық “күн” сәулесінің нұрын шашуды, өлең өнерінің “толған айы” болуды аңсап, ұлтының ұлы мұратын алға асыруға ұмтылып, поэзия көгінде жарық жұлдыздай жарқырап өткен Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетінің “алтын кезеңінде” өмір сүріп, туған әдебиетімізге қайталанбас туындылар сыйлады. Олардың бәрі Абайды поэзия әлеміндегі ұлы ұстаз тұтты. Ұлы ақын дәстүрін жаңашылдықпен дамытты. Сол арқылы қазақ поэзиясында мәңгілікке өшпес із қалдырды.

ӘДЕБИЕТ

1. «Қазақ», 1913, № 3
2. «Қазақ», 1913, № 41
3. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. - Алматы: Атамұра, 1995.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1988. - 267 б.
5. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. - Алматы: Білім, 1995. - 288 б.
6. Дулатов М. Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынович. Общество изучение киргизского края. Вып. 3. - Оренбург, 1922.
7. Тоғжанұлы Ғ. Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы. - М., 1926. - 119 бет.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАШЫЛЫҒЫНЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ӨРІСІ



М.Қожақанова

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ӨРІСІ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Мазмұн мен мағына. Абай шығармаларының поэтикалық мәні. Абай шығармаларының мәтінін көркем аударма теориясында қабылдау. Түсіну мен түсіндіру. Аудармашы – мәдениетаралық байланыстың дәнекері. «Сегіз аяқ» мәтінінің орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларын салыстыра талдау. Түпнұсқа мен аударма нұсқаларының ерекшеліктері.

Тірек сөздер. Мазмұн, мағына, мәтін, көркем аударма, түсіну, түсіндіру, мәдениетаралық байланыс, түпнұсқа.

М.Қожақанова

МЕЖКУЛЬТУРНОЕ ПОЛЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Значение и содержание. Поэтическое значения произведений Абая. Восприятие текстов произведений Абая в теории художественного перевода. Понимание и понятие. Переводчик – соединитель межкультурной связи. Сравнительный анализ перевода «Восмещенные» на русском и английских языках. Особенности вариантов оригинала и перевода.

Ключевые слова: содержание, значение, текст, художественный перевод, понятие, межкультурная связь, оригинал.

М.Қожақанова

INTERCULTURAL VIEW WORKS OF ABAI.

Abstract. The issues dealt in this article The context and content. The poetic value of Abai's works. Application of Abai's works into the literary translation theories. An understanding of the concept. Translator - connector of cross-cultural relations. Comparasion of " Segiz Ayak" in Russian and English versions. Features of orignal poems and their translation.

Keywords: content, value, text, literary translation, the concept, intercultural communication, orignal.

Абайдың шығармашылық мұрасын тұтастай алғанда да, жеке бір туындысын бөліп алып қарағанда да мазмұн мен мағынаның, мәннің байлығы мен тереңдігі ерекше байқалады. Негізінде Абайдың әр сөзінде бай мазмұн бар, мазмұнның түрлі мағынасы бар, одан келіп шыға-тын поэтикалық мән бар. Олардың әрқайсысының мәнісін тану, қабылдау оңай емес. Абайдың әр шығармасының, ақынның өзі айтқандай, «сырты күміс, іші алтын» болып келеді. Басқаша айтсақ, ақын шығармасының пішіні келісті болғанда, мазмұны одан асып түседі. Сондықтан Абайдың шығармасының

мазмұны мен мағынасын, мәнін ұғу, түсіну өте қиын. Белгілі бір түсінігі, білім деңгейі жоқ кісі Абайдың сөзін де, ойын да тиісті деңгейде түсіне алмайды. Біздің бұл айтып отырғанымыз Абайды қазақ тілінде оқитын оқырмандардың қайбір тобына қатысты. Ал Абайды қазақ тілінде оқи алмайтындардың Абай туралы түсінігі, Абайдың ақындығы туралы ұғымы мүлде басқаша болуы мүмкін. Осы тұрғыдан келгенде, Абайдың көркемдік әлемін түсіну, оны қабылдау өз алдына зерттеу нысаны болуға лайықты, іргелі ғылыми мәселелердің бірі болып табылады.

Абай шығармаларының мәтінін қабылдау өте күрделі психикалық процесс болып табылады. Ақынның қай шығармасында да құбылыстың, заттардың, жағдаяттар мен оқиғалардың тұтастай көрінісі бейнеленеді. Оларды қабылдау, дәлірек айтсақ, эстетикалық қабылдау әркімнің парасат деңгейіне сай жүзеге асады. Ал көркем аударманың теориясында қабылдау ұғымы түсіну мен пайымдаудың, бағалаудың біртұтас болмысы ретінде қарастыруды қажет етеді. Өйткені қабылдау ұғымының өзі аударматануда толық айқындалмаған ұғымдардың қатарына жатады. Соған қарамастан аудармашы үшін асыл нұсқаның мәтінін қабылдауды аударма үдерісінің бірінші әрі негізгі кезеңі ретінде тануымыз дұрыс. Оған үстірт қарауға болмайды. Бұл кезеңнің нәтижелілігі аударма үдерісінің кейінгі сатыларының бөрінің де сапалылығының басты шарты болып есептеледі. Жалпы, қабылдау, түсіну, пайымдау, бағалау мәтіндегі мәнді танудың бірден бір кепілі десе болғандай. Мәтіндегі мәнді танымай тұрып оны нақтылау, айқындау және аудару мүмкін емес.

Абайдың әр шығармасы тұтас бір күрделі құбылыстың бейнесі екендігі туралы жоғарыда айттық. Ақынның әр шығармасының өзі де тұтас бір көркемдік құбылыс болып табылады. Оны сол қалпында, бүтін күйінде қабылдап түсіну қиын. Оны түсіну үшін алдымен оның жекеленген құрамдас бөліктерін түсіну қажет. Бүтіннің бөлшегін танымайынша бүтінді білу мүмкін болмайды. Сөйте тұра бүтіннің бөлшегін түсіну үшін бүтіннің өзінің мәнін тануға тура келеді. Осы орайда қабылдау процессіндегі түсінудің өзі іргелі мәселелердің қатарынан орын алады. Түсіну бар жерде түсіндіру де болады. Түсіну мен түсіндірудің арақатынасын анықтау да үлкен ізденіс жұмыстарын талап етеді. Бұл мәселе туралы түрлі пікірлер бар. Әдебиеттану мен аударматану саласындағы зерттеушілердің еңбектері түсіну мен түсіндірудің арасын ажыратып көрсетеді. Мысалы, М.М. Бахтин түсіну мен түсіндірудің басты айырмашылығын былай анықтайды: «Шығарма авторын түсіну дегеніміз - басқа адамның әлемін, бөтен сананы, яғни басқа субъектіні түсіну деген сөз. Түсіну кезінде - екі сана, екі субъект, түсіндіру кезінде бір сана, бір субъект болады. Нысанға қатысты диалогтік қарым-қатынас болмайды, сондықтан түсіндіруде диалогтік сәттер жоқ (формальды - риторикалықтан басқасында). Ал түсінуде аздап диалогтік сипат болады» [1, 289 б] М.М.Бахтиннің түсіну мен түсіндіру туралы пікірінің маңызы зор. Әсіресе, түсіну үдерісінде екі сана, екі субъект арасында болатын диалогтік қатынас жайында айтылған

ойлардың ғылыми мәні барын ашық айтуымыз керек. Ал нысанға қатысты түсіндіру үдерісінде диалогтік қарым-қатынастың болмайтыны жөніндегі тұжырымды бірыңғай қабылдау әрқашан дұрыс бола бермеуі мүмкін. Мұның мәнісі түсіну нысаны аударма мәтін болып келгенде айқындала түседі. Өйткені аударма мәтінді түсінудің өзі түсіндірумен егіз, қатар жүзеге асатын процестердің қатарына жатады. Аударма мәтінді түсінуді біржақты қабылдамау керек. Аударма мәтінді түсіну асыл нұсқадан тыс жүзеге аспайды. Аударма мәтін мен асыл нұс-қаның өзін қатар алып қарастыру нәтижесінде ғана толық түсінікке жетуге болады. Мұндай жағдайда түсінушінің алдында бір емес, екі нысан тұрады. Оның үстіне түсінуші немесе түсіндірушінің екі нысанды өзара салыстырып қабылдауы барысында алатын түсінігінің өзі бір емес, бірнеше нұсқалы болып келуі мүмкін. Мұның өзі, айналып келгенде, аударма мәтінді түсінудің өзі оны түсіндірумен егіз, қатар жүзеге асатындығы туралы жоғарыдағы пікірі-мізді толықтыра түседі. Сөйтіп, осы айтылғандардың негізінде, аударма мәтінді түсіну үдерісінде түсіндіру үдерісінің элементтері бар деген тұжырым жасауға болады. Осы тұрғыдан келгенде, аударма мәтінді түсінудің өзінде де диалогтік қарым-қатынас орын алады деуіміз орынды болмақ.

Мәтінді түсіну дегеніміздің өзін дұрыс түсінуіміз керек. Мәтінді қабылдаушының түсінігі түпнұсқа авторының түсінігіне неғұрлым сәйкес болса, соғұрлым толық түсінік болмақ. Осы жерде мынаны ескеруге тура келеді. Автор өмір құбылыстарын суреттегенде, оларды өз шығармасында барынша толық қамтып көрсетпейді. Көп жайлар шығармаға енбей қалады. Екінші жағынан, автор белгілі бір көркемдік бейнелеу тәсілдері арқылы шығарма мәтінінде анық көрініс таппаған жайлар туралы да ой ұсынады. Автордың шығармасында суреттелген құбылыстардың нақты мазмұны мен мағынасынан мұндай ойлардың мәнісін аңғару қиын. Сол себепті мәтінді түсінушінің түсіну деңгейі автордың түсіну деңгейіне жете қабыл болуы сирек кездеседі. Алайда мәтінді қабылдаушының қандайы да автор түсінгендей деңгейге жетуге күш салады, авторша түсіну мүмкіндігін көздейді. Мұндай түсіну деңгейіне жету үшін, түсінуші:

а) түпнұсқа мәтінді терең пайымдап, ғылыми тұрғыдан саралап зерттеуі қажет; ә) түпнұсқа қай елдің тілінде жазылса, сол елдің мәдениетін жете білу керек; б) түпнұсқа авторының идея-сын, шығармашылық ұстанымын, өмір шын-дығынан өнер

шындығын жасау концепциясын, стилін терең түсінуі шарт.

Көрсетілген талаптар түпнұсқа туындыны қабылдау, түсіну, пайымдау үшін аса маңызды. Қабылдаушының біліктілігіне қойылатын басқа да талаптар бар. Осы талаптарға тиісті деңгейде жауап бере алған жағдайда ғана аудармашы өз міндеттерін сәтті орындауға мүмкіндік табады. Аударматануда мұндай түсініктің алдамшы сипаты бары, шығармашылық үдеріс алдын ала пайымдалмай, санадан тыс өтетіні туралы пікірлер де бар. Аударма нақты тұлғаның шығармашылығы болғандықтан, бұл пікірлердің аудармашы еңбегіне де тікелей қатысы болады. Алайда аудармашы еңбегінің кезеңдерін, үдерістерін алдын ала пайымдауға болмайтыны, олардың санадан тыс өтетіні туралы пікірлерге сыншылдықпен қарауға тура келеді. Өйткені шығармашылық еңбек үдерісінің кезеңдері мен сатыларын пайымдауға болмайтыны туралы ойлар мен пікірлердің ғылыми негізі әлсіз, дәлелі, дәйегі жоқ.

Әрине, аудармашы мәдениетаралық байланыстың дәнекері қызметін атқарады. Бұл қызмет үстінде ол түпнұсқаны автордың дәл өзі секілді танып, біле алмайды. Бірақ бұл аудармашының түпнұсқаны мүлде танып, біле алмайтындығы туралы ойға алып келуге тиіс емес. Аудармашы біліктілігі неғұрлым жоғары болса, оның түпнұсқаны танып, білу, түсіну, түсіндіру мүмкіншілігі де соғұрлым мол болмақ.

Оқырман үшін мұндай біліктілік міндетті емес. Оқырманның белгілі бір мәтінді қабылдауы, түсінуі мен аудармашының біліктілігі арасында үлкен айырмашылықтар бар. Мәтіннің мазмұны айқын әрі ашық ғана емес, үнемі ақпаратты болып келеді. Оқырманның подтексті, аллюзияны, оқиғаның немесе сөздің жасырын мәнін, кейіпкердің түпнұсқасының құбылуларын түсінуі үшін, оған өздігінше зерттеу жүргізудің қажеті жоқ. Мысалы Абайдың «Сегіз аяғындағы»:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған... [12, 62 б]

секілді тармақтардағы әр сөзді, әр суретті оқырман өздігінше қабылдап, өздігінше түсінеді. Оның түсінігіне сын айту орынсыз. Ал аудармашы бұл тармақтарды, олардағы әр сөзді, оның тиісті мағыналарын терең түсінуге, ғылыми негізделген жүйеде бағалауға міндетті. Бұл оңай жұмыс емес. «Алыстан сермеп» деген екі сөзден тұратын бір тармақтың мағынасын анықтаудың өзі аудармашы үшін үлкен қиындыққа түседі. Алыстан сермеудің иесі, дәлірек

айтатын болсақ, осы тармақтағы қимылдың, істің иесі - «қызыл тіл». Алыстан сермейтін - «қызыл тіл». Ал тіл қалайша сермейді? Қалайша алыстан сермейді? Жалпы, тіл сермей ме? Сермесе нені сермейді? Міне, осындай сұрақтар туындайтыны заңды. Бұл сұрақтарға қалай жауап беруге болады? Оқырманның ойында мұндай сұрақтар тумайды, ол мұндай сұрақтарға жауап та іздеп жатпайды. Енді осы тармақтың орыс тіліндегі аудармасына көңіл бөлетін болсақ, мынадай жол шығады:

Издали зовет... [16, 112 б]

Аудармашы - Л.Озеров. Аудармашының ақындық өнеріне, аудармашылық шеберлігіне мін тақпаймыз. Бірақ Абайдың «Сегіз аяғының» осы сөз болып отырған тармағы орыс тіліне лайықты деңгейде аударылмағанын айтуды парыз деп білеміз. Түпнұсқаның мағынасы аудармада дұрыс берілмеген, тіпті бұрмаланған. Аудармашының «Издали зовет» деп отырғанын сөзбе-сөз қазақ тіліне кері аударғанда, мынадай мағына туады:

Алыстан шақырады

Осылайша Абайдың «Алыстан сермеуі» Л.Озеровтің түсінуінде «Алыстан шақырады» болып шығады. Сермеу мен шақырудың мағыналары екі басқа. Олар бір-біріне балама бола алмайды. Бұлардың лексикалық мағыналары әртүрлі. Сермеу сөзінің лексикалық мағынасы нақты қимылды білдіреді және ол басқа көптеген сөздермен тіркесе алады. Ал бұл Абайдың қолдануында дерексіз мағынаны білдіреді.

Осы жолды орыс тіліне аудармашылар түрліше аударды:

Звенящий, как ключ, Слепящий, как луч...
(В.Державин) [9, 56б]

Далеко зовет...(М.Касаткин) [10, 112 б]

Зазываешь, далек... (А.Кодар) [11, 99 б]

Осы аудармалардың да ешқайсысы келісіп тұрған жоқ. Жалпы, аудармалардың бәрі белгілі дәрежеде өзара мағыналық жағынан үндеседі. Ал нақты алып қарайтын болсақ, Державиннің аудармасы басқа аудармалардан айтарлықтай ерекшеленеді. Шақыру туралы ұғым Касаткиннің, Озеровтің, Кодардың аудармаларында анық көрініс тапқан болса, Державинде басқаша, онда кілттей сылдырлау, сәуледей жарқырау туралы мағына бірінші кезекке шыққан. Түпнұсқадағы алыстан сермеу туралы ұғым осылай өзгеріске ұшырайды, турасын айтсақ, түпнұсқадағы «алыстан сермеудің» ізі де жоқ болып кеткен.

Үшінші тармақтағы «Шымырлап бойға жайылған» ұғымы да белгілі бір сурет, образ арқылы берілген. Осы тармақты тілдік тұрғыдан саралайтын болсақ, ондағы сөздердің арасында мынадай қатынас бары белгілі болады: қимылдың иесі, жоғарыда көрсетілгендей, тіл болып табылады. Ал қимылдың баяны «жайылған» сөзінің мағынасы арқылы белгілі болады. «Бойға» сөзі осы қимылдың шартты кеңістігін, мекенін білдіреді. «Шымырлап» сөзі қимылдың сынын, орындалу амалын білдіреді. Әр сөздің лексикалық мағынасы, синтаксистік қызметі анық, түсінікті. Ақын өлеңдегі сөздің осындай мағынасы мен қызметін шебер қиыстыра отырып, суретті, бейнелі мағынаға қол жеткізеді. Енді осы мағынаның орыс тіліндегі баянына назар аударатын болсақ, тағы да түпнұсқа мен аударма арасындағы сәй-кессіздіктің көрінісіне куә болар едік. Мысалы, осы тармақтың мағынасы Л.Озеровтің аудармасында былай беріледі:

Заставляет нас трепетать...

Осы тармақ басқа аудармашылардың аудармаларында тағы да түрліше пайымдалады, түрліше шешімін табады:

Ты хлынешь, сердца обжигая...(В.Державин) [9, 56 б]

Волнением полнит тело... (М.Касаткин) [10, 112 б]

Избавляя от боли и мук... (А.Кодар) [11, 99 б]

Бір мағынаны төрт аудармашы төрт түрлі жеткізеді. Нақты салыстырмалы талдау жасағанда, түпнұсқаның мағынасын төрт аудармашы да лайықты аударып бере алмайды. Шақ, жақ категориялары да сәйкес келмейді. Лексикалық мағына деңгейінде де сәйкестік жоқ. Л.Озеровтің аудармасынан «Бізді толқуға мәжбүр етеді» деген ойдың өзегі шықса, Державиннің аудармасынан «Жүректі күйдіріп, баурайсын» деген мағына туады. М.Касаткиннің аудармасынан «денемді толқуға толтырады» деген мағына шығады. Бұларды Абайдың «шымырлап бойға жайылған» тармағының баламасы ретінде қабылдау қиын. Абайдың тармағынан шығатын мағына бір басқа: суретті, бейнелі, мағынаға бай. Аударма тармақтан шығатын мағына бұған керісінше: сурет жоқ, бейне жоқ, мағына басқа. Қазақ ортасынан шыққан А.Қодардың аудармасы туралы да осындай ой туады. Оның аудармасынан туатын мағына мынадай: «Ауру мен азаптан құтқарып». Анығын айтқанда, А.Қодардың аудармасы мүлде шектен шығып кеткен сияқты көрінеді. Түпнұсқада мұндай мағынаның елесі де жоқ.

Том Боттинг осы үш тармақты ағылшын тіліне былай тәржімалайды:

*You start your flight from a distance,
Impinging on the soul's resistance
You penetrate all existence. [14, 68 б]*

Мұны қазақ тіліне сөзбе-сөз кері аударғанда, мынадай мағына туады:

Сіз ұшуды алыстан бастайсыз,
Жанның қарсылығынан өтесіз,
Сіз барлық тіршілікке (болмысқа) жайыласыз
(бойлайсыз).

Кері аудармада көрініс тапқан мағына аудармашының ойындағы немесе аудармасындағы мағынаға толық сай келеді деп айта алмаймыз. Оның үстіне Т.Боттингтің аудармасының ағылшын тілді оқырмандары мәтіннен тыс, контексте ашылатын кейбір мағыналық реңктерді де түсініп, қабылдауы мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз. Әйтсе де біз ұсынып отырған кері аудармада Т.Боттингтің аудармасының негізгі мағынасы дұрыс берілді деп білеміз. Осы тұрғыдан келгенде, Т.Боттингтің аудармасында түпнұсқаның мағынасы толық көрініс таппаған. Ақынның поэтикалық ойы ағылшын тілді оқырманға дұрыс жетпеген. Түпнұсқаның мағынасы өз оқырмандары үшін терең, айқын әрі көп қырлы. Аталмыш аудармада мұндай тереңдік, айқындық, көп қырлылық жоқ. Бұл аудармашының түпнұсқа туындыны қабылдауының, түсінуінің деңгейіне тікелей байланысты орын алып отырған олқылықтардың қатарына жатады. Дегенмен осы жерде Т.Боттингтің Абай шығармасын түпнұсқадан емес, оның орыс тіліндегі аудармасынан аударып отырғаның ескеруге тура келеді. Түпнұсқа туындыны ағылшын тіліне тікелей аударудың маңызы өте зор екендігінде сөз жоқ. Бірақ ондай аударма жасайтын аудармашыны іздеп табу қиын. Осы қиындық Абайдың шығармасын ағылшын тіліне оның орыс тіліндегі аудармасы арқылы аударуға алып келген. Енді Абайдың осы шығармасының орыс тіліндегі аудармасы мен соның негізінде жасалған ағылшын тіліндегі аудармасын өзара салыстырып талдайтын болсақ, түпнұсқаның мағынасы бірден-бірге өзгеріп отырғанына көз жеткізуге болады. Мысалы, жоғарыда берілген үзіндіге қарағанда, аудармашы ағылшын тілінің синтаксистік құрылымына сәйкес сөйлемді есімдіктен бастауды ұйғарған. Ол негізсіз емес, өйткені ағылшын тілінде мекен пысықтауыш сөйлемнің соңында келеді. Бірақ аудармада осы тармақ сәтті шықпаған. Оның бірнеше себебі бар. Бір себебі ағылшын тілді оқырманның

өлеңнің басындағы екі шумақты қабылдау сипатына байланысты анықталады. Оның мәнісі - ағылшын тілді оқырман осы жолдар тірі адамға арналғандай әсер алады. Түпнұсқадағы «Алыстан сермеп» орыс тіліндегі аудармада «Издали зовет» (Л.Озеров) болса, ағылшын тіліндегі аудармада «Алыстан ұшу» секілді мағынада беріледі (Алыстан сермеп → Издали зовет → You start your flight from a distance - Алыстан сермеп → Алыстан шақырады → Сіз алыстан ұшасыз).

Ағылшын тіліндегі артық сөз қосулар түпнұсқаның көлемін ұлғайтып жіберген және толықтыру, орын ауыстыру сияқты трансформацияның түрлері пайдаланылған. Егер аудармашы алғашқы тармақта “start - бастау” етістігін және «сіз» есімдігін қоспай, өлеңді ағылшын тілінің ережесіне сәйкес есімшеден бастаса түпнұсқаның құрылымына аса зиян келмес еді. Мысалы, осы жолды есімше тұлғамен былай аударуға болады:

Flying from a distance... [14, 68 б]
Алыстан ұшып...

«Жанның қарсылығына жетесіз» мағынасы түсініксіз, осы жерде аудармашы қандай қарсылықты айтып отыр? - деген сұрақ туындайды. Егер аудармашы түпнұсқаның мағынасын ашу үшін толықтырулар жасап, өз жанынан қосатын болса, оның да ретті жері бар. Т. Боттингтің өз жанынан қосуы, керісінше, мағынаны бұрмалап, оқырманды шатастырып отыр. Жүректі ол орыс тіліндегі аудармаға сүйене отырып «душа» деп алған. Үшінші тармақтағы «Барлық тіршілікке енесіз», бұл жолдағы «тіршілік» жалпы мағынада қолданылып тұр, «тіршілікті» түпнұсқадағы «бойға» балама етіп алу қиын. Абайдың қимылдың сының білдіретін бейнелі сөзі («шымырлап») жоғалған. Енді осы тармақтардың татар тіліндегі аудармасына көңіл бөлетін болсақ, мынадай жолдар шығады:

Ерактан балкып,
Йөрәктән калкып,
Яндырып тәнгә таралған [18, 23 б]

Аудармашы - Мәһмүд Максүд. Тармақтарды сөзбе-сөз қазақ тіліне кері аударып көрейік:

Жырактан балкып, (жарқырап)
Жүректен қалқып,
Жандырып тәнге таралған.

«Сермеу» мен «балқу» (жарқырау) сөздерінің түркі тілдеріндегі мағыналары, қолданылатын аясы әртүрлі. Түпнұсқадағы сөз жүректен қалқып тұрған жоқ, жүректі тербетіп тұр. «Тербетің» қазақ тілінің түсіндірме сөзді-

гінде «қозғау салу, әсер ету, тебірену» сияқты анықтамалары берілген. Татар тілінде де лайықты баламалар жоқ емес (тирбөту, селкү, юату, кагу). Осы баламалардың ішіндегі «тирбөту» сөзінің мағынасы түпнұсқаға жақын келеді, бірақ аудармашының «тербеп» сөзіне «қалқып» сөзін балама етіп алуы жеке сөз қолданысы болуы мүмкін. «Шымырлап» сөзін «жандырып» деп аударуда да түпнұсқадағы мағынадан алшақтық бар сияқты көрінеді. Әйтсе де аудармада Абайдың айтып отырған ойының мағынасы, белгілі дәрежеде, көрініс тапқан деп білуіміз керек сияқты. Бұл жолдар ұйғыр тіліне мынадай үлгіде аударылған:

Жирактин шилтәп,
Жүрәктин төврәп,
Чимирилап тәнгә йейилған.

Аудармашы - И.Жәлилов. Тармақтардың сөзбе-сөз қазақ тіліне кері аудармасынан мынадай мағына туады:

Жырактан сілтеп
Жүректі тербеп
Шымырлап тәнге жайылған.

Ұйғыр тілінің лексикасында түпнұсқадағы «сермеу» сөзіне сәйкес бірліктің болмауынан аудармашы «сілтеп» деп алған деуге болар еді, бірақ түркі тектес халықтардың тілінде, солардың ішінде ұйғыр тілінде «сермеу» сөзінің болмауы мүмкін емес сияқты болып көрінеді. Өйткені «сермеу» сөзі түркі тектес халықтардың бәріне де жат емес. Бұл ойымызға негіз болатын тіректі түркі тектес халықтардың екі тілді және түсіндірме сөздіктерінен табуымызға болады. Осы тұрғыдан келгенде, Абайдың «сермеп» деген сөзін қырғыз аудармашысы А.Токомбаев секілді өзгеріссіз алуға да болар еді. Ал «Жүректі тербеп, Шымырлап тәнге жайылған» деген тармақтарда аудармашы түпнұсқаның лексикалық мағынасын, бейнелілігін, бояуын, көркемдігін түркі тектес халықтардың тілде-рінде ертеден бар балама сөздерге сай сақтауға тырысқан. Түрік тіліне З.Исмаил осы тармақтарды былай тәржімалаған:

Uzaktan çağırır,
Yüreği oynatır
Eritir, bedene yayılır [19, 139 б]

Қазақ тіліндегі сөзбе - сөз кері аудармасы:

Алыстан шақырады
Жүректі толқытады
Балқытып, денене жайылады.

З. Исмаил «Алыстан сермеуді» «Алыстан шақырады» деп береді. Аудармашының Абай

өлеңінің алғашқы тармағының мағынасын осылай түсініп, осылай аударуының негізінде қандай себеп жатқаны бізге белгісіз. Сермеу сөзі түркі тектес халықтардың тілінде бар екеніне күмән келтіру қиын. Өйткені бұл сөздің шығу төркіні көшпенді тұрмыс болмыстарымен сабақтас. Салыстырмалы талдау барысында З.Исмаилдың «алыстан шақырадысы» Л.Озеровтың аудармасындағы «издали зовепен» сәйкеседі. Алайда З.Исмаил Абайдың осы өлеңін оның орыс тіліндегі осы аудармасынан (Л.Озеров) тәржімеледі деуге негіз жоқ. Біздіңше, З.Исмаил Абайдың «алыстан сермеуін» қолдың қимылымен байланысты түсінгенге ұқсайды. Рас, «қол сермеу», «қол сілтеу» сөздері түркі тектес халықтардың тілдерінде түрлі мағынада қолданылады. Соған орай бұл сөздерді түркі тілді оқырмандардың өзі әрқалай қабылдап түсінеді. Осы тұрғыдан келгенде, З.Исмаил «алыстан сермеудің» түрік тіліндегі баламасы ретінде «алыстан шақыруды» таңдаған болуы ғажап емес. Оның үстіне қазақ тіліндегі «алыстан сермеудің» түрік тіліндегі лайықты баламасы да осындай болуы мүмкін. Бірақ түрік тіліндегі сөздіктермен жұмыс істеу барысында сермеу сөзіне «seğirtmek» сөзі лайықты балама бола алатындығын байқадық. «Seğirtmek» қазақ тіліне ұша жөнелу, ұмтылу, шұғыл бет алу болып аударылады. Түпнұсқадағы «алыстан сермеп» тармағын түрік тіліне «Uzaktan seğirtir» деп аударса «сермеудің» нақты контекстегі мағынасы сақталады деп ойлаймыз. Дегенмен З.Исмаилдың аудармасын оқып отырған қазақ оқырманының ойында «қол бұлғау» ишарасынан туған мағынаның елесі қалады. Ал «қол сілтеу» ишарасының мағынасы көңілден тыс қалады. Екінші жағынан, қазақ оқырманы түрік пен қазақ тілдері туыстас болғандықтан, аудармашыға біраз ізденіп, түпнұсқаның мағынасын тиісті деңгейінде беруіне де болар еді дегендей ойда қалады. Әйтсе де, аудармада түпнұсқаның негізгі мағынасы сақталған деп айтуымыз орынды болмақ. Қырғыз тіліне бұл тармақтарды аудармашы А.Токомбаев былай тәржімалайды:

Алыстан сермеп,
Жүрөктү термеп,
Чымырап бойго жайылған [17, 62 б]

Қырғыз тіліндегі аударма түпнұсқамен толық сәйкес келеді. Түпнұсқаның мағынасы аудармада өзгертілмей сол қалпында берілген, әйтсе де «жүректі тербеу» бір басқа да, «жүректен тербеу» бір басқа. Алғашқысы нақты, денотаттық төркіні затты, айқын. Абайдың «жүректі тербеп» деген тіркесті пайдалануына болар еді, бірақ ақын «жүректі тербеп» тіркесі беретін

мағынадан «жүректен тербеп» тіркесі беретін мағынаны қолайлы көреді. Біздіңше, Абайдың осы таңдауында үлкен суреткерлік ұстанымның негізі бар. Өйткені «жүректен тербеп» тіркесінің мағынасының нақты денотаттық төркіні затты, деректі емес, абстрактылы. Бұл жерде тек қана «жүректің тербелуі» немесе «жүректі тербеу» туралы мағына жоқ, белгілі бір құбылыстың, мәтін негізінде нақты айтатын болсақ, адамның тұтас болмысының «жүректен тербелуі» туралы мағына бар.

«Сегіз аяқтың» келесі шумағында Абайдың белгілі бір сәттегі сезімі, көңіл күйі, толғанысы да айқын көрінеді. Аудармада Абайдың сезімін дәл сол қалпында жеткізу оңай емес, дегенмен де аудармашылар шамалары келгенше түпнұсқаның мағынасын, эмоциялық мазмұнын лайықты беруге ұмтылған. Ақын халық жағдайының түзеліп, жақсаруына тағы да жол көрсетіп, ақылын айтады, бірақ айтылған сөздерді тыңдайтын құлақ, ұғатын сананың жоқ екенін көргенде, көңілі қалып, жалғызсырайды, сырласарға, мұңдасарға жан таппай күйзеледі. Мысалы, мына жолдарға назар аударайық:

Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Онан да шықты жаңғырық.
Естісем үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып.
Баяғы жартас - бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байкамас [12, 112 б]

Осы шумақ Л.Озеровтың аудармасында былай беріледі:

Я с утеса кричал,
Мне простор отвечал -
Отвечали горы и дол.
Но, услышав звук,
Я искал вокруг:
Как, откуда тот звук пришел?
Был все тот же утес подо мной, -
Отклик есть, но отклик пустой (Озеров) [16, 139 б].

Қазақ тіліне осы шумақты сөзбе-сөз кері аударғанда, мынадай мағына шығады:

Мен жартастан айкайладым
Маған жазық жауап берді -
Таулар мен аңғарлар(алқап) жауап берді.
Бірақ дауысты естіп,
Мен жан-жақтан іздедім:
Қалай, қайдан сол үн келді?
Астымда сол баяғы жартас болды.
Үн бар, бірақ бос үн.

Лирикалық кейіпкер түпнұсқада жартасқа барса, аудармада жартастың үстінде тұрады.

Ақын жартастан шыққан жаңғырық туралы айтатын болса, аудармашы «жаңғырықтың» (эхо) орнына «үнді» (звук) алады. Абай жаңғырықтың үнін естігісі келіп, оның жөнін білгісі келіп «көп іздедім қаңғырып» десе, Л. Озеров «сол үн қалай, қайдан келді деп жан-жақтан іздеді» деген ойды береді. Абайдың «қаңқ етер, түкті байқамасын» Л.Озеров «Үн бар, бірақ бос үн». (Отклик есть, но отклик пустой) түрінде аударарды. Осы салыстырулардан мынадай жай белгілі болады: Абайдың айтып отырған ойы, оның мағынасы, мәні аудармада өз деңгейінде көрініс таппаған. Қайсібір сөздердің лексикалық мағынасы өзгерген, қайсібір сөздердің эмоциялық мазмұны жойылып кеткен, енді бір сөздердің мағынасы ауа жайылып, ақынның ойының бұрмалануына алып келген. Нәтижесінде түпнұсқаның поэтикалық мағынасы жүдеп, кедейленіп шыққан. Мінсіз поэтикалық жүйенің келісімі бұзылған. А.Кодардың аудармасына көңіл бөліп көрейік:

Я к утесу ходил,
Криком там исходил,
Эхо долго катало мой крик.
Изучая тот звук,
Я прошел путь наук,
Мне казалось, я много постиг.
Но утес, он на то и утес,
Крик мой канув, нигде не пророс (А.Кодар)[11,1046]

Шумақтың сөзбе-сөз қазақ тіліне кері аудармасы:

Мен жартасқа бардым,
Айқай салдым
Жаңғырық менің айқайымды ұзақ уақыт жаңғыртып тұрды.
Сол дауысты зерттей келе,
Мен ғылым жолынан өттім,
Мен көп нәрсеге жеткен сияқты едім.
Бірақ жартас, ол сол үшін жартас,
Менің айқайым жоғалып, жалғасын таппады.

Түпнұсқада «баяғы жартас - бір жартас» дегенде, тыңдаушыларының бұрын қандай болса, әлі сондай екені, өзгерістің жоқтығы туралы айтылған. А.Қодар болса «менің айқайымды жоқ қылды жартас» деп, ақынның жартастан шыққан жаңғырықты зерттеп, ғылыммен айналысқаны, көп нәрсеге қол жеткізгендей болғаны туралы ой ұсынады. Қазақ арасынан шыққан аудармашы А.Қодардың «Баяғы жартас, сол жартас» деген қазақтың қарапайым сөзінің мәнісін түсінбеуі немесе түсінгенімен аудармада оның мағынасын дұрыс жеткізбеуі - аудармашы үшін үлкен кемшілік. Егер қазақ тілді аудармашының өзі түпнұсқаны түсінбесе, онда орыс тілді аудармашыларға мін

тағып, сын айтудың өзі орынсыз сияқты болып көрінеді. М.Касаткиннің аудармасы бұдан өзгешелеу:

К утесу иду,
Зову как в бреду,
И эхо летит с заката;
Услышав ответ,
Ищу я хоть след,
Сочувствие друга и брата.
Но отклика нет - и молчит утес,
Не ведает он ни тоски, ни слез (М.Касаткин) [10, 118 б].

Шумақтың қазақ тіліне сөзбе-сөз кері аударғанда беретін мағынасы:

*Жартасқа бара жатырмын
Шақырамын сандырақтағандай
батыстан жаңғырық ұшады;
Жауапты естіп,
Мен ізін болса да, іздеймін,
Досым мен бауырымның көңіл білдіргенін
Үн жоқ - жартас сөйлемейді,
Ол жабырқауды да, жасты да білмейді.*

Түпнұсқа мен аударманы өзара салыстырып қарайтын болсақ, көптеген кемшіліктер бары көзге түседі. Аудармашы түпнұсқаның шақ категориясын сақтамаған және орынсыз өзгертулер жасаған. Мысалы, аудармадағы мына жолдарға назар аударайық: «Ищу я хоть след, сочувствие друга и брата». Түпнұсқаға келетін болсақ, лирикалық кейіпкер досынан, бауырынан жанашырлық іздеп жүрген жоқ. Мұндай ой түпнұсқада мүлде кездеспейді. Аудармашы түпнұсқаның мағынасын бұрмалаған. Бұл жерде аудармашының шығармашылық еркіндігі туралы айту артық емес. Алайда аудармашының еркіндігінде де шек болу керек, әсіресе түпнұсқадағы мағына мен мәнінің сақталуы аса маңызды. Мына жерде бұл талап орындалған деп айта алмаймыз. Аудармашының жасаған еркін аудармасы шектен шығып кеткен. Түпнұсқадағы «естісем үнін» тіркесінің мағынасы анық, онда дәл осы шақта үнді есту туралы қалау, ізденіс бар, ал оның естілгені туралы мәлімет жоқ, яғни әлі ешқандай үн жоқ. Аудармада осы тіркес кері мағынаға ие болған, анығын айтқанда түпнұсқадағы естілмеген үн (жауап) естіліп қойған болып шығады (услышав ответ). Сөйтіп аудармада түпнұсқадағы мағынаға мүлде қарама қарсы ой айтылған. Бұл, әрине, ақынның айтқан ойы емес. Автордың жанынан қосқаны. Аудармада бұдан басқа да осы секілді ауытқулар бар. Мысалы, түпнұсқадағы «онан да шықты жаңғырық» тармағы «батыстан жаңғырық ұшады» (и эхо летит с заката) дегендей болып аударылады. Аудармада жаңғырық шықпайды, нақтырақ айтсақ, ол

ұшып келеді. Мұнда аудармашы түпнұсқада жоқ кейіптеу тәсілін қолданған. Абайдың «баяғы жартас сол жартасының» орыс тіліндегі баламасын төрт аудармашы да таба алмаған. Аудармашылардың барлығы «Естісем үнін, Білсем деп жөнін» деген тармақтар беретін мағынаны жартастан шығатын жаңғырықпен бай-ланыстырып, үн мен жаңғырықтың екі бөлек екенін түсінбеген. Абайдың талданып отырған шығармасының оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аударма-ларымен салыстырып пайымдағанда белгілі болатын кемшіліктер, олқылықтар түрліше. Ең бастысы аудармашылар түпнұсқаның негізгі, басты деген мағыналық жүйесін дұрыс жеткізе алмаған. Аудармадағы толықтыру, қысқартулар түпнұсқаның мазмұнын түгелдей өзгертіп жіберген. Мұның себебі әрқалай болуы мүмкін, солардың ішінде біздің ойымызша, аудармашылардың түпнұсқаның тілін жете білмеуі бірінші кезекте тұрады.

Абайдың шығармаларын орыс тіліне аударудың белгілі бір қалыптасқан дәстүрі бар. Бұл жерде мынадай факторларды ескеруге тура келеді. Біріншіден, Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы орыс тілінде жазылған бірқатар зерттеу еңбектері бар. Абайдың заманы, дәуірі, қоғамы туралы да орыс тілді авторлардың еңбектері жоқ емес. Орыс тілінде қазақ әдебиетінің мәселелері жайында жарық көрген зерттеулер аз емес. Осының бәрі Абайдың шығармаларын орыс тіліне аударушылар үшін үлкен көмек екені анық. Екіншіден, Абайдың шығармаларын орыс тіліне аударушылар үшін Абайдың өмірі мен шығармашылығының Қазақстандағы зерттеушілерімен де, Абайдың шығармаларын қазақ, орыс тілдерінде жақсы білетін ақындармен де пікірлесуіне, кеңесуіне мүмкіншіліктер мол. Басқаша айтқанда, Абайдың шығармаларын орыс тіліне ойдағыдай аударуға қажетті жағдайлар бар. Соған қарамастан ақын шығармаларының орыс тіліндегі аудармасында елеулі олқылықтар барын жоққа шығаруға болмайды. Ақын шығармаларының орыс тіліндегі аудармасының сапасы осындай деңгейде болғанда, оның ағылшын тіліндегі аудармасының деңгейі қандай болатыны, болғаны ойландырмай қоймайды. Ақынның «Сегіз аяғының» жоғарыда пайымдалған тармақтарының ағылшын тіліне аударылу деңгейін қарастырғанда, түпнұсқаның мазмұны мен пішіні бірдей бұзылғанына көз жеткізуге болады.

Аудармашы Т.Боттинг «Сегіз аяқтың» біз сөз етіп отырған жолдарын былай аударды:

At mountains I shouted and cried.
I sought for an answer, and each time I tried

I heard many voices resounding again [14, 72 б]

Т.Боттингтің осы аудармасы мен Л.Озеровтің аудармасының қазақ тіліне сөзбе-сөз кері аудармасын (сөзбе-сөз кері аударған - біз) салыстырғанда, мынадай жолдар шығады:

Таулардан мен айқайладым
Әр кезде жауап іздеуге тырыстым
Мен тағы да даңғырлаған көп дауыстар естідім
(Т.Боттинг)
Мен жартастан айқайладым
Маған жазық жауап берді -
Таулар мен аңғарлар (алқап) жауап берді
(Л.Озеров)

Енді осы жолдарды салыстырмалы түрде талдап көрейік. Абай «жартасқа бардым» десе, Л.Озеровтің аудармасында жартасқа бару туралы мәлімет жоқ. Оның есесіне аудармашы «жартастан айқайладым» дегенді ұсынады. Түпнұсқаны аңғарып қарағанда, онда жартастан айқайлау туралы ой жоқ. Абай өз өлеңінде «жартастан айқайладым» демейді, «жартасқа бардым» дейді. Абай жартасқа шықпаған, жартасқа барған. Жартасқа бару және жартастан айқайлау - бұл екеуі екі түрлі мағынаны білдіреді. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде дені дұрыс адам жартасқа шығып бекерден бекер айқайламайды. Түпнұсқада жазықтың, таудың, жауап беретіндігі туралы ой жоқ. Түпнұсқадағы «жаңғырық» пен аудармадағы «жауап» екеуінің қолданылатын аясы екі түрлі. Жаңғырық жауап бола алмайды, жауап жаңғырық бола алмайды. Жаңғырыққа келетін болсақ, ол жартастан шығады. Аудармашылар айтып отырған жауап (жаңғырық) таудан да, даладан да келеді. Дұрысында жауап (жартастан шыққан жаңғырық) таудан да, даладан да келмейді, тауға да, далаға да естіледі.

Көріп отырғанымыздай Л.Озеров шектен тыс еркін аударма жасаған, нәтижесінде түпнұсқаның мағынасы бұрмаланған. Мұндай аудармадан кейін ағылшын тіліне Л.Озеровтің нұсқасынан тәржімалаған Т.Боттинг аудармасының жақсы шықпауының себебі түсінікті болады. Т.Боттинг те «жартасқа бармайды», таулардан айқайлайды. Жартастың ағылшын тілінде «rock» деген баламасы бар, бірақ аудармашы «таулар» деп жалпылама әрі көпше түрде берген. Бұл аудармашының дәл баламасын табуға немқұрайлы қарағандығынан деп білеміз. Түпнұсқада «жаңғырық шығады», аудармада болса «көп даңғырлаған дауыстар» естіледі. Даңғырлаған дауыстың бәрі жаңғырық емес, яғни даңғырлаған дауысты жаңғырық деп тану қиын. Түпнұсқада жаңғырықтың саны жоқ, жаңғырықтың көп немесе аз екендігі туралы ақпарат берілмеген. Тауда жаңғырық естіледі,

үн жаңғырады. Т.Боттинг аудармадағы кемшіліктері түпнұсқаны ағылшын тіліне қазақ тілінен емес, орыс тілінен сатылы түрде аударудан туындаған. Жоғарыда келтірілген шумақтың соңында Абай:

Баяғы жартас - сол жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас, - дейді.

Келтірілген тармақта аудармашыға өлеңді тәржімалауға қиындық тудыратындай күрделі ұғымдар жоқ. Қазақтың қарапайым сөзінің мәні-сін аудармашының түсінбеуі немесе түсінгенімен аудармада жеткізе алмауы, аудармаға зиянын тигізбей қоймаған. Біз жоғарыда ағылшын аудармашысы Т.Боттинг өлеңді Л.Озеровтың аудармасынан тәржімалағандығын айттық, бірақ осы тармақтарды Т.Боттинг В.Державиннің аудармасынан тәржімалады деген ой туындайды. Бұл жағдай Т.Боттинг түпнұсқаны ағылшын тіліне аудару барысында тек Л.Озеровтің аудармасымен шектелмей, В.Державиннің де жұмысын пайдаланғандығы туралы болжам жасауға алып келеді. Мысалы, осы тармақтарды ағылшын тіліне Т.Боттинг мынадай үлгіде аударған:

I found all around dead rock and bleak stone
That answered my call with a low hollow moan [14, 75 б]

Т.Боттингтің осы аудармасы мен В.Державиннің аудармасының қазақ тіліне сөзбе-сөз кері аудармасын (сөзбе-сөз кері аударған - біз) салыстырғанда, мынадай жолдар шығады:

Айналамнан жаны жоқ жартас пен мұңды тасты таптым
Менің шақыруыма жәй ыңырсып, жауап берді (Т.Боттинг)
Барлық жаңғырық жансыз дауыс,
Айналамда әлі баяғы қайырымсыз жартастар (В.Державин)

Түпнұсқадағы жартас туралы ұғымның, ол ұғымды білдіретін тілдік бірліктердің қарапайым, ұғымға жеңіл екендігін («баяғы жартас, сол жартас») айттық. Осы қарапайым тілдік бірліктер беретін мағына аудармада түсініксіз, ұғымға ауыр, ақынның ойынан алыс мәліметтердің тобына айналып кеткен («айналамнан жаны жоқ жартас пен мұңды тасты таптым») Т.Боттинг «жартас» сөзінің алдына «жаны жоқ», «тас» сөзінің алдына «мұңды» деген эпитеттерді қосқан. Сонымен бірге аудармашы «мұңды тасты» «таптым» деп өз бетімен кетеді. Түпнұсқада да, оның орыс тіліндегі аудармаларында да (Л.Озеров, В.Державин) «жартас» пен «тасты» табу туралы түсінік, мәлімет жоқ, мұны аудармашы Роттенберг өз жанынан

қосқан. Түпнұсқада жартастың қай жақта тұрғаны туралы да (айнала) мәлімет берілмеген. Ағылшын тіліндегі аудармада жартасқа қатысты «жаны жоқ» эпитетінің түпнұсқада айтыл-мағаны белгілі. «Жаны жоқ» сөзін жартасқа қатысты айту әдеби тілдің нормасының талап-тарына жауап бере алмайды. Тіл мәдениетінен хабары бар адам «жаны жоқ жартас» деп айтпайды. Осы тұрғыдан келгенде, Т.Боттингтің аудармашылық шешімі сәтті болып шықпаған. Бірақ бұған Т.Боттингті кінәлі санаудың жөні жоқ. Т.Боттинг бұл суретті («жаны жоқ жартас») В.Державиннің аудармасынан тапқан. Сөйтіп Абай өлеңінің орыс тіліндегі аударма-сында орын алған кемшілік Т.Боттингтің аудармасында сол қалпында көрініс тапқан. Түпнұсқадағы «қаңқ етер» еліктеуіш сөзін аудармада «жауап берді» деп береді. «Қаңқ ету» «жауап беруге» балама бола алмайды. Абайдың айтып отырғаны жартастың айқайға жауап бермегені, «қаңқ» етіп түкті байқамауы. Аудармадағы жартастың «жауап беруі» Абайдың осы айтқан ойын («Қаңқ етер, түкті байқамас») жоққа шығарады.

Жалпы еліктеуіш сөздердің көркем туында да өзіндік қызметі болады. Сондықтан оның аударылу мәселесіне үстірт қарауға болмайды. Осы тұста аударма зерттеушілерінің еліктеуіш сөздердің аударылуы туралы пікіріне назар аударайық. И. Левый: «еліктеуіш сөздерді аударуға немесе басқа сөзбен орнын ауыстыруға келмейді, оларды тек фонетикалық транскрипциямен беру керек» деген пікір айтады. [14, 75 б]

С. Флорин болса, аударма тілінде қиын оқылатын немесе дыбысталуы мен мағынасы адекватты емес еліктеуіш сөздерді транскрипциямен бере алмаймыз. Мұндай жағдайда аудармашы соавтордың роліне еніп, функционалды «дыбыстық эквивалент» орнатуы керектігін айтады. [14, 75 б]

Абай қолданған «қаңқ етер» сөзінің шығу төркіні тереңде жатыр, бұл сөздің түпкі мағынасы түрлі тарихи жағдайлармен байланысуы да мүмкін. Бұл еліктеуіш сөздің нақты осы контекстегі мағынасын жеткізу үшін, С.Флорин айтып өткендей, аудармашы орыс тіліндегі дыбыстық баламасын табуы керек еді.

Түпнұсқадағы «түкті байқамас» тіркесі аудармада мүлде берілмеген. Бұл тармақты аудармашы Т.Боттинг «Менің шақыруыма жәй ыңырсып, жауап берді» деп өз тарапынан қосу әдісімен аударған. Мұндай мағына орыс нұсқасында да жоқ. Абай жартасты немесе тасты шақырмайды, тек түкті байқамайтындығын айтады. Демек аудармашы түпнұсқаның мағынасына да, құрылымына да нұқсан келтірген.

В.Державин түпнұсқадағы тармақтардың орнын ауыстырған. Түпнұсқадағы «баяғы жар-тас - сол жартас» пен аудармадағы «баяғы қайырымсыз жартастар» деген екеуінің беретін мағынасы екі басқа. Абай жартас өзгермеді, сол күйінде қалды деген мағынада қолданса, В.Державин жартастың қандай екендігіне (қайырымсыз) сипаттама береді. Түпнұсқада «қаңқ етеді», яғни дыбысқа еліктеу бар, В.Державиннің аудармасында «дауыс жансыз», яғни дыбыс жоқ. В.Державин өз тарапынан басы артық образды сөздер қосып, автордың стилін, нақтылығын бұрмалаған.

Т.Боттингтің аудармасының деңгейі мен сапасын сәтті шықты деп айта алмаймыз, себебі аудармашының өленді еркін аударғандығы соншылықты, аударма негізінде Абайдың өлені жатқандығын сезіну қиын.

Біз Абайдың бір ғана «Сегіз аяқ» өлеңінің қарастырып отырып, көптеген кемшіліктерді байқадық. Абайдың ойын, тілін ұғудың өзі күрделі, оны әр оқырман өзінше түсінеді. Абайдың шығармасын аудару дегеніміз - жауапты, әрі көп ізденуді қажет ететін жұмыс. Сондықтан аудармашы бұл жұмысқа үлкен дайындықпен келуі керек. Абайдың өленің орыс тіліне аударған төрт аудармашы да және ағылшын тіліне аударған Т.Боттинг те аудармаға қойылатын басты талаптар мен міндеттерге жете назар аудармаған тәрізді. Аудармалар түгелімен түпнұсқаның мәнін толық жеткізбеген. Түпнұсқаның идеясы, мәнері, стилі – бұлардың да ешқайсысы аудармада сақталмаған, тіпті түпнұсқадағы қарапайым сөздермен берілген ойлар бұзылып, тілдік бірліктер күрделендіріліп, оқуға, түсінуге қиындық туғызған. Абайдың стилі, шығармашылық даралығы, әдеби мәнері жойылған. Осы ретте Д.Самойловтың: «Біз көркем аудармадан аударылатын автордың образ мен ойын ғана емес, сондай-ақ оның әдеби мәнерін, шығармашылық даралығын, стилін жеткізуді талап етеміз. Егер айтылған міндеттер орындалмаса, онда аударма жарамсыз болып есептелінеді» пікірі ойға оралады. [21, 29 б]

Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің орыс, ағылшын тілдеріне тәржімалаған аудармашылар еркіндікке, ойды бұрмалаушылыққа көп жол береді. Оқырманға түпнұсқа авторының жазу табиғатын, стилін, шығармашылық даралығын жеткізу сияқты өздеріне тиісті міндеттерін ескере бермейді. Әрине, еркін аударуға болмайды демейміз, бірақ еркіндік пен дәлдікті қатар алып жүруге болады. М.Әуезовтің өзі көркем аудармада еркіндік пен дәлдікті барынша ұштастыруға күш салады. М.Әуезовтің шығарманы аударар алдында ең басты ұстанған

екі принципі болды. 1. Еркін аудармадағыдай түпнұсқадан көп ауытқымау, ойды дәл беруге тырысу. 2. Оқушы қауым аударманы оқи отырып жазушының тіл стилін білсін, жазу табиғатын түсінсін деген мақсат.

Өкінішке орай орыс, ағылшын тіліндегі аудармалар мұндай талаптар мен принциптерге сәйкес келе бермейді. Түпнұсқаны орыс тіліне аударған Л.Озеров, В.Державин, М.Касаткин, Ә.Қодар түпнұсқаның мазмұнын жеткізген, ақынның өлең өлшемін, яғни тармақ санын сақтаған. Дегенмен аудармада ең бастысы - шумақтағы жол санын сақтау емес, түпнұсқаның мағынасын аудармада жеткізу. Аудармашылар түпнұсқадағы тармақ санын аудармада сақтағанымен, түпнұсқа мен аудармада олардың беретін мағынасы екі басқа. Аудармашылар еркін аударған, артық сөз қосулар мен қысқартулар түпнұсқаның мазмұнын бұрмалаған. Түпнұсқа мәтінді ағылшын тіліне сатылы түрде орыс тілінен аударған Т.Боттинг орыс тіліне аударған аудармашылардың тарапынан кеткен кемшіліктерді білмеген болуы керек. Нәтижесінде орыс тілінде солғын тартып тұрған мәтін мағынасы ағылшын тіліндегі аудармада одан бетер көмескіленіп кеткен. Сондықтан болашақта сатылы аударма жасаушыға түпнұсқаның жолма-жол нұсқасын тікелей ұсыну қажет деп білеміз.

ӘДЕБИЕТ

1. М.Бахтин. Собрание сочинений. Том пятая. - Москва, 1997.
2. Лотман Ю.М. Структура художественного текста. - Москва: Искусство, 1998.
3. Н.С.Валгина. Теория текста. - Москва: Логос, 2004.
4. В.С.Виноградов. Введение в переводоведение. - Москва, 2001.
5. Michael Rundell. Macmillan English Dictionary. - China, 2006.
6. Латышев Л.К. Технология перевода. - М., 2000.
7. Douglas Robinson. An introduction to the theory and practice of translation. - New York, 2003.
8. Левый Иржи. Искусство перевода - Москва: Прогресс, 1974.
9. Абай Құнанбаев. Избранное. /Пер с каз. В. Державина. - Алма-Ата: Казахское государственное издательство художественной литературы, 1951.
10. Абай. Стихотворения и поэмы. /Пер с каз М. Касаткина - Ленинград, 1966.
11. А.Құнанбаев. Избранное. /Пер с каз и комментария А.Кодара. - Алматы: Ана тілі, 1996.
12. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - I том. - Алматы, 2002.
13. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - II том. - Алматы, 2002.
14. Abay. Poems. /Designed by Victor Chistyakov. - Moscow, 1971.
15. Абай Құнанбаев. Избранное. Пер.с каз. /Сост. М.Мағауина, вступит.Статья М.Ауэзова, послесл. М.Каратаева. - Москва: Художественная литература, 1981

16. Абай. Ырлар. / Құр. А.Ақматалиев, А.Обозканов. - Бишкек, 1995.
 17. Шигырьлар һәм поэмалар. – Казан: татГОСИЗДАТ, 1947.
 18. Abayın eserlerinden seçmeler./ Türkçe tercüme Z.Ismail. – Ankara, 1995.

19. К. Чуковский. Высокое искусство. Принципы художественного перевода. - СПб., 2005.
 20. Э.Сулейменова. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алматы, 1989.
 21. С.Влахов С.Флорин. Непереводимое в переводе. – Москва, 1980.

А.Копбасарова

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Түпнұсқа мазмұны мен идеясын аудармада жеткізудің тәсілдері мен құралдары. Абай өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктері. Көркемдік бейнелеу құралдары. М.Петровых, Ә.Қодар т.б. аудармаларын салыстыра талдау. Аударма мен түпнұсқадағы мәтін мазмұны мен мағынасының айырмашылықтары. Тірек сөздер. Түпнұсқа, аударма, мазмұн, идея, тәсіл, құрал, мағына.

А.Копбасарова

О ПЕРЕВОДЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ НА РУССКИЙ ЯЗЫК

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Методы передачи содержания и идеи оригинала в переводе. Жанровые особенности стихотворений Абая. Средство художественной передачи. Сравнительный анализ переводов М.Петровых, А. Кодар и др. Различия содержания и значения текстов в переводе и оригинала. Ключевые слова: оригинал, перевод, содержание, идея, метод, средство, значения.

А.Копбасарова

ABOUT TRANSLATION OF ABAI IN RUSSIAN LANGUAGE

Abstract. The issues dealt in this article. Methods of transmission of the contents and ideas of Abay's original works in their translations. Genric features of Abay's poems. Comparative translation analysis of Petrov, A. Kodar's translations. The difference in content and meaning between translation and the original works. Keywords: the original translation, content, idea, method, means, values

Аудармашы түпнұсқаның мазмұнын, пішінін саралап білумен бірге оның тууына негіз болған өмір құбылыстарының сипатын да жете тануы қажет. Ақынға, ақынның белгілі өлеңінің тууына негіз болған өмір құбылыстарының тобын танып, таразылай отырып, ақынның ойлау, сезіну даралығын, оның шығармашылық тұрғысы мен нысанын түсінгенде ғана аудармашының еңбегі шығармашылық дәрежеге көтеріліп, поэтикалық қасиет иелене алады. Түпнұсқаның мазмұнын, тақырыбы мен идеясын дәл жеткізудің бірден-бір құралы тіл екені түсінікті. Пішінді түзетін құрал да сол. Сондықтан белгілі мазмұнды, оның кейбір нәзік қырларын жеткізудің поэтикалық тәсілдері мен құралдары ұлттық ерекшеліктерімен сипатталғанына қарамастан, қызметін неғұрлым дұрыс, толық жеткізетін тілдік құралдарды аудармада тілдің белгілі заңдылықтарына сәйкес басқа типтегі құралдармен алмастыруына тура келеді. Әйтсе де өлең сөзді аудару тәжірибесінде түпнұсқаның мазмұны мен пішінін мейлінше дәл сақтау, өзге тілде дәл әрі көркем жеткізу аудармашыдан неше алуан тәсілдерді пайдалануды талап етеді. Түпнұсқадағы өзге тілден тікелей аударылмайтын тілдік бейнелеу құралдарына сай баламаны өзге тілдің қорынан табу,

сол арқылы түпнұсқаның табиғатын өзге тілде өрнекті түрде танытудың түрлі тәсілдері Абай өлеңдерінің орыс тіліндегі аудармаларынан да байқалады. Оларда мазмұн мен пішіннің сақталуы да, тілдік бейнелеу құралдарының берілуі де түрлі деңгейде жүзеге асырылған. Солардың көпшілігінде қазақ ақынының ойы мен ойлау даралығы, ақындық тұрғысы, «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын келістірген» шеберлігі түпнұсқадағы деңгейге көтеріле алмай жатады. Абай өлеңдері орыс тіліне өз дәрежесінде аударылып болды десек, қателескен болар едік. Абай өлеңдері орыс тіліне мүлде сапасыз аударылды деудің де реті келмейді. Сондықтан Абай өлеңдерінің орыс тіліне аударылуы мәселесі нақты да затты талдауды, дерекке негізделген тиянақты тұжырымды талап етеді.

Абайдың өлеңдері жанрлық ерекшеліктеріне қарай түрліше көркемдік бейнелеу құралдарының қызметімен ерекшеленеді. Қайсы бір жанрдағы өлеңдер тобында көркемдік бейнелеу құралдары күрделі, ұлттық реңі бай болып келсе, енді бір жанрлық топтағы өлеңдердің тілі қарапайым, нақты. Алғашқы жанрлық топтағы өлеңдерді басқа тілге аудару аудармашыдан үлкен еңбекті, көп ізденісті талап етсе, кейінгі топтағы өлеңдерді аудару едәуір жеңіл. Алайда

аудармашылық шеберлігі кемел аудармашылар үшін де Абайдың өлеңдерін аудару, Абаймен ақындық жарыстыра отырып аудару оңай емес. Бұған Абай өлеңдерінің аудармалары толық негіз бола алады.

Ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі көлемді болғанмен, көркемдік бейнелеу құралдарының молдығы және күрделілігі жағынан аудармашы үшін аса көп қиындық келтірмейтіндей көрінеді. Шындығында олай емес, аудармашылар бұл өлеңді қинала аударғандай әсер туады. М.Петровых, Ә.Қодар аудармаларында «Ғылым таппай мақтанба» түрлі түрғыдан, түрлі деңгейде байымдалған, аудармалардың көркемдік-эстетикалық дәрежелері де түрліше болып шыққан.

*Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.*

*Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз,
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз [1, 65].*

Өлең жолдарында көркемдік бейнелеу құралдарының ішінде жиі қолданылатын теңеу де, эпитет те жоқ, басқа бейнелеу құралдары да сіресіп тұрған жоқ. Ақын анық, айқын, тіпті ауызекі сөйлеу стилінде ой толғап отыр. Аудармада бұлай емес. М.Петровых пен Ә.Қодар осы жолдарды былай аударды:

*Пока не знаешь - молчи.
Пока блуждаешь - молчи.
В бесцельных днях и в ночи
Пустых забав не ищи.
Чтоб человеком ты был
И в ровень с веком ты был,
Ты пятерых побори,
И пятерых избери... [2, 57]*

*Без знаний нос не задирай,
Найди себя, потом играй.
Не надо смеха через край.
Пуста веселость эта.
Пяти вещей ты избегай,
К пяти вещам стремление знай,
Раз хочешь выйти в люди.
Все сбудется в судьбе твоей,
Когда так жить полюбишь... [3, 25].*

Түпнұсқа мен оның екі түрлі аудармасын жолма-жол және шумақ деңгейінде салыстырып қарағанда, Абайдың ойы да, сөзі де мүлде басқа деңгейде шыққаны көзге түседі. Әрине, аудармашылар Абайдың өлеңін орыс тіліне аударып

отырғанда, орыс тілінің заңдылықтарын, орыс тілінің көркемдік құралдарын, орыс тілінің лексикалық, фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік мүмкіншіліктерін пайдаланады. Бірақ бұл аудармашыға түпнұсқадан негізсіз ауытқуға жол бермеуге тиісті. Әр ұлт тілінің синтаксистік жүйесінде ерекшелік бары рас, алайда олардың синтаксистік, поэтикалық, лингвопоэтикалық қызметінде үндестік, үйлестік, бірегей жүйе барын естен шығармау керек. Сондықтан түпнұсқаның синтаксистік жүйесіне, басқаша айтсақ, өлеңнің тармақ жүйесіне орынсыз, қажетсіз өзгерістер, толықтырулар енгізу, сөйтіп түпнұсқаның құрылым жүйесін ғана емес, мағыналық-мазмұндық жүйесін де бұрмалау аудармашы шеберлігін таныта алмайды. М.Петровых түпнұсқадағы «ғылым таппау», «орын таппау» секілді авторлық тіркестерді өзінше өзгертіп аударған. Ал «мақтанба», «баптанба» секілді әрқайсысының дербес мазмұны, мағынасы бар екі түрлі сөздің орнына бір ғана «молчи» («үндеме») деген сөзді қолданады. М.Петровых пайдаланып отырған сөздердің эмоциялық, эстетикалық бояуы солғын. Ал түпнұсқадағы «мақтанба» да, «баптанба» да белгілі бір лексикалық мағынасына қосымша эмоциялық реңкі бар сөздердің қатарына жатады. Ақынның өлең тармақтарына белгілі бір дәрежеде қосымша мағына үстеп, оның мазмұнын байытып тұрған – осы сөздер. М.Петровыхтың аудармасында осындай қосымша мағыналық реңк, өлең тармақтарының маз-мұнын, ақынның ойын байытып тұрған мән мүлде жойылып кеткен. Соның нәтижесінде ақынның ойы мен ойлауы да кедейленіп шыққан.

Ә.Қодардың аудармасы да ақын өлеңінің мәнін толық жеткізе алмаған. Абайдың тілінде бейнелі, астарлы сөз жоққа тән дедік. Ә.Қодар болса, Абайдың «мақтанба» деп тура мағынада, анық та айқын, нақты айтып отырған сөзін орыс тіліне мүлде басқа деңгейдегі сөзбен аударды - «нос не задирай». Бұл - бейнелі, тұрақты сөз тіркесі. Аудармада өлеңнің екінші тармағының мазмұны мен пішіні де бұзылып берілген. [Аудармашының «Найди себя, потом играй» дегені Абайдың «Орын таппай баптанба» деген тармағына мүлде балама бола алмайды. Осылайша, Абайдың өлең тармақтары екі аудармашының аудармасында да сөз, сөз тіркесі деңгейінде, бунақ, тармақ деңгейінде дәл балама дәрежесінде берілмеген. Айтылған жайларға қосымша, екі аудармашы да түпнұсқадағы кейбір тармақтарды өзгертіп немесе тастап кетіп, олардың орнына өздерінің тарапынан басқа тармақтарды қосады.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ақын адамның бес дұшпаны мен бес асыл істі былай санап көрсететіні белгілі:

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Злословие, ложь, хвастовство,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Безделье и мотовство -
Бес дұшпаның білсеңіз.
Вот пять врагов твоих, знай.
Талап, еңбек, терең ой,
А разум, и доброта,
Қанағат, рақым, ойлап қой
Упорство, скромность, труд -
Бес асыл іс көнсеңіз [1, 65]
Вот пять друзей, согласись [2, 57].*

Өлеңде көрініс тапқан бес жаман қылық - кісінің бес дұшпаны және оған қарама-қарсы бес асыл қасиет ақынның мәдени-әлеуметтік, философиялық көзқарасының, дүниетанымының басты өлшемдерін белгілейтін тұжырымдар желісімен сабақтасады. Сондықтан ақынның бұл секілді терең философиялық танымнан туған, әлеуметтік-этикалық тұрғысын білдіретін ойларын еш өзгертусіз, дәлме-дәл аударудың маңызы жоғары. Ақынның мұндай ойларын, тұрғысын, көзқарасын білдіретін ұғымдар мен түсініктерді де ауытқусыз, тура жеткізу шарт. Бұл жерде жекелеген сөздердің немесе бейнелі ойлардың аударылуы туралы емес, нақты ұғымдар мен түсініктердің аударылуы туралы сөз болып отыр. Сондықтан да аудармашының бұл ұғымдар мен түсініктерді дәл, тура аударуы өлеңнің мазмұнын ғана емес, ақынның әлеуметтік-этикалық, философиялық көзқарастарын да дәл жеткізуді қамтамасыз ететінін ескеруге тура келеді. Түпнұсқаның мазмұнын, ақынның дүниетанымын, ұсынып отырған пікірлері мен тұжырымдарын терең ұғынған аудармашы бұл талаптардың орындалуына бар күшін, жігерін жұмсайтынында сөз жоқ. Соған қарамастан, аудармада «еріншек» (безделье), «талап» (упорство) секілді нақты ұғымды білдіретін термин дәрежесіндегі сөздер түпнұсқадағы мағынасын жоғалтып, едәуір қарабайырланып берілген. Ә.Қодар да «бекер мал шашпақ» (деньги на кутеж), «қанағат» (довольство малым) ұғымдарын дәл аудармаған [3, 25].

Аудармашы түпнұсқадағы әрбір детальді, әрбір бейнелі мағынаны мүмкіндігінше дәл аударуға күш салатыны рас. Түпнұсқадағы жекелеген бейнелеу құралдарын немесе пішіннің басты қырларын дәл бермей, өзгертіп жеткізу шығарманың бастапқы түрін, формасын ғана емес, мазмұнын да өзгертіп жіберерінде сөз жоқ. Жоғарыда талданған өлең жолдары туралы осыны айтуға болады. Екі аудармашы Абай

өлеңінің жалпы мазмұнын ғана бере алған. Одан ақынның ой желісі, айтып отырған ойының жалпы мазмұны табылғанмен, ақынның шығармашылық ерекшелігі, өлеңнің көркемдік-эстетикалық болмыс-бітімі, мазмұн мен пішіннің жарасқан келісімі көмескі тартып көрінеді.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде Абай өзінің ғылым, білім туралы ойын үзбей, жалғастыра, дамыта баяндайды. «Бұл тұста ерекше бір көңіл бөлерлік жай - Абай ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды» [4, 78]. Екі аудармашы да өз аудармаларында осы көрсетілген ой желісін жеткізе алған. Аудармашы үшін бұл аз жетістік емес.

Түпнұсқадағы жекелеген ерекше ұғымдарды, түсініктерді басқа тілде жеткізу аудармашыдан терең білімді, үлкен еңбекті және ақындық талант пен шығармашылық шеберлікті талап ететіні рас. Түпнұсқада көрініс тапқан өмір шындығының мәнісін, ақынның ойлау даралығын, стилін, тіл ерекшелігін білу - аудармашы үшін ең басты шарт. Алайда шынайы аудармашыға білім сенімді көмекші болғанмен, маңайдан тер ағызғандай адал да тиянақты еңбек, нағыз шығармашылық еңбек жоқ жерде, айтарлықтай нәтиже болмайды. Терең білім тиянақты еңбекпен, ал білім мен еңбек ақындық талантпен, шығармашылық шеберлікпен ұштасқанда ғана аударма түпнұсқа деңгейіне не соған жетекабыл деңгейге көтеріледі. М.Петровых аудармасында Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі де едәуір өзгерістерге ұшыраған. Дегенмен аудармашы ақын өлеңінің мазмұнын, оның сезім сырын едәуір толық жеткізген. Ақынның көңіл күйі де дұрыс жеткізілген. Өлеңнің өзі мен оның аудармасын өзара салыстырып көрейік:

*Жасымда ғылым бар деп ескермедім
Пайдасын көре-тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?.. [1, 43].*

*Я презрел познание, юноша пустой,
Видел пользу в нем, но шел стезей другой.
Возмужал - наука из-под рук ушла,
Поздно к ней ты устремился, разум мой!
Кто повинен, что остался я ни с чем,
Смолоду учась, я был бы не такой! [2, 38].*

Аудармашы М.Петровых ақын өлеңінің мазмұнын, ақынның көңіл күйін жіті таныған. Түпнұсқаның әр сөзін, әр тармағын терең түсіну, соның нәтижесінде өлеңнің мәнін, рухын ұғыну аудармашыны жалаң-жадағай аударудан сақтандырып, тиісті шығармашылық

табысқа жеткізген. Аудармашының басты жетістігі - өлеңнің мазмұнын, ішкі эмоциялық байлығын орыс тілінде белгілі дәрежеде дұрыс бере білуінде. Әйтсе де аудармашы бұл жерде де өз тарапынан өзгертулер жасамай тұра алмаған. Абай бұл өлеңінде өзінің ғылым жолын жастай қумағанына, ержеткен соң іздегенде, ғылым жеткізбей кеткеніне өкініш білдіріп, сол өкінішін сыр қылып толғайды. Ақын бұл сырын нақты ешкімге де арнамаған. Аудармада ақынның осы сыры едәуір қосымша желілермен толықтырылады. Абай өлең мазмұнын тек өз сыры, өз өкініші ретінде ғана баяндайтын болса, аудармада ақын өзінің ақыл-ойына наз айтқандай күй танытады. Түпнұсқада істің, құбылыстың иесі ақынның өзі болса, аудармада ғылымға кеш ұмтылған ақын емес, оның ақыл-ойы болып шыққан. Бұл секілді өзгертулер, толықтырулар, сөз жоқ, түпнұсқаның тұтастығына, стильдік бітіміне өз салқынын тигізіп тұрғаны рас. Бұл арада ақынның ойлау жүйесінің ерекшелігі де өзгеріске түскен. Мұның бәрі, әрине, аудармашының түпнұсқа табиғатын мейлінше дәл аудару талаптарының үдесінен шыға алмай жатқанын көрсетпесе керек. Дегенмен мұндай өзгерістердің, толықтырулардың қайсы бірі түпнұсқа мәтініндегі кейбір сөздердің орыс тілінде аударылу мүмкіндігінің төмендігімен байланысып жатыр. Мысалы, «түспеді уысыма», «қолымды мезгілінен кеш сермедім», «қолымды дөп сермесем, өстер ме едім» секілді сөз тіркестерін орыс тіліне өте дәл, тура аудару мүмкін емес. Ауыспалы мағынада, тұрақты тіркес дәрежесінде пайдаланылған мұндай тілдік құралдардың мазмұнын аудармашы орыс тіліне қарапайым, тура мағынадағы тілдік құралдардың тобы арқылы аударған. Өлеңнің мазмұндық желісі де осы бағытта аударылады. Сөйте тұра ол түпнұсқаның мағыналық құрылымына, тақырыбы мен идеясына, ондағы характер табиғатына мүмкіндігінше терең бойлаған. Соның нәтижесінде аудармашы түпнұсқаны сөзбе-сөз немесе жолма-жол аударуға бармай, оның мазмұны мен мағынасын терең жеткізуге жол тапқан. Сонымен қатар ол түпнұсқаның пішініне тән ерекшеліктерді де сақтауға күш салады.

Аударма түпнұсқаның мазмұны мен пішінін өзге тілде қайта жасай алғанда ғана сәтті болады. Түпнұсқаның мазмұны мен пішіні арасындағы бірлік пен келісімді жарастықты түрде басқа тілде жеткізе алған аударма ғана көркемдік тұрғыдан бағалы.

Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінде ақын өзінің өмірін, іздеп тапқаны мен іздемей жоғалтып алғанын ақылға

салып, жастықта аңғырттықпен өткізген жылдары үшін өкініш білдіреді, өкініп қана қоймай, өзіне үлкен сыншылдықпен қарап, ғылымнан кеш қалғаны үшін өзін-өзі қатты сынайды, мінейді. Білгеніне қанағат тұтпай, білген үстіне біле беруге ұмтылған таныммен, сыншыл таныммен танылады. Ақын өз басынан өткен осындай жайларды айта отырып, енді өзінен кейінгі буынның білім алуын, өмірін текке, арзан қызыққа арнамай, ғылым жолын қууын ғибрат етеді. М.Әуезов: «Бұл шығарма енді халықтық, адамгершілік, ағартушылық жөнінде үлкен қияға қарай жол тартқан жаңа ақынның бейнесін көрсете бастайды» [5,110], - деп, өлеңнің осындай жаңашыл мазмұны мен ақынның жаңа бағытын, сол арқылы оның ақын-дық бейнесінің жаңа қасиетпен даралана баста-ғанын аңғартады. Бұл айтылған пікірлер Абай-дың өлеңінің мазмұны мен мөніндегі, түрі мен түсіндегі бірлік пен байланыстан туындап жатқан тұтастықты дәл анықтайды. Аудармада ақын өлеңінің осындай ерекшеліктері, оның мазмұны мен пішіні арасындағы диалектикалық бірліктен, келісім мен жарасымнан туып жатқан осындай поэтикалық даралығы бар. Жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің, кейбір тұстарда әсерлі бейнелеу құралдарының өз дәрежесінде аударылмай, өзгерістерге, толықтыруларға түскеніне қарамастан, аудармашылардың шеберлігі, түпнұсқаның әлеуметтік, эмоциялық мазмұнына адалдығы ойдағыдай деңгейде көрініс тапқан.

Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерінде баяндалған ұстаздық үлгі мен тұрғы үзілмей, басқа өлеңдерінде де жалғасып отырады. Жоғарыда аталған өлеңдер мен «Интернатта оқып жүр» жазылу мезгілі жағынан өзара жақын, тақырыбы мен идеясы жағынан да сарындас, бағыттас. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңі туралы да осыны айту дұрыс. Басты идеясы алдыңғы өлеңдермен үндес, сарындас болғанмен, кейінгі өлеңде ақынның жастар алдындағы ағалық ниеті, ұстаздық ғибраты тікелей оқу, білім, ғылым төңірегінде ғана болмай, өмірдегі адамгершілік іс, достық пен татулық, адалдық секілді әлеуметтік-этикалық биік қасиеттерді үлгі етіп, өсиет қылады. Адамгершілік, кісілік туралы «ойларды шешендік, ақылгөйлік түрінде әсіресе баса айту - бұл Абайдың ағалық, ұстаздық ниеті» [5,123]. Тақырып пен идея, мазмұн тұрғысынан алып қарағанда, аудармада Абайдың осы ниеті, осындай ұстаздық ғибраты мен көзқарастары ашылуының маңызы жоғары. Өлеңнің алғашқы шумағын алып, онда берілген жайлардың орыс

тіліне аударылу, орыс тілінде берілу деңгейіне назар аударайық:

*Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат* [1,59].

Өлең тармақтарындағы әр ой анық, оны жеткізіп тұрған тілдік құралдар, түрге пішін беріп тұрған бейнелеу құралдары да жарасымды. Мазмұн мен пішін арасынан ешқандай жарықшақ табылмайды, бәрі де сұлу келісіммен үндесіп тұр. Ақын өлеңнің бастапқы тармағында жігіттерге екі түрлі, біріне-бірі қарама-қарсы екі құбылысты қатар пайымдауды ұсынады: ойын және күлкі. Ауызекі сөз барысында ойын мен күлкі бір-бірінен ажыратылмай, екеуі өзара шектес, мәндес құбылыстар ретінде айтылатыны рас. Ақын осы екі құбылыстың аражігін ашып, олардың әрқайсысының мәні мен мәнісін ажыратып сипаттайды. Олардың мәнін ашу мақсатында ақын бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы, антонимдік қатынастағы екі сөзді таңдап алған: арзан - қымбат. Өлеңнің мағыналық өзегі мен құрылым жүйесі үшін «ойынның арзан» болуы қаншалықты шешуші болса, соған орай «күлкінің қымбат» болуы соншалықты маңызды. Бұл секілді антонимдік қатынаста тұрған сөздердің мағыналары ақынның айтайын деп отырған негізгі ойының салмағын арттырып, өлеңнің поэтикалық қасиетін күшейте түсетіні сөзсіз. Ақынның осы ойы өлеңнің келесі тармағында және бір жұп құбылыстармен егізделеді. Ол құбылыстар - сыр мен сымбат. Өлеңнің басты идеясы мен тақырыбын, мазмұны мен пішінін тану үстінде осы екі тармақта түзілген түр мен өрілген ойдың өзара қатынасы, байланысы, сабақтастығы айрықша мәнді. Өлеңнің ішкі болмысына, нақты мағынасы мен эмоциялық мазмұнына, поэтикалық тұтастығына бастайтын арна осы екі тармақтан басталады. Ақынның ішкі сырына, ақындық-азаматтық нысанасына барар жол осы екі тармақтың көркемдік-эстетикалық табиғатынан табыр тартады.

А.Гатовтың аударуында өлеңнің осы екі тармағы былай берілген:

*Джигиты, ценен смех - не шутовство,
Различны внешний вид и естество* [6,21].

1951 жылғы басылымдағы осы аударма кейінгі басылымдарда басқаша редакцияда ұсынылған:

*Джигиты, дорог смех, не шутовство,
Несходны внешний вид и естество* [7,37].

Редакциялау нәтижесі айтарлықтай нәтижелі де емес, әсерлі де емес екені өз-өзінен көрініп тұр. Рас, «ценен - дорог» тобында түпнұсқадағы «қымбат» сөзіне мағыналық жағынан жақыны - кейінгі редакциядағы «дорог» сөзі. Бұл сөз аударманы түпнұсқаға бұрынғыдан гөрі, жеке-леген сөз деңгейінде болса да, жақындата түс-кен. Ал «различны» сөзін «несходны» сөзімен ауыстыру түпнұсқадағы «екі түрлі нәрсе ғой» сөздерінің мағынасын дәл жеткізу мақсатынан шықпай, аудармадағы «внешний вид и естество» тіркестерінің өзара байланысы мен маз-мұндық-мағыналық қатынастары талабынан туып отырған қажеттілік десе болғандай. Сөйтіп, аудармада ақын «сыр мен сымбаттың ұқсас еместігі» туралы айтқан болып отыр. Оның үстіне «внешний вид и естество» «сыр мен сымбаттың» дұрыс аудармасы да, баламасы да бола алмайды. «Внешний вид» орыс тілінде құбылыстың эмоциялық мазмұнын, реңін білдіре алмайды. Ал Абайдың «сыр», «сымбат» сөздерінің әрқайсысында олардың лексикалық тура мағыналарынан басқа, оларға қосымша эмоциялық мазмұн бар. Бұл мазмұн басқа сөздер беретін мағыналар аясында барынша жарқырап ашылады.

Өлеңнің кілті «ойын арзан, күлкі қымбат» тіркестері айналасында екені туралы ілгеріде айтылды. Ойын мен күлкінің айырмашылықтарын ақын «арзан - қымбат» секілді мағыналары жағынан антонимдік қатынаста тұрған екі дара, бір-біріне қарама-қарсы мәндегі сөздердің жұбы арқылы аңғартады. Мұны ақынның ақындық ойлауын, нысанасын даралайтын ерекше поэтикалық тәсіл қатарына жатқызу дұрыс. Өкінішке қарай, бұл тармақтардағы мән мен мағына да ақынның өз шығармашылық шеберлігі мен даралығы дәрежесінде аударылмаған. Аудармада ойын мен күлкі, арзан мен қымбат арасы мүлде ажыратылмаған. Өлеңнің алғашқы тармағының мағынасын қазақшалайтын болсақ, «ойын емес, күлкі қымбат» дегендей ұғым туады. Абай ойын мен күлкінің қайсысы қымбат екенін айтуды мақсат етпеген. Ақын «ойынның арзан, күлкінің қымбат» екенін, басқаша айтқанда, ненің қымбат, ненің арзан екенін арнайы баса баяндап отыр. Сондай-ақ «ойын» сөзін «шутовство» деп аудару да келісіп тұрғанға ұқсамайды. «Шутовство» мүлде басқа мағынаны білдіреді. Айтылған жайлардың бәрі өлеңнің мазмұны мен пішінін келістіріп аударуда, мазмұн мен пішіннің үйлесімін түпнұсқаның көркемдік-эстетикалық дәрежесінде тәржімалауда аудармашылардың айтарлықтай биік көркемдікке жете алмағанын байқатады.

Шумақтың кейінгі екі тармағын да бұдан гөрі дәл және көркем аударуға болар еді. Ақын күлкінің қымбат екендігі туралы ойын одан әрі жалғастырып, «арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік» ер туралы толғанады. Сондай ер табылса, сонымен сұхбат құрудың ғанибеттілігі туралы пікір түйеді. Аудармашы ақынның ойын дәл жеткізе алмай, сондай ер табылса, «соған сен, соны сүй» дегенді айтады. «Сонымен сұхбат құру» және «соған сену, соны сүй» екі түрлі, бір-бірінен алшақ, алыс ұғымдар қатарына жатады. Олар бірін-бірі алмастыра алатындай тең дәрежедегі баламалар қызметін атқара алмайды. Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік кісімен сұхбат құрудың ғанибеттілігі туралы ой - өз алдына жеке бір ой сарыны, поэтикалық мотив болып табылады. Ойынның арзандығы, күлкінің қымбаттығы туралы ой жүйесі туралы да осыны айтқан дұрыс. Сыр мен сымбат жайы да осындай. Өлең шумағындағы бұл секілді ой сарындары, мотивтер өлеңнің көркем шығарма, поэзиялық туынды ретіндегі көркемдік-эстетикалық тұтастығы мен бітім даралығын түзеді. Олардың бірін назардан тыс қалдырған жағдайда, өлеңнің болмысы да келеңсіз күйге түсіп, сыр мен сымбаттың келісімі бұзылады. Олай болса, мұндай мотивтердің құрамдас бөліктерін аудармада алып тастау немесе ықшамдап, бірі мен екіншісін кіріктіріп жіберу, мағынасын өзгерту түпнұсқа өлеңнің табиғи жаратылысына, жарасымына кінәрат түсіреді.

Аудармашы осы өлеңнің екінші шумағын мазмұн мен пішін үйлесімін сақтап аударып келе жатып, соңғы тармаққа келгенде, шалыс басып кетеді. Әрине, алдыңғы тармақтардың аударылуында да ауытқулар жоқ емес, бірақ олар ақынның ойына қарама-қарсы келмейді. Ал мына екі тармақтағы ой аудармада мүлде басқа, ақынның ойынан алыс кетеді:

*Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді өз халінша [1,59].*

*Есть и такой, кто понимает слово,
Но истолкует к выгоде своей [7,37].*

Өлең тармақтары сөз мәнісін білерлік кісінің қасиеті туралы. Ақын оны жек көріп, жақтырмай отырған жоқ, қайта басқаларға үлгі боларлық дәрежеде сипаттап отыр. Оның «әрбір сөзді өз халінша абайлауына» ақынның іші жылып, қанағат тауып отыр. Бұдан тыңдаушының, сұхбаттасушының жаңа типі танылады. Басқаларға көңілі толмай отырғанда, ақын бұған іші жылып, оны жақын тартып суреттейді. Әрбір сөзді абайлап, өз халінше сөз мәнісін білерлік кісі аудармада басқа қасиетімен көрі-

неді. Ол сөз мәнісін білгенмен, әр сөзді өз пайдасына қарай бұрып пайдаланатын қутыяқтың өзі болып шыға келген. Абай сөз тыңдаушы кісілердің үш түрлі типін көрсетеді: біріншісі «үйден шыққанша тыңдайды»; екіншісі «ұққанынша көңіл қояды»; үшіншісі «сөз мәнісін білерлік, әрбір сөзді өз халінше абайлайды». Осы үш түрлі тыңдаушы типі аудармада былай сипатталған: а) один пропустит мимо ушей; ә) другой проникает в смысл твоих речей; б) понимает слово, но истолкует к выгоде своей.

Тыңдаушының үш түрлі типі де аудармада өзгеріп, өңін құбылып жіберген. Абай тыңдаушылардың ешқайсысын тыңдамайды, құлағына ілмейді деп отырған жоқ. Әрқайсысы шамашарқына қарай тыңдайды. Сол шама-шарықтың деңгейі түрліше болғандықтан, тыңдаушылардың тыңдай білу қабілеті де әр басқа. Солардың ішінен ақын сөз білерлік, сөз мәнісін танырлық қабілеті бар, әр сөзді өз халінше танитын мүмкіншілігі бар кісіні жекелеп, даралап мінездейді. Бұл тектен тек емес. Ақын үшін тыңдаушылардың, сұхбаттастардың дәл осы типі бағалы. Ақынның ойы мен қалауы осы типтегі тыңдаушыға көбірек ауады. Аудармада ақын сипаттап отырған тыңдаушылардың осы типі жойылып кетеді. Бұл, әрине, жекелеген сөз, тармақ деңгейіндегі өзгертулер қатарына жатпайды, бұл мазмұн мен мағына деңгейіндегі өзгеріс, мазмұн мен мағынаны өзгертіп қана қоймай, оларды жадағайлайтын, жұтаңдататын олқылықтар.

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңіндегі адал, шынайы адамгершілік негізіне құрылған достық пен мейірімандық, адалдық пен татулық қарым-қатынас сипатын ашатын ойлардың жүйесін даралай отырып, М.Әуезов мына тармақтардың мазмұнын ерекше жоғары баға-лайды [5,123]:

*Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатишыл болмақты естен кеткіз!

*Жолдастық, сұхбаттастық - бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес [1,60].

*Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,
Қажымас, қайта айнымас қайран тату! [1,62].*

Аудармада Абайдың бұл секілді ойлары, ақындық нысанасы жастарға айтқан ғибраты орыс тілінің заңдылықтарына сәйкес ойға қонымды, бірсыдырғы болып шыққан. Алайда әр тармақты түпнұсқа мен аударма негізінде салыстыра отырып талдағанда, ақынның ойлау машығына, ақындық нысанасына тән кейбір ерекшеліктерді аудармашының үстірт, күңгірт пайымдағаны аңғарылады. Көрсетілген егіз

тармақтарда ұлттық тілдің ерекшелігіне сай өрілген бейнелілік, астарлы ишара, ауыспалы мағыналы, мағынасы бай сөздер, фразеологиялық оралымдар жоқ. Ақын әр нысаналы ойын, ғибрат сөзін жастың ұғымына сәйкес анық, ашық баяндаған. Соған орай аудармашы да бұл жолдарды еркін, ашық, анық тілмен аударуы шарт еді. Мұндай еркіндік, аудармашының түпнұсқа мәтінін, ондағы ойды өзінше өрбітуі өлеңнің басқа бөліктерінде де кездеседі:

*Біріңді бірің гиззат құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып [1,60],*

деген тармақтарда да ақынның жастарға өсиет еткен тұжырымды пікірі, ғибраты жатыр. Аудармашы осы тармақтарды мына түрде аударған:

*Друг к другу проявите уважение,
Которого у нас обычно нет [7,38].*

Ақынның өлеңінің осы екі тармағының біріншісі негізгі ойдың пәні қызметін атқарса, екінші тармақ түгелдей сол пәннің сын-сипатын білдіреді. Басқаша айтқанда, бірінші тармақ белгілі бір құбылыстың мәнін білдірсе, екінші тармақ сол құбылыстың образын береді. Бұдан да гөрі қарапайым айтар болсақ, бірінші тармақта ақын жастардың бірін-бірі құрмет етуін нысана етсе, екінші тармақта сол құрметтеудің амалын, сыны мен сипатын білдіреді. Соның нәтижесінде оқырман мен тыңдарман үшін жастардың бірін-бірі құрмет етуінің сипаты, мәнісі қандай болатыны көзге елестеткендей анық әрі бейнелі болып шығады. Аудармада жастардың бірін-бірі құрмет етуі туралы ой сақталған да, екінші ой, жастардың бірін-бірі құрмет етуінің сипатын, мәнісін білдіретін ой назардан тыс қалып қойған. Мұның өзі өлең тармақтарындағы негізгі ойдың толық аударылмай, жартылай, жадағай берілгеніне айғақ болып тұр. Сондай-ақ аудармашы аударуға тиісті, орыс тілінде жеткізуге тиісті мағынаны назардан тыс қалдырып қоймай, оның орнына өз тарапынан басқа ой қосады. Оны қазақшалағанда, мынадай ойдың желісі шығады: *біздің әдемімізде құрметтеу деген жоқ, бірақ бір-біріңді құрметте*. Жоғарыда берілген аударма үзіндісінен осындай ойды қазақ оқырманы да, орыс тілді оқырман да табады.

Өлеңнің тұтас желісін сүзіп шыққанда, ақын шынында да, қазақ жастарының бірінен-бірі бейне қорқып, жаннан шошып тұрғандай құрметтеуі туралы толғанады, сондай қасиеттің жастар арасында орын алуын мұрат тұтады. Бірақ ақын қазақ ішінде кісіні құрмет тұту жоқ

деген ойды айтпайды, ондай ойдан ол алыс. Аудармашының ақынның айтпаған сөзін айтқан етіп, ойламаған ойын ойлаған етіп көрсетуі әрқашан кемшілік, олқылық бола бермеуі мүмкін. Ал мұндай орынсыз еркіндік түпнұсқаның негізіндегі басты идеяны, авторлық мұрат пен нысананы бұрмалайтын болса, онда мұндай аудармаға сын көзімен қарамасқа амал жоқ.

Ақынның өлеңіндегі мына тармақтағы ой да жадағай аударылған:

*Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан гапыл қалма [1,61]*

*Но, если это дочь людей хороших,
Не будь глупцом, не упускай - женись! [7,39].*

Ақын қыздың ата-анасы туралы «ары бар, ақылы бар, ұяты бар» деген кісі қасиетін таразылап, анықтайтын сөздерді бекер айтып отырған жоқ. Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ана тәрбиелеп өсірген қыз да жаман болмайды. Мұндай ұғым қазақта күні бүгінге дейін бар. Аударма «ары бар, ақылы бар, ұяты бар» деген кісі қасиетін анықтайтын бірнеше ұғымның, түсініктің орнына аудармашы «жақсы» (хороших людей) деген бір ғана ұғымды жеткізеді. Әрине, «жақсы ата-ана» ұғымы мен «ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ана» ұғымы арасында едәуір өзгешелік барын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен бірге Абайдың танымында ар-ұят, ақыл туралы толғамдар оның дүниетанымын, философиялық тұрғысын танытатын эстетикалық категориялармен ұштасады. Бір ғана айтып қоя салған сөз не ұғым болса, онда оны аудармашы осы үлгіде де аударуы мүмкін және одан айтарлықтай олқылықты көре қою да қиын. Ал мұндай ұғымдар мен түсініктер ақынның дүниетанымын, ақындық-азаматтық тұрғысын белгілейтін ұғымдармен астасып, сабақтасып жатқан жағдайда, оларды басқа бір қарапайым сөзбен немесе ұғыммен алмастыру орынсыз болып табылады.

Аудармашы Абай өлеңдерінің кейбір шумақтарының да мазмұнын өзінше баяндап шығып, бетімен кететіні бар. Мына салыстыруларға назар аударайық:

*Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі,
Абыройлы қалжыңмен келсін сөзі.
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,
Қатынында болмасын оның көзі [1,61].*

*Разборчивее выбирай друзей,
Отбрось развязных шутников скорей.
Но к разуму и красоте стремление,
К Познанию рвенье оценить умеи [7,39].*

Авторлық мұрат пен нысананы бұрмалайтын болса, онда мұндай аудармаға сын

көзімен қарамасқа амал жоқ. Ақынның өлеңіндегі мына тармақтағы ой да жадағай аударылған:

*Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан гапыл қалма* [1,61]

*Но, если это дочь людей хороших,
Не будь глупцом, не упусти! - женись!* [7,39].

Ақын қыздың ата-анасы туралы «ары бар, ақылы бар, ұяты бар» деген кісі қасиетін таразылап, анықтайтын сөздерді бекер айтып отырған жоқ. Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ана тәрбиелеп өсірген қыз да жаман болмайды. Мұндай ұғым қазақта күні бүгінге дейін бар. Аударма «ары бар, ақылы бар, ұяты бар» деген кісі қасиетін анықтайтын бірнеше ұғымның, түсініктің орнына аудармашы «жақсы» (хороших людей) деген бір ғана ұғымды жеткізеді. Әрине, «жақсы ата-ана» ұғымы мен «ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ана» ұғымы арасында едәуір өзгешелік барын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен бірге Абайдың танымында ар-ұят, ақыл туралы толғамдар оның дүниетанымын, философиялық тұрғысын танытатын эстетикалық категориялармен ұштасады. Бір ғана айтып қоя салған сөз не ұғым болса, онда оны аудармашы осы үлгіде де аударуы мүмкін және одан айтарлықтай олқылықты көре қою да қиын. Ал мұндай ұғымдар мен түсініктер ақынның дүниетанымын, ақындық-азаматтық тұрғысын белгілейтін ұғымдармен астасып, сабақтасып жатқан жағдайда, оларды басқа бір қарапайым сөзбен немесе ұғыммен алмастыру орынсыз болып табылады.

Аудармадағы мазмұн мен түпнұсқадағы мағына арасында ешқандай жақындық жоқ. Тіпті аударманың Абайдың өлеңіне қатысы барын анықтау мүмкін емес. Сірә, аудармашының өзі де Абайдың айтып отырған сөзінің мәнісін толық түсінбеген болса керек. Мұндай олқылықтар аудармашы түпнұсқада суреттелген оқиғалар, құбылыстар тобын тани алмағанда, түпнұсқаның тілін, мазмұны мен пішінін мүлде байымдай алмағанда, сондай-ақ оны танып-білуге талпынып, тер төгіп еңбектене алмағанда ғана туады. Өлең сөздің аудармасы тек ақынмен сөз жарыстыру немесе ақынның өлеңінің мазмұнын өзінше баяндау емес, ол - өнер, өнер болғанда да өте биік өнер қатарына жатады [8]. Мұндай өнерге өнерпаздың көзімен қарап, өнерпаздың көңілімен бұрылып қарау шарт.

Аударма өзінің болмыс-бітімімен де, қоғамдағы көркемдік-эстетикалық және әлеуметтік қызметімен де түпнұсқамен етене байланысты. Оның қызметінің қандайын да түпнұсқаның болмыс-бітімінен, табиғатынан бөліп тастап,

жеке-дара қарастыруға, бағалауға, сондай-ақ қабылдауға болмайды. Екінші жағынан, түпнұсқаның көркемдік-эстетикалық және әлеуметтік қызметі мен мәнін аударманың дәл осындай қызметімен салыстырып қана қоймай, оларға бір талап, бір өлшеммен қарау тағы да орынсыз болып табылады. Түпнұсқаның табиғатындағы мазмұндық және пішіндік құбылыстардың негіз-гі желісі аудармада көрініс тапқанмен, оның көзге көрінбейтін, тек көңілмен ғана танып білетін, белгілі ұлттық тілдің табиғи ерекшелігінен туындап жататын ішкі байлығы, сөз бен сөздің, ой мен ойдың жанасуынан тұтанып жататын қосымша поэтикалық мағына аудармаға өте сирек көшеді. Бұл қажет болмағандықтан емес, аудармашының ақындық мүмкіншілігінің шек-теулілігінен. Осының салдарынан аударманың түпнұсқадан алшақтауы, тіпті «жаттануы» келіп туады. Аударма мен түпнұсқа арасындағы мұндай ерекшеліктердің негізінде олардың бірін екіншісіне қарсы қойып, олардың бір-біріне сәйкестігін немесе сәйкессіздігін үзілді-кесілді тұжырымдау аударма теориясы үшін бірден бір дұрыс шешім бола бермейді. Аударма мен түпнұсқа арасындағы сәйкестік пен сәйкессіздікті өзара тығыз байланыста, даму, өзгеріс үстіндегі құбылыс ретінде пайымдаған абзал. Өйткені әдебиет үшін аударманың дәлдігі қанша бағалы десек те, айналып келгенде, шешуші пікір оны, аударма туындыны, қабылдаудың, эстетикалық қабылдаудың сипатына орай түйінделеді.

«Әсемпаз болма әр неге» - ақынның жастарды адамгершілікке, кісілікке шақырған, тәрбиелік мәні жоғары өлеңдерінің бірі. Жастардың бойына лайықты қасиеттерді, олардың еліне, халыққа пайдалы болуына жол ашатын адам-гершілік өлшемдерін насихаттай отырып, ақын ақыл, қайрат, шафқат секілді гуманистік сипат-тағы қасиеттерді бөліп көрсетіп, олардың халық игілігіне, ізгі жолға жұмсаудың маңызын жоғары бағалайды. Ақын ұстаздық сөзін, адамгершілік қағидаларын «терең түрдегі мораль философиясымен байланыстыра айтады» [5, 162]. Өлеңде адам болам деген кісінің өмірден өз орнын табуына, орын болғанда, кісілігімен, биік адамгершілігімен, өнерімен, білімімен ел игілігіне қызмет жасау арқылы айқындалатын орынды табуына жол нұсқаған ғибрат бар. Дүниенің бір кетігіне кірпіш болып қаланудың мағынасында «сол кетікті толтырудың өнерін біл дегенді, қара күшпен емес, біліммен меңгер дегенді ұсынады» [9, 243; 10, 88]. Бұл – Абайдың өмірлік тұрғысы мен ақындық нысана-сындағы ірі, биік идеялардың бірі. Оны

білдіретін, оның мәнісін ашатын бірнеше ойлар, тақырыпшалар өлең желісінде өзара тұтасып жатыр. Аудармада оларды ретімен, жүйесімен жеткізгенде ғана түпнұсқаның идеялық мазмұны, акынның ұстаздық ғибратының мәні дұрыс ашылады. Вс. Рождественский бұл орайда көп еңбек сіңірген. Аударманың көркемдік сипаты жоғары. Абайтану саласындағы зерттеу еңбектерде осы өлеңнің мазмұны мен мәні, идеясы туралы айтылған ойлар аудармаға да қатысты қабылдана ма, аударма туралы да осы ойларды іркілмей айтуға бола ма деген сұрақтардың тууы заңды. Жалпы алғанда, абайтану ғылымында бұл өлеңге қатысты түйінделген басты ойлардың қорытындысы аудармаға қатысты айтуға да лайықты. Алайда аудармадан өлеңнің басты идеялық мазмұнын табумен қанағаттанбау керек. Өлеңнің мазмұндық желісін түзетін то-лып жатқан үлкенді-кішілі жекелеген ойлар мен толғаныстардың сипаты да аудармада қажетті поэтикалық қуатпен берілуі шарт.

Осы ретте аудармашылардың түпнұсқаның табиғатын қаншалықты дәл сақтағаны немесе дәл сақтай алмағаны арнайы талдауды талап етеді.

*Әсемпаз болма әр неге,
Будь разборчив в пути своем,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Если ты талантлив - гордись.
Сен де бір кірпіш, дүниеге
И надежным лишь кирпичом
Кетігін тап та, бар, қалан!
В стену строящуюся ложись.*

*Қайрат пен ақыл жол табар,
Убегающий видит путь,
Қашқанға да, қуғанға.
Догоняющий вслед спешит.
Әділет, шапағат кімде бар –
Воля с разумом их ведут.
Сол жарасар туғанға.
Справедливость - вот свет души.*

*Бастапқы екеу соңғысы,
Если воля есть, умживет.
Біте қалса қазаққа,
Доброты же правды нет, -
Алдың - жалын, артың - мұз,
Впереди огонь, сзади лед,
Барар едің қай жаққа? [1,205]
И никак не уйти от бед [7,111].*

Өлеңнің әр тармағын түпнұсқа мен аударма бойынша салыстырып қарағанда, аудармашының кейде орынды, оралымды, кейде орынсыз іс жасағаны белгілі болады. Әр тармақтың нақты мазмұнын ұстанып, аудармадан соны іздеген жағдайда, аудармашының әр жолына сын

айтуға болады. М.С.Сильченко өлеңнің жолма-жол аудармасын жасағанда, түпнұсқаға Вс.Рождес-твенскийден әлдеқайда жақын барады әрі оның мазмұнын да дұрыс жеткізеді. Өлеңнің бастап-қы екі тармағындағы өзгешеліктерге назар аудармай, кейінгі екі тармақтың аударылу жайына назар аударып көрейік. М.С.Сильченко бұл жолдардың аудармасын жолма-жол былай береді:

*Ты ведь только кирпич во вселенной,
Иди (на свое место) и точно ложись [11,181].*

М.С.Сильченко әр тармақтың мағынасын дәл беруге тырысқанмен, айтарлықтай нәтижеге жете алмаған. Бірінші тармақтың мазмұнын белгілі дәрежеде түпнұсқаға жақын. Алайда мына жолдардан «сен де бір әлемдегі кірпішсің» деген ұғым туады. Акынның дүние деп отырғаны әлем (вселенная) емес, өмір дегенді білдіреді. Екіншіден, акынның айтып отырған «дүние» сөзі қандай оймен, қай тармақтағы ойдың мазмұнымен сабақтасып жатқанын жолма-жол аудармашы тап басып ажырата алмаған. Соның нәтижесінде бұл аудармадан «сен де бір кірпішсің дүниедегі, бар да, орнынды тауып жат» деген мағына туады. Оның үстіне екінші тармақтың аудармасын жолма-жол аударма қатарында тану қиын. Ал Вс.Рождественскийдің аудармасынан гөрі жатық, түпнұсқаның мазмұнын тура болмаса да, бір шама сақтай алған. Әйтсе де оның аудармасынан түпнұсқадағы мазмұннан өзгеше, «қаланып жатқан қабырғаға мықты бір кірпіш болып жата қал» деген сияқты тым қарабайыр ой туындайды. Әрине, түпнұс-қамен таныс емес орыс тілді оқушы осы аударманың өзінен де үлкен ой тауып, үлкен толға-нысқа түсуі ғажап емес. Ол оқушының білім деңгейіне, таным дәрежесіне тікелей байла-нысты. Әйтсе де түпнұсқаның мазмұнын мүм-кіндігінше дәл жеткізген аударма қатарына бұны да қосуға болмайды. Абай бұл жерде өз тілінде еркін айтқан ойының бейнелі табиғатын аудармада жоғалтып алып отыр. Екінші шумақты тұтастай және әрбір тармақ бойынша салыстырып шыққанда, бұдан да өрескел ауыт-қулардың беті ашылады. Бұл жерде тағы да М.С.Сильченконың жолма-жол аудармасына сүйенген дұрыс. Ол бұл шумақтың екі тармағын мына тәртіппен аударған:

*Энергия и разум откроют путь
И убегающему, и наступающему [11,181].*

Бірінші жол түпнұсқаның мазмұнын, шынында да, дәлме-дәл, тура жеткізіп тұр. Ал екінші жолдың соңғы сөзі түпнұсқадағы «қуғанға» сөзінің мағынасын жеткізетін балама сөз қатарына жатпайды. Дегенмен М.С. Сильченко

бұл екі тармақтың негізгі мазмұнын дұрыс берген. Вс.Рожественскийдің аудармасынан көркемдік тапқанмен, мұндай дәлдікті табу қиын. Тіпті бұл екі тармақ түпнұсқадан мүлде алшақтап, мүлде басқа мағынаны білдіретін сөздердің тобына айналып кеткен. Бұдан түпнұсқадағы мазмұн мен аудармадағы мазмұн арасында ешқандай жақындық жоқтығы көзге түседі. Шумақтың кейінгі екі тармағы туралы да осыны айтқан дұрыс деп ойлаймыз.

Шумақтағы басты, өзекті ойды ұстап тұрған екі ұғым бар. Олардың бірі - қайрат, екіншісі - ақыл. Аудармада бұл екі ұғым жоқ. Осы шумақтағы және бір басты, өзекті ойды ұстап тұрған келесі жүйе ұғымдар - әділет пен шапағат. Аудармада бұл екі ұғым да жалаңаш, жадағай күйге түскен. Өлеңнің мағыналық-құрылымдық жүйесінде бұл аталған ұғымдар ақынның айтар ойының негізін құрайды және бір шумақтан келесі шумаққа жалғасып жатады. Мына шумақта бұл ұғымдардан көз жазып қалған аудармашы келесі шумақты аударуға келгенде, одан ары қарай адасады. Екінші шумақтағы қайрат пен ақыл, әділет пен шапағат үшінші шумақта тура аталмайды, ақын оларды «бастапқы екеу» және «соңғы» деп басқа сөздер арқылы береді. Бұл ұғымдардан әуелде көз жазып қалған аудармашы кейінгі шумақтағы бұл сөздердің мәнісіне терең бойлай алмай, тағы да өзінше жырлап кетеді. Оның үстіне аудармашы ақынның осы шумақтың алғашқы екі тармағын тіпті орыс тілінің талаптарына сай бермегені байқалады. Әйтпесе дәл осындай өлең тармақтарын немесе синтаксистік құрылымды орыс тіліне лайықты деуге бола ма? Біздіңше, болмайды. Бұл секілді аударма түпнұсқаның мазмұнын кедейлендіреді, ақынның шығармашылық даралығын жояды.

Жоғарыда аталғандай ауытқушылық өлеңнің түрік тіліндегі аудармасында да кездеседі. Түрік тілі орыс тілі сияқты емес, қазақ тілімен негізі бір, түбірі бір, қазіргі шақта да лексикалық қоры үндес тіл қатарына жатады. Соған қарамастан өлеңді түрік тіліне аударушылар ақын өлеңінің кейбір нәзік иірімдерін тап басып тани алмаған секілді. Оған мына үзінді мысал бола алады: Абайдың «Бастапқы екеу соңғысыз» деген тармағын аудармашы өзінше бағалап, бұлардың мәнін орын-орнына қояды. Бірақ «бастапқы екеудің» орнына аудармашылар үш ұғым-үш қасиетті қатар алады. Абайдың айтып отырған «бастапқы екеуінің» үстіне «соңғының» бірін қосып жібереді. Сонда аудармада «қайрат, ақыл, әділет» үшеуі туралы айтылады [7, 96-97]. Абай бұл үшеуін қатар алған емес, алғашқы екеуі қазақта болып, соңғысы болмаса деген

ұғым осылайша бұзылған. Оның үстіне аудармашы-лар осы үшеуінің қазақтың бойында болуы туралы емес, болмауы туралы ұғымды береді де, бұл үшеуі қазақта болмаса, сонда ғана оның алды жалын, арты мұз болатындай түсінікті ұсынады. Біздіңше, аудармашылар бұл үш ұғымды бекер бір қатардағы құбылыстар ретінде таныған. Абайдың ұғымында бұл қасиеттер, «бастапқы екеу» және «соңғысы» қазақтың бойына қатар бітер болса, онда қазақтың қасиеті мүлде басқаша сипатымен ерекшеленер еді. «Соңғысы» болмай, «бастапқы екеу» бойында болғанда ғана қазақтың алды жалын, арты мұз секілді күйі туындайды. Мұның өзі ақынның ойын, өлеңнің мазмұнын, құрылым жүйесін мүлде басқа бағытқа бұрған.

«Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің бастапқы мағыналық бөлімінде ақын адам алдына нақты бір міндет қойып, оған белгілі бір халықтық маңызы бар пайдалы істі атқаруды парыз етеді. Екінші мағыналық бөлімде бұл міндет пен парызды атқару үшін кісілік қасиеттерді - қайрат пен ақыл, әділет пен шапағат - көрсетеді. Осы бөлімнің жалғасы болып табылатын келесі шумақта адам бойында осы қасиеттердің бастапқы екеуі - қайрат пен ақыл - болып, кейінгі екеуі табылмаған жағдайда, кісінің адамгершілік негізі сұйылып, бағыт-бағдарсыз, нысанатұрғысыз өмір кешетіні жайында терең әлеуметтік ой түйінделеді. Мұндағы әділет пен шапағаттың шет қалуы, кісі бойынан табылмауы туралы ойдың негізінде ақынның жүрек туралы ойлары, жүрек туралы ұстанған эстетикалық биік нысанасы бар [12, 279-281].

Ақынның "Он жетінші сөзі", «Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек», «Жүректе қайрат болма-са» және басқа шығармалары кісі бойындағы осындай асыл қасиеттердің адам өміріндегі, қоғам, әлеумет тіршілігіндегі маңызы туралы тұтасқан ой-пікір жүйесін баяндайды. Ақынның эстетикалық биік нысанасын, қоғамдық пікірін, дүниетанымын, адамгершілік келбетін танытатын бұл секілді танымдық мәні жоғары пікірлерді аудармада жүйесін бұзбай, олардың арасындағы бірлік пен тұтастықты сақтай отырып жеткізу - аса маңызды шығармашылық міндет.

«Әсемпаз болма әр неге» өлеңіндегі «қайрат» сөзін М.С.Сильченко «энергия» деп, Вс.Рожественский «воля» деп аударды. Қайрат пен воля екеуі қазақ ұғымында бір сөз болмағанмен, өзара шектес, жақын. «Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек» өлеңін орыс тіліне аударған А. Штейнберг те бұл сөзді осылай аударды. Екі аудармашының да ақын шығармашылығында орталық желіні түзетін, ақынның көзқарасын аңғартатын танымдық сипаттағы

ұғымды бірдей, біркелкі аударуы орынды болып шыққан. Ал түпнұсқаның жалпы мазмұны аудармада қалай шыққанын, ақынның дүниетанымын, зор толғанысының мәнісін аудармашылардың қалай, қандай дәрежеде бере алғанын байқау үшін, мынадай салыстыруларға назар аударайық:

*Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек [1, 128].*

*Острый разум чист, словно пласт ледяной,
В непослушном сердце - кипучий зной.
Терпеливую мысль и пылкую страсть
В силах ты обуздать лишь волей одной.
Только тот, кто сердце и разум скует
Непреклонной волей, - достигнет высот [7, 76-77].*

Накты, дәл аудару талабы тұрғысынан келгенде, аударманың мазмұнына, мағынасына қатысты бірқатар сын айтуға болады. Тіпті түпнұсқаның негізгі мазмұнын жеткізу, ақынның ойының накты мәнін жеткізу бағытында да келіспей жатқан жайлар жеткілікті екені көрініп тұр. Ақын зерек ақыл мен суық мұз арасындағы қатынасты тепе-тең ұстап, бұл екі ұғымды метафоралық қатынаста алған болса, аудармада бұл теңеуге айналып кеткен. Тенеудің образы «чист, словно пласт ледяной» болуы да түпнұсқаға сай келмейді. Зерек сөзінің мағынасы қазақ ұғымында өткір ұғымымен жанаспайды, бұлар - екі түрлі сөз, екі түрлі ұғым. Аудармашының «острый» деп отырғаны «зерек» деген түсінік бермейді, «өткір» деген ұғымды білдіреді. Өткірлік тура мағынасында затқа, құралға, қаруға және басқа осындай заттық мәнді білдіретін бұйымдарға қатысты қолданылады. Адамға, оның қасиетіне, болмыс-бітімін анықтайтын құбылыстарға қатысты айтылғанда, ол тура емес, бұрма, ауыспалы мағынада қолданылады. Ал «зерек» сөзі білдіретін ұғым затқа немесе жануарға байланысты емес, тек қана адамның ішкі қасиетінің ерекшелігіне байланысты қолданылады. Сондықтан «зерек» сөзі мен «өткір» (острый) арасында үлкен эмоциялық мазмұн айырмашылығы бар. Ол айырмашылықтарды ескермеу, көңілден таса қалдыру түпнұсқа мазмұнының аудармада сұйылып жетуіне алып келеді. Екіншіден, ақынның дүниетанымында адамның жаны мен тәні - екі түрлі, екі деңгейдегі құбылыс. Жан мен жүрек, ақыл мен қайрат болмаса, адамның денесі де бір, бос қуыс та бір. Ақынның: «Адам - бір бөк көтерген боктың қабы» [1, 288], - деуінде

осындай сыр бар. Сондықтан «Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек» тармағының мазмұнына ерекше мән беріп қараған жөн. Бұл арада «тұла бой» және оны жылытқан «ыстық жүрек» екеуінің арасындағы қатынас еш әлсіремеген күйі аударылуына ерекше назар аударған дұрыс. Аудармашы бұл аталған логикалық қатынастарға, «тұла бой» мен «ыстық жүрек» арасындағы осындай терең мағынаға тиісті көңіл бөлмеген. Аудармашының пайымдауындағы осы тармақтардың мағынасын қазақшалар болсақ, мынадай ой түзіледі: «Асау жүректе - қайнаған ыстық». Шындығында, ақын жүректе қайнаған ыстық барын айтып отырған жоқ, ыстық жүректің тұла бойды жылытатыны туралы ой тастап отыр. А.Штейнберг жүректе ыстық барын айтады да, сол ыстық жүректің ең басты қызметін, «тұла бойды жылытқан» қасиетін, аударма мәтініне енгізбейді.

Өлеңнің кейінгі тармақтарындағы ойлар да бұрмаланған. «Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық қайраттан шығады» деген ақын ойында тағы да терең мағына бар. Ол жеке тұрған ой емес, ақынның басқа өлеңдерінің ішкі мазмұнымен, жоғарыда айтқанымыздай, сабақтасып, тұтасып жатқан ой. Қайраттан шығатын осындай қасиеттер аудармада «қайратпен бағындыратын» құбылыстарға айналған. Қайраттан шығатын қасиет және қайратпен бағындыратын, бұғаулайтын қасиет - бұлар да екі түрлі бол-мысты білдіреді. Келесі тармақтарда ақын «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» десе, аудармашы мұны «жүрек пен ақылды қайратпен құрсаулап ұста» деген сияқты мазмұнда жеткізеді. Ақыл, қайрат, жүректі тең ұстау мен ақыл, жүректі қайратпен бұғаулап ұстау - бұлардың арасында да ешқандай жақындық жоқ. Оның үстінде «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау» қатардағы бір ойды білдірмейді, ол ақынның дүниетанымын, ақындық, қоғамдық-әлеуметтік, эстетикалық нысанасының негізін құрайды. Олай болса, мұндай маз-мұндағы өлең жолдарын дәл осылай аударуға бола ма? Біздіңше, аудармашы бұл өлеңді үлкен жауапкершілікпен, ақынның дүниетанымына, ақындық әлеміне, оның әрбір ойына терең бойлай отырып, оларды зерттеушілік зердемен терең зерделей отырып қана аударуы қажет еді.

Берілген үзіндінің соңғы тармағында («Сонда толық боласың елден бөлек») ақынның және бір күрделі, терең танымын аңғартатын ұғым жатыр. Ол – толық адам туралы ұғым. Толық адам туралы ұғым ақынның бір ғана шығармасының емес, тұтас ақындық ойының өзекті желісі болып табылады [13, 246-258]. Аудармада бұл ұғым да сейіліп, көзге түспей, көрін-

бей қалған. Ә.Қодар ғана ақынның шығармашылығында басты желі болып тартылып жатқан бұл ұғымға тиісті көңіл бөліп, сәтті аударма жасайды:

*Держа в единении Ум, Сердце и Волю,
Ты к цельности редкой придешь без труда* [3, 43].

Үңіліп қараған адамға бұл аудармада да кемшіліктер бары белгілі болады. Абай айтып отырған «бірдей ұста» мен Ә.Қодар айтып отырған «держа в единении» екеуі екі басқа мағынаны білдіретіні сөзсіз. Ә.Қодардың аудармасын «бірдей ұстау» емес, «бірге ұстау» мағынасында ғана қабылдауға болады. Ал ақын бұл үш қасиетті «бірге» ұста, деп отырған жоқ, «бірдей ұста» дейді. Толық адам болудың шарты осы үш қасиетті бірге ұстауда емес, бірдей ұстауда. Олай болса біз сәтті деп отырған Ә.Қодардың аудармасында да Абайдың өзекті ойы толық жетпеген деуге негіз бар. Оның үстіне ақынның толық адам туралы қағидасына, тұжырымына да көлеңке түскен. Өлеңнің басқы тармақтарын Ә.Қодар мынадай үлгіде аударған:

*Наш холоден Ум, наподобие льда,
Горячее Сердце согреет всегда.
Разумность и такт, прозорливость терпенья,
В нас Воли рождает тугая узда* [3, 43].

Аудармашы метафоралық қатынаста тұрған екі түрлі құбылыс арқылы берілген ұғымды жеңілдетіп жеткізеді. Соның нәтижесінде ақылдың суықтығы, салқындығы туралы түсінік сақталған да, оның басты қасиеті - зеректігі - жойылып кеткен.

Жүректің жылытатындығы туралы ой сақталған да, оның нені (тұла бойды) жылытатыны ескерусіз қалған. Сөйтіп, түпнұсқадағы мазмұн мен мән аудармада өзгеріп әрі жұтап шыққан. Өлеңнің соңы мынадай екі тармақпен түйінделеді:

*Біреуінің күні жоқ біреуіңіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек* [1, 128].

Ақыл, қайрат, жүрек - бұл үшеуінің біріншісі бірінің күні жоқ болғанда, олардың жөнін біліп, әрқайсысының орны мен ретін анықтайтын күш - ғылым. Бұл үшеуінің басын қосу, ақынның ойынша, ғылымның ісі болып табылады. Бұл «ұлы ақынның өз ойы, өз танымы екенін оның барлық шығармаларының рухы айғақтайды» [13, 242].

Ақынның барлық шығармаларының рухы айғақтайтын осы мағыналы тұрғы аудармашылардың тарапынан әртүрлі дәрежеде байымдалады. А.Штейнберг ақынның бұл орайдағы өлең жолдарын былай аударады:

*Разноречье троих сумей сочетать,
Этой мудрости учит нас жизнь сама* [7,77].

Аудармада аталған үш қасиеттің әділқазысы, жөнін айтушы ретінде ғылымның орны мүлде көрінбей қалған. Бұл жерде ғылым туралы әлде-қандай сөз жоқ. Ә.Қодардың:

*Ум, Сердце и Воля - ничто б друг без друга,
А Знание их суть пронесет сквозь года* [3, 43], -

деуі де түпнұсқаның тіліндегі ғылымның орнын тап басып көрсете алмаған.

Абайдың «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңі оның «қайрат, ақыл, жүрек» туралы толғамдарын жаңа бір биіктен танытатын өлеңдердің қатарына жатады. Өлеңнің атын О.Румер «Стяжателью одно лишь тешит душу - скот» деп аударады. Ақынның «малға дос» деп отырғаны аудармашының қолынан «стяжатель» болып шыққан. Өлеңнің кейінгі жолдарында да осындай белгілер бар. Алайда өлеңнің басты мазмұнын аудармашы дұрыс жеткізеді. Өлеңнің жалпы мазмұнын аудармада жеткізу, дәл беру - бұл да үлкен ақындық өнерді талап ететіні сөзсіз. Ал әр сөздің, әр тармақтың мағынасын дәл аударуды талап етпей, өлеңнің әр шумағының жалпы мазмұнын, ақын ойының желісін сақтап аудару түпнұсқаның тілін, ақынның ойын, ақын шығармасында көрініс тапқан өмір құбылыстарының тобын дұрыс тани алған жан үшін көп қиындық келтірмесе керек. Аудармашы өлеңнің әуелгі үш шумағын аударғанда осындай білім мен білік, таным дәрежесін аңғартады. Жекелеген тармақтар мен шумақтардың басты ой желісін бұзбай жеткізе білуі де оның еңбегінің биік дәрежесін танытады. Аудармашы түпнұсқа мазмұнын, онда көрініс тапқан өмір шындықтарының сырын нақпа-нақ бермесе де, оның негізгі қыры мен сырын, мәнін оңтайлы жеткізеді. Түпнұсқаның әсері бір бөлек, аударманың әсері бір бөлек екені рас. Бір тілді емес, қос тілді, орыс тілін де, қазақ тілін де білетін және түпнұсқаның да, аударманың да көркемдік-эстетикалық болмыс-бітімін, табиғатын салыстыра отырып қабылдай алатын оқушы үшін түпнұсқаның қасиеті, поэтикалық қуаты бір басқа да, аударманың ой қуаты бір басқа. Түпнұсқа мен аударма арасындағы алшақтық та, ауытқу да осындай қос тілді оқырман үшін мейлінше анық көрінеді. Бұл жерде қос тілді оқырман туралы бекерден бекер ой қозғап отырған жоқпыз. Абайдың шығармалары алғаш орыс тіліне аударыла бастағанда, аудармашылар өз аудармаларын орыс тілді оқырмандарға арна-ғаны сөзсіз. Ол тұста қоғамның даму дәрежесі, оқырмандардың түрі мен типі осындай мақсатта қызмет етуді

аудармашылардан да, баспа қызметкерлерінен де талап еткені шын. Бүгінгі жағдайда оқырмандардың жаңа типі өсіп, жетілді. Олар - екі тілді оқырмандар. Екі тілді бірдей білетін оқырмандардың өсіп-жетілуі орыс тілді оқырмандарға ғана арналып жасалған аудармаларға бүгінде мүлде басқаша талаппен қарауға алып келіп отыр. Қос тілді оқырмандар талабына кез-келген аударма жауап бере алмайды. Алайда тарихи тұрғыдан келгенде, бұл аудармалардың өз кезінде үлкен қоғамдық-әлеуметтік қызмет атқарғанын жоққа шығармау керек. Оның үстіне қоғам тек қос тілді оқырмандардан ғана тұрмайды. Орыс тілді оқырмандар Абай шығармаларын оның осындай аудармалары арқылы ғана тани алады. Сондықтан ақын шығармаларының аудармаларын бағалағанда, олардың осындай қызметін де ескеруге тура келеді. Осы тұрғыдан келгенде, ақын шығармаларының орыс тіліне аударылуы барысында түпнұсқаның негізгі мазмұндық желісінің сақталуы аса мәнді болып табылады. Түпнұсқаның басты мазмұндық желісінің сақталуы бар да, ақынның түбегейлі нысана-тұрғысын танытатын ойлардың жүйесі бір басқа. Ілгеріде айтқанымыздай, түпнұсқаның негізгі мазмұны аудармада дұрыс беріліп, ақынның түбегейлі нысана-тұрғысын танытатын ой жүйесі көзден таса қалған жағдайда, ондай аударманың көркемдік-идеялық сапасы төмен болатынын ашық айту қажет. «Малға достың мұны жоқ малдан басқа» өлеңіндегі мазмұн мен мағына соңғы шумақта түйінделеді. Түйінді ойын ақын былай жеткізген:

Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [1, 249].

Ақынның айтып отырғаны оның өзінің жеке дүниетанымы, әлеуметтік философиялық көзқарасы, эстетикалық нысана-тұрғысы екені анық. Сонымен бірге бұл ойларда оның терең ұлттық болмысы жатыр, бұл ойларда оның ұлттық қасиеті бар. Өлеңнің ұлттық сипаты да осындай тұғырлы түбегейлі мәнімен сипатталады.

Жүректің қасиетін ақын қара сөзінде де кеңінен таратып баян еткен. Осындағы жүрек қасиеті туралы сипаттамалардың дені ақынның өлеңдерінде де басты желі болып тартылған. Ақын кісі бойындағы мейірім, шафхатты, рахымды, махаббатты жүректен шығатын асыл қасиет қатарында бағалайды. Сол себепті ақын өлеңдеріндегі «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек» - бәрі де аудармада түпнұсқадағы мәнін жоғалтпай, өздері де таса қалмай, аударма шығарманың орталық өзегін түзетін ой желісі, ұғымдар жүйесі ретінде қала беруі

орынды болады Түпнұсқадағы «ыстық», «нұрлы», «жылы» сөздері белгілі заттың, құбылыстың айрықша қасиетін ашып тұрған көркемдік бейнелеу құралдары (эпитет) екені рас. Бірақ бұл жерде аудармада түпнұсқаның көркемдік бейнелеу құралдарының сақталуы туралы әңгіме болып отырған жоқ. Бұл үш сөздің үлкен әлеуметтік мәнді ашып тұрған бай қызметі бар. Олар адам бойындағы үш асыл қасиеттің, «үштік ұғымның өзіне тән гуманистік мағынасын ашып айғақтап тұр» [13, 241]. Ақынның «үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деуінде қаншалықты терең мағына барын осы айтылған жайлардан аңғару қиын емес. Ақын ойының темірқазығындай қызмет атқаратын мұндай ойға да, мән-мағынаға да толы өлең жолдарының әр сөзі, әр тіркесі аудармашыдан барынша дәлдікті талап етеді.

Ақынның адамдық қасиет, адамшылық іс туралы желілі ойлары «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңінде және бір тереңдігімен көңіл аударарды.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне құлық сақтап.

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап [1, 267].

Төрт тармақ шумақтың алғашқы екі тармағында бір тақырыптық желі бар. Ол жұртқа сенбеу, оның себебі туралы. Соңғы екі тармақтағы тақырыптық желі - кісінің өзіне сенуі, оның нәтижесі туралы ой. Ақын өзіне сен дегенде кісінің бойындағы ілгеріде көрсетілген үш қасиетті негізге алып отырғанын есте ұстаған дұрыс. Сол үш қасиеттің біреуі - ақыл - мына жерде анық көрсетіледі де, оған еңбек қосылады. Еңбек - қайраттың қызметі. Олай болса, ақын ақыл мен қайратты қатар ала отырып, «өзің» деген ұғымның астарында «жүректі» мезеп отырған болып шығады. Сөйтіп, бұл жерде де толық адамның басты шарты, үш қасиет қатар негізге алынған деуге болады. Осындай іргелі, күрделі, терең ой желісіне құрылған өлеңнің орыс тілінде бірнеше аудармасы бар. Олар - А.Гатовтың, Ә.Қодардың, М.Сұлтанбековтің аудармалары. Үш аудармашының таным сипаты, шығармашылық ерекшеліктері, шеберлік үлгілері әр түрлі. Түпнұсқаны тану мүмкіншіліктері де басқа-басқа. А.Гатов өлеңнің бастапқы шумағын былай аударған:

Разным людям не верь, что тебя вознесут, -

Ведь они коварно тебя предадут.

Верь себе! И опора и счастье твое -

Это лишь неразлучные ум и труд [7, 134].

Түпнұсқадағы серпін, қимыл-қозғалыс, ойдың әрекетшілдігі аудармада біршама берілгенін жоққа шығармау абзал. Жұртқа сенбеу туралы тақырыптық желі сақталған. Оның себебі де ашылған. Өзіне сену туралы тақырыптық желі - бұл да бар. Оның нәтижесі де суреттелген. Алайда өлеңнің бір жолынан екінші жолына жалғасып, дамып жатқан желілі ойдың тұтастығы қатты әлсіреген. Өлеңде ақыл мен еңбектің қызметі нақты, процесс күйінде суреттелген болса, аудармада ол жоқ, еңбек пен ақыл сүйеніш пен бақытқа баланған. Еңбек пен ақыл - бақыттың көзі. Оны жоққа шығару ретсіз. Ақынның шығармашылық мұрасы бұл ойды толығынан қолдайды. Дегенмен дәл мына өлең жолдарында еңбек пен ақылдың сипаты емес, нақты қызметі бағалы. Ақынның «алып шығар» деген қимыл-қозғалысқа, серпінге толы сөзін аудармашы қимыл-қозғалыссыз «опора и счастье» деп, бейнелі, ауыспалы мағынадағы сөздердің қызметі арқылы беруі ақын өлеңінің контекстіндегі ақыл, қайрат, жүрек туралы ұғымды мүлде бүркеп тастаған. Сөйте тұра аударма туынды түпнұсқадан тыс орыс тілді оқырмандардың эстетикалық тұщынуын туғызатын көркемдік құбылыс дәрежесіне дейін көтерілген. Ақынның дәл осы өлең арқылы айтайын деген ойы, белгілі дәрежеде көркем түрге иеленіп, орыс тіліне бірсыдырғы аударылған. Бұдан жақсы, бұдан жатық, бұдан гөрі дәл әрі көркем аудару мүмкіншілігін ешкім жоққа шығармайды. Бірақ ол екіншісінің бірінің қолынан келмейді. Ә.Қодар мен М.Сұлтанбековтің аудармаларында да мінсіз келісім бар деп айту қиын.

*Пусть хвалят люди, верить не резон.
Ты жди подвоха, если вознесен.
Поверь в себя, тебе помогут дружно
Твой труд и ум твой, взявшись с двух сторон* [3, 37].

Ә.Қодардың аудармасы - осы. Түпнұсқаның алғашқы екі тармағының мазмұны жартылай берілген. Екінші тармақтың мағынасы ашылмай, басқаша сипат алған. Кейінгі екі тармақтың мағынасы да өзгеріп, артық сөздерге орын берілген. Ақынның «өзіңе сен, өзіңді алып шығар» деген ойына қосымша, үстеме мағына қосылып, екінші жағынан, ақынның өз ойы көмескілене түскен. Аудармашының «помогут дружно» деуі түпнұсқадағы нақты айтылған ойды бұлың-ғырландырып, нақтылықтың орнын жалпылық сипат басқан. «Помогут дружно» тіркесі түпнұсқадағы тікелей бірліктердің ұғымын жеткізе алмайды. Оның үстіне аударманың өлең сөз сияқты төгіліп тұрмағаны оны түпнұсқаның ыр-ғақ,

ұйқас жүйесімен салыстырғанда айқындала түседі.

М.Сұлтанбековтің аудармасында мазмұндық нақтылық, дәлдік басым. Әр тармақтың көтеріп тұрған мазмұны, атқаратын қызметі бұл жерде нақты сақталған. Шумақтың жалпы мазмұндық бітімінде де тұтастық бар:

*Сколько б тебя ни хвалили - не верь,
Хитрость таится в хвалебной молве.
Веру в себя укрепляй, чтоб вдвоем
Разум и труд выводили на свет* [14, 25].

Соңғы екі тармақтың синтаксистік құрылымы түпнұсқадан мүлде алшақ. Бұл алшақтық өз кезегінде түпнұсқадағы ой жүйесінің құрылымы мен аудармадағы ой жүйесінің құрылымындағы алшақтыққа алып келген. Соған байланысты ақынның айтып отырған ойы да жүйелі қалпын сақтай алмаған. Аудармадағы мағынаны қазақ тілінде былай баяндауға болады: *ақыл мен еңбек екеуі сені жарыққа алып шығу үшін, өзіңе деген сеніміңді арттыр (бекіт)*. Бір ұғымды екінші бір ұғымның орындалуының шарты етіп көрсету түпнұсқа жүйесіндегі бірден бірге дами ұласып жатқан ой ағынының еріксіз үзік-үзік болып шығуына себепкер болған.

Өлеңнің түйінді мәні соңғы шумақта жинақталған:

*Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңақақ ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Содан тапқан - шын асыл, тастай көрме* [1, 267].

Өлеңнің бастапқы шумағы секілді мұнда да қимылды, қозғалысты, процесті білдіретін сөздердің қатары самсап тұр. Ақынның әр сөзінде бір әрекеттің сыры бар, бір қызметтің қыры бар. Қимылды, қозғалысты білдіретін әр сөзде ақынның ғибратты өсиеті бар. Солардың түпқазығы болып ақынның жүрек туралы танымы, жүрекпен байланысты ұғымдар жүйесінің өзегі тағы жарқырап көрінеді. Мұндағы ой бейнелі, образды. Жүрек туралы ілгерідегі ойлар тура мағынада қолданылып келген болса, мына жерде олай емес. Ақын жүрекке сүңгу, жүректің түбін көздеу туралы ой тастайды. Жүрек адамның кеудесіндегі жұдырықтай ғана ет болса, оған қалай сүңгуге болады, оның түбіне қалай үңілуге, түбін қалай көздеуге болады? Ол мүмкін емес. Ал бұл сөздерді ақын қолданып отырған мәнде қабылдар болсақ, онда әңгіме басқа. Ақын ет жүрек туралы айтып отырған жоқ, сол ет жүректің қасиеті мен қызметі, ондағы махаббат, мейір, рахым туралы айтып отыр, шафхат та осы қатарда. Осы жерде

ақынның жоғарыда әңгіме болған «Он жетінші сөзіндегі» жүрек туралы сипаттамаларына тағы бір назар аударған артық емес. Қайрат, ақыл, жүрек туралы сондағы ойлардың мәнісі мына өлең жолдарында қысқаша түйінделіп, шиыршық атқан мағыналы өсиетке, ғибратқа айналған. Өзге тілді оқырмандар үшін де, түпнұсқаның аудармадағы көркемдік қасиеті үшін де өлеңнің осындай мәнінің аудармашы тарапынан лайықты көрсетілуі аса бағалы.

Жоғарыда түпнұсқа мен аударма арасындағы сәйкестік пен алшақтық жайы тек мазмұнамағына арнасында ғана сарапталды. Бұл жерде нақты, тура мағыналы сөздердің тура мағынада аударылуы, тармақ беретін мағынаның аудармада мүмкіндігінше дәл берілуі, тармақ, шумақ, тұтастай өлең мазмұнының, ақынның өмірлік тұрғысын, ақындық биік нысанасын танытатын, эстетикалық көзқарастарының негізін аңғартатын тұжырымды ойлардың берілу дәрежесі жайында сөз болды. Әрине, аударма өз қалпында, түпнұсқадан тыс тұрып та белгілі көркемдік-эстетикалық, танымдық қызмет атқаратынында сөз жоқ. Ақынның ойын ақынның өз ақындық қуаты деңгейінде бейнелі жеткізу аудармашы үшін мүмкін еместігінде сөз жоқ. Бейнелілік, образдылық сыры мен сымбатын аударуда аудармашыдан ешқандай биік талап өлшемдерін талап етпей, тек мазмұн-мағына деңгейінде ой қозғағанның өзінде, аудармада түпнұсқа мазмұнының кейде өрескел бұрмаланатыны, кейде орынсыз өзгеріске ұшырайтыны белгілі болады. Бұл өзгерістер мен бұрмалаулар Абайдың ақындық өнері туралы халық санасында, абайтану ғылымында қалыптасқан биік ұғымнан төмен түсініктің орын алуына мұрындық болуы ғажап емес. Сондықтан Абайдың ақындық даналығына лайықсыз аударманың болмыс-бітімін сыншыл оймен байымдаудың әлеуметтік, ғылыми маңызы жоғары. Әдеби шығарманың өзге тілге аударылғаннан кейінгі аударма қалпындағы көркемдік сапасы мен әлеуметтік қызметі түпнұсқадан тыс бағалануға тиісті емес. Аударма шығарманы оқырман өзінше

қабылдап, оның көркемдік-эстетикалық мәнін түпнұсқадан тыс, өзінше өлшеп-пішіп, өзінше бағалауына ерікті. Алайда аудармашы түпнұсқадан ауытқып, өз оқырманының қолына автордың басты ойын, өмірлік маңызы жоғары пікірлерін, шығармашылық нысанасын өзгертіп жеткізетін болса, онда бұл оқырманды адастыруға, түпнұсқа туынды туралы мүлде бөлек, ақиқатқа жанаспайтын түсініктің пайда болуына алып келеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Т.І. - Алматы: Ғылым, 1977. - 454 б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Избранное /Перевод с казахского. - М.: Художественная литература, 1970. - 272 с.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Избранное /Перевод с каз.комментарии А.Кодара. - Алматы: Ана тілі, 1996. - 224 с.
4. Ахметов З. Абайдың ақындық өлемі. Алматы: Ана тілі, 1995. - 272 б.
5. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Монография // Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. - Т.ХХ. - Алматы: Жазушы, 1985. - 6-245-б.
6. Абай Құнанбаев. Избранное. - Алматы: Казгосиздат худ.лит., 1951. - 140 с.
7. Абай Құнанбаев. Избранное /Перевод с казахского. - М.: Художественная литература, 1981. - 224 с.
8. Чуковский К.И. Высокое искусство. - М.: Сов.писатель, 1988. - 345 с.
9. Мұқанов С. Абай Құнанбаев //Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. Он алты томдық. Он алтынышы том. - Алматы: Жазушы, 1980. - 169-391-б.
10. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағлымы. - Алматы: Ғылым, 1994. - 280 б.
11. Сильченко М.С. Творческая биография Абая. - Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1957. - 294 с.
12. Дәдебаев Ж. Абай //Дәдебаев Ж. Атыңнан айналайын Әулие ата: тарихи-филологиялық зерттеулер. - Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 270-283-б.
13. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. - Алматы: Ғылым, 1982. - 296 б.
14. Абай Құнанбаев. Безветренной ночью луна /Перевод с казахского М.Султанбекова. - Семипалатинск: обл.типогр., 1992. - 28 с.

АБАЙ ӨЛЕҢІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ



Қ.Мәдібаева

АБАЙ ӨЛЕҢІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абайдың өлең түрлері. Абай өлеңіндегі буын түрлері. Ұйқас ерекшеліктері. Абай поэзиясындағы аралас буынды өлең түрлері. Өлең өлшемдерінің қайталануы.

Тірек сөздер: өлең, құрылыс, буын, , шумақ, ұйқас, аралас буын.

К.Мадибаева

СТИХОСЛОЖЕНИЕ АБАЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Виды стихов Абая. Виды слог в стихотворениях Абая. Ритмические особенности. Проблема повторение методов. Особенности устной и письменной литературы.

Ключевые слова: стихотворение, слог, куплет, ритм, смешанный слог, литература.

К.Мадibaева

STRUCTURE OF VERSE ABAI

Abstract. The issues dealt in this article. Types of Abai's poems. Types of syllables in Abai's poems. Rhythmic features. The types of poems with mixed syllabic features. Repetition of poetic units. Features of oral and written literature.

Keywords: poem, syllable, kublet, rhythm, mixed style, literature.

Абай өлеңі - ақындықтың алуан құбылған мінезі. Сырғыған нұрдан сыр аулап кеудеге қуаныш жайылған сәт. Тылсымға қамалып, тығырыққа тіреліп, болымсызға болдырып отырған шарасыз күй.

Жан жанып, жанарда күн ойнап қайтадан тірілген күштарлық...

Абай жырының өлмейтін өлең мәніндегі құпиясының бірі оның құрылымында. Сол негізде Абайдың өлең құрылысын зерттеу қашан да мәнді.

Кейінгі кезеңде Абай ақындығы, Абай дүниетанымы, Абайдың өмірбаяны, Абайдың әдеби мұрасының зерттелу тарихы тұрғысында елеулі жаңа ғылыми бағыттар айқындала түсіп отыр. Өскен, озған жұрттардың өнегесінде Абайдың ақындық әлеміне біз де түбегейлі бас қою мүмкіндігіне ие болдық. Тарих қазақтың

тағдырын сан мәрте талқыға салған тұстарда тұтас танымға тарту мүмкін болмаған Абай ақындығы айналасына барып тірелетін тарихи-әлеуметтік негіздер, көркемдік заңдылықтардың дәстүрлі, жаңашылдық бағыттар аясындағы өрісі қазіргі кезеңде тағы бір саралаудан өтіп, тың пайымдаулармен тұғырлана түсуі – абайтанудың қазіргі кезеңдегі ғылыми нәтижелері әрі келешек зерттеу бағдарлары. Абай ақындығын осы тұрғыда XIX ғасырдағы қазақ өлеңінің түрі мен тегі туралы тұғырлы тұтас таным аясында жүйелі ғылыми негізде бағалап, саралаудың өзіндік мәні бар.

Абай ақындығының айналасын айқындай түсуде, ұлттық арқау, шығыстық, батыстық негіздерін игеруге ұмтылуда Абаймен тұтас, Абайдан ілгерідегі өлең түрлері мен поэтикалық тәсілдерді тұтастай нысанаға алып отырып қазақ өлең тарихы мен теориясының ғылыми

нәтижелері ауқымындағы жинақтау мәнді нақтылы пайымдаулар қажет.

Абайтану тарихында Абайдың өлең түрі тұрғысында бір ғасырдан астам уақыт қарастырылып келе жатқан арнайы сала бола тұра, қазіргі кезеңде осы мәселенің абайтанудағы өзекті жайлардың бірі болып қалып отырғандығы белгілі. Мұндағы түрлі себептердің жай-жапсары абайтану мәселелерін ғылыми негізде зерделеген белгілі ғалымдардың еңбектерінде айтылып, қамтылып отырды.

Айқындай түсуді, нақтылай түсуді қажет етіп отырған, қайсыбір құнды болжам, зерттеулерді ғылыми айналымға қосудағы ынта-ықыластың кемдігінен қазақ өлеңінің даму тарихындағы елеулі мәндердің қаға-берістеу қалып отырған да жайлары бар.

Абайдың өлең түрлеріне қатысты қазірде ауызша поэзия үлгісіндегі, ортағасырлық түрік поэзиясы өлшемдері, ұйқас ерекшелігі түріндегі, халық ауыз әдебиеті үлгісіндегі және орыс поэзиясын аудару үдерісіндегі ықпалдастық негізде шығарылған туындылары деп жүйелеп бөліп қарастырудың да қажеттілігі байқалып отыр. Осы негізде Абайдың дәстүрге бару, дәстүрден алу, дәстүрді жаңғыртып ұқсату шеберлік тәсілдерінің әлі де жұмбақтау қалып келе жатқан қырлары, ақындық өсу, кемелдену үдерісіндегі айқын белгілер нақтылана түсер еді.

Ілгеріден бері Абайдың өлең құрылысы, Абайдағы өлең түрі туралы нақтылы нәтижелерді назарға ала отырып, кезеңінде тасалап қана қылаң берген арғы жағы мығым ойларды оята отырып, көнігі өлең білгірлерінің, өлеңтанушы мамандардың теориялық танымындағы мызғымас негіздерді тұғыр ете отырып қайта бір айналып соғып, Абай поэзиясының өлеңдік болмыс құпиясын ендігі мүмкіндіктер ауқымында және бір саралаудың нәтижесінде жалпы қазақ өлең тарихындағы қазірде де толық жүйеленіп болмаған, негізделіп аяқталмаған аса елеулі заңдылықтар мен құбылыстарға да қаныға түсер едік.

Бұл мәселеде пісуі жетіп, түсіруді күтіп жатқан фактілер, сәл ден қойсақ айқара ашылып кетейін деп тұрған құпиялар жетерлік. Зама-нында бар дүниемізді басқалар түгендеп берген-дей шалықтап, алысқа алақтаған күндеріміз болды. Өзегімізде жатқан өзіндік болмысы-мызды өзгенің қалпына түсіруге ынтығып өзеу-реуге де мәжбүр етті. Көкірек көзі ояу көсем ұлдарының айтқанына халықты иландырмаудың көп амалы жасалды.

Халықтың мың-сан құрсауға түскен азаматтық тарихының қасіреті қазақ әдебиетінің тарихын түзу, дәуірлеу, теориялық тұрғыдан қисын-

дау сияқты ұлттық бітіммен астасып жатқан аса қастерлі қымбат мұрасының таралу, танылуында да қалды.

Тәуелсіздік кезең әдебиеттануы баяу баппен алыстан шалып, ауқымымен қамтып талай дүниені еңсеріп, игеріп келе жатқан қалыпта. Қазақ әдебиеттану ғылымында дәуірлік зерттеу мәселелерін тұтасымен жалпыадамзаттық көркемдік таным, игіліктер өрісіне көтеріп шығатын әлует бар.

Мұхтар Әуезов ауызша мен жазып шығарылған әдебиет үлгілеріне қатысты әр жылдарда ой қозғап отырған. Құлмат Өмірәлиев Дулат өлеңдерінің композициялық құрылысы туралы зерттеу жүргізе отырып, ауызша мен жазба өлеңнің айырымын танытар көркемдік-теориялық ұстанымдар жасады.

Ғалым қазақ өлеңінің жанрлық, стильдік, құрылымдық сипаттарын әр қырынан саралап отырып Дулат өлеңіндегі жаңалық, дәстүрлі арналар туралы ғылыми тың байламдар жасады.

М. Қашқари «Сөздігі» мен XIX ғасырдағы Дулат өлеңіндегі ерекшелік, сипаттарды қисынды сабақтастырған Қ. Өмірәлиев ойлары ауызша мен жазба өлең табиғатын тануға бастап жатқан ілгергі зерттеулерде көңіл бөлінбеген дәлел, дәйегімен назар аударады.

Абайдың «Берекелі болса ел», «Келдік талай жерге енді» өлеңдерін салыстыра келіп Қ. Өмірәлиев былай дейді:

«Міне, Абайдың осы екі өлеңі де 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған: бірінші өлең - ауызша поэзияға тән дидактикалық толғау үлгісінде. Алғашқы өлең ұйқас түрі жағынан да жақын. Тармақ тастап барып ұйқас құрайтын өлең. Екінші өлең - ұйқас түрі жағынан бөлек: ішкі ұйқасты тармақтар аралық желілі ұйқас жолдары бар өлең» [1, 90 б.].

XIX ғасырдағы қазақ өлеңінің даму өрісіндегі нақты бір түрге қатысты Шоқан Уәлиханов айқындамасында ауызша мен жазбаның айырым белгілеріне қатысты дәлел, дәйек боларлық негіз бар. Шоқан Уәлиханов - 5 түр - «өлеңнің» қазақ поэзиясының дәстүрлі үлгілерінен өзгешелігін даралап көрсетеді. Біздіңше, қазақ өлеңтану ғылымында осы мәселеге әлі де тереңірек зер салып қарау қажет.

Бұл XIX ғасырдағы өлең түрлерінің ғана емес, жалпы қазақ поэзиясының жанры, жаратылысы, құрылымы мен өлшеміндегі негізгі поэтикалық заңдылықтардың сұрыптала, қазақ өлеңінің құрылымы, түрі, жанры мәселесіне байланысты өлең теоретиктері негіздеген айқындамалардың толығына түсуіне, қазақ поэзиясының көркемдік даму тарихына тың ағыстар қосуға мүмкіндік туғызар еді.

Жазбаша кітаби әдебиет, жаңғырған нәзира дәстүрі қазақ әдебиетіне жаңа өлең түрін қосып, жанрлар трансформациясын туғызған; аймақтық әдеби мектептердің негізгі даралық сипаттарын орнықтырудағы ықпалды көркемдік дамудың XIX ғасырдағы негізгі бағыттарының бірі болды.

Кітаби әдебиет, нәзира орнықтырған «өлеңнің» өлшемі, негізінде, 11 буынды өлшем. Бунақ-буын үлгісі - 3-4-4. Шумақ негізінен 4 тармақты, *ааба* ұйқасты болып келгенімен, кейде шумақтағы тармақ саны 4-тен асып кетіп отырады. Мұндай 4 тармақтан асқан шумақты өлеңдер дәстүрлі қара өлеңге жатқызылмауы керек. Бұл - қазақ поэзиясының ортағасырлық түркілік, шығыстық үлгімен астасып жатқан негізі, дәстүрі бар, XIX ғасырдағы поэзиялық бір түр. Шоқан Уәлиханов арғы негіздерін тереңнен тартып зерттеуге бармағанымен, бұл түрдің басты сипаттарын, даралық өзгешелігін мейлінше таратып айтқан.

«5. *Өлең*. Бұл форма, қазіргі кезде барлық жаңашыл ақындар тарапынан суырып салма өлеңдерге де, поэмаларға да, әсіресе, Орынбай өлеңдеріне қатысты көбірек айтылады. ... Осы өлеңдердің тақырыптарының көбісі діни сарында айтылады...

Өлең деген бұған дейін жоқ поэзияның ерекше формасының және атаудың қазақ даласына тарай бастағанына 50 жылдан асқан жоқ, бұл Қазан мен Тобыл татарларына қырға жол ашылғаннан кейін келген жаңалық [2, 165 б.].

Қазақ әдебиеті тарихындағы, XIX ғасырдағы жазба әдебиет жайына байланысты дерек, дәйектердегі Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынов, М.Әуезов атап көрсетіп отыратын «жазба әдебиеттің негізін мұсылманша сауатты молдалар салған», «қазаққа жазу дінмен келген», «қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған», т.б. түйіндердің байлам, тоқтамы өлеңнің осы түрімен де сабақтасып жатыр. Бұл өлең - Абай дәуірінде кең жайылған түр. Жазба дәстүрмен орныққан өлең. Жаңа, еуропалық үрдісте өрістеген жазба өлеңге де, өзгешелік сипаттарына қоса, тұғыр болған өлең. Бұл түрді фольклордағы дәстүрлі қара өлеңмен бір үлгі деп тану - қате.

7-8 буынды өлшемнің толғау өлеңге қоса лирикалық жырға да қызмет еткеніндей (З.Ахметов) 11 буынды өлшем қара өлеңнен басқа түрге де арқау болған. Шоқан айқындаған өлең түрі - «өлеңнің» қара өлеңнен ырғағы бөлек.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» өлең шығару өнеріне арнайы тоқталып, өлең кестесі - айшық түрлерінің қазақ поэзия-

сында түрлі-түрлі болып келіп отыратындығына нақты мысалдарға сүйене отырып көңіл бөлген. Ахмет Байтұрсынұлы бұл мысалдарды көбінесе Абай өлеңдерінен алып отырады, Абаймен тұстас, ілгерідегі, кейінгі ақындардан келтіріп қояды. Ахмет Байтұрсынұлы мысалдары өлең түрі айшыққа, шумақ қалпына қатысты өзгеріп отыратындығы тұрғысынан қазіргі өлеңтанудың көп мәселесін айқындауға мүмкіндік беретіндігі даусыз. Соның ішінде Абай өлеңінің түрі туралы нақты саралаулардың бірін осы бағытта да жасау - артықтық етпейді.

Мәселен, 4 тармақты, 11 буынды ұйқасы *ааба* түрінде келетін өлеңдер мен көп тармақты ұйқасы еркін, айнымалы *аабаба*, т.б. түріндегі 11 буынды өлеңнің өзгешеліктерін - баяндау, сипаттау ерекшеліктері мен бейнелеу күшінің әрқелкілігінен бұл өлеңдердің ішкі серпін, қуат, лирикалық бүкпесін айқын тануға болады.

Бұл өлеңдерде айырма - тек шумақтағы тармақ санында емес. Сөйлем құрылымындағы өзгешелікте. Қажым Жұмалиев Абайдағы жаңалық өлең өлшемінде емес, сөйлем құрылымында деп айқындама жасайтындығының мәнісі осы тұста ашыла түседі. Сөйлем құрылымындағы өзгеріс бір мәнде - бастауыш пен баяндауыштың орын тәртібіндегі өзгеріс.

Шумағы төрт тармақты 11 буынды өлең:

*Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік,
Алдыартын байқамаған бетпен кірдік.
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Алалық алты бақан дертпен кірдік.*

Шумақтағы көп тармақты 11 буынды өлең:

*Сәуірде көтерілер рақман нұры,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,
Жайылар жер жүзіне қардың суы.
Ұшақтың бір сәулесі жерге түсіп,
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы.*

*... Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз...*

Бұл - Ыбырай Алтынсариннен алынған өлең. Абайда да бұл түр бар.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» өлең түрлеріне мысал алуында Абай өлеңін мейлінше назарда ұстап отырған.

Айшыққа, шумаққа, тармаққа, бунаққа, ырғаққа (ағын, жорғақ деп алып отырған - Қ.М.), т.б. өлеңнің жасалу шарттарына тоқталуында Ахмет Байтұрсынұлы атап көрсететін ерекшеліктер - қазақ өлеңтануындағы маңызды айқындамалар. Бұлардың Абайдың өлең түрін, өлең өлшемін тануда да нақтылы мәні бар. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ өлеңіндегі тұтас шумақты өлеңдер деп аталатын түрге тоқта-

луында Абайдың «Мәз болады болысың» және «Антпенен тарқайды» өлеңдерін атайды. Тұтас шумақты деп Ахмет Байтұрсынұлы өлеңнің ұйқастағы бірізділігімен де байланысты, әрі төрт тармақты шумақпен келіп отыратын түрін көрсеткен.

*Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға.*

*Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?!*

*Күлмең қағып қасқайып,
Салынып ап мақтанға.
Таң қаламын қампайып,
Жоқты-барды шатқанға...*

Ахмет Байтұрсынұлы тұтас шумақты өлең деп бөлетін мұндай түрмен жазылған өлең (ұйқасы *абаб* болып келетін - Қ.М.) Абайдың 2005 жылғы «Жазушы» баспасынан шыққан 2 томдық академиялық жинағындағы өлеңдер бойынша сараланғанда, оның аударма өлеңдерін қоса алғанда жалпы саны - 57: «Желсіз түнде жарық ай», «Мәз болады болысың», «Қажымас дос халықта жоқ», «Жастықтың оты, қайдасың», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьяна сөзі», «Кейде есер көңіл құрғырын», «Асқа, тойға баратұғын», «Ата-анаға көз қуаныш» (Бұл өлеңде Абай шумақ соңындағы «Еркелік кетті, ер жетті, не бітті?» деген қосымша үш тармақпен тұтас шумақты өлеңді түрлендірген - Қ.М.), «Көзінен басқа ойы жоқ», «Жастықтың оты жалындап», «Қызарып, сұрланып», «Менсінбеуші ем наданды», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді!», «Күлімсіреп аспан тұр», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», (мұнда да тұтас шумақтан соң қосымша, ырғағы бөлек тармақтар бар - Қ.М.), «Атаңды апаң азғырып» (бұл да сондай - Қ.М.), «Ысытқан, суытқан», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Қорқытпа мені дауылдан», «Ант-пенен тарқайды», «Қарашада өмір тұр», «Әсем-паз болма әр неге», «Әбдірахманға», «Әбдірах-манға Кәкітай атынан хат» (екі өлең - Қ.М.), «Әбдірахман өліміне», «Талаптың мініп түл-парын», «Махаббат, достық қылуға», «Адамның кейбір кездері», «Көк ала бұлт сөгіліп», «Алла деген сөз жеңіл» (бір шумақта ұйқас тәртібі өзгерген *абба* - Қ.М.), «Құр айқай бақырған», «Мен сәлем жазамын», «Құлақтан кіріп, бойды алар»,

«Болды да партия», «Қуаты оттай бүр-қырап» (шумақ соңында ырғағы бөлек қосымша *аа* ұйқасымен келген қос тармақ қосылған - Қ.М.), «Жүректе қайрат болмаса», «Жаман-баланың баласы өлгенде», «Күн артынан күн туар», «Қазаға ұшыраған қара шекпен», «Әнші-лер», «Жүрегім менің қырық жамау», «Күшік асырап ит еттім», «Дүтбайға», «Жалғыз жалау жалтылдап», «Жартас», «Жүрегім, нені сезесің», «Көлеңке басын ұзартып», «Көңілдің күйі тағы да», «Күнді уақыт итеріп», «Жалын мен оттан жаралып» (қосымша ырғағы бөлек төрт тармақ бар - Қ.М.), «Домбыраға қол соқпа», (бір шумақ ұйқасы ғана *аббб* болып келген - Қ.М.).

Ахмет Байтұрсынұлы тұтас шумақты өлең деп көрсеткен осы, ұйқасы *абаб* болып келетін, әр шумақтағы 4 тармаққа құрылған өлең түрінің өзіндік ерекшелігі, тағы қандай құпиясы бар, бұрын-соңғыда абайтануда бұл жөнінде не айтылған?

Қ.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» еңбегінде былай дейді:

«Абайға дейінгі ауыз әдебиеті, тарихи әдебиетті алсақ, қазақ өлең құрылысының үш-ақ түрі болатын:

1. Он бір буынды.
2. Жеті буынды.

3. Аралас буынды (бұған кіретіндер әнге арналған өлеңдер мен жырларда көп кездесетін көп жолдары жеті буын, кейде сегіз буында араласып келіп отыратын өлеңдер)» [3, 347 б.].

Қажым Жұмалиев осында он бір буынды, алғашқы бунағы үш буыннан тұратын, ілгеріде Шоқан Уәлиханов айтатын «өлең» туралы айтпағаны бірнеше себептерге байланысты болды деп ойлаймыз. Сәбит Мұқановтың кезінде қазақта жыр мен қара өлең ғана болды деген тоқтамы болған. Мұндай тұжырымдардың нақтылы бір себебі ортағасырлық түрік әдебиеті, шығыс әдебиетіне қатысты өрбіген түрді («өлеңді» - Қ.М.) қазақ әдебиетімен туыстыра қарауға саяси екпін мүмкіндік бермеді, екіншіден, қазақ өлеңінің түп-төркіні сол дәуірде әріден қозғалып зерттелген ғылыми бағыт та қалыптаспаған болатын. Сонымен бірге бұл пікірлердің қисынды қырлары, ақиқат негіздері де назарға алына берген жоқ - Қ.М.).

Бір өкініштісі, қазақ өлеңтануында қазіргі шейін арғы арқауларға көз салу үрдісі жеке-леген ғалымдардың ұстанымы деңгейінде, ғылыми айналымға әлі де толық тартылмаған күйде қалып келе жатқан жайы бар.

Асқар Егеубай Жүсіп Баласағұн дастанынан өрбітіп осы ақтандақтардың олқы орнын толықтыруға бастамашыл, жинақталған, арғы-бергі тарихты бүгінгі дәуір биігінен зерделеген өреде

мынадай ой-пайымдауларға тектен-тек барған жоқ.

«Орхон-Енисей жазбалары» мен «Құдатғу біліг» сынды көпқырлы жәуһарлардың ішкі-сыртқы бітімінен көзге ұрып тұрған қазақтың көркемдік әлемімен сабақтастық заңдылықтарын тереңнен талдап-зерделей түсу қазақ әдебиетінің тарихына да мағыналы да қызықты беттер қосатынына рухани дүниеміздің тынысын кеңейте түсетініне күмін жоқ» [4, 15 б.].

Қажым Жұмалиев қазақ әдебиеті тарихын Бұхардан бастау концепциясында болды.

Бір себептен қазақ өлең түрлерінің арғы негіз, кейінгі өрісін, былайғы өзгерісті Абайға ғана телу тенденциясы болғандығы да - біздің әдебиеттану ғылымымыздың бір фактісі.

Қажым Жұмалиев Абайдағы өлең түрлеріне қатысты ой-тоқтамдарын таза буынға әкеліп тіреп отырып айтқанын көреміз. Ұйқасқа мән беру - қазақ өлеңінің жаратылыс болмысына келмейді дейді. Қазіргі кезеңдегі (оның өзіне 40-50 жылдай болып қалды - Қ.М.) өлеңтануда ұйқасқа елеулі мән беріліп, оның өзінде ауызша мен жазбаның айырым белгісіндегі ұйқас ұстап тұрған ерекшеліктер айтылып келеді. Негізінен бұл пікірдің басында Құлмат Өмірәлиев тұрған сияқты.

Қажым Жұмалиев Абайдағы буындық өлшем тұрғысында былай дейді:

«Абайға дейінгі қазақтың өлең құрылысының барлық түрі осы үшеуі-ақ. Қазақтың өлең құрылысы силлабикалық өлең құрылысының жүйесіне жататындықтан, негізгі өлшеуіші - буын. Буыны жағынан ауыз әдебиетінің де, Абайға дейінгі тарихи әдебиеттің де жеткен жері осы еді. Және бұл түрлер қазақта әбден тұрақталып, бекіп алған түр еді. Абай ең алдымен қазақ өлеңдерінің осы жағына көңіл бөлді.

... Абай ең алдымен 8 буынды және 6 буынды - жаңа екі түр кіргізді. Бұның екеуі де Абайға дейінгі әдебиетімізде жоқ түр еді» [3, 349 б.].

Қазіргі кезеңде бұл үлгілердің Абайға шейінгі, Абаймен тұстас қазақ өлеңінде болған, бар үлгілер екендігі туралы айтылған дерек, дәйектер бар. Мәселенің айқын қойлымы да ғылыми айналымға енуде.

«Отандық йасауитануда хикметтердің құрылымдық жүйесі бірқатар зерттеулерге арқау болды. Бұл бағыттағы ізденістер Йасауи хикметтерін тарихи даму аспектісінде, динамикалық күйде емес, статикалық қалыпта қарастырумен ерекшеленеді. Зерттеулердің мұндай біржактылау сипат алуына екі түрлі себеп бар деуге болады. Біріншіден, көне түркілік өлең жүйесі, оның даму үдерістері мен бағыттары, араб-парсы поэтикасы мен түркілік поэзияның өзара

әсерлесу құбылыстары, олардың заңды нәтижелері секілді қадау- қадау мәселелер қазақ әдебиеттануында бүгінге дейін тиянақты, толыққанды зерттеу нысанына айналған жоқ» [5, 151 б.].

А. Әбдірәсілқызы Йасауи хикметтерінің құрылымдық жүйесі, буындық өлшемі, ұйқас түріне қатысты мәселені қозғауында қазақ өлеңтануының мәселелеріне де өтімді қисын, заңдылықтарға ой тоқтатқан. Белгілі ғалым Р.Сыздықтың «шумақішілік ұйқас» атаған ұйқасына тоқталған. Негізінде А. Әбдірәсілқызының Қожа Ахмет Йасауидің ақындық әлемін нақтылы жанрлық, құрылымдық тұрғыдан зерделеген бұл зерттеуінде ұзақ жылдар бойы күн тәртібіне қойылмай келе жатқан өзекті өлеңтану мәселелерінің деректі, дәйекті, қисындары нақтылығымен көкейден шығып отырады.

Жас зерттеуші аса күрделі проблемалық ғылыми бағыттың даусыз арқауларын жүйелі, нақты саралауға тарту арқылы отандық өлеңтануға тың ағыстар қосты деуге болады. А.Әбдірәсілқызының негізгі мақсатына кірмеген-діктен, қазақ өлеңінің, әсіресе Абай дәуіріндегі өлеңнің ауызша мен жазба әдебиетке қатысты зерделенген қайсыбір қисындарын назарда ұстап отыруды мақсат тұтпағаны - мін емес.

Тілтанушы ғалым Құлмат Өмірәлиевтің де шумақаралық желілі ұйқасқа қатысты айтқан болжам, байламдары болған. Әрі осыны алғаш мәселе етіп қозғаған сол ғалым еді.

Құлмат Өмірәлиев атап көрсететін Дулат поэзиясының өлең құрылымы сол кезеңдегі қазақ өлеңінің жаңа даму бағдары және басқа да ақындарда да дәл Дулат өлеңіндей болмағанымен, кездесіп отырған құбылыстар.

«Дулат өлеңдері өзінің композициялық құрылысы жағынан ірі-ірі үш топқа бөлінеді. Олар: терме өлең; ішкі шумақты ұйқасы бар ұйқасы тұтас өлең. Әрине, бұл бөлуі де шартты. Өйткені Дулат өз өлеңдерінде әр түрлі өлшем-өрнекті қатар қолданудан тартынбаған. Бір өлеңде кейде бірнеше өлшем-өрнек үлгісі қатар жүреді» [1, 82 б.].

А. Әбдірәсілқызы ұйқастық үлгінің өлең жанрына қатысты мәні барына назар салуында Құлмат Өмірәлиев көтерген принципті мәселенің, XIX ғасырдағы поэзия үлгілеріне қарай, Абай өлең түріне қарай көтеріліп жүрген, шумақ тармақтары ұйқас жөні туралы кезінде А.Байтұрсынұлы арнайы саралаған мәселелермен үндес ой айтады.

Мұның өзі - кездейсоқтық емес. Қазақ өлеңінің тарихи арна, бастаулары, жаратылыс табиғаты туралы індетте зерттеулер жасалғанда

міндетті түрде барып соғатын көркемдік факторлар, фактілер дейміз.

«Сондай-ақ зерттеушінің *аааб вввб гггб* үлгісіндегі хикметтерді «қара өлең үлгісімен жазылған» деген тұжырымына келісу қиын. Өйткені келтірілген ұйқас түрінің қазіргі қазақ әдебиетінде қалыптасқан дербес атауы жоқ, ал *ааба* үлгісіндегі қара өлең ұйқасы немесе ақсақ ұйқас Йасауи хикметтерінде мүлде дерлік кездеспейді» [5, 153 б.].

Құлмат Өмірәлиев Дулат поэзиясындағы жаңа өлең түрлері, олардың дәстүрлі тарихи негізі туралы айтуында қазақ өлеңтануының аса бір күрделі, кекейтесті мәселелерін қозғады. Мұнда айтылған өлеңнің жасалу заңдылықтары туралы тоқтамдар қазақ өлеңін буын жөнінен ғана тану тұрғысындағы академик Қажым Жұмалиев қисындарымен сәйкесе бермейтінін көреміз.

Бұл тұста екі зерттеушінің пікірін таластырудың қажеті жоқ. Мәселе - өлең түрлерін айқындаудың күрмеуі көп күрделі құбылыс екендігінде.

Құлмат Өмірәлиев XI ғасырдағы М.Қашқари «Сөздігіндегі» ұйқас, өлшем тұрғысында Дулат өлеңінде үндес үлгілер бар екендігін көрсете отырып мына фактіге назар аударады:

«Қазақтың ауызша поэзиясы XI ғасырға тән бұл сияқты *шумақаралық желі ұйқасты өлең* түрін жыр үлгісіне көшу (*шумақ жігін шұбыртпалы, үдетпелі ұйқас негізінде бұзу*) арқылы өте ертеде салттан шығарған» [1, 89 б.].

Ғалымның төрт жолды шумақ жігінің бұзылуы туралы, *түйдек ішілік желілі* ұйқастың пайда болу негіздері жайлы сол негізде қазақтың жыр үлгісіндегі толғау, тақпақ (терме), сарын, жоқтау, жылау жырларының бәрі ұйқасы жағынан осы түрде туды деген айқындамасы – қисынды, маңызды. Әрі қарай үлгі ортақ болғанымен, ауызша, жазбаша деп бөлудің меже-шегі қисындалады.

Абайдың жоғарыда аталған 57 өлеңі *абаб* ұйқасында келген. Ежелгі әдебиет үлгілерінде бұл ұйқас түрі 7-8 буынды өлең түрлерінің көпшілігінің алғашқы шумағына тән болған сияқты. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқышта» төрт тармақты шумақты ұйқасына қарай бөліп көрсетпеген. Ескі өлеңдердің көбі-ақ төрт тармақты болады, бұған мысал келтірудің қажеті жоқ дейді. Біз назар аударып отырған ұйқас түрін бір тұста, тармақтағы бунаққа тоқталғанында мысалға алғанымен, оған көңіл бөлмейді.

*Ашуын буган бассын деп,
Жерімді саған тастадым.
Олжа қылып жатсын деп,*

Елімді саған тастадым.

(«Кенесары-Наурызбай»).

Ұйқас түріне арнайы тоқталуында да А.Байтұрсынұлы *абаб* түріндегі ұйқасты көрсетпейді. *Ааба* немесе *аабвдв* түрлерін атайды.

Бейсенбай Кенжебаевтың: «Қазақ өлеңінің құрылысы» зерттеуінде Сәбит Мұқановтың Абайға дейінгі өлең түрі туралы тоқтамына қатыстырып отырып айтқан пікірінде Шоқан Уәлиханов бөлген 5-түр өлеңнің фактісін ескеріп отырғанын, бірақ оны да Ахмет Байтұрсынұлы да көрсетіп отыратын өзгешелігі бар түр есебінде емес, қара өлең түрі деп танығанын көреміз.

«Қара өлеңнің шумағы екі түрлі: төрт тармақты, көп тармақты болады». [6, 79 б.].

Қара өлең - тек 4 тармақты шумақпен қайырылған, ұйқасы *ааба* болып келетін өлең. Шоқан Уәлиханов оны осы түрде таныған және дұрыс таныған.

Ал тармағы 4-тен асып кете баратын ұйқасы тұрақсыз (шартты түрде осылай аламыз - Қ.М.) өлең қара өлең емес - Шоқан Уәлиханов көрсететін, арғы арқаулары түрік, араб-парсы поэзиясымен астасып жатқан, әлі де зерттей түсуді күтетін - «өлең».

Бейсенбай Кенжебаев Абайдан бұрынғы қазақ өлеңіндегі бір түр деп шалыс ұйқасты (*абаб*) жыр түрін атап көрсетеді.

Зәки Ахметовтың 7-8 буынды үлгіде келгенімен жаңа түр, лирикалық өлеңі - Абайдың жоғарыда аталған 57 өлеңіне қатысты жұмбақтың шешімін оңайлататын теориялық тоқтам.

Бейсенбай Кенжебаев Абай өлең түрлерін саралап отырып осы мәселені нақтылай түсетін бір байлам жасайды.

«Бізде бұған дейін Абай қазақ өлеңдерінің ұйқасына жаңалықтар енгізді: қазақ өлеңдері бұрын тек ақсақ (*аа-а*) ұйқаспен, айнымалы (әр жерде әр түрлі болып, өзгеріп отырады) ұйқаспен ғана келуші еді. Абай егіз (*аабб*) ұйқасты, аттамалы (*абаб*) ұйқасты шығарды деп айтылып, жазылып келді.

Абай қазақ өлеңдерінің ұйқастарына жаңалық енгізгені рас, бірақ әлгі ұйқастар Абайдың енгізген жаңалықтары емес. Бұл ұйқастар қазақта Абайдан бұрын да бар болатын. Тек олар ұзақ өлең-жырларда, дастандарда аз қолданылатын, көбінше мақал, жұмбақ, шешен сөз болып келетін шағын өлең, жырларда ғана қолданылатын. Мысалы:

<i>Таныған жерге -</i>	(а)
<i>Бой сыйлы</i>	(б)
<i>Танымаған жерге</i>	(а)
<i>Тон сыйлы</i>	(б)» [7, 135 б.].

Б.Кенжебаев Абай сегіз тармақты етіп үш өлең жазған деп көрсеткен бір түрі - «Қарашада өмір тұр».

Бұл біздіңше, әр шумағы төрт тармақты, екі шумақты өлең. Ұйқасы *абаб* болып келген әлгі 57 өлеңнің бірі.

«Қарашада өмір тұр» өлеңі 2005 жылғы Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының 1 томында төрт шумақты 6 шумақтан тұратын өлең есебінде берілген. Жинақ түсінігінде 1909 жылғы жинақ бойынша алынғаны көрсетілген.

Б.Кенжебаев назар аударған ұйқастың дәстүрлі етістік сөзден есім сөзге ойысуындағы Абайдың өлең тәсілдері тұрғысындағы ойлары кейінде дамытыла түсті. Арғы негіздермен сабақтастыра қарайтын құбылыстар мұнда әлі де бар.

Абайдың өлең құрылысына, тармақ, шумақ, ұйқас, буын, бунақ, ырғақ жөндеріне қатысты нақтылы зерттеулерді жалғастыруға қазірде қай кездегіден де мәтіндік нұсқа, теориялық негіздер жеткілікті.

Қазақ өлеңінің құрылыс-жүйесін зерттеуде әр қилы байламдардың болғаны қазірде айқындала түсті.

Көзге ұрып тұрған айқын ерекшеліктердің қате танылып кеткен қисындары қалпынша қала бере ме? Әлде, жүйелі, кешенді зерттеулер бағыты бастала ма?

Өлең сөздің ұшқары танымды көтермейтін күрделі негіздерін қисындау - әрине, қиынның қиыны. Дегенмен де, дерек, дәйек тапшылау заманалардың өзінде, жалпаңдатып қойған кезеңдерде де өлең құпиясын ғұмырын бағыштап зерттеумен кеткен академик Зәки Ахметовтің өлең қисындарын жалықпай зерделеу өнегесі қазірде ауадай қажеттілікке айналып отырған сияқты.

Өлең құрылысы туралы, өлшемі туралы тарқата айтып отырып айқындап берген қисыны аса мол З.Ахметов танымында қазақ өлеңінің бар сипаты қамтылды ма, ашылды ма дегенге де соқпай өте алмаймыз. Әлемдік поэзия заңдылықтарын да жетік білген З.Ахметов айқындамасында да «бұл қалай» дегізетін тұстар бар.

«Он бір буынды өлеңде алғашқы екі бунақтың орны ауысып, тармақ үш буыннан басталып, екінші бунақ төрт буынды болып немесе бунақ төрт буыннан басталып, екінші бунақ үш буынды болып келе береді. Бірақ тармақтың соңғы бунағы буын саны жағынан өзгермейді, үнемі төрт буынды болады. Жыр өлшемінде де соңғы бунақ өзгермей, үнемі үш буынды болып келеді» [8, 135 б.]. (11 буынды өлең соңғы бунақтағы 3 буын туралы айтқаны бар - Қ.М.).

Ал, осы тұрғыдан келгенде, Бейсенбай Кенжебаевта мынадай дерек бар. Әрі бұл - қазақ өлеңінің бір фактісі.

«Кейбір қара өлең тармақтарының басқа, орта бунақтары 4 буынды, аяққы бунағы 3 буынды болып келеді. Мысалы:

4 4 3
Айыл тартты // наз бедеудің // беліне

4 4 3
Сұңқар шүйдім // айдын шалқар // көліңе.

4 4 3
Мен ойнаймын // Баршын қайда // сіздерге

4 4 3
Шаппай атты // қайта бер, қалмақ // еліңе [6, 81 б.].

Буын санына орай бөлінген бунақтардың орын ауыстырып отыру себебін Б.Кенжебаев былай ұғындырған:

«Сондықтан қара өлең тармақтарының бунақтары және тармақ ішінде бунақтар орнының ауысып отыруы мынадай үш түрлі себептен болуға тиіс: 1) сөз екпініне қарай болуға тиіс; 2) ақынның, айтушының қай ойды баста, баса айтқысы келгендігінен; 3) әннің екпін, ырғағынан болуға тиіс» [7, 81 б.].

Осыдан әрі қарай Бейсенбай Кенжебаев Шоқан Уәлихановтың өлеңді жүйелеп, түрге бөлуіне ойысып, әлгіндей ерекшеліктерге анықтама, дәйекті сол тұстан іздеуінде сезімталдықпен дұрыс бағыт ұстанған, алайда жаңсақ кеткен тұсы - 5 түр - «өлеңнің» ерекшелігіне дендеп мән бере қоймауы. Әлде... Шығыстық жағалауға соғып жатыр деп, тауысып айтпады ма?!

Б.Кенжебаев Шоқан өлеңнің (5-түр - Қ.М.) қасиетін ашып айтпаған дейді. Біздіңше, Шоқан Уәлиханов «Соңғы 50 жылда татарлар арқылы келген түр» деп, тайға таңба басқандай етіп, айқындап берген. Өкінішке орай, осы мәнге Құлмат Өмірәлиевтің назар аударғанынан басқа өлеңтанушы ғалымдардың табан тіреп, «өлең» жайын тарқата айтқаны жоқ.

11 бынды өлең түрінде 3 буынды бунақтың соңына келіп отыру үлгісін Ахмет Байтұрсынұлы да көрсеткен.

4 4 3
Кеудеде от, іште жалын, көзде жас
4 3

Күні-түні қайғы жұтқан сорлы бас (Мағжан).

Мұндай орын тәртібіне қатысты Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдегі 1,2,3-ағын жөнімен түсінік берген.

«3-ші ағынды өлеңдердің аяқ бунақтары ылғи үш буынды болып, басқалары төрт буынды болып келеді» [9, 391 б.].

А.Байтұрсынұлы бұл заңдылықты бунақтың тармақ, шумақ ішіндегі таңдамалы, талғамалы орны болатындығымен ұғындарған.

Абайда 3-ағынмен келген соңғы бунақ 3 буынды өлең жоқ. Мұның сырын да ашатын уақыт жетті.

Өлең зерттеушілер шалыс, кезекті аталып жүрген *абаб* үлгісіне көп тоқталмаған. Зәки Ахметов бұл үлгінің 7-8 буынды өлеңде жиі кездесетіндігін атап айтқан, әрі ырғақтық мәніне тоқталған. Абай поэзиясында осы түрдің аудар-масы бар, төл туындысы бар - 57 өлеңде қолда-нысқа тартылғанына ғылыми мәнде әлде де зер салып, үңіле түссек, өлеңнің жанрлық, жасалу тәсіліндегі, әрі құрылымдық жүйесіндегі заңды-лық-ерекшелігін айқындай түсуге болар еді. Мұнда да арғы негіздер мен орыс поэзиясы, жалпы әдеби ықпалдастық өрісі туралы нақтылы ұғымдарға қаныға түсер едік.

Абай өлеңіндегі бас бунағындағы буын саны, сонымен бірге шумақтағы тармақ саны, ұйқас түрлері жөнінен ажырата бөліп, арғы тегін, жанрлық қалпын, ауызша мен жазба дәстүрде туғандығын айқындай түсудің нақтылы практикалық та, теориялық та мәні бар. Сол негізде арғы-бергідегі қазақ өлеңінің жасалу заңдылығын, жаратылыс ерекшелігін де айқындай, тани түсер едік.

Мұның өзі «Абайдың «Әлифби» өлеңі - алғашқы бунағы 3 буынды 4 тармақты жазба өлең үлгісінде, ұйқасы *ааба* болып келген жазба дәстүрдегі өлең...

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі - бастапқы бунақ 3 буынды, шумағы көп тармақты, ұйқасы *аабавага* - *ааа* және *ааба* түрінде келген жазба өлең дәстүріндегі өлең...» дегендей жадағай талдау, жайдақ пайымға емес, есте жоқ ескі замандардан жеткен өлең құпиясына құштарлықпен құмартып отырып, инемен құдық қазып, қырық қисыннан бір тоқтам алып, қанағат табатын зерттеуге құрылса - құба-құп.

Бір зерттеуші Абайдағы етістіктің молдығын, енді бір зерттеу оған қайшы пікір айтып келсе - бұның да қисыны бар. Осы айырма негізде Абайға кім дендеп зер салды?

Абайдағы ұйқас, шумақ көлемі, ырғақ, ағыс түп-түгел зерделеніп болды ма? Абайдың қазақ өлеңіне қосты деп танылып келген жаңалық бағытын қайта бір саралағаннан Абайдың ақындығы аласара ма, шоқтығы көтеріле түсе ме? Қазақ өлеңтануындағы басты-басты тоқтамдарды бір тоқайластырып, саралап, жүйеленгеннен неге тартыншақтай береміз? Қазақ әдебиетінің бай тарихы ішке бүккен сырларға неге ынтықпай отырмыз? Абай өлеңіне қатысты айтпаса болмайтын ақиқаттар енді жоқ па?

Негізінде, абайтанудың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерінің бірі - өлең құрылымын, өлең түрін зерделеуді ілгері оздыру. Абай шығармалары - мәтінтанулық негізде, хронологиялық тұрғыдан, негізгі тарихи-әлеуметтік арқау, арғы арналар, өз дәуіріндегі ақындық мектеп, т.б. қалыпта қайырылып отырудың бар бағыты Абайдағы өлең түрлерін ғылыми негізде танып ұғынуға қарай тартып жатқан басты желілер екендігін қазірде қай кезеңдегіден де айқын сезіне түсіп отырмыз.

Абай өлеңіндегі өлшем, ырғақ, пішін қалыбын тани түсу сөз жоқ, оның шығармаларының жанрлық ерекшелігін, дәстүрлі насихат өлең мен көңіл күй қалпын түмшалап ашудағы шыңдалған шеберлік тәсілдердің сырын тануға, ұғына түсуге тартпақ.

Біздіңше, шумағы 4 тармақты, ұйқасы *абаб* үлгісіндегі, көбіне 7-8 буынды өлшеммен түскен 57 туындының өлеңдік көркемдік сырын тұтастықта тануға талпынып, сол өлеңдердің басын құрып тұрған поэтикалық құбылысқа арнайы зер салу - абайтанудағы тосын, тың ағыстар қоспақ. Бұл үлгідегі өлеңдер - Абайдағы лирикалық жырдың мөлдірінен қанып ішіп, өрнекті ой төккен, тынысы ашыла түсіп, көңіл көзі қиырдағыны шалып, тұғырын тапқан кемелдіктің жемісі. Әйтпесе, бұлай сөйлер ме?!

*Қарашада өмір тұр,
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң қайтып келер ме?*

*Майдағы жұрттың іші - қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да, сөнер ме?*

Әйтпесе насихат мазмұнды «Әсемпаз болма әр негенің» уағыз сөзі осыншалық еркеленіп шыға ма, іштен шалып, айнала баурап иландырып әкете ме?!

Әйтпесе «Не іздейсің, көңілім, не іздейсіңнің» көк дөнен көңілді қайырып сабыр табуға ынтық болған лирикалық тұлға күйі басқаға жетер ме еді?!

«Жүрегім, ойбай, соқпа енді!» ...

Адамның жарқ етіп жанған, қанаттанып, қуаттанған, мұң шарпыған тылсымнан сыр аулаған сәтін алабөтен өрнекпен ашқан бұл өлеңдер Абайды абайлық тұғырға көтере түскен шығармашылық белестің өзіндік бір биігі.

*Жүрегім, ойбай, соқпа енді!
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсің бе, тоқта енді,
Кімге сенсең, сол - шикі.*

*Жетім қозы - тас бауыр,
Түңілер де отығар.
Сорлы жүрек мұнша ауыр,
Неге қатты соқтығар?*

«Мәз болады болысың» өлеңі - Абайдың сырт сипаттаудан іштен шалып, тұлғаны тұтас қамтып, арғы пиғыл, бергі бейнесін бір қалыптан шығарып, таппасты тауып, ашпасты айтып тастаған тағы бір тың тәсілі. Тегінде Абай түрді дүние мазмұнын жеткізу тәсілімен тапты, дәстүрлі өлшемнің өрнегін өзгерту арқылы тапты. Түр деген өлеңнің 11 буын, 7-8 буын, 6 буынды, т.б. үлгіде болуына қоса сырды сыртқа жаю сиқырымен астасып жатқан құбылыс тұрғысынан келгенде, осы ұйқасы *абаб* болып келген түр - арғы негізі тереңнен тартып жатқанымен, абайлық түр.

*Күлмең қағып қасқайып,
Салынып ап мақтанға.
Таң қаламын қампайып,
Жоқты барды шатқанға...*

Төрт тармаққа тұтас бір дәуірдің ел мінезі, типтік болмысқа айналған құбылма құлықтары тартылған. Аударма өлең Абай ақындығын шыңдаған әлуетті көркемдік әлем болды.

Аталып отырған 57 өлеңнің біршамасы аударма туынды. Сөз құрау, ой оралымын сөзге түзудегі ықшамдық, жеделдік, тапқыштық, үш-қарлық, ауқымдылық, жалпы мен жалқыны тізгіндеп үйірге қосып отыру, т.б. тәсілдер тұрғысынан келгенде, дәстүрден озық жаңашылдық тұрғысынан келгенде осы аударма өлең бағытындағы шығармашылық тың тыныс әлгі 57 өлеңдегі төлтума туындыларға да дарыған-ау деген қисын да көкейде тұр. Бұл бағытта да арнайы салыстыра отырып саралауға тартар зерттеулер қажет.

Абайдың дүние болмыстың құбылыстарын ширықтыра, шеберлік шеңгеліне ілу тәсілдерін әбден игерген тұстағы өлеңінің бірі - «Қарашада өмір түр». Ақын сол баяғы ел мінезін, елдің күйін енді басқаша тереңдік, басқаша алыммен айтқан. «Сабырсыз, арсыз, еріншекте» құбылған ел мінезін, заман күйін нақтылы құбылыстарды тізбелей отырып баяндаған Абай «Қарашада өмір түрда» мүлде басқа тілмен сөйлейді.

*Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсеқызар жалмауыз.
Сорлы қазақ сол үшін
Алты бақан, ала ауыз,
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған міндейді.
Ол - арсыздық белгісі.
Ұятсынбай, ойланбай,
Қой дегенге тіл алмай,
Іс қылмай ма ол кісі?*

*Бір-ақ секіріп шығам деп,
Бір-ақ ырғып түсем деп,
Мертігеді, жатады.
Ұрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп,
Сүйтіп құдай атады.
Бұл нең десе біреуге,
Жоқ нәрсені шатады,
Құтылам деп ісінен,
Бәрін көріп кісіден.
Шығынға әбден батады.
Бұл болмаса онысы,
Аударылып қонысы,
Алыстан дәм татады.
Қызмет қылып мал таппай,
Ғылым оқып ой таппай,
Құр үйінде жатады.
Ел қыдырып ас ішіп,
Еркек арын сатады,
Бала-шаға ұрғашы
Үйде жатып қатады...*

Әрі қарай да өлең заман жайын негізгі белгілерін түгендеп отырып сипаттаумен жазылған деп көрсетілген бұл өлең - 85 тармақтан тұратын, дәстүрлі 7-8 буынды жыр өлшемінде шығарылған туынды.

«Жазушы» баспасынан шыққан 2005 жылғы басылымдағы мәтін үш бөліктен яғни 3 жыр шумағынан тұрады. Өлең теоретиктерінің көп тармақты өлең жігін түйдек деп те атау жөнінен келсек, 3 жыр түйдегінен құрылған өлең. Мағыналық жік, ойдың аяқталған сөйлем аясындағы қалпы тұрғысынан келгенде ұйқас түрі - *абвб, аабввб, аабааб, абввб, аабввб, абвб, т.б.* - айнымалы, ерікті.

«Қарашада өмір түр» өлеңінің мерзімі 1894 деп көрсетілген. Бұзылып, бүлінген ел мінезін Абай енді жаңа бір тәсіл өрісінде тапжылтпай тас басып отырып, қатал аяусыз ашынумен, қатал үкім төрелігімен тезге салған. «Сабырсыз, арсыз, еріншек» дәстүрлі ырғақ, жыр үлгісінің сарынымен сыдырта айтылса, естуге ыңғайланып туса, «Қарашада өмір түр» салқын сабырға бөккен зілбатпан салмақпен ауыр ырғақпен жазылған. Оймен оқуға құрылған өлең.

*Қарашада өмір түр,
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң қайтып келер ме?*

*Майдағы жұрттың іші - қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да, сөнер ме?*

Енді қу, пысықтың тұлғасы мынадай төрт тармаққа тұтас сыйған.

*Талаппен ұшып, талпынып,
Шартарапты көздемес.*

*Пайданы қуып алқынып,
Өзгені әсте сөз демес, -*

деп, ендігі заман адамының кісілік» үстанымын сөге отырып, Абай заман жайына ойшылдықпен төрелік айтады.

Абайдағы ел мінезінің әр қалпын, әр кезеңде әр деңгейдегі шеберлік тәсілмен жырлаған бірнеше шығарма - бұл да Абай ақындығының өріс-өлшемін айқындай түсер бір нақты белгі.

Осы бағытта Абайдың арқауы дүние-болмыстың әр тарабына тартып жатқан көңіл-күй сезім жырларының, дүниетаным өрісі түскен ойшылдық толғамдарының, дін жайын қозғаған сыршыл туындыларының желісімен салыстыруларға бара отырып, Абайдың ақындық толысу болмысы, өлеңдегі өлшем-өрнегінің тарихи, жанрлық-көркемдік негіздері туралы танымымызды кеңіте түсеміз.

Ел мінезіне қайта бір қайырылып соққан өлеңі - талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмында» баяғы ыза, қатты кетіп, ащы айту - айтылу екпінінде бәсеңсіген, бірақ ой тереңнен алып, қиырдан шалып қиян биікке, әлеуметтік ауқымды, жалпы адамзаттық өріс құрған.

*Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын.*

Ендігі күй - адамзат көшінде қорланып қалмаудың, ұлттық мүдде, ұлт қамының жайы. Азатшылдық мұраттың астарлы жан айқайы.

*Адасып алаңдама, жол таба алмай
Берірек түзу жолға шық, қамалмай.
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.*

«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» өлеңі де осы бағыттағы, дәстүрлі уағыз айту үлгісінде келгенімен, ел мінезін бар құбылысымен, бейнелі, суретті тілмен, бар сырын сыртқа шашып, әшкерелеп, таппағанды тауып, айтпағанды айтып ашқан және бір жаңа өлең.

*Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста,
Кезеген ит тым-ақ көп біздің тұста.
Өз үйінен жиреніп, қашып жүрген
Антұрғанға қосылма қапылыста.*

1897 жылы жазылған деп көрсетілетін «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңінде ақын ақыл сөзін көркемдік шеберлік тәсілдерді емін-еркін игерген өрелі ақындық тұғырында өрбітеді.

«Әуре етеді ішіне қулық сақтап», «Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып», «Салтылдап сағым қуған бойыңа еп пе?», т.б. оралымдарда құбылған елдің мінез болмысы,

күнде көтеріп жүрген көп құбылыстың жалпы жиынтық сипаты, типтік болмысы характер, образ деңгейінде ашылып, айтылған.

«Әсемпаз болма әрнеге», т.б. жекелеген өлеңінің арқауында дәстүрлі нақыл сөз, мақал-мәтел үлгісі жатқанымен, бұл өлеңдердің көпшілігі шеберлік әбден шыңдалғанда туған көңіл күй лирикасының еншісі.

«Абай қазақ өлеңдерінің ұйқастарына жаңалық енгізгені рас, бірақ әлгі ұйқастар Абайдың енгізген жаңалықтары емес. Бұл ұйқастар қазақта Абайдан бұрын да бар болатын. Тек олар өлең-жырларда, дастандарда аз қолданылатын, көбінше мақал, жұмбақ, шешен сөз болып келетін шағын өлең, жырларда ғана қолданылатын.

Мысалы:

<i>Таныған жерге</i>	<i>а</i>
<i>Бой сыйлы</i>	<i>б</i>
<i>Танымаған жерге</i>	<i>а</i>
<i>Тон сыйлы</i>	<i>б</i> [7, 148 б.].

Абайдың дәстүрлі үлгіні қолданғанымен, өлеңге жаңа сипат дарыту арқылы түр ашқанына бір айғақ осы *абаб* ұйқасты 7-8 буынды лирикалық жырларында айқын көрінген. Мұнда Абай Зәки Ахметов жырға тарихи анықтама беру бағытында атап көрсеткен бір ерекшелік тұрғысында үлгіні алғанмен, жаңа жанр өрісіне шығып кетеді. Мәселен, дәстүрлі жырдың жанрлық айқындамасының айғағы оның бунақтардың орын тәртібі, бунақтағы буын санына байланған бір ерекшелігін академик Зәки Ахметов атап көрсеткен болатын.

Абайда соңғы бунағы 3 буынды болып келетін 11 буынды өлшемдегі өлең кездеспейді. Осының бір сырын да Зәки Ахметовтен табамыз.

«Асылы қазақ поэзиясында тармақтың неше бунаққа және қандай бунаққа бөлінетінінде зор мән бар. Бұл пікірді мысалмен дәлелдейік. Он бір буынды өлшемнің соңғы бунағы үш буынды болып келген түрі (4 буын + 4 буын + 3 буын) революцияға дейінгі дәуірде аз тарап келгені белгілі. Оның себебі мұндай өлең ауыз әдебиетіндегі әдет бойынша әуендетіп, әндетіңкіреп айтқанда өлең ырғағы біркелкі естілетіндіктен» [8, 133 б.].

Зәки Ахметов жырдың жеті буынды тармағының 4 буын + 3 буын болып келетіні заңдылық екенін бірнеше қайтара айтып отырады.

*Жыламаймын мен дағы,
Өзіңнің де көкежас,
Көзіңнің жасын тый деді.
Жылап отыр ат(а)-анан,
Сапарыңды қый деді.
Көп жолдаспен барсаңшы,
Ел-жұртыңды жый деді.*

*Жалғыз қайтіп барасың.
Жалғыздық ісі қиынды
Менің жайым мінеки.
Танымаған ешкімді,
Сіз кеткен соң, көкежан,
Кемпір, шалдың қасында.
Өзім жалғыз, өзім жас,
Боламын кімге сыйымды? («Қыз Жібек»).*

Жыр ырғағына тән айрықша жеделдік, екпінділік ондағы сөздің құйылып, төгіліп отыратыны оның өлең өлшеміндегі, бунақ кестесіндегі өзгешеліктерімен тығыз байланысты» [8, 138 б.].

Зәки Ахметов кейінде лирикалық өлеңнің жыр атауын алып жүргенін айтады. Осында Абай өлеңінің өлшемі 7-8 буынды болып келгенімен, дәстүрлі жырдан қара үзіп кеткен өзгешелігін қалыптастырған қандай қисындар, тек ой алымы, сөйлем құру тәсілі ме, әлде және де бір құпиялар бар ма еді деген ойлар көлденеңдейді. Жауапты, әрине, Абай өлеңінен іздейміз. Егер айырым белгі тапсақ (шумақ-аралық желілі ұйқас, ұйқастың басқа түрлері тұрғысынан басқа да), ауызша өлең мен жазба өлеңнің жасалу заңдылығының тағы бір шарты танылар еді, теориялық негізге тартылар еді.

Абайдың бір шоғыр өлеңі дәстүрлі жыр өлшемі, жыр ырғағы, жыр құрылымы, жыр ұйқасы түрімен шығарылғанын байқау қиын емес. Мәселен: «Абыралыға» арнау өлеңі.

<i>Мен / жасымнан / көп көрдім</i>	<i>а</i>
<i>Мұсылманды, / көпірді</i>	<i>б</i>
<i>Абыралыдай көрмедім</i>	<i>а</i>
<i>Намаз білмес пақырды</i>	<i>б</i>
<i>Қира әтін оқытып</i>	<i>в</i>
<i>Көріп едім, шатылды.</i>	<i>б</i>
<i>Нует қыла білмейді,</i>	<i>г</i>
<i>Не қылады нәпілді.</i>	<i>в</i>
 <i>Намазшамның артынан</i>	<i>а</i>
<i>Құржаң-құржаң етеді</i>	<i>б</i>
<i>Жер ұшық берген кісідей</i>	<i>в</i>
<i>Тоңқаңдай ма, не етеді</i>	<i>б</i>
<i>Нәпіл түгіл намазы -</i>	<i>г</i>
<i>Бәрі желге кетеді.</i>	<i>б</i>
 <i>Еннатайка көлкәусар,</i>	<i>а</i>
<i>Пашол дереу, күнәһар</i>	<i>а</i>
<i>Аяғын ойлап айтқаны</i>	<i>б</i>
<i>«Әні-шаны құлантар»</i>	<i>а</i>
 <i>Осы оқумен намаздың</i>	<i>в</i>
<i>Қай жерінде сауап бар?</i>	<i>а</i>
<i>Тегін ойлап байқасаң,</i>	<i>г</i>
<i>Мұнда еш жоқ, құлақ бар.</i>	<i>а</i>

Абайдың осында халық поэзиясымен аста-сып жатқан ұқсас үлгілері туралы Зәки Ахметов айтады. «Сонымен бірге ұлы ақынның таңдаулы

шығармаларынан халық поэзиясының өлең өрнегі мен сөз кестесіне жақындық белгілер табуға болатынын көреміз. Мұны жыр өлшемін, оның түйдек ұйқасын өте ұтымды ширатып, өзінше қолдануынан бір көрсек, ұйқаста бірімен-бірі үйлес көп етістіктерді тізіп келтіруінен және байқаймыз. Ал мұндай етістіктерден құралатын ұйқастардың халық поэзиясында да кездесетіні мәлім. Мысал үшін «Қыз Жібек» және «Алпамыс» жырларының үзінділер алайық:

*Солқылдады қара жер,
Көк жорға ит басса, былықылдап
Ұршықтай соны бұлтылдап,
Құйындай шаңы бұрқылдап...» [8, 138 б.].*

Осы бір тұста З. Ахметов ұйқастың («Қыз Жібек», «Алпамыс» жыры мен Абайдың «Жаз» өлеңіндегі - Қ.М.) осы түрінің халық поэзиясында ізі барын анықтауда деп ден қойған.

Атап өткен «Абыралыға» арнау өлеңіндегі халық поэзиясы үлгісінен біршама қара үзіңкіреп кеткен өзгешелік - ұйқасты сөздердің етістіктен ғана құрылмағандығы.

«Сап, сап, көңілім, сап, көңілімде» де соңғы бунақты құрап тұрған сөз, сөз тіркестері бірыңғай сөз табынан алынып отырмаған.

*... Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!
Сана қылма бекерге.
Сан қылғанмен пайда жоқ,
Дүние даяр өтерге,
Ажал даяр жетерге.*

Абайдың біршама аударма өлеңі де 7-8 буынды өлшеммен келіп отырады. Мұндағы соңғы бунақтар көбіне етістік, есім сөздермен келіп отырып ұйқасады.

Абайдың сөз түрлендіру жасампаздығы осындай, 7-8 буынды дәстүрлі негізден оза, өзгеріп туған жыр үлгісіндегі өлеңдерінде аса көзге ұрып тұрады. «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Бөтен елде бар болса», «Желсіз түнде жарық ай», «Ішім өлген, сыртым сау», «Болыс болдым, мінеки», «Біреуден біреу артылса», «Мәз болады болысың», «Білімдіден шыққан сөз», «Сәулең болса кеуденде», «Айтым сәлем, Қаламқас», «Қыз сөзі», «Жастықтың оты, қандайсың», т.б. көпшілік шығармасы - бұған дәлел. Ескеретін бір мәселе 7-8 буынды туындыларды шумақ жөніне, ұйқас түріне қарай бір үлгіде *абаб* ажыратып қарағанымыздай, шумақтағы тармақ саны, ұйқас түрлеріне қарай жүйелеп, арғы негіздермен сабақтастыра зерделеуді қазіргі өлеңтану ғылымының нәтижелері бағытында жетілдіре түссе - Абай стилі, Абай сөзжасамы,

Абай енгізген өлеңдегі өзгеріс әлі де ашыла, айқындала түсетіндей. Мәселен:

*Амал жоқ - қайттым білдірмей,
Япырмау, қайтіп айтамын?
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын.*

*Талайсыз, бақсыз мен сорлы,
Еріксіз аттап ұяттан.
Қорлыққа көндім бұл құрлы,
Байқалар халім бұл хаттан... («Татьянаның хаты»)*
мен

*Арғы атасы қажы еді
Бейіштен тартқан шәрбәтті.
Жарықтықтың өнері
Айтуға тілді тербетті.
Адалдық, ақыл жасынан
Қозғалты, тыныштық берменгі.
Мал түгіл жанға мырза еді
Әр қиынға серменгі.
Мұңды, шерлі, жоқ-жітік
Аңсап кернепті, - («Әбдірахман өлгенде»)
немесе:*

*Тұла бойың ұят-ар едің,
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едің,
Талаппен терең бойлаған.
Ерлікке де бар едің
Үйренуге тоймаған.
Жаның жас, ойға кәрі едің,
Атаңның атын жоймаған.
Замана неткен тар едің,
Сол қалқамды қоймаған?! («Әбдірахман өліміне»),*

т.б. ұйқас жөні, шумақ жігі әркелкі, бір қалыптан шықпаған туындылардың дәстүрлі негіздері де әр тарапқа тартып жатқаны анық.

Осы бағытта да абайтанудағы, қазақ өлеңтануындағы басты нәтижелерді негіз ете отырып, қайшы пікірлер болса, себебін жалықпай саралап тың пайымдауларға бару - қажеттілік.

Бейсенбай Кенжебаев назар аударған, Абайға ғана тән шығармашылық өріс деп бөліп атап көрсеткен ерекшеліктің XIX ғасырдағы, одан ілгерідегі қазақ өлеңінде балама үлгілері бар ма, жоқ па деген де сауал тұрғысында да нақтылы салыстыру, саралаулар жасау - абайтанудағы нақтылы бір мәселені айқындай түсер еді.

«Сонымен бірге, Абай қазақтың өзінен бұрынғы өлеңдерінің шумағы, ұйқасы негізінде жаңа шумақтар, ұйқастар ойлап шығарды. Абайдан бұрынғы қазақ өлеңдерінің шумағы, көбінше, үш түрлі болып: а) үш тармақты, б) төрт тармақты, в) көп тармақты болып келуші еді; көп тармақты болғанда айнымалы: біресе 6,8,10 тармақты, біресе 12,14,16 тармақты

болып келуші еді. Абай осыларды бір ізге келтіріп, нақпа-нақ етіп, өзінше шумақтап, өзінше ұйқастырды. Атап айтқанда, Абай 17 өлең жырын, әлгіндей, өзінше шумақтап, өзінше ұйқастырған» [6, 148 б.].

Б.Кенжебаев бұл он жеті өлеңнің шумақ жағынан үш түрлі: 6 тармақты, 7 тармақты, 8 тармақты болып келетінін, 7 өлең 6 тармақты, үш түрлі ұйқасты (аа-а-а, абабвв, аабааб); 4 өлең жеті тармақты, үш түрлі ұйқасты (аабб - вва, абабвв, абабввв); 8 тармақты үш өлең, өлең ұйқасы (аабввбгг, ааабвбвб) және 3 өлең шумағы ұйқасы әр жерде әр түрлі болып келетінін көрсеткен.

Көбіне Абай енгізген жаңалық, қазақ өлеңіне енгізген түр деп, кейінде осы Б.Кенжебаев тоқталған өлеңдер, ғалым өзі олай деп айтпағанымен, қабылданып та жүрді. Негізінде бұл өлеңдердің бар түрдің түрленген үлгісі болуы да, немесе осы үлгілердің Абай дәуіріндегі бар үлгілер болуы ықтималдығы да ескеріле бермеген.

Кейінде Құлмат Өмірәлиев Бейсенбай Кенжебаев Абайдағы «өзінше шумақтап, өзінше ұйқастырған» 17 өлеңнің бірі - «Келдік талай жерге ендіге» қатысты мынадай қисындар айтады.

«Дулатта тақырыбы, сөз сарыны, стиль жағынан жоғарғы өлеңдерден бөліп алғысыз, бірақ өлеңнің құрылысы, өлшем-өрнегі жағынан бөлек бір өлең бар. Ол - «Қылжың, қалжақ туысқан». Осы өлең Абайдың «Келдік талай жерге енді» деген өлеңін еске түсіреді» [1, 98 б.].

Бұл өлең жайлы өлеңде тұрақты шумақтың жоқтығын, ұйқас жөні де өзгеше екендігін айтқан М.Әуезов пікірін негіз ете отырып Құлмат Өмірәлиев мына жайға назар аудартады: «Дулат өлеңі де шумағы жағынан тұрақсыздығымен (шумақ жолы аз-көп боп келе беруімен), әр шумақтың ең соңғы жолындағы ұйқас пен келесі шумақтың соңғы жолындағы ұйқасы үйлесіп келуімен, яғни әрі *шумақ іші ұйқасты* жолы, әрі *шумақ аралық* желілі ұйқасты жолы бар ерекше өрнегімен М.Әуезов сипаттаған Абай өлеңіне өте ұқсас» [1, 98 б.].

Ғалым бұл *жаңа үлгі* дейді. Осында ілгерідегі Бұхардың Абылайға арнауының бірі «Ал, тілімді алмасаң» толғауының үлгісі көрінеді дер едік.

*Ал тілімді алмасаң,
Ай, Абылай, Абылай,
Сені алғаш көргенде
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет патшаға
Қызметкер болып тұр едің.*

*Қалтақтап жүріп күнелтіп,
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің.*

Бөгембайға қаратып:

*Уа, сен Қанжығалы Бөгембай,
Тоқымы кетпес ұры едің.
Түн қатып және жүр едің,
Қабанбайдан бұрын найзаңды,
Қай жерде жауға тіредің? - деген.*

Құлмат Өмірәлиев Дулаттың «Қылжақ, қылжақ туысқан» атты 1 шумағы - 11 тармақты, 2-8, 3-6, 4-8, 5, 8-5, 9-10, 10-2, 11-4 тармақты болып келген өлеңін талдауда «шумақаралық желілі ұйқас» дегенді қолданады. Және бұл ұйқас үлгісі Дулат ортағасырлық негізден жаңғыртып тапқан түр деген мағынада жеткізеді.

Осында Шортанбай толғауларындағы «Сөйте ме деп қорқамынның» шумақ аралата қайталанып келіп отыруын, жыраулық поэзиядағы шумақ (түйдік - Қ.М.) аралық «Ұмыттың ба соны, Абылай!», «Батырың өтті, Бөгембай!», т.б. қайталаулардың Дулат, Абай қолданысымен ұқсастығы да, айырмасы да айқын байқалатынын айтар едік. Үлгі ұқсас. Бірақ Дулат, Абай үлгісі сөйлемді қайталап отыруды қосынады, олар шығарған жазба өлең ауызша туынды тәсілін ілгері оздырып, жұтынған өлеңнің жымдасып кірігіп кеткен құрамы мәнінде жетілдіріп, тиянақтаған.

Осы тұста әдебиет теоретиктері айтатын әдістің қайталануы, атильдің даралығы деген мәселе түр.

Ауызша мен жазбашаның айқын айырым белгілеріне бастайтын қисындар түр.

Көреген ғалым Қажым Жұмалиев туған әдебиетінің көкейтесті жайларын түбегейлі қозғап, қопарып көтерген. Жадағай, шаң қауып қалатын көлденең пікірден аулақ тұғырлы ұстанымдары әдеби мұраны бағалау мен тануда негізді тиянақ болып отыру мәнін, құнын әсте ортайтпаған Қажым Жұмалиевтің мына бір түйінінде де қалың астар бар.

«... Қорыта келгенде, көркем әдебиеттің аты мәлім авторы болды, ал аттары мәлім ақындардың біріншісі екіншісінің шығармасына әсерін тигізіп, өзекті сарындары сабақтасып, жалғасып, бір-бірімен байланысты болып отыруы,

бұлардың көпшілігінің жаза білетін сауаты бар адамдар болып (қазақ жағдайында әуелде жазба түрінде қалдыру мүмкіншіліктерінің де барлығы), көркем әдебиет ер жеткен сананың сәулесі болуы - міне осылардың бәрін жинақтай келгенде бұлар жазба әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктері болып табылады» [10, 248 б.].

«Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» монографиясында ғалым «тарихи әдебиет» деген ұғымды әдебиет тарихы деген мәселені жазба әдебиет мәселесімен тұтастыра қарастырғаны белгілі. «Әдебиет тарихын Бұхардан бастаймыз, себебі...» деп келтіретін тұжырымдары қазақ әдебиеті тарихының ілгергі замандарға іргесін кеңейткен бүгінгі танылу қалпының мазмұнына толық сәйкес келіп жатқанын көрмеуге болмайды. Бұл - өз алдына үлкен әңгіме.

Ауызша мен жазба әдебиетті айырудың көп қисынының XIX ғасыр ғана емес, қазақ әдебиетінің бар тарихындағы орталық тұлға Абайға барып соғып, сол тұстан айғақтала түсіп жатуы - әдеби дамудың тарихи фактісі.

Қазақ поэзиясының қанға біткен құнарымен қуаттанып, еркеленіп шыққан Абайдың асыл сөзі - ұлттық құндылық.

ӘДЕБИЕТ

1. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі (XIX ғ. бірінші жартысы). - Алматы: Ғылым, 1983. - 240 б.
2. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы, 1985. - 570б.
3. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - Алматы: Қазмемәдебас, 1960. - 364 б.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. - Алматы: Өлке, 2006. - 640 б.
5. Әбдірәсілқызы А. Қожас Ахмет Йассауидің ақындық әлемі (монография). - Алматы: Кіе» лингвотану инновациялық орталығы, 2007. - 264 б.
6. Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінгі дейін... /Құрастырып, алғы сөзін жазған ф.ғ.д., профессор Қ.Ергөбек. - Алматы: Ана тілі, 2004. - 344 б.
7. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері: Зерттеулер, мақалалар. - Алматы: Жазушы, 1986. - 400 б.
8. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. - Алматы: Мектеп, 1973. - 212 б.
9. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. - Алматы, 1991. - 494б.
10. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. - Алматы, 1958. - 289 б.

«Абай институтының хабаршысы» журналына авторлардың мақала жариялау ережелері

1. Мақала авторы, автор туралы ақпарат, ғылым докторының мақалаға берілген рецензиясы, ақы төлеу туралы түбіртек көшірмесі пошта арқылы редакция мекенжайына арнайы хатпен жіберіледі немесе қолма қол ұсынылады. Әр бетте мақала авторының растайтын қолы қойылып, соңғы бетіне кадр бөлімінің мөрі басылады. Сондай-ақ мақаланың электронды нұсқасы Abai_instkaznu@mail.ru мекенжайы бойынша қабылданады.

2. Мақалаларға қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, барлығы 100 сөзден аспайтын түйін-резюме-abstract және кілт сөздер берілуі тиіс.

3. Мақала А-4 форматта WORD редакторында, «Times New Roman» қаріптерінде (шрифт) терілуі тиіс, қаріп өлшемі – 12, жол аралығы (интервал) – 1.

4. Сол жағынан 20 мм, жоғары, төменгі және оң жағынан – 20 мм қалдырылып жазылады.

5. Материал көлемі суреттер мен библиографияны қосқанда 4-8 беттен аспауы керек.

6. Мақала тақырыбы бас әріппен, бір қатардан соң автор(лар) туралы толық мәлімет, яғни 1) аты-жөні; 2) ғылыми дәрежесі; 3) ғылыми атағы; 4) мансабы; 5) қызмет орны; 6) ізденушінің оқу орны; 7) магистрант, докторант мамандығының шифры мен атауы; 8) мекен-жайы; 9) байланыс телефоны; 10) электронды поштасы толық жазылады. Бірлесіп жазылған мақалаға авторлардың қолдары қойылғаннан кейін негізгі мәтін бір қатар тасталып жазылады.

8. Магистрант, докторанттар үшін оқу орнынан мөр басылған анықтама қағазы талап етіледі.

9. Ғылым докторының мақалаға берілген рецензиясына (ғылым кандидаттары мен ғылыми атағы жоқ адамдар үшін) кадр бөлімінің мөрі басылып, рецензия берушінің қолы қойылады.

10. Сілтеме жасалған әдебиеттер мен дереккөздер тік жақшада рет саны бойынша беттері көрсетіліп, тізімі мақаланың соңында беріледі (мысалы [1,7]). Барлық цитаталарға да сілтеме берілуі тиіс. Баспада жарық көрмеген жұмыстарға библиографиялық сілтеме жасалмайды. Авторлар цитата мазмұнын толық сақтауына, әдебиеттер тізімінің растығына жауап береді.

11. Библиографиялық тізім алфавит бойынша жазылады. Пайдаланған әдебиеттер тізімі мақала соңында беріледі және мақаланың жалпы көлеміне кіреді. Олардың рәсімделуі арнайы библиографиялық ережелер бойынша мемлекеттік стандарт (ГОСТ) 7.1 – 2003 «Библиографиялық жазба. Библиографическое описание. Жалпы ережелер мен құрастыру тәжірибесі» бойынша жасалады. Пайдаланған әдібиеттер тізімін берген кезде мына мәліметтер міндетті түрде көрсетілуі тиіс:

- **кітаптар үшін** – автордың аты-жөні, кітаптың толық атауы, шығарылған баспасы мен шығарылған жері, жылы, том немесе шығарылымы және жалпы бет саны;

- **мерзімдік басылымдағы мақалалар үшін** – автордың аты-жөні, мақала аты, журналдың (жинақ) толық аты, жылы (жинақ үшін баспа аты), том, номері (шығарылым), мақаланың бірінші және соңғы беті;

- **мерзімдік емес басылымдағы (кітаптардағы) мақалалар үшін** – автордың аты-жөні, мақала аты, кітаптың (жинақтың) толық атауы, шығарылған баспасы мен шығарылған жері, жылы, мақаланың бірінші және соңғы беті;

- **конференцияларда жасалған (семинар, симпозиум) баяндамалар мен тезистер үшін** – автордың аты-жөні, баяндама атауы, жинақ немесе конференция материалдарының толық атауы, конференция орны мен өткен мерзімі, том, номері (шығарылым), тезис пен баяндама мәтінінің бірінші және соңғы беті;

- **диссертациялар үшін** – автордың аты-жөні, мамандықтың толық аты мен шифры, қорғаған уақыты мен жері.

Библиографиялық жазбаларды жүргізу үлгілері:

1) Гиндин И.Ф., Гефтер М.Я., Требования дворянства и финансово-экономическая политика царского правительства в 1880-1890-х годах // Исторические заметки. 1957. № 4. С. 34-64.

2) Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001, - 336 б.

3) Четвериков Н.С. Сглаживание динамических рядов / Статистический анализ экономической статистики. М.: Наука, 1973. С. 106-135.

4) Жұмабаев М. Ақан сері // Сана. – 1924. – №1. – 12-13 бб.

12. Мақаладағы барлық қысқартулар термин толық жазылғаннан кейін ғана көрсетіледі. Жалпыға бірдей түсінікті қысқартулар (аббревиатуралыр) қолданылып, халықаралық номенклатура бойынша терминдер пайдаланған абзал.

13. Мақалалар авторға қайтарылмайды. Жоғарыда аталған талаптарға сай келмейтін мақалалар редакция алқасы шешімімен баспаға жіберілмейді. Қабылданбаған мақала авторына тиісті хабарлама жіберіледі.

Редакция алқасы авторлардың жоғарыда аталған талаптар мен үлгілер бойынша мақала рәсімдеуге баса назар аударуын сұрайды.